

11 2016
2489к

Б. НАУРЫЗБАЕВ

дауір
СҮРЕТКЕРІ



АЛМАТЫ 1989

Монография қазақ совет әдебиетінің негізін салушылардың бірі және классигі, дарынды ақын, шебер прозаик әрі драматург Бейімбет Майлиниң қаламгерлік шеберлігінің мәселелеріне арналған.

Қазақ совет әдебиет тану ғылымында жазушының шеберлігі мен стилі проблемаларын зерттейтін еңбектер әзірге аз, бұл кітап осы бағыттағы ізденістердің бірі.

Кітапта Б. Майлиниң поэзия мен проза жанрындағы таңдамалы туындылары идеялық-көркемдік түрғындан талданып, жазушының өмір танымы мен суреткерлік ерекшеліктері қарастырылады. Оның поэзиясы мен прозасының дәүір тынысын, өмір шежіресін танытатына, халықтық сипаттарына, типтік құбылыстарды суреттеу тасілдеріне, стиль мен тіл өрнектеріне баса назар аударылады. Әсірсесе, жазушының юмористік шеберлігін көрсетуге біраз орын беріледі.

Зерттеуде Б. Майлин творчествосының қазақ совет әдебиетінде социалистік реализм әдісін қалыптастыру және нығайтудағы, түрлі әдеби жанрларды да-мытып, жетілдірудегі иегі ықпалы көрсетіледі.

Кітап филология факультеттерінің студенттері мен оқытушыларына, аспирантар мен ғылыми қызметкерлерге, әдебиетті суюші жалпы оқушылардың қа арналады.

Редакциясын басқарған СССР Педагогика ғылымы академиясының академигі, филология ғылымының докторы, профессор — М. ФАБДУЛЛИН.



B. Meijers ~

K I R I C P E

Тұрі ұлттық, мазмұны социалистік қазақ совет әдебиеті Ұлы Октябрь өсірген рухани жемістің бірі. Ол барлық әдеби жанрда да замана талабына сай дамып, озінің көрнекті шығармаларымен одақ көлеміне айтіл болумен бірге, көптеген шетел тілдеріне аударылу арқылы дүние жүзіне де танылып отыр.

Қаһармандық курес нәтижесінде қол жеткен жеңістерге аса бай өміріміздің көркем шежіресі саналатын әдебиет дәуір сипатын бейнелейтін үздік шығармаларымен әрқашан халқымыздың рухани азығы болып келеді.

Жоғары идеялы, нағыз халықтық совет әдебиетінің алтын қорында өмірге құштарлықты арттыратын, бақытты болашақ үшін қажырлы еңбекке шақыратын, адамның жан сұлулығын тәрбиелейтін, абзал ұстазындей кітаптар қатары жылдан-жылға молығуда. Совет әдебиеті мен өнерінің халқымызға коммунистік тәрбие берудегі ерекше ролі КПСС Программасында айқын түзжырымдалған. Онда: «Оптимизмге және өмірді орындырушы коммунистік идеяларға толы совет әдебиеті мен өнері орасан зор идеялық-тәрбиелік роль атқарады. Совет адамының бойында жаңа дүниені орнатушыга керекті қасиеттерді дамытады»¹, — дедінген.

Ең талғампаз, ең әділ уақыт сыйынан мұдірмей өтіп, оқушы жүргегіне жол табатын өмірлі шығармалар әде-

¹ Совет Одағы Коммунистік партиясының Программасы. Алматы, 1961, 131-бет.

би қазынамыздың шүрайына жатады. Бұл сипатты мұраны саралай зерттеу, лайықты бағалау, қазіргі әдебиеттің ізді дамытуда үлгі-өнеге боларлық жайларын терең ашып көрсету әдебиет тануғының шүғылданатын маңызды проблеманың бірі болмак.

Бүгінгі кемелденген қазақ совет әдебиетінің бастаушыларының бірі, оның әр жанрын қалыптастыру және жетілдіру кезеңдерінде қыруар еңбек сіңіріп, артына бағалы мұра қалдырган дәуір суреткері — Бейімбет Майлин.

Сарқылмас дарынды қалам шебері өзі өмір сүрген дәуір сипатын айқын танытатын, шыншыл қасиетімен оқушысын баурап алатын тамаша шығармалар тудырды.

Ширек ғасырдан астам ақындық, жазушылық сапарында қалам құрғатпай жазып, жаңаған өмірді, жаңа адамды бейнелеген халықтық суреткердің творчествоның зерттеу кешеуілдеп қолға алынды.

Соңғы жылдары жазушы творчествоның жанр-жанрымен зерттеле бастады, диссертациялар жазылды.

Б. Майлин өмірі мен творчествоны туралы зерттеудің алғашқы адымы деп «Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркіндегі»² «Бейімбет Майлин» аталған бөлімді айтуға болады. Мұнда жазушының поэзия, проза және драматургиялық шығармаларына идеялық-тақырыптық жағынан шолу жасалады.

Қазақ совет әдебиетінің даму жолдарын қарастыратын З. С. Кедринаның, С. Мұқановтың, М. Қаратасевтың, Б. Кенжебаевтың кітаптарында³ Майлиниң әдебиет тарихында алатын үлкен орны, социалистік реализм методын қазақ әдебиетінде қалыптастыруға қосқан елеулі үлесі тиісінше бағаланады. Бұларға қоса Т. Нұртазиниң Майлин творчествоның тұтас сөз ететін монографиясы⁴ жарық көрді.

Ақырында, М. О. Өуезов атындағы Әдебиет және өнер институты шығарған «Қазақ әдебиеті тарихының»

² Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі. Алматы, 1958.

³ З. С. Кедрина. Из живого источника. М., 1960; С. Мұқанов. Өсу жолдарымыз. Алматы, 1960; М. Қаратасев. Шеберлік шынына. Алматы, 1963; Б. Кенжебаев. Шындық және шеберлік. Алматы, 1966.

⁴ Т. Нұртазин. Бейімбет Майлин творчествоны. Алматы, 1966.

III томының бірінші кітабында⁵ Бейімбет Майлинге арналған тарау бар.

Б. Майлиниң өмірбаяндық деректерін жинақтау, тошылау, шығармаларын жанрлық топпен жүйелеу, олардың идеялық-тақырыптық әрқауын, мән-маңызын бағалауда Т. Нұртазин аталған кітабында бірсыныра еңбек сінірді.

Б. Майлин творчествосы зерттеуші үшін сарқылмас бұлақ, сан сырлы мұра. Соңдықтан монография авторы бәрін де тындырдым, соңғы сөзді айттым демейді. «Б. Майлин творчествосын, — деп жазады ол, — жанжақты қамтып, ғылми зерттеу бірден бола қоймайтын, түбегейлі, қат-қабат қыын міндет. Оны әр салада істеп жүрген әдебиетшілер күш қосып тындыруға тиіс»⁶.

1965 жылы аталып өткен Б. Майлиниң 70 жылдығы қарсаңында жаңа мәлім болған архивтік документтер мен деректер, жазушымен жұмыстас болған, көрген, білген замандастарының көптеген мақалалары мен есте-ліктері жарияланды.

Академик-жазушылар Сәбит Мұқановтың «Биік жостаның бірі», Ғабит Мұсіреповтің «Віздің Би-ага», Қажым Жұмалиевтің «Ұлық болсаң, кішік бол» аталған мақалаларында Б. Майлиниң адамгершілік ізгі қасиеттері, жазушылық-өнерпаздық өнегелері, өмір жолының белестері әңгімеленді. Жазушы өмірбаянының там-түм көмескі беттерін айқындауға, дұрыс түсінуге бұлардың үлкен септігі тиді.

Жалпы қазақ әдебиет тану ғылымында жазушының суреткерлік ерекшеліктері, стилі сияқты бір алуан теориялық проблемаларды зерттеуге бет бүратьын уақыт жеткен сияқты.

Соңғы жылдары бізде көрнекті ақын, жазушыларға арналған бірқатар монографиялар⁷ жарық көрді.

⁵ Қазақ әдебиетінің тарихы. Үш томдық. III том, бірінші кітап. Алматы, 1967.

⁶ Т. Нұртазин. Бейімбет Майлин творчествосы. Алматы, 1966, 4—5-беттер.

⁷ С. Қирағаев. Сәкен Сейфуллин. (Творчестволық жолы). Алматы, 1962; Е. Ісмайлов. Ақын және революция (Творчестволық өмірі мен революциялық поэзиясы туралы). Алматы, 1964; М. Карапаев. Мировоззрение и мастерство. Алма-Ата, 1965; А. Нұрқатов. Мұхтар Әуезов творчествосы. Алматы, 1965; А. Нұрқатов. Абайдың ақындық дәстүрі. Алматы, 1966; М. Даусенов. Илияс Жансүгіров (Өмірі мен творчествосы). Алматы, 1965.

Олардың біразында ақын, жазушының өмірі мен творчестволық жолына көбірек ікенші болінеді де, қаламгердің өзіндік ерекшеліктерін, шеберлік, стиль проблемаларын кеңінен қарастыру жағы жетіспей жатады. Сейте тұра аталған еңбектердің жазушының шеберлігі, стилі мәселелерін ілгеріде тереңірек зерттеуге жол ашатын, қозғау салатын елеулі қадамдар болғанына ешкім таласпайды.

Өнерпаздық ерекшелік, стиль көріністері жайлыш пірасатты пікір түйіп, бағалы еңбектер жазған академик Қ. Жұмалиевтың тағы бір кітабын⁸ әдебиетшілер ілтиратпен қарсы алды. Мұнда С. Сейфуллин, И. Жансүгіров, Б. Майлин, С. Мұқанов т. б. стиль ерекшеліктері сез болады.

Жазушы шеберлігі туралы тағы бір еңбек⁹ жуықта баспадан шықты.

Осы кезге дейін Б. Майлин жазушылығы көбіне шығармаларының идеялық-тақырыптық тұрғысынан жалпылай зерттеліп келді де, оның өнер ерекшелігі — «сырлы сездің бұлағы» болуының сыр-сипаты толық ашылған жоқ. Кей кітап, мақалаларда Майлиниң поэзиясы, әсіресе, Мырқымбай образы туралы азды-көпті пікір айтылғаны болмаса, жазушының шеберлік, стильдік өзгешеліктерін талдайтын еңбек әлі жоқтың қасы.

Суреткерлік стильді зерттеу — жазушы сырына тेңрек үңілуді, оның үлкенді-кішілі шығармаларын мұқият ой елегінен өткізуі талап етеді. Оның үстінен жазушының қолжазба архивы, шығармаларының жазылу үстіндегі өзгерістері, сез образын талғау принциптері т. б. творчество сәттерін байқататын құбылыстарды қадалағанда ғана сол суреткер өзгешелігін тұжырымдауға болады. Бізде ақын, жазушы шеберлігін нақтылай зерттеуге осындағы материалдардың тапшылығы да әсерін тигізуде.

Қолжазба архивы жойылып кетсе де, Майлин шеберлігінің кей қырларын, бояу-өрнектерін ажыратуға жеңілдік жасарлық бір жайт бар — ол жазушы қаламынан шыққан туындының түгел дерлік жарық көрүі. Автор қанша жылдам, қанша көп жазса, соңша жедел-

⁸ Қ. Жұмалиев. Стиль — өнер ерекшелігі. Алматы, 1966.

⁹ Е. Лизунова. Мастерства Мухтара Ауэзова. Алма-Ата, 1968.

дікпен мерзімді баспасөз бетінде, жеке жинақтарда оз шыгармаларын жариялап отырған. Тұңғыш басылған туындысын кейін қайта қарап, түзетіп, өндеп, өз сөзімен айтқанда «kestesін келтіріп» отыруға тырысқан. Демек, оның шыгармаларының ең алғашқы нұсқасы мен кейінгісі арасындағы стильдік өзгерістерді салыстыра қарау зерттеушіге қызықты деректер береді, жазуши шеберлігінің жетілу жолын аңғартады.

Онерпаздық кестесі қайталанбас қаламгердің өнеге болар дәстүрін қазіргі өскелең әдебиетімізде шеберлікті шындағы түсуге пайдалану, онан әрі дамыту қашан да актуальді проблема болып саналады.

Біз бұл еңбегімізде Бейімбет Майлин сынды халықтық дарын иесінің суреткерлік ерекшеліктерін толық сипаттау міндеттін алдымызға қоймасақ та осы бағытта кейбір материалдар жинастырып, алғашқы қадам ретінде байқаған, түйгенімізді ортаға салуды көзdedік.

ХАЛЫҚТЫҚ ПОЭЗИЯ

Егер де ақын шынайы талант иесі болатын болса, ол халықтық болмауы мүмкін емес.

В. Г. Белинский.

Қазақ совет әдебиетінің негізін салысып, қанатын бекітушілердің бірі, көрнекті қалам қайраткері, сарқылмас дарынды Бейімбет Майлиппінің (1894—1938) бай әдеби мұрасының идеялық-көркемдік, эстетикалық, өмір танытушылық — тәрбиелік маңызы ерекше. Өйткені халықтың қалың ортасынан шығып, оның әр кезең қайғысы мен қуанышына ортақ болған жазушы өзінің көркем шығармаларында халқымыздың бақты мен болашағы үшін жүргізген қажырлы күресі мен жеңісін социалистік реализм әдісімен жан-жақты бейнеледі, дәүір сипатын танытты, жаңа сападағы қарапайым совет адамының тартымды образын жасады.

Көп жанрлы, алуан тақырыпты, шебер өрнекті Майлини туындыларының әдебиет зерттеушілерін қызықтыра түсіі де осыдан.

Б. Майлин творчествосын жүйелеп зерттеу осы кезге дейін негізінде жанрлық межемен жүргізілуде. Оның прозалық және драматургиялық шығармалары бірнеше диссертацияға тақырып болып, арнайы қарапайылды. Ақынның поэзиясына келсек, ол зерттеуші назарынан қақастау қалып келеді. Мұның өзі жазушыны әсіресе прозаның үздік шебері деп танудан да туған жағдай болар. Жарық көрген еңбектерде ақын поэзиясының көтерген тақырып пен өзекті мәселелерін очерктік сипатта шолып шығу жағы басым да, ақындық шеберлікти талдауга жете көніл бөлінбей жүр. Поэзияны, соның

ішінде лирикалық поэзияны тақырыптың тар қауызына сыйғызып қарастырудың ескірген әдіс екендігі әдебиет теориясына арналған еңбектерде атап көрсетілді.

Жазушы шеберлігі деген дерексіз ұғым емес, оның мән-мағынасы нақты шығарманы, оның тууының барлық кезеңдерін, тақырыптық, идеялық, көркемдік мәселелерін біртұтас қарастыргандаға анықталады, ашылады.

Жазушының стильдік өзгешелігін тап басып танып, жинақтап қорыту сарыла шүғылдануды тілейтін жұмыс. Өйткені әрбір көркем туынды қандай күрделі дүние болса, стильдік бояу, мөр де сондай күрделі мәселе. Жазушы стилі деген ұғымның шеңберінің кеңдігін лайымдай келіп, әдебиет теориясының белгілі зерттеушісі Л. И. Тимофеев: «Стиль дегеніміз тұтас композициядан бастап, жеке әпитетке дейін шығарманың барлық элементтерінің бірлігі»¹, — деп анықтайды.

Стиль ұғымын құрайтын компоненттер қандай деген сұраққа проф. Қ. Жұмалиев былай жауап берді: «Стиль ұғымына жазушының тілі, сөйлем құрылышы, мәнері, шығармаларының композициясы, оқиға дамыту әдістері, тақырып таңдаулары, жанрлық ерекшеліктері, тағы басқа компоненттер кіреді. Ең орталық мәселе — идеялық мазмұн. Жоғарғы айтылған поэтикалық жәйіттер түрге жатады десек, олар тек мазмұнның түрі болғандаға бағалы. Онсыз құны жоқ. Мазмұн мен түрдің бірлігі осыдан келіп шыгады»², — дейді.

Сөйтіп, жазушы шеберлігі оның шығармаларының идеялық мазмұнның жарасымды түрмен өрнектелуінде көрініс береді.

Стиль — қаламгердің барлық жанрдағы шығармаларына да ортақ құбылыш болғандыктан, Б. Майлиниң суреткерлік ерекшеліктерін, алдымен, оның поэзиялық туындыларынан қарастыру қажет деп білдік, өйткені жазушы творчествосының алғашқы кезеңінде поэзия жанрында өнік жазып, өшпес өрнек қалдырыды.

Жасөспірімдік шағынан бастап-ақ өрнекті сөз, елеңге әуес болғанын Бейімбет былай есіне алады: «Бір жасқа жетпей әкем өлген екен, үлкен шешем қолына

¹ Л. И. Тимофеев. Основы теории литературы. М., 1959, стр. 371.

² Қ. Жұмалиев. Стиль — енер ерекшелігі. Алматы, 1966, 13-бет.

алып тәрбиелепті. Жұмыстан қалт етіп қолым босаса, мені молдаға қарай сүйреу — шешемнің әдеті еді. Шашар молда деп атанған бір ноғай молда болды. Біздің ауылда бірталай жыл тұрды. Бар білімі «Бақырғанды» әндегі оқу еді. Сол молдадан хат таныдым. Сол молда-да «Бақырғанды» окуды үйрендім. «Бақырғанға» бас-қа қиссалар жалғасты. Қол тигенде, жұмыстан босап ауылға келгенде, өлең кітаптарын оқуды әуес көрдім³.

Халықтық қара өлеңге икемі бар шерлі әжесінің әсері ме, болмаса дарын дүмпуі ме қалайда Бейімбет Майлин бірінші ізденісін өлеңнен бастайды. Оның үлгі алғаны ауыз әдебиеті нұсқалары, халық ақындарының шығармалары болды. Өзінің жер туралы шығарған оншақты ауыз өлеңін Бейімбет ауыл ақыны Қемектің үлгісімен жазады. «Шынында онымның өлеңдік сәні жоқ еді, өйткенмен, бірінші бастауым осы еді»,⁴ — деп есіне алады кейін Бейімбет, бірақ жер туралы өлеңді қай жылы жазғанын дәл мәлімдемейді.

Алғашқы тәжірибесін сықақ, мысқыл өлең жазумен бастауы неге байланысты болғанын ол толығырақ баян-дайды: «Біздің елде Әржікей дейтін өлеңші болды. Барлық қәсібі — байларды мақтап өлең шығару, байлардан ат міну, шапан кию еді. Осы Әржікейді тәлек қылып, мысқылдал, мен өлең жаздым. Бұл өлеңімді сол кездегі «өлең жаттаушылардың» бірсыптырасы жаттап алып, айтып жүрді. Бұл 1910 жылдардың шамасы еді...»,⁵ — деп жазады ол естелік мақаласында.

Майлиниң қолына түскен «Айқап» журналының беттерінен С. Торайғыров, С. Дөнентаев, М. Сералин т. б. шығармаларын оқу үлкен әсер етеді, оны талаптандырады, ақындыққа жетелейді. Бейімбет «Айқаптың» оқушысы болып қана қоймай, оның авторы да бола бастайды. Ол 1914—1915 жылдардан бастап «Айқапқа» жазып тұрады. Журналдың осы жылдардағы кейір сандарында Бимұхамет Майлиниң ел өмірінен жазған З мақала-хабары, бір өлеңі мен бір әңгімесі басылады. Оның «Көңіліме» деген өлеңі «Айқаптың» 1914 жылғы 22 санында жарияланды. Ал «Болған іс» дейтін әңгімесі журналдың 1915 жылғы 10-санында жарық көреді.

³ «Жаңа әдебиет», 1931, № 6—7.

⁴ Сонда.

⁵ Бұл да сонда.

Майлин поэзиясын идеялық-көркемдік түргыдан сөз еткенде, алдымен, оның саяси-әлеуметтік проблеманы қалай жыргағанынан бастауымыз қажет.

Ақынның аз болсын, көп болсын үлгі, өнеге алған ұстаздары Абай, Үбырай, Сұлтанмахмұт поэзияларында жыр өзегі болған гуманистік, бұқаралық, сыншылдық әуендер оның алғашқы бір топ өлеңдерінде құлаққа айқын шалынады. Өмір құбылысын өзінше топшилау, байлық, кедейлік, талап, жігер табиғаты, оқу-өнер үйренуге ұмтылу, пайдалы кәсіпті күйттеп, жалқаулық, надандық, керенаулықтан безінү — бұл өлеңдердің әлеуметтік сарыны осылай болып келеді. Мұқтаждық жас талаптың жігерін тұсал, жүрегін жарагаса. («Мұқтаждық», 1913), мал-дәүлетті адам құрметті де құдіретті; бақыт та, рахат та соның қолында («Мал», 1914). Неге олай, әділліктік бұлай болмаса керек дегенді меңзейді ақын.

Жалынды-жігерсіз, қарманған-харекетсіз, тыныш жатып алып, байлық тілеуден түк шықпайтынын ескертүмен бірге («Байлыққа», 1915) ол «Жазғы қалып» (1915) өлеңінде жастарды өнер-білім жолын іздеуге шақырады, елде «Жер дауы, жесір дауы, кесір дауынан басқа қалам жазар» онды, маңызды еш нәрсенің жоқтығына қынжылады.

Қай қаламгер болса да халық өміріндегі елеулі уақығаларға үн қосып, оны өзінше бағалап, ол туралы өз көзқарасын білдіріп отырады. Сындарлы кезеңде дәуір ағысы қай арнаға құяр екен деп аңысын аңдып, кейиннен бақылаушылық, көрегендік емес, қайта өз ойын, өз пікірін, өз күдігін ашып айтып, шалыс басса да, еңбекші халыққа қол ұшын беруді армандау ізгілік қасиет.

Атышулы 1916 жыл, патшаның июнь жарлығы асқындырыған халық наразылығы, патша өкіметінің итаршысы, қара шоқпары болысқа қарсы аттаныс пен женеліс — ақын осы уақыға түсында халық жағында болып, халық құшін бағыттайтын тура жолды болжай алмай қиналады, даң болады.

Бастапқы өлеңдерінде-ақ ақынның уақығаны баяндау жүйріктігі, суреткерлік тәсілі, драматизмге, жанды суретке бейімдігі байқалып қалады. Ақын июнь жарлығы бойынша окоптың қара жұмысына барудан бас тартқан ауыл жігіттерінің патша бүйріғын орындаушы

сатқын болысқа жасаған шабуылын, оның аяғы немен тынғанын бірер шумақ өлеңмен-ақ көз алдыңа жайып салады.

Ал, келдік, атты жібер, аруақ, аруақ!...
Ың да жың — біреу құліп, біреу жылап,
Аққан қан сүйрекендеге жосандай бол,
Теңкіп, болыс білем, қалды сұлап...
Бүкішендеп келе жатыр ақсақ кемпір
«Болыс-ау, баламды алсаң, мені өлтір!»
Шақ етіп, болыстан да асып түсед,
Кәрленіп іреселней *: Эй, былай түрі! ⁶

Құйындай, нөсердей лап қойған ашу-ызалы күш, қан-жоса болып, басы кесіліп, теңкіп жатқан болыс, оның жанашағыларының жылап, сықтауы, бірінші жеңіске мәз болып, қарқылдай құлген жігіттер — халық қаһарының бір әпізоды, бір кезеңі. Бірақ бұл жеңіс — түпкілікті емес, уақытша, бірнеше болысты өлтіріп, тізімді өртеумен іс бітпейді. Екінші шумақта халықтың жеңіліс тапқан қайғылы күйі осыны аңғартады. Жалғыз боздағын окопқа барудан қалдыруды сұрап, болыстың, шабарманның, песірдің аяғына бас ұрган ақсақ кемпір, әкірендеп кәрленген қаталдыры — мейірімсіздігі болыстан да өткен шабарман, қанды тұманнан шығар жол таба алмай дағдарған халық — мұның бері реалистік картиналар. Он алтыншы жыл қозғалысы кейін де біраз шығармаларда қайталанып жырланды. Ақынның ықыласы болысқа, патшага қарсы жақтағыларда екені күмәнсіз, бірақ ол «Қанды тұман», «Серпілмеген тұманда» өз бағытын тура белгілей алмайды, халыққа ашық идея ұсына қоймайды. Қуреске шақыруға арты не боларына көзі жетпейді. Кейбір зерттеудегі 1916 жыл қозғалысы кезінде ақын «халықты қуреске шақырады» делінген пікір, біздіңше, үшқарырақ айтылған. Әрине, ақынға тап осы кезде қурес ұранын неге көтермеді деп кінә қоюға ешбір негіз жоқ.

Қазақ даласындағы ұлт-азаттық қозғалысының 1916 жылы көп жерлерде женіліс тауып, түйіққа тірелгенін, патша жендеттері халықты қан жоса қылып, өз әмірін орнатқан кезеңді Бейімбет «Жүректі дерті басып, езген кешегі қара күн» дейді. «Қанды тұман», «қара күн», «еziлген, дерпті жүрек» сияқты өлең жолда-

* Рассильный (орысша) — бұл жерде болыстың шабарманы.

⁶ Б. Майлин. Шығармалар, 1-том. Алматы, 1960, 13-бет.

рындары әпиттөр халық қайғысын, ақын коңлінің жабырқаулығын аңгартып тастайды.

Халық азаттығын, кедей-жалшы теңдігін көксеп, сарыла күткен ақынға февральда патшаның тақтан құлауы, декларация ретінде жариялаган азаттық, теңдік, бостандық деген жалпылай ұрандар зор қуаныш әкеледі. Буржуазиялық революцияның шын сырты қандай, оның атаған теңдігі қалай іске асырылмақ — мұндай саяси мәселелерді түтеп түсінуге Майліннің шағын білімі, аз тәжірибесі мұмкіндік бере қоймайды. Ол көп нәрсеге кейін, өмір шындығына сын көзімен қарау нәтижесінде түсіне бастайды. Бұл орайда 1917 жылдың июль, август айларында жазылған «Қырда», «Қазакқа», «Қарынға» өлеңдері ақынның февраль өзгерісін алғашқыда қалай қабылдағанын көрсетеді.

Құл басым азат болып, көңіл тасқан,
Көрмеген мұндай құнді бала жастан.
Керіліп екі қолды сермегенде,
Көзіме тең көрінді жер мен аспан,⁷ —

дейді ақын «Қырда» өлеңінде.

Ақын қуанышты, шаттық сезімде, дерпті журегі сергіген, бостандық, азаттық хабарын аулына жеткізгенш асық.

Екінші өлеңінде автор идеясы мұнан да айқын. Онда қазақ баласын бірлікке, татулыққа шақырады. Қазір бар тілегің орындалады, тек қалғудан басынды көтеріп серпіл, қамсыз болма дегендей насиҳат береді. Ақынның түсінуінше, теңдік — бай, жарлы демей баршага ортақ:

Іздеген күн езі келді алдыңа...
Зарлаганың бекер босқа қалды ма?
Туды тендік: баймен қатар жарлыңа,
Міне рахат, міне шаттық, той, қазақ!⁸

Өлеңнің кей жолдары автордың идеялық қайшылығын сездірсе де теңдікке, алдымен, қай тап ділгер болып отырғанын объективті түрде аша жетеді. Теңдік іздейп зарлаған бай емес екендігі өзінен-өзі түсінікті. «Қазаққа» өлеңі С. Дөнентаевтың «Қазақтарға қарап» дейтін өлеңімен, кей тұста, үндесіп келеді. Сәбит дыбыс

⁷ Соңда, 16-бет.

⁸ Соңда, 20-бет.

ұндеңстігін, сыртқы түрді қуалап, өлеңінің мазмұнын әл-сіретіп алады. Бейімбет бес шумақтың соңғы тармақтарын ылғи қазаққа не істеу керектігін айтатын ұндеуменен аяқтайды.

Әр шумақтағы ойды қорытып, көмкеретін соңғы тармақтардың мазмұны бірден-бірге күшіне, ширыға түсіп отырады. Құшті екпін, логикалық дауыс екпіні сол тармақтарға әдейі түсіріледі. Бұл тармақтарды ғана теріп жазсақ, былай болып шығады:

Алалықты араңдағы жой, қазақ!
Партия, штат, дау, шарыңды қой, қазақ!
Міне рахат, міне шаттық той, қазақ!
Тұр, қалғыма, көтер басты, ей, қазақ!

Бейімбет тұр шеберлігін көп күйттемей, идеялық мазмұнға баса көніл аударатын ақын, бірақ мына алғашқы өлеңдерінің бірінде ол тұр жарастылығын есінен шығармаған.

Ал, «Қарынға» өлеңі жаңа дәуірде де бұрынғыша елге үстемдік етуді үміттенетін байларды ашуқ сықақ етеді. Қампиган қарын жауыз байларды күнің өтті, билікке араласуды қой деп шенегенде, ақын жастарға жол беруді талаап етеді.

Тізгінді бермесен де, жастар тартар,
Ұранға қаны қызып, жігері артар.
Жүрмесін соғып кетіп, жолда тұрма,
Ескіні ұмыт, карын, бұрыл, жалтар! ⁹

Ақынның идеалы жастар — жаңалықтың, әділдіктің символы, ескілікке қарсы тұрар күш, болашақтың тұтқасы.

Февраль жаңалығын қуана қарсы алыш, оған үлкен үміт артқан ақынның ойдағысы болмайды, елдегі саяси-әлеуметтік жағдайларға еш өзгеріс кірмейді. Алғашқы кезеңнің қуанышы енді күдікпен алмасады. Сырттай топшылаудың орнына әр құбылысқа сынай қарау қажеттігі туады. «Съезд» (1917) өлеңінде ақын «бостандық» делінген дерексіз ұранға съяншылдық тұрғыдан келіп, саяси сатираға ойысады.

Бір съезд, екі съезд... онға барды,
Айтқаны орындалмай жолда қалды.

⁹ Соңда, 21-бет.

Өкілдер жұрт сайлаған шабуылда,
Палъосын, тройкасын ондап алды.

Ойлайық: содан басқа неміз бітті?
Откеннен өзгерген жоқ қазақ тіпті.
Тұрмысқа зор өзгеріс салады деп,
Емес пе ек бостандықтан зор үмітті! ¹⁰

Нәтижесіз съездерді, құлаш-құлаш уәделерді сынай отырып, автор ілгеріде де съездерді жинай берейік деп ашы җекесін білдіреді.

Жатыр ем жаздай тыныш мен де дайын,
Сейлейін армансыз бір сілтеп қолды,¹¹—

дейді ол.

Адамзат тарихында жаңа дәуірді ашқан, «Жаңа тұрмыс орнатып, жарлы қалғандарды жарылқауды» ұран етіп көтерген Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңді. Бұралаң жолмен тұманды адасып, үміті ақталмай, жапа шеккен ақын Октябрь бастаған тубірлі өзгерістерді 1920 жылдан былай қарай түсініп, өз багытын түзейді. Ал 1918—1919 жылдары там-түм идеясы көмескі, торығушылық сарында өлеңдер жазып қалауды. Бірақ осы толғаныстарды басынан өткеріп жүрген кездердің өзінде де ақын сыншылдық әуеннен қол үзбейді. Бұл тұста ұлтшыл-байшыл «Алашорда» үйымына өзінің көзқарасын «Әкесіне хат» (1918), «Садақбай» (1918) өлеңдерінде жария етеді. «Алашорданың» кедейді кенелдір жақсылығы жоқтығын, онаң үміттеніп, құр әуре болудың шаруаны күйзеліске ғана соқтықтыратын қырсық екенін ашына айтып, баласына хат жазған әкесі: адасқандар «Орданы» қойып, үйлеріне қайтсын дейді. Ордаға назарлық қөрсететін Садақбай («Садақбай» өлеңі) тақыр кедей емес, орта дәүлетті, малай ұстауға ауқаты бар байшігеш. «Алашорда» жолына шығынданып, малын шашқан баласына ренжігенде ол «алаш» тобындағыларды «жүрттап шыққан, құр даурыққан өңкей құ», «тұрлауы жоқ кілең судыр жылмаң» деп сипаттайды. «Алашордаға» қарсы құрес ашу қажеттігін туралап айтпағанымен автор «Ордаға» жәрдем қөрсету, оның маңына жиналудың орынсыздығын, адасқандық екенін біршама аңғартып кетеді.

¹⁰ Соңда, 24-бет.

¹¹ Соңда, 25-бет.

Бейімбеттің саяси лирикасының шыққан биігі, шоқтығы «Жауыз кім?» (1922), «Құтты болсын, мейрамың!» (1922), «Кедейге» (1922), «Бүгін» (1923), «Гүлденсе ауыл — гүлденеміз бәріміз» (1923), «Құр жыла ма» (1924), «Ленин» (1925) сияқты туындылары арқылы көрінеді.

Октябрь таңы кедейге туған таң екеніне, Совет өкіметі бұрын езілгендердің өкіметі екендігіне кәміл көзі жеткен ақын, саяси көзқарасын әбден орнықтырып, Октябрь тудырған жаңа заманың жыршысы, үгітшісі болуға бел байлайды.

Бұрынғы бірқатар өлеңдеріндегідей жалпы қазақ атаулыға қамқорлық білдіре үн қату енді жоқ, дос кім, жауыз кім, кедей қайткенде революцияның тірері, сүйеніші болады. Міне, мұндай мәселелердің бәрін де автор анық топшылайды, сара идея үсынады.

«Қазаққа» өлеңін «Жауыз кім?» өлеңімен салыстыра қарасақ, ақынның қаншалық ілгері басқанын, Октябрь сабагының оған қандай тәрбие бергендігін ажырату қыын емес. Ақын, әйтеуір қазаққа елжіремейді, қазақтың еңбекші табының мұңзын мұндаиды, кегін кектейді, бейнетқор жастарды құреске шақырып, рух береді:

Келді кеңдік, туды тендік,
Қорғалаймыз несіне?
Бейнетқор жас, жарық көрдік.
Ал өткенді есіне!
Бізге қылған бай мен манап,
Жуан қарын би, болыс!
Жауыздардың атын санап,
Сындыр тісін, көрсет күш!
Жетер енді езгендігі,
Далой, сакалды жуан.
Еңбекші тап бізбен жігі
Жас азамат, ал қуан! ¹²...

Өлең ұран, үндеу стилінде жазылады, революция күндерінің тынысын танытады. Бейнетқор жастар қорғаншақтықты тастанап, қанаушысымен жағаласқанда, олардың тісін сындырғандай күш-қайрат көрсетуі, «сақалды жуанды» жолынан ысырып таставуы қажет, замана талабы осындей.

¹² Сонда, 101-бет.

Қай дәуірдің ақыны, жазушысы болсын өзінің қалап алған ортасының, табының, не тобының мүддесін, сыр-сипатын бірінші орынға қоя жырлауы, суреттеуі, дәстүрге айналған құбылыс, шындық. Дүние жүзі әдебиетінен бұған сан мысал келтіре беруге болар еді. Айталақ, Гоголь, Чехов, Некрасов, Маяковский, Сейфуллин, Мұқанов т. б. творчествосындағы өзекті идеялық-мазмұннан олардың қай таптың жырын жырлайтыны, қай таптың мүддесін өз мүддесі деп санайтыны басты бағыт, түп қазық болып, бірінші орында тұрады. Революцияның жалынды үгітшісі В. Маяковский ақындық, күш-қуатын шабуылға шыққан жұмысшы табына арналған:

Ақындық
Бар күшімді,
Берем саған,
Атой сап
Атакаға
Аттанған тап,¹³ —

дейді.

Қазақ даласында революцияның қызыл сұнқары болған С. Сейфуллин:

Қан майданда
Қолтығыңа кіргемін,
Жанды ортага
Салып, білек түргемін.
Зор сертті істе
Қанжар тістеп,
Бірге піскем, —
Өлгенімше
Сендерменен біргемін!¹⁴ —

деп өзінің жұмысшы табымен бірлігін ардақтайды.

Еңбекші табын тәңірім деп танитын С. Мұқанов:

Жалғанда табынатын тәңірім — табым,
Табы жоқта «тәңірі» жоқ, күні жарым,
Менің табым — еңбекші — еңбек ері
Онсыз менде керген күн — бұлдыр
сағым,¹⁵ —

деп түйеді.

¹³ В. Маяковский. В. И. Ленин (поэма). Алматы, 1960, 22-бет.

¹⁴ С. Сейфуллин. Өлеңдері мен поэмалары. Алматы, 1957, 314-бет.

¹⁵ С. Мұқанов. Таңдамалы шығармалар, 4-том. Алматы, 1956, 103-бет.

Б. Майлин творчествосындағы үзілмес арқау, бітпес арна — қазақ халқының революцияға дейінгі ең көпшілік тобы — кедейдің өмір өткелдерін сипаттау, кедейдің қайғысына әқынның қабырғасы қайысса, қуанышына тобесі көкке тигендей қуанып, құттықтау:

Кедей деп туғам, кедей деп өлем,
Не көрсем де кедеймен корем.
Кедей қуанса, кедей жұбанса,
Бір елі көкке тимейді төбем,¹⁶ —

дәйіді ол.

Сөйтіп, Майлиниң бірлікке серт байласып, қол алысқаны — кедей, оның жырлайтыны — кедейдің жыры, толғайтыны кедейдің сыры. Сондықтан да әқын поэзиясындағы басым әуен Октябрь революциясы мен еңбекші халық, кедей тағдырының проблемаларын көтеру деп қараймыз.

Ғасырлар бойы әлеуметтік теңсіздікте, қанау, езгіде күн кешкен қазақ кедейі; ескі салт-дәстүрдің құрсауында тұншыққан қазақ әйелі Октябрь таңынан басына бастандық алды. Революция жеңісін кеңейте, ұлттайта түсуге, совет ұранын қолына қару етіп ұстап, жаңа өмір куру күресіне жұмылды. Көптеген өлеңдері мек поэма, дастандарында Бейімбет ссы шындықты көркем бейнелейді. Шыгарманың идеялық мазмұнын сол кедейдің ұғымына, сезіну-түсінү ерекшелігіне, ойлау-сөйлеу шашасына, эстетикалық талғамына лайықтап алып отырады. Ақын лирикасының стильдік бір ерекшелігі ссында.

Кедейге Октябрь революциясы не берді, оның мән маңызы қандай деген саяси күрделі мәселені поэзия тіліне аударғанда, әқын әркімге-ақ анық түсінікті үғым, образben айтпағын дәлелдеп шыгарады. Халық ұғымында әлемдегі ең касиетті, ең қадірлі нәрсе — Күн. Ол бүкіл тіршілік, қуаныш, бақыттың символы. Міне, әқын Октябрь революциясын сол күнге балайды, халық поэзиясында жиі қолданылатын байыргы бейнелеу тәсілдерін кәдеге жаратады.

Бақыт күні шындаپ туған жарлыға¹⁷...
Сезініп ең бір жарық күн жетерін...¹⁸

¹⁶ Б. М а й л и н. Шыгармалар, 1-том. Алматы, 1960, 389-бет.

¹⁷ Сонда, 111-бет.

¹⁸ Сонда, 113-бет.

Октябрьдің таңы атты,
Октябрь — кедей таңы ғой,
Октябрьдің ұраны —
Кедейлердің қамы ғой¹⁹.

Бұл мысалдардағы «бақыт күні», «жарық күн», «кедей таңы» делінген метафоралар Октябрьдің баламасы ретінде алғынып, революцияның — жаңа өмірдің басы екенін ұтымды бейнелейді.

Қатардағы қарапайым еңбек адамына, кешегі малай, жалшыға, құңге совет заманы не берді, кедейлер өз теңдігін қандай жүресте жеңіп алды, ескінің жаңа мен арпалысы қандай шиеленісте отті — бұл құбылыстардың бәріне де ақын реалистік түрғыдан келіп, өзіндік өрнегі мол поэзиясымен жауап береді.

Революциялық терең өзгерістерді жыр еткен совет ақынының ішінде революция көсемі, адамзаттың азсал ұстазы В. И. Ленинді жырламай откендері жоқ десе де болғандай. Әрине, әр ақын өз үнімен, өз түсінігімен көсем бейнесін көпке танытуға күш жұмысады.

Ленин қазасы еңбекші елдің еңсесін басқан қаралы күні жазылған «Құр жылама» өлеңінде көсемнің қалдырып кеткен өсиетінің, өзі бастап сарапалап бағыт сілтеп кеткен ұлы ісінің зор болашағына қалтқысыз сенім білдіріп, ақын Ленин туын мәңгі жылдар көтеріп журуғе, ант беруге шақырады:

Жыла! Қайғыр!... Өсиетін орында!
Ол кетсе де қалдың сендер соңында
Ант ішіндер жас қабірін құшақтан
Жүреміз, — деп, — сенің салған жолында!

Ленин, партия, халық осы үшеуінің мыйзымае бірлігін көсемнің қайтыс болғанына жыл толуына бағыштап жазған өлеңінде ақын келісті кестелейді. Лениннің ұлылығын, кедей табына соңшалық ардақтылығын көрсету үшін Бейімбет көсемнің өсиетін шаригатқа, құранға балайды. Сырт қараганда мұндай бейнелі сез тым қарапайымда көрініп қалуы да мүмкін. Әрине, ақын ол сөздерді басқа салыстырлық нәрсе таплаған-дықтан алғып отырған жоқ, оның кездегені шаригат, құран сияқты діни ұғымдарды насхаттау, мадақтау да емес, сол кездегі сауатсыз не шала сауатты кедей қауы-

¹⁹ Сонда, 352-бет.

мына түсінікті болу мақсатын берік ұстағанының белгісі деген қараганымыз жөн.

«Құран» мен «шаригаттың» бастапқы мағыналары бұл арада тіпті еске де алынбайды, бұл сөздер жаңа мазмұнға ие болып тұр.

Ленин өлді, бірақ оның
Өсінеті — шаригат.
Құран қылыш қолға ұстап,
Орындауда кедей тап²⁰.

Басқа бірқатар өлеңдерінде де Бейімбет Ленин бейнесіне, Ленин өсінетінің орындалуына көніл аударып, Октябрь жемісін ылғи насхаттап отырады.

Октябрь революциясы және кедей тағдыры Бейімбет шығармаларында әр қырынан топшыланған өзекті проблема, негізгі идеялы-көркемдік сарын.

Октябрьдің таңын кедей таңы, кедей теңдігі, кедей бақыты деп бағалаған ақын осы таң атып, әлемді жарайқ нұрына бөлегенше кедейдің басынан кешкен қынқыстау жезендерді әрқашан есіне түсіріп, кешегі кедейдің қиямет ауыр тұрмыс-жайын, бүгінгі советтік шаруаның қолы жеткен бақытын ылғи салыстыра, қатар қоя жырлайды. Лирикалық кейіпкері жалпы кедей, еңбекші тап болып келетін біраз өлеңдерімен қатар Майлин кейбір поэмалары мен өлеңдерінде кедей образын дарарап, ат қойып, айдар тағып суреттейді. Ақынның, өсіре-се, ажыраспас, сүйікті кейіпкері, оның әрқашан жолығысып, кездесіп, сырласып отыратын серігі — Мырқымбай.

Майлиннің ақындығы, жазушылығы туралы мақала жазған адамның ішінен Мырқымбайды атамай өткендері кем де кем. Әдебиет зерттеушілері С. Мұқанов, К. Жұмалиев, М. Қаратасев, Т. Нұртазин, Б. Қенжебаев, Ә. Тәжібаев, К. Жармагамбетов т. б. Мырқымбай образының сын-сипаттын азды-көпті сез етеді, оған жоғары баға береді.

Мырқымбайдың әйгілі, мәшіүрлігі сонша, ол Бейімбет кітаптарының бетінен шығып, халық арасына сіңісіп кеткен. «Өй, Мырқымбай» деген атауды ұнатқан, іштартқан адамына қаратып әзілдеп әркім-ақ айта береді. Әдебиет зерттеушілері мен сыншыларды былай қой-

²⁰ Соңда, 262—263-беттер.

ғанда, Мырқымбайдың сыр-сипаты Бейімбетпен замандағы болған қаламгерлерді де қатты қызықтырады, олардың кейбір шығармаларынан Мырқымбайды суреттейтін эпизодтарды оқуға болады.

Илияс Жансүгіров бір әңгімесінде, «Алматыдан көтерде Бейімбеттің бізге қосып жіберген адамы Мырқымбай болатын. Бұрын сырын білмейтін отағасымыз еді, буынып өлсе де әңгіме айтпайтын қорғасын кісі екен... Тек ол кісіні Бейімбетше ауыл тұрмысын жаздырып, кітаптан оқу ғана керек көрінеді»²¹, — деп жазады.

Келтірілген үзіндіде Бейімбетке, оның әдеби кейіпкері Мырқымбайға деген қаншалық жылышты, таңда-нушылық бар! Мырқымбай бұра тарт әңгімеге шорқақ, мінезі қорғасындағы салмақты жан болып көрінеді әлгі әңгімеден.

Қазіргі көрнекті прозаиктердің бірі Ғабиден Мұстафин «Дауылдан кейін» романының орталық кейіпкері Аманның өз семьясы аясында шүйіркелесіп, ертеңгі шай үстінде отырған бір эпизодын суреттейді. Інілерінің бірі қаспақ тұмсық Қарага отініп, Бейімбеттің «Мырқымбай» өлеңінен Мырқымбайдың ауылнайды боктағанына әкесінің налыған жерін жатқа айтқызы да, әкесі Сапарға мынандай түсінік береді:

«Аға, бұны Бейімбет деген ақын жазыпты, — деді Аман, — дәл біздің Байбол емес пе осындағы ауылнай?»²² — деп сұрайды. Қиянатқор, қиқар ауылнайға бетпе-бет келіп, ашу-ызасын ақтарған Мырқымбайды жүрексіз, жалтақ жан деуге болмайды, әділдік жолында өз дегенімен қалатын бірбет қайсарлықты көреміз. Ауылнаймен әріден орағытып, майдалап сейлеуге Мырқымбайдың тілі мен шыдамы жетпейді, сондықтан да ол қысқа қайырып, морт жетіп, келіссіз сездерді де айтып салады.

Майлиннің поэзиядағы типтік кейіпкері Мырқымбай туралы, Мырқымбайды қалыптастырып, сом тұлға етіп шығарудағы автордың тамаша шеберлігі туралы ең алғаш пікір айтқандар Қ. Жұмалиев пен С. Мұқанов. Бұлар Бейімбет творчествосы әділетсіз, солақай сынға ілігіп жүрген кездің өзінде Мырқымбайға, оның автор-

²¹ Илияс. Жол аузында (Әңгімелер жинағы), «Қожабек на-
чальник» әңгімесі. Алматы — Қазан, 1935, 132-бет.

²² Ғ. Мұстафин. Дауылдан кейін. Алматы, 1962, 26-бет.

рына берген ұнамды бағаларын өзгертпейді, өйткені олар шындыққа жүгінді.

Майлин өз кейіпкері Мырқымбаймен ажыраспас, қыыспас дос болып кеткені ғажап шындық.

Октябрь мерекесінің он жылдығына арналып 1927 жылы «Ақындар шашуы» деген атпен шыққан өлеңдер жинағына жазған кіріспе сөзінде алғашқы он жылда казақ совет әдебиетін қанаттандыруға күш жұмсаған ақындар тобын сипаттағанда, Сәбит Мұқанов бірінші Сәкенді аттай келіп, екінші етіп Майлинді алады.

«Мырқымбайдың арбасына мініп алып кеңесетін, Мырқымбаймен егін салатын, шөп шабатын, ол кейісін кейіп, ол қуанса қуанатын, шаруа десе қаламы аттай желетін Бейімбет бар еді», ²³ — деп жазады ол.

Мырқымбай образы қалай жасалған, оның өміршөң болуының кілті неде деген мәселелер тәңірегінде соңғы сөз айтылды деу асығыстық болар еді.

Мырқымбай — халық өкілі, кедей өкілі. Оның өткен жолы — өз халқының өткен жолы, бұралаң да сергелең жол. Мырқымбай сәбекші халықтың басынан кешірген тарихи бел-белестеріне тірі куә. Ол мың өліп, мың тірілген, ақырында адам болып ардақталуға қолы жеткен жан.

Әліктік құлашы кең, арнасы терең поэма, дастан сияқты туындыларда белгілі кейіпкерді қалай сипаттауға да мүмкіндік мол. Ал Мырқымбай бейнесі қөбіне сюжетті шағын өлеңдерде көрініс береді. Мұндай тәсілдің қынышылығы да, тиімділігі де бар. Қынышылығы — автор бір шығарма шеңберінде кейіпкерінің сыр-сипатын толық аша алмайды, айтпағынан іркіліп қалады; тиімділігі — әр кезеңде, әр шығармада, әр түрлі уақыға, тартыс тұсында кейіпкердің өзін қалай ұстаганын беліп-бөліп баяндаپ, суреттеп отыру, шешуші түйінді соған айтқызу — автордан ұзақ сюжет арқауын сақтауды талап етпейді, қиялына тұсау салмайды, еркіндік туғызды. Мырқымбайдың бұралаңы мол өткен өмір жолын жүйелеп, баяндау үшін тым ұзақ шежірениң шерту қажет болар еді. Автор бұған тиімді тәсіл тапқан. Сөйтіп, Мырқымбайды егжей-тегжей суреттейтін тұтас бір шығарма Бейімбетте кездеспейді, көптеген шығармада бірде ана жағдайда, бірде мына жағдайда

²³ С. Мұқанов. Өсу жолдарымыз. Алматы, 1960, 72-бет.

Мырқымбай алдыңнан шығып қалады. Ең алғашқы «Мырқымбай» (1922) өлеңінен байлай қарай оны қайда көрсөң де жатырқамайсың, бұл күнде Мырқымбай не күйде екен деп әрқашан есіце аласың.

Қазақ кедейі Октябрь женісіне дейін қандай тар жол, тайғақ өткелдерден өтсе, Мырқымбай солардың жуан ортасында жүреді. Мырқымбай түрмисстың талай тепкісіне шыдайды, санасы өседі, өмір тәжірибесін молайтады.

Бейімбет поэзиясында Мырқымбай атының алғаш аталуы, оның кейіпкер қатарына қосылуы 1922 жылы жазылған «Мырқымбай» өлеңінен басталатыны мәлім. Осыған жалғас келесі 1923 жылы «Кедейдің кейістігі» жазылады. Екі өлеңде де Мырқымбай мінезіндегі, шаруаға шалымы жөніндегі кемшіліктерді әкесінің оған айтқан сынынан білеміз. Мырқымбай жоқшылықта, тепкіге мойнын ұсынған әкесіндей емес, әп дегенде, әкім-басшының қиянат, әділетсіздігіне өз әлінше қарсы туруға әзірленіп, бірбеткейлілігін байқатады. Қанша жұлма кедей болса да әкесіне арқа таңған жастық шағында, Мырқымбайдың жалқаулық, керенаулық салқыны сезіледі, шаруаға тындырымы шамалы. Қекшолакты «жүгендемей, ноқталап» соқага жегуі — ұқыптылық емес.

Мырқымбайдың әкесі кім болған? «Қарасор» өлеңінде (1926) автор оқушысын Мырқымбайдың әкесі — Қарамен қысқаша таныстырады.

Сүйіндік пен Жиендік аталған екі руды билеген екі байдың «Құрақты» қонысы үшін қырқысқан таласында, өзіне жер қажет болмаса да ру намысын жыртысып, бір байдың сойылың согамын деп үрысқа араласып Қара қаза табады. «Құрақты» қорығы сонан былай «Қарасор» аталып кетеді.

Қара олғенде, Мырқымбайы,
Жеті жасар бала еді²⁴, —

дейіді ақын.

Осы арада бір детальға көніл аудара кеткіміз келеді. Алдыңғы екі өлеңдегі Мырқымбайдың ауылнаймен айтысып қалғанына, күн өтерін ойламай, қауырт жұмыс кезінде келінмен үйде тал түске дейін үйықтап жатқанына әкесінің реніш білдіретін жолдарға қараган-

²⁴ Б. Майлиң. Шығармалар, 1-том. Алматы, 1960, 289-бет.

да, Қараның қазага ұшырауы Мырқымбайдың едәуір естияр кезінде болғанға үқсайды. Бұл мезгілдік дәлсіздіктің үлкен принциптік мәні жоқ. Мырқымбай өкеден жеті жасында жетім қалып, жоқшылықтың құшағына іліксін не үйі толған бала-шағара әкесі өлгенде, өзі бас болып қалсын, кедейліктің қасиretін ерте тартқанына шек келтірмейсін.

Мырқымбай бейнесінің негізінде ауыз әдебиетінің сарыны, штрихы байқалады. Батырлық жырларда батырдың сенімді серігі, ұшар қанаты, түяқтының жүйрігі — аты болатыны белгілі. Қобландының Тайбурылы, Қамбардың Қарақасқасы т. б. осындай аттар. Халық ұғымында кедейліктің, кемдіктің, тұрмыс таршылығының белгісі, символы ретінде Қекшолақ атты алу бар. Және кедей не көрсе де сол Қекшолағынан айрылмайды. Халық ақыны Кененнің атақты «Бозторғай» олеңіндегі Қекшолақ та Мырқымбайдың Қекшолағынан ерекшелене қоймайды. Қекшолақ Мырқымбаймен өмір қыыслағынан бірге өтіп, оның қолы трактор рулінен қожа болғанда гана мойнынан қамыты, арқасынан ері сыпрылады, тыныс табады.

Революцияға дейін Мырқымбай өзінің бір ат, бірер сиырымен жеке меншіктік шаруасын құйттеген болып, кетпенмен шұқылаған бір тарақ жерге егін салсын, не байға жалданып, арық қазсын, сауынши болсын («Жазғы жайлалауда», «Еккен де жоқ, сепкен де жоқ» өлеңдері) бәрібір қатын-баласына ішер ас пен киер киімді тауып бере алмай тарығуда, зорығуда жүреді.

Тұрмыс тепкісі, заман ағымы Мырқымбайды шынықтыра түседі, сана саңлауын ұлғайта береді. Шаруа күйі онға басып, бейбіт күндер өте берсе, Мырқымбай баймен жағаласудың қажеттігін мойындаі да қоймас еді. Бай ағайындарының айда, аптада бір жұтым берген қымызына алданып, Мырқымбай оларды өзіне іш тартып, жақын санаған кезі де болады. Бірақ қанаушы мен қаналушы, демек, бай мен кедей ешуақытта дос болмақ емес, тарих заңы, тап тартысының заңы өз күшін сездірмей қалмайды.

«Бер, Мырқымбай, қолынды!» өлеңі осы Мырқымбайдың сана-сезіміндегі эволюцияны, түбіrlі өзгерісті түйіндейді. Ауқатты ағайындары 1916 жылы Мырқымбайдың өзіне серік жалғыз баласын еріксіз солдатка алғызып, Мырқымбайды жас бала-шағасы, әйелімен

аштан шұбыртып жібергенде, кім дос, кім қас екенін көміл түсінеді. Өзіндей Мырқымбаймен бірлесіп, күш қосып, жаңа өмір құруға, жаңа жолға бет алған Мырқымбай.

Өлеңнің идеялық-көркемдік ерекшелігі — ақын мұнда әр кезеңде әртүрлі жағдайда Мырқымбаймен кездесе отырып, оған бірден мына бағытың қате, ана қадамың шалыс деп ақыл айта қоймайды, сырттай сынап, бақылап отырады, өмір жолынан нендей сабақ алса да, не қорытынды, тоқтамға келсе де Мырқымбайдың өз тарапынан, ез сезімен айтылады. Мырқымбайдың дұрыс бағытқа бұлтарыссыз бет бұрганына сенген ақын, енді бейтарап қала алмайды, оның үмітін ұстайды, ақылшысы, тәрбиешісі болып көрінеді:

Жидың білем қоңынды,
Көрдің бе енді жолынды,
Ілгері көшке жетейік,
Бер, Мырқымбай қолынды! ²⁵ —

Міне, ақынның сүйікті кейіпкері Мырқымбаймен дос-тасуы, серттесуі осылай басталады.

Мырқымбай санасының заманмен бірге ілгері кеткенін, жалғыз өзінің от басының қамын ойлап, Көкшолақ-пен өнімсіз кәсіп қылған Мырқымбайдың енді бүкіл әңбекші халық мұддесін ойлап, болжауға жеткенін «Қазақ туралы» (1922) саяси өткір әуенде өлеңнен көреміз.

Сопы шалдар мен молдалар, ақсақалдар мен әкімдер, түрлі ұлтшылдар қазақтың өткені мен болашағын өз құлқындары түрғысынан бағалап, оның келешегі туралы білгішсініп болжау айтса, бәріне төрелікті, ақырында, Мырқымбай береді. Мырқымбай бүкіл қазак туралы қам жемейді, Октябрь кімге билік тізгінін ұстарты, кімге бостандық әперді — өмірдің болашағы солар, Мырқымбай солармен бірге:

Маған серік кедей қазақ — құл қазақ,
Бай, кедей бол жігін бөлсін бұл қазақ.
Ілігейік мәдениет шыңына,
Тарт көшінді, кедей атты, жүр, казақ! ²⁶ —

деп үран тастайды ол.

²⁵ Сонда, 313-бет.

²⁶ Сонда, 131-бет.

Бойына күш, ойына саяси сана кірген Мырқымбай елдегі саяси-әлеуметтік істерге араласады, кедей съезіне делетат болып қатысып («Бүгін»), онда ел мұнын, әлі де кездесетін жөнсіздіктерді әшкерелейді.

Қазақ кедейінің байға қарсы батыл қымылы жер бөлісі туралы үкімет декретін орындауда айрықша көзге түсті. Байлармен жер үшін болған қиян-кеекі күрестің алдыңғы ілегінде Мырқымбай тұрады, оның қырағылығы, табандылығы, көпке үйтқы, басшы болуы — Мырқымбай бейнесін толықтыра туседі. «Қарасорда» баймен қақтығысып («Қарасор», 1926), уақытша жеңіліс тапқан Мырқымбайлар «Бөлісте» (1927) өз үйимшылдықтарын асырады. Қысқа поэма сипатындағы «Бөлісте» — Мырқымбай орталық кейіпкер.

Сарыалаптың шұрайлы жерінен айрылатынын естіп, аласұрған Кемелбайды ақын:

Күбірлейді Кемел бай
Бөліс, бөліс, бөліс!... деп.
Сыбырлайды бейбіше:
«Әкімдермен келіс» деп,* —

суреттейді.

Жер бөлісі туралы естігенін әйеліне қуана әңгімелеп Мырқымбай отыр. Ежелден байлықтың көзі — жерге иелікте екенін, жер қазынасы — адамға таусылмас ырызық даярлайтынын Мырқымбай тым тереңнен алып, пайымдамаса да, жердің пайдасы туралы өмір тәжірибесінен қорытқан ойы, түсінігі теріске шықпайды. Мырқымбай көзі көрген, өзі қуә болған жайларды салыстыра келіп, қоспасы жоқ шындықты айтып салады. Бұл жолы ол Сарыалаптың сұлыйдай құнарлы, дәмді, нәрлі жоңышқасын қыс бойы жеп шыққан бай аты мен шағыр-шұғыр, сабан-сұбанды қажал шыққан өз атының күй-қоңын салыстырып, шабындыққа ие болудың тиімділігі мен мәнін мына жолдармен түйіндейді:

Сарыалаптың өзегі
Бүйраланған жоңышқа,
Кемелбай шебін шауып ап,
Сұлыйдай сақтайд бір қысқа.

Жоңышқа жеген бай аты
Жылтылдаپ жүнін тастайды.
Мырқымбай аты жер шағыр,
Мінсе аяғын, баспайды.²⁷

* Сонда, 346-бет.

²⁷ Сонда, 348-бет.

Бұйраланған жоңышқалы Сарыалап өзегіне қызыға-қызыға жүретін Мырқымбай жер бөлісі кенеске түскенде, байлардың кедейлерді алдаң кетпеуіне мықты қырағылық жасайды, тап мұддесі үшін құреседі, байларды жиылыстан құдырады. Байлардың бұрынғы зорлығы есіне түскенде, көзіне жас мөлтілдейтін Мырқымбай енді қатал да сұсты:

Іле түсті Мырқымбай
Шашыраштанды бозғыл көз:
«Қылжақтама, Кебен бай
Саған қалған жоқ қой сөз»²⁸.

Сарыалапты әділдікпен белісіп алған кедейлер қуанышты, екпінді, шөпке орақ салады:

Ән шырқаган бозбала,
Жалаңдаган орагы.
Кесілтіп бекес салғанда,
Шеп үйіліп қалады.²⁹

«Бөліс» — Мырқымбай бейнесін танытуда елеулі тағысы бар шығарма. Кейіпткердің үміті, қуанышы, үйішілік тұрмысы, ойлау-сейлеу сазы, портреті, мінез-құлқы біршама дараланып, суреттеледі. «Бөліс» поэмасындағы басты кейіпкер Мырқымбайды бағалауда әдебиетші ғалым Т. Нұртазиннің кейбір пікіріне қосылуға болмайтын сияқты. Ол поеманың сюжеттік желісін мазмұндай келіп: «Қашаннан белгілі Мырқымбай белсенді болып алған, баяндама жасайды...» — деп жазады. Жер бөлісі туралы Мырқымбайдың баяндама жасамағанының былай қойғанда (жер бөлісі туралы баяндаманы жоғарыдан келген тере жасайды), «Қашаннан белгілі Мырқымбай белсенді болып алған» деген анықтамада Мырқымбайды ұнамсыз тұргыда, даурықпа сезді, жалған белсенді ретінде көру емеуріні сезіледі. Мырқымбайды бұлай сипаттауга поэмада ешқандай негіз жоқ.

Жер бөлісін өткізу туралы хабарды алғашқы естігенде, Мырқымбай пәлендей белсенділік көрсетпейді, бөлістің мән-жайын сұрап, түсіну үшін, газет оқып тұратын Сыздыққа барып кездеседі:

Білген шығар үкімет,
Сезген шығар сүмдүкты.

²⁸ Соңда, 351-бет.

²⁹ Соңда, 359-бет.

Кәзет алып оқушы ед,
Іздейінші Сызыдықты,³⁰ —

дейді ол.

Кедейлер Мырқымбайды жиылдыс бастығына сайлайды, ол жиылдыс басқарады, демек жұртшылық туралындығын, беделін сыйлайды. Мырқымбай қашан да аз сөйлейтін, әбден ойланып, толғанған көкейкесті тұжырымын айтып қарап отыратын адам сипатында калады.

Т. Нұртазин поэмалың көркемдігіне қатысты да екінші пікір айтады. Әуелі: «Өлеңде әжептәуір» деген алып, сонынан: «Поэмалың өлең кестесі жұпыны, реалистік», — дейді. Реалистік шығарманы жұпыны деген қараша, реалистік пен жұпынылықты қатар қою дәлдік болмаса керек.

Біздіңше, «Бөліс» поэмасы бас-аяғы жинақы, Мырқымбай образын жанды картиналар арқылы өрнектеген, ыңғайлық мазмұны тартымды шығарма.

1927—1930 жылдар аралығында жарық көрген «Мырқымбай (он жылдық тойда)», «Ей, Мырқымбай», «Бір — он», «Қосын» сияқты толғау, жырларда ақын көбіне өз монологін Мырқымбайға арнап, қаратып айтады. Откен он жылда еліміздің қандай табыстарға жеткені, оған Мырқымбайдың қатысы қалай болғаны, кездескен кедергілер, алдағы міндеттер нұсқалады.

Мырқымбайдың өз басының өсу сатылары бұл шығармаларда баулау, ол қаланы, даланы аралап жақсы, жаманды көруші, бақылаушы тұрғысында алынады.

Ақын Мырқымбайды былайша сипаттайты:

...Мырқымбай жаны — таза жан!
Мырқымбайда таза қан.
Мырқымбай — елдік белгісі!
Елдің азып-тозғанын,
Дүшпанның аты озғанын
Келмейді, сіре, көргісі...³¹

Бұл жолдардан Мырқымбайдың адал жанды, жалынды патриот, ел қамын ойлаушы азамат екені айқын аңғарылады.

Сөйтіп, арнау түрінде, аралас үйқаспен жазылған «Ей, Мырқымбай» өлеңінде ақын Мырқымбайды қай-

³⁰ Соңда, 349-бет.

³¹ Соңда, 411-бет.

рап, ширата түседі, еркінді еркін сезін, алдағы асуларга ұмтыл, жарыста оз, бірлескен еңбек дабылымен сар да-ланы сілкінт дейді.

Өлеңдерін баяндау, суреттеу тәсілімен жазатын Бей-імбет «Ей, Мырқымбайда» лепті, үнді толғауга ойыса-ды, сез, дыбыс үндестіктерін, ассонанс пен аллитера-цияны шебер қолданады.

Еркің, еркің, еркің бар,
Еркіндейтін көркің бар.
Ел еркі үшін бас қиған,
Ежелден берген сертің бар.
Серт бергізген о баста
Улаган бойды дертің бар.
Серт дауасы табылды,
Сүрмекті жолдар табылды.
Сенімен қоңсы қона алмай
Сергелдендер табылды.
Серпіл енді, серпіл ал,
Серпілте сілтеп қамшынды
Тізгініңді еркіне ал.³²

Өлең жолдары салт атпен, сар желіспен келе жатқан жолаушыны кезге елестетеді. Бұл сурет өткен жолды шолып, қорытындылап, ілгергі белеске өрлеген тынымсыз жанды елестетеді. Жолаушы — Мырқымбай, оның сапары аяқталған жок, бірақ қыын-қыстауды артында қалдырып, сара жолды, адаспас бағытты жаңа тапты Мырқымбай.

Автор Мырқымбай бейнесін үлкен жоспарда алады. Ол әлі толық суретtelіп берілмеген образ. Тағы бір ес-керерлік жай, Бейімбеттің прозалық шығармаларында да там-түм Мырқымбайға кездесіп қаламыз. Тіпті ерте-ректе жазылған «Протокол» мен «Шала адвокат» оқшауларында кекшолағын жетелеген Мырқымбай туралы оқимыз.

«Екі оқушыға жауабым!» деген мақаласында Майлин Мырқымбай образының эволюциясын қалай түсінештінін мына пікірімен ашып береді. Жаңа заманда Мырқымбай жаңа сипатқа ие болады: «Мырқымбай колхозшы көпшіліктің ішінен шыққан үлгілі іскердің пішіні. Олай болса, мен Досанды, Әпенді, Жарболды тағы басқаларды жазсам, Мырқымбайды ұмытқан, бұр-

³² Б. Майлін. Шығармалар, 2-том. Алматы, 1960, 38-бет.

МАЛЬ ЦІЛ ВЕЛІМЕТ

372 689

6667

МЪРҚЫМВАЙ

107

ГАЗАХСТАН
СДЕРЖИЩИЙ
АЛЕКСАНДР

«Мырқымбай» жинағының мұқабасы.

кеген болмаймын, созып келе жатқан болам³³, — дейді.

Сейтіп, Мырқымбайды Бейімбет поэзиясындаға бейнеленген тип демей, басқа жанрда да кездесетін, жазушының әр кезеңдегі, әр түрлі шығармаларында біртіндей жетілдіріліп, толықтырылып отырган, жаңа шаруа бейнесі, ұнамды образ дейміз.

Академик-жазушы С. Мұқановтың: «Қазақ әдебиетінде Мырқымбайдан артық қалыққа көп танылған кейінгілер жоқ»³⁴, — деуден орынды айтылған пікір.

Жиырмасыншы жылдардың екінші жартысөт меш отызыншы жылдардың басында Бейімбет қаламын дамылсыз тербеткен елеулі проблема, әлеуметтік мәні орасан зор құбылыс — казақ даласындағы быттыранды жеке шаруалардың талай Мырқымбайлардың бірлесін күш қосып, берекелі іске аяқ басуы колективизация шындығы болды. Бұл тұста жазылған «Тыр, тыр, трактор» (1928), «Керегесін қалады» (1929), «Жанартты қазір жырды ауыл» (1929), «Коллективтің жырын айт» (1930), «Коллективтің жиылсы» (1930) сияқты бір тоң елеңдерінде ақын ауылдағы жаңа өмірдің сипатын, шаруа психологиясындағы түбірлі өзгерістерді, жаңаңың женісін, бірлескен еңбек берекесін бейнелейді.

Жаңа өмірге кірді ауыл,

Жаңартты қазір жырды ауыл, —

деп ақын жаңа өмірді бастаған ауылды құттықтаїды, әлі де көп асулардан өтіп ұлы өзгерістер боларына сезім білдіреді.

Жаңа өмір жыры бүкіл Қазақстан жерінде жырлағын, колективтік еңбек дабылы қағылуда, еңбегі байғо қаналған еңбекші қауым — Мырқымбайлар енді. Совет әкіметі тұсында жеңді сыбанып, еңбек жарысына тусіп, халық игілігін молайтудың, өз түрмисын көркейтудің қамында жүр. Сондай кейінкілердің бірі Қокен. Ол революция күндерінде ақтармен, байлармен кескілескен тарбыстарға басшылық еткен жауынгер, азамат, қазір шаруалардың басын құрастырып, артель ашады:

Биыл көрдім, Қокен артель басы екен,
Кептен айтқан уәдесі рас екен.

³³ «Социалды Қазақстан», 1934, 12 июнь, № 135.

³⁴ С. Мұқанов. Өсу жолдарымыз. Алматы, 1960, 165-бет.

Күркіреген қайда десем трактор
Қызған өмір Көкпектінің касы екен³⁵ —

дейді ақын.

Б. Майлин шындықтан шалғай баспайтын, өмірдің өзінде жиі кездесетін тартыс, конфліктіні бүркемелеп, жеңілдетіп, сырлап көрсетуді қаламайтын мейлінше реалист суреткер.

Айталық, жеке шаруаның артельге бірлесуі, жұмыс күшін ортаға салуы оп-оңай бола қойған құбылыс емес-ті. Жеке шаруаның табиғатына тән қайшылық, жаңалықта керенаулық бірден жойыла қоймайды, ұран салумен бітпейді. Шаруа басынан ұзак толғаныстарды, толқуларды өткізді, колективтік еңбектің өмірді өзгертерлік болашағына біртіндеп барып көзі жете бастайды.

Осындай күрделі өзгерістерді ақын қырағы көзімен, жүйрік сезімімен көре, тани білді, жалынды өлеңімен жаңаның жаршығы болды, жаңалықтың мереій үстем болатынына көпті сендерді.

Бірақ ақын аргы-бергіні болжағыш ақылгөй, жалаң ұраннышы-айғайшы емес, шындық өмірден алынған қаралайым мысалмен-ақ өз идеясын жұртқа ұғындырығыш, оқушыны соңына ерткіш насиhatшы да бола білді.

Ақын жаңа идеяны жырлауға қандай түр келісті болса, соны пайдаланды. Ол халыққа ежелден таныс, жаңын айтыс өлең дәстүрін тамаша жаңартады, оған жаңа мазмұн, жаңа міндет артады (Бұл мәселеге кейінрек те тоқталамыз). Мысалы, ол жеке сиыр мен Әленді, көкшолақ пен Қүрекенді айттыстырады. Бұл айтystар арқылы автор шаруаның жаңа тұрмысқа қадам басуының біраз сергелдеңмен болғанын, шаруа психологиясындағы өзгерісті нағымды көрсетеді.

Жалғыз сиырының бұзау-торпағын жылма-жыл қажетіне жаратып, жоқшылық, кем-тарлықтан шыға алмай, күйзелген Әленге жеке сиырды:

Неге колхоз болмайсың?
Неге ортаға салмайсың,
Берекеге қол сұғып,
Неге ауыл қонбайсың?³⁶ —

дейді.

³⁵ Б. Майлин. Шығармалар, 2-том. Алматы, 1960, 74-бет.

³⁶ Соңда, 91-бет.

Ал Көкшолақ болса, артельге кіріп, трактор алған ауылдың еңбек өнімін Құрекеге көлденең тартады:

Жаз болса, тракторы көмектесіп,
Құла аттың шоқтығы да барады өсіп.
Жарымай жейтін жемге, я тынымға
Итіндең жалғыз өзің... какой кәсіп? ³⁷ —

деп иесін колхоз болуга шақырады.

Көк сиырдан жеңілген Әлең де, Көкшолақтан то-сылған Құрекен де колхозға кіреді. Жануар мен адамды айтыстыру қазақ әдебиетінде ертеден бар тәсіл. Мұны Сәкен де, Ілияс та қолданған. Бейімбеттің айтыс өлеңдерінде юморлық бояу басымырақ келеді.

Б. Майлин ауыз әдебиетінде қалыптасқан өнегелі дәстүрді жаңа жағдайда, жаңа мақсатта үйлесімді жалғастырып дамытты. Оның поэзиясының бір ұтымды, тартымды белгісі — осында деп қарау керек.

Құрекен колхозға кіре қоймағанда, оған түпкілікті қарсылығынан емес, әлі де аңысын аңдып, қабырғасына кеңесіп, қателеспей шешімге келу үшін кейінірек қалып жүреді. Көкшолағы колхоздың шаруага қолайлы, тиімділігін бұлтартпай дәлелдеп берген соң, ол атының ақылына құлақ асады.

Көңіліндегі күдігін Құрекен:

Жекелік — ата мұра, ырым еді,
(Әрине қазір, емес, бұрын еді).
Опшылық ³⁸ — ортақ қазан — оғаштау боп,
Құрекен бойын тәжеп тұрып еді, ³⁹ —

деген жолдармен түсіндіреді.

Коллективтендіру дәүірінің шындығы ақынның поэзиясынан гөрі прозалық туындыларында — көптеген әңгімелері мен повестерінде тамаша реалистікпен суреттеледі. Оларға кейін арнайы тарауларда толығырақ тоқталамыз.

Б. Майлиниң ақындық күші, құдіреті оның белгілі сюжетке құрылған қысқа өлең-новеллаларынан айқын байқалады. Ол өлеңмен жазылған әңгіменің үздік шебері. Саяси өткір сатира да, жұмсақ әзіл-юмор да қып-

³⁷ Соңда, 127-бет.

³⁸ Опшылық — общее дегенмен.

³⁹ Б. Майлин. Шығармалар, 2-том. Алматы, 1960, 128-бет.


қысқа, жұп-жұмыр өлең-әңгіме, түрмистық суреттеме жолдарынан жарқ етіп, әр түрлі сезімді шертеді.

Әр суреткердің өз тәсілі бар, бірақ олардың өнерінің негізі бір — ол суреттемек жайларын анық, танық білу, оның мәнін терең бойлап түсіну. Білгенін, түсінгенін неғұрлым шындыққа жақын етіп суреттеп, оқушы сезіміне терең әмоциялық әсер жасай алса, ақын, жазушы шеберлігі деп осыны айтамыз. Суреткер басқаның көре қоймайтынын көріп, сезіне қоймайтын құбылысын сезіне алуы тиіс.

Өлең сюжеті мен кейіпкерін қай ортадан алып сипаттаса да, Майлин бұлтарта пас шыншылдық, білгілігімен ерекшеленеді. Ақынның сюжетті-уақығалы өлеңдерінде байқалатын стильдік бояуы не сатирапты, не юморлық болып алмасып отырады. Сатира мен юмордың шекарасын үзілді-кесілді айырып алу кейде оңай да болмайды. Өйткені екеуінің де оқушыға құлқі арқылы әсер ететіні мәлім. Құлқі ешуақыт бейтарап болмайды. Ол не қатал сынап, белгілі болмыс, құбылыстың, кейіпкер тағдырының солай болғанына ризалықты білдіреді. Не сынап отырып, түзетуді мақсат етеді. Сатирапты шығарма — жағымсыз құбылысты, жағымсыз әлемді сын семсерімен түйрәйді, оған аяушылық көрсетпейді, ал юмор кіші-гірім кемшілікті сынай отырып, оның түзелуіне шек қоймайды.

Бейімбеттің сатирапты стильдегі өлеңдерінде революция дауылы соғып, басындағы бағынан, қолындағы билігінен айрылған, есіктегі малайынан, қоңсы ауылдастарынан көз түрткі болған бай мен бәйбіше, мырза мен би, молда-сопылардың жаңа замандағы мұсәпірлік көңіл-күйі, өткенді жоқтап, келместі көксеп арамтер болуы, соңғы түяқ серпулері сықақ етіледі, мұның өзі тарихтың әділетті өзгерісінің нағайесі екені, қазір мүшкіл халдегі бұрынғы «дүниенің тұтқасын» ұстагандарға ешкімнің де аяушылық білдірмейтіні, есіркеп, елемейтіні әйгіленеді.

Сатирапты лирикаға жататын «Жәке» (1921), «Би» (1921), «Орындалмаған тілек» (1921), «Бай бәйбішесінің жоқтауы» (1928), «Ыбыраймыз, Ыбыраймын» (1928), «Жыла, байдың ұлы» (1928), «Байдың көші» (1928), «Көңіл айту» (1928) бұрынғы үстем тапты революцияның табанға басып жұн қылғанын суреттейтін, саяси астарлы, үлкен шабытын байқататын шығармалар.



Мұндағы өлеңдердің сыртқы формасы әңгімелесу, ішкі монолог, суреттеу, баяндау тәсілімен жазылады, автор сюжетті бейтарап ашады да, қорытынды идеяны түсінуді оқушының өз еркіне қалдырады.

Кейіпкердің ішкі монологын, зар-шерін ақтаратын «Орындалмаған тілек», «Бай бәйбішесінің жоқтауы» сияқты сатириалық туындыларда адамның күйініш қайғысын автордың кекесінмен бәйнелеп отырғанын бірден біле қоясын.

Баласын «төре» болсын деп үміттеніп, реальнийға оқуға түсірген бай төңкөріс зардабына душар келіп, тілегі орындалмағанына зарығады, тағдырды тілдейді.

Рақымсыз қу тағдыр,
Өзгерілмей тұра ма?
Пенде шіркін қайғы жер,
Көп қасірет сұрама!

Бар сенгенім — Николай
Тақтан ұшып, құлады.
Бұлініп дүние, ойпырым-ай
Біздей сорлы жылады.⁴⁰

Патша тұсында ұстемдік, байлық өзінде тұрганда, ол тағдырға риза, революция жеңісі — оған дүниенің сұрапыл бүлінуімен тең. Бұрын жұрттан озсам дейтін астамшыл бай енді «біздей сорлың» деп аузын қу шөплен сүртеді. Енді бәйбішені тыңдайық:

Букең-бүкең байым жүр,
Сырғанап аяқ тайып жүр.
Қайда барса көз тұрткі,
Құлқіні таза қойып жүр!

Қит етсе дайын абақты,
Айдатты да қаматты.
Шілтерлі тесік есіктен
Тасытып берді-ау тамақты.

Уай, дариға, өткен күн,
Елестеп сағым кеткен күн!
Қос ат алып қусам да,
Саған, сірә, жетпен күн!⁴¹

Екі өлең де ішкі монологқа құрылған.

⁴⁰ Б. Майлин. Шығармалар, 1-том, Алматы, 1960, 83-бет.

⁴¹ Б. Майлин. Шығармалар, 2-том. Алматы, 1960, 17-бет.

ла» — бәрі де байдың қазіргі болмысына лайық бояу әрлер. Табиғаттың осындай сұсты, қатал мезгілінде, бай елден аласталып көшіп барады. Пейзаж жаратылыс көркіне сырттай сұқтану, қызықтау үшін жазылмайды, идеялық-мазмұнды айқын түсіндіруге қызмет етеді. Бейімбет поэзиясындағы пейзаждың ерекшелігіне кейінрек тоқталамыз.

Сықыр-сықыр арбасы,
Шипандаган арық ат.
Құла түзден қарасаң,
Көш екені танылат.⁴⁴

Байдың конфискациядан қалған мұлік-жиһазы арық аттың арбасына сыйып кеткен, барлық көштің ауқымы осы-ақ. Көш сыйқына таңданғандай болған адамдар арасында әңгіме басталады. Өлеңнің маңызды түйіні шешіледі.

- Да, мынау кім?
- Бай екен!
- Қайда барады?
- Көшкені...
- Кедей, батырақ күнәсін
Кешпеді ме?
- Кешпеді.
- «Елі қайда?
- Ауылда.
- Ермеді ме?
- Ерген жоқ!
- Дос-жарлары қол ұшын
Бермеді ме?
- Берген жоқ!
- Ұлыған не, қасқыр ма?
- Бәйбіше гой жоқтаган.
- Бұлаңдаған анау не,
Көштің ығын ықтаган?
- Ол кәдімгі Жолдыаяқ
Салғаны гой шыгарып...
- Шынымен аяп еріп пе?
Жүр, одан да сұралық!^{45..}

Бүкіл ел-жұрты, дос-жарандарынан ада болған байдың көшіне ілескен жалғыз жанды мақұлық — «жолдыаяқ». Оның да байды шынымен аяп ерген, ермегені белгісіз.

⁴⁴ Сонда, 43-бет.

⁴⁵ Сонда, 43-бет.

Зілді кекесін, мысқыл өлеңнің келтірілген үзіндісінде шарықтау шегіне жетеді.

Майлиң суреттегенінде бай, бәйбіше, мырза; кейде «бәрікпен жіберіп соқса, құлайтындей» әлсіз, әрекетсіз, жылауғана қолынан келетін жандар сияқты болып көрінеді. Бұларға қарағанда, кедейдің жағаласқан жауытым осал емес ле дегендей ойдаң ұшы жақын тұратыны бар. Шынында олай емес. Біріншіден, революция жеңісі өрістеп, кедей, батырақ совет өкіметінің берік қолдауымен байларға шабуыл ашқанда, құрестің әбден ширыққан кезінде бай, мырзаның қармануға шамасын келтірмей, үрейін ұшырды, күш-қуатынан айырды, халық қаһарлы кедергіні білмейді. Екіншіден, еңбекші, бейнетқорды, жарлы-жалшы, малайды үстем тапқа қарсы құреске көтерген тұста, байлар осал күш емес, сактаныңдар дегендей ұран тастаудың реті болmas еді.

Сатиравы шығармада ұнамсыз кейіпкер мен құбылысты құлдырата төмендетіп сипаттау — негізгі тәсілдің бірі. Бейімбет те бай, бәйбіше, мырзаларды осы тәсілмен сықақ етті. Олардың басынан дәурен өткенін, өмір тұтқасы кедейдің қолына көшкенін жырлады.

Тұрмыстағы ескі әдеп-ғұрыптың көріністерін, адамның мінез-моральдық бейнесіндегі кемшіліктерді сынау-минеу үшін зілді, ызгарлы құлқі семсерін оқталудың қажеті бола қоймайды. Мұндай мақсаттағы шығармада ақын сынап отырған, құлқі етіп көрсеткен объектісін мүлде жоққа шығаруды нысана етпейді, оның бойындағы сын мен мінге құле отырып, сол құлқілі жайларды ілгеріде түзетуге тілекtestіk білдіреді.

Жайлары зәрсіз құлқі әр жолына ұялаган Бейімбет өлеңдерінен «Ғашықтық» (1920), «Өнеге» (1922), «Елдегі екпінді істер» (1924), «Құдықтың басында» (1928), «Құбақан» (1928), «Көзілдірік» (1930) т. б. құлқінің нәзік астарын аңғартады. Бұл туындылар ақынның юморға шеберлігін, өзіндік тәсіл-амалдарын байқатады.

Ғашықтық сырыйн терең пайымдамай, табигатын түсінбей, көзіне көрінген қыздың бәріне де ғашықтың деп сез салатын, онан жылы лебіз естісе, ғашықтық қонды деп масайрайтын жеңіл мінезді, желпілдек жігітті әжуа қылу арқылы ақын махабbat, ғашықтық сияқты жан жаразтығын қалайтын асыл сезімді кіршікіз таза ұстауды мензейді. Юморлық стильдегі осы «Ғашық-

тың» өлеңінде қыздың жүріс, тұрысы, көз қарасы, жа-
уап сезі, оның жігітке тигізер асері — бәрі де әзіл,
күлкі тұргысында ойнақы суреттеледі:

«Кой, әрі!» деп, ордаң етсе, болмады.
«Койшы ойбай!» деп, жымың етсе,
оңғаны.

Бұраң етіп бір қараса қылмып,
Бойың еріп, ғашықтық сол қонғаны...⁴⁶

Ғашықтың осынау дұғалық-рецептің жаттал алған жі-
гіт Үрыстыны да, Рэзияны да, Маржанбикені де «сүйе-
ді», бірақ бәрінен де сагатында сүннады, өзгереді.
Әсіре қызыл, тұрақсыз-тұрлаусыз болу жігіт басына
үлкен мін, жастар тұрақты болсын деген емеурінді
ақын өлеңінің бүкіл идеялық мазмұнына астар етеді.

Совет мекемесінің қызметкері халық мұддесі үшін,
бар күш-жігерін жұмсал, іс атқаруға тиіс. Ол бойын
сылап, тоғышар қалпына түссе, өзін басқалардан ар-
тықпын деп, жоғары санап дандайсып, әкімшілік буына
семірсе, сықақтауға лайық кейіпкер болады. «Өнеге»,
«Көзілдірік», «Елдегі екпінді істер» — жарамсыз қы-
лықтарды сыйнау-шенеуді нысана етеді. Өлеңдердің
«Өнеге», «Елдегі екпінді істер» делінген атына қарап
үлгі боларлықтай жағымды, құптағандай маңызды
істер сөз болар-ау деп дәмеленіп қаласың. Шынында,
керісінше болып шығып, езу тартасың. Юморлық өлең-
дерінде автордың жиі қолданатын бір тәсілі — ирония.
Бейімбет «Өнеге», «Көзілдірік» өлеңдерінде карикату-
ралық портреттер жасайды. Кейіпкердің сырт пішінін
көзіне елестеткен оқушы оның ішкі сарайының қоңыл-
тақтығын сұрамай-ақ шамалайды.

Бірін-бірі толықтыратын екі портретті алайық. Бі-
ринші портрет:

Кәлепенің⁴⁷ қоржыны —
Сүйем болсын аршында.
Үсте ақ кейлек, жоқ міні
Тұрсын айнаң қарсында.
Дәңгелектеп мұртты сал,
Английский фасонға.
Көк тұқыл қылыш сақалды ал
Қарамай кәрі-жасыңа!⁴⁸

⁴⁶ Б. Майлин. Шығармалар, 1-том. Алматы, 1960, 41-бет.

⁴⁷ «Галифе» сөзінің ауызекі тілде бұзылып айтылған түрі.

⁴⁸ Б. Майлин. Шығармалар, 1-том. Алматы, 1960, 106-бет.

Екінші портрет:

Әлімнің жан жолдасы — көзілдірік
Селтітіп қыр мұрынға шықса іліп.
Паңдығын, асылдығын, адамдығын,
Тұрмай ма қарағанда сырттан біліп.

Шолтиып шолақ аттай тақыр жебе.
Дер кезі дедімесін танау неге.
Шолтаңдап Крымский қызыл таяқ,
Қырланып қыдыруға шықты міне! ⁴⁹

Бірінші портреттегі адам галифе шалбарының қоржының қомпайтып, мұртын английский фасонға салып жүретін болса, екіншісі, сән үшін көзілдірікті мұрнына іліп, крымский қызыл таяқты оңды-солды сермен қырланады. Осындай оғаш қылықты суреттегенде, автор әйтеуір құлдірейін, онан әрі не болса ол болсын дегендегі бейтараптықтан аулақ. Елдегі социалистік құрылыштың қауырт кезеңі мұндай бойын түзеп, бос жүруді көтермейді, іскерлікті талап етеді. Сүрай арнау үлгісінде мұна шумақтан өлеңдің тобықтай түйіні анықтады:

Ерігіп елеурейтін заман қайда,
Сал болып сайрандайтын Әлім бай ма?
Іс керек, іскер керек, күштер керек,
Істесе ел жұмысы азғантай ма? ⁵⁰

Майлиниң құлдіргі, юморлық өлеңдері орасан көп, олардың бас-басына тоқталып, пікір айтуды жұмыстың көлемі де көтере бермейді. Солардың ішінен ең бір шебер жазылып, әр жолын оқыған сайын айызың қанып, рахаттана күлетін туынды — «Құдықтың басынданы» еске сала кетейік.

Бір мезгілде құдыққа суға келіп жолығысқан ауыл әйелдері соңғы жаңалықты жапа тармағай сез етеді. Тілге тиек қаладан оқудан келген Дәмеш қызың жайы. Ел әйелдеріне Дәмештің бойындағының бәрі ерсі, бәрі сөлекет. Кеңестегі әр әйелдің кескін-кейіпі, сез саптауы, жамыраса жаудырылған сұрақтар, бірінің аузындағысын бірі жұлып алып жауап беруге асығу — бәрі әйел психологиясын таң сонардағы іздей айқын суреттейді автор. Қатарлай тізілген шелектер, тізерлей отырып

⁴⁹ Б. Майлини. Шығармалар, 2-том. Алматы, 1960, 46-бет.

⁵⁰ Соңда, 47-бет.

әңгімеге қызыға еліккен әйелдер, су ішкісі келіп, кимелеген сиырлар — үлкен полотнодагы жеке кадрлар, штрихтар.

Сұрауға сұрау жағаласып жатыр,
Жаудырып сұрау маңырасып жатыр, —

делінген суреттеумен ақын кешқұрым жамырасқан қоралы қойдың ыңғылашын, қым-қигаш сапырылысын елестедеді.

Әрине, бұлар күлкінің сыртқы қозғаушылары, ішкі астар онан әріде жатыр. Надандық-қараңғылықтан, ескі сана салдарынан қол үзбекен ауыл әйелдерінің түсінуінше қалыптасқан әдеп-ғұрыпты аттаپ, ауылдан қалаға келіп оқыған Дәмеш — азған қызы. Қөп қарғаның ортасына келіп қонған жалғыз қөгершіндей оны тамашалау, синап-мінеу, өздерінен ерекшелігін менсінбей кекеу, мұқау — әйелдердің борышы сияқты. Әйелдердің саналы болып, күндіктен құтылуын ойлағанымен Дәмештің де тындырып жүргені шамалы. Білім, мәдениет әлемінің мөлдір бұлағынан молынан сусындаудың орнына, ол қаладағы бойын сылаған кейбір бикештердің киімдерінің ерсі модасына еліктегеніне мәз.

Айтолқынның суреттіеуінше Дәмештің портреті мынау:

Біз өкшелі бірдеме киген,
Сыртында — жылтыр әміркен галош.
Кейлегі қоңыр — сәтен-ау деймін,
Тізеден шолак, сұрама кенін.

Тырысып жатқан бір әлемет,
Тартқандай қасқыр қарынан жеңін.
Шашын қырқыпты байталдай күзеп,
Ой алдай десейші, тәп-тәуір қыз ед.

Қауғадай бірдеме «шлап» дейме,
Киеді өндеп, өзінше түзеп.
Ұн жаққан бетке, ерінде бояу,
Азған адамға амал да жоқ-ау.⁵¹

Байқап отырсақ, ақын бұдан қырық жыл бұрын жазған өлеңінде ұсқынсыз моданың бүгінгі нұсқасын да сықақ қылыш суреттеп кеткендей.

Дәмештің киімін, іс-әрекетін, рухани саяздығын сыйнағанда автор бұрынғыны қөксеп, жаңалықты жақтыр-

⁵¹ Б. Майлин. Шығармалар, 2-том, Алматы, 1960, 35-бет.

май отырған жоқ. Шын мәнінде ауыл мәдениетін көтеруді, әйелдердің қорамдық өмірге араласуын қалайды. Оқыған, білім алған жасталап қызметкерлердің өз дәрежесіне сай болуын құптаиды.

Дәмешке күліп жүрген әйелдердің өз бастарындағы келісімсіздікті, салдыр-салақтықты, жаңашылықтан бойын кері тартушылықты автор Мәкеннің дара портретінің штрихтарымен әжуа жасайды.

Мәкеннің түрі — қай бір келіскен,
Жаулығы обырап көзіне түскен.
Қожалақ беті айғызды кір бол,
Бастан ондырмай тугандай іштен.

Көзі атыздай — үядан шығып,
Жұысу жоқ жақындық қылыш.
Шелегін алғып кеткенше бұ да,
Аяққа шарық кебісін іліп.⁵²

«Құдықтың басында» талай кейіпкермен кездесіп, алдымен олардың мінез-құлқына, кейіп-кескініне, амал-әрекеттеріне күлесің, соңынан оларға іш тартасың, сср-кейсің, Октябрь ұраны әйелдер құлағына тиіп, санасын оятатынына сенесің. Бейімбет юморының оптимистігі, астары, сиқырлы ықпалы осында.

Ақынның құлқілі шығармаларының бір ерекшелігі — оларды іштен оқып, дыбыссыз күліп қала алмайсың, дауыстап, рольге бөліп айтқың келеді, жанында біреу болса, соған естіртуге асығасың. Олар ауызекі айтып беруге, көркем сөз оқушылардың репертуарына арналып, лайықталып жазылғандай. Құлқінің тәрбие-лік мәнін ескерген автор, өлеңдерінің мазмұн формасының үлкен аудиторияда тыңдаушыға әсер етуіне зерсалған.

Автордың юмористік өлеңдерінің бір алуаны қыска сюжетті баяндайтын әңгіме-новелла не айтыс түрінде құрылады. Бұлардың ішінде бастан-аяқ сез жарысына, диалогқа негізделгендері де кездеседі. Айтыс қазак ауыз әдебиетінің ертеден келе жатқан дәстүрлі үлгісі десек, Бейімбет сол үлгіні шағын өлеңде қолданып, мазмұнын жаңартады, жаңа мақсатқа жаратады. Ал әңгімелесу — диалогты өлеңді қалыптастыруда оның еңбегі зор. Сюжетті өлеңмен әңгімелеп бергенде, ақын

⁵² Сонда.

өлеңнің ішкі заңына қайшы келмейді. Үйқастырылған қара сөзді өлең деп ұсынбайды. Ол өлеңнің дагдылы заңын, интонациясын, үйқас-үйлесімін сақтай отырып, сюжетті жатық әңгімелеп шығады. Автор, әсіресе, өлеңнің ішкі мазмұнына баса көңіл бөледі, сол мазмұнды айқындау үшін оның сыртқы түрін, үйқасын, буын-бунақ құрылышын сан құбылта қолданады. Мағынаға қатысы жоқ, буын санын толтыру үшін, не үйқас үшін бөгде сөздерді өлең жолына кірістіру онда болмайды.

Әңгіме түрінде жазылған өлеңдерде уақиғаның басталу, байланысу, даму, шарықтау шегі, шешілісі жүйелі, логикалы ретпен көрсетіледі, суреттеледі.

Өлең — әңгіменің шебер нұсқаларына «Жәке», «Ажар», «Қалампыр» «Бөртпе», «Мәлике» т. б. мысал етуге болады.

Ел ішінде билік жүргізіп, қалың малдан өздеріне пайда түсіріп, кәсіп қылған екі құ Жәке мен Ділдекенің жолығысып, келісіп, сөз байласқан кеңестерін автор айнытпай суретке түсіре қояды («Жәке» өлеңі).

Өлең, әдеттегі, амандық, саулық, хал-жайды сұрасудан басталады:

- Салаумәликум, Жәке!
- Е, аман ба, Ділдеке?
- Елден жүрмісін,
 Не ғып шықтың ерте?
- Жұмыс бар еді,
 Уақыт тар еді,
 Үйде қонақ
 Керей Исалар еді.

Кыз керек, — дейді,
Бірталай ел ек, — дейді.
Содан таба алмай,
Осында кеп ек, — дейді.⁵³

Бірінің ойындағысын екіншісі айтқызбай-ақ ұғынын сатын, ымы-жымы бір Жәке мен Ділдекенің өзара кеңесінен түйені түгімен жұтуға даляр, қомағай алды-артына көп қарайламайтын Жәке, пайда түсіруге құлқыны құрып тұрса да, сақтықты ойымен іс қылуды есінен шығармайтын Ділдеке бейнелері шағын өлеңде жарқа етіп көзге түседі.

⁵³ Б. М а й ли н. Шығармалар, 1-том. Алматы, 1960, 62-бет.

Айтылмақ ойдың жалаң не күрделі болып келуіне қарай өлеңде жеке шумақ құрамындағы, тармақтардағы буын саны 3, 4, 5, 6, 7 болып өзгеріп отырады, ол ұйқас жүйесі бір қалыпта, белгілі қара өлең үлгісін сақтайды. Өлең диалог түрінде жазылғандықтан, әр жолдағы буын санын еркін құбылтып отыру авторға пікірді еркін айтуға мүмкіндік береді. Егер белгілі бір өлшемнен қия баспай отыrsa, өлеңде ойнақылық, интонациялық түрліше құбылтуға еркіндік az болар еді.

Өлең Жәкеңнің ішкі сырын ашатын монологымен аяқталады:

Сылқытып соғайын,
Өлместей болайын,
Күнкілдеп отыrar,
Күндесе ағайын,
Көріп келе жатыр —
Жәкең оның талайын! ⁵⁴.

Қазақ ССР-ның халық артисі, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Серке Қожамқұлов: «Жәке» өлеңін Бейімбет жастардың ойын-сауық үйрмелерінде айтуға лайықтап жазып еді, оны мен де жаттап алғып талай жерде тақтақтап айтып жүрдім», — дейді. Демек, автор шығармасында жарамсыз істерді сынап қана қоймай, сол сынды жастар арқылы көптің құлағына жеткізуді мақсат етеді.

Өлеңде кейіпкерді әңгімелестіріп, сөйлестіріп отыру Бейімбеттің қазақ поэзиясына енгізген елеулі жаңалығы деуге болады.

«Бейімбет түр жағынан ізденген адам емес, — деп жаәді С. Мұқанов, — бірақ Бейімбет стилі басқалардың көшірмесі емес. Бейімбетте өлең ішінде кейіпкерлерін сейлестіріп отыру бар. Бұл оқушыға ұқтыру үшін өткір әдістердің бірі».

Көне дәстүр бойынша қыз ата-ананың қалауынан шет шықпай, солардың үйғарған адамына тұрмысқа шығуға міндettі, борышты. Бұл дәстүр және қалың малмен мықтап бекітіледі. Жаңа заман мұндай көнерген жолды қолдамайды, қыздың басына бостандық береді, сүйгеніне баруына ерік жасайды. Ескі мен жаңаның осы аренадағы тартысын, құресін Бейімбет көп өлеңдері мен поэмаларына арқау еткені мәлім.

⁵⁴ Соңда, 63-бет.

Автордың «Ажар» аталған юмористік өлеңінде әлгіндей тартыс сюжет болады. Әлпештеп өсірген Ажардың әкесі қалың мал алып, сүймесіне беру ниетінде, қыз өз жігітімен бір түнде қашып кетеді. Өсірген ұясы, ата-ана мен ел-жұртты қызып кету қызға жеңіл салмақ емес, оның жүрегі толқуда, көзілі қапалы, көзінде іркілген жас, бірақ алдағы бақытты өмір құру үміті, сенімі бәрінен де құшті. Ақын қыз көңіліндегі толқу-тебіреністерді, үй-ішімен қоштасу сәттерін жұмсақ әзілмен суреттейді.

...Тырс, тырс терезе
Күзгі бүршақты жауын ба?
Досан екен, «келдім!» деді,
«Ат-тоның дайын ба?»

Ажар тұрды...
Ой, шіркін, мың құлпырды.
«Қаш» деді, «қашпа!» деді...
Болмады ... журді.

Қою қараңғылық
Серпілгендей болды.
Тумаласты сүйіп,
Көз жасы іркілгендей болды.

Көрпеге кіріп жататын
Ала мысық пырылдады.
Жолдыаяқ еркелен,
Шығарып салғалы қырыннады.⁵⁵

Ажардың ойы мың құлпырса да, ол қайғысын құнаышқа жеңдіреді. Ажар — жаңа заман жасының бейнесі, оның батыл қадамының сәтті болуына автор тілектестік білдіреді, көніл кірбінің күлкімен сергітеді.

Өлеңнің соңғы шумағы кәдімгі новеллаларда жиі кездесетін күтпеген шешіліспен көмкеріледі.

Ажардың әкесі Сейілхан Қажы қызының қалыңдығына «қырық жетіні» матаң аламын деп сенгендігі соңша, мындаған ақша оның түсіне кіретін болады.

Заман шындығы мен кертарапта дәстүрдің арасындағы қайшылықты — қыз тағдырын әке ғана шешетін кездің өткенін, қалың мал алуды армандау Сейілхан Қажы сияқты ескіні көксейтіндердің қиялышында ғана қалғанын автор быттай әзілдейді:

⁵⁵ Соңда, 274-бет.

Сейілхан қажы түсінде
Мың-мындаған ақша санады.
Олянып кетіп еді,
«Ажарлаган» дауыс
Құлақты жарып барады.⁵⁶

Қазақ кедейінің өмірі мен тұрмысын, характерін, психологиясын, кәсіп-харекет үстіндегі жай-күйін, үйішлік тіршілігін суреттеуге келгенде, Бейімбеттің бояу өрнегі сарқылған емес. Шаруа адамының, қуаныш-ренишін, жан-сырын ақтарын сипаттауда ол ешкімді алдына салмайтын білімдар және реалист.

«Кедейдің кейістігі», «Қалампыр», «Бөртпе», «Мәлике», «Құнікей», «Әләулай», т. б. өлеңдерден өмірдің өзіндей жанды, құбылмалы қозғалысты суреттерді, болмыстарды ап-айқын көзге елестете аламыз.

Тұрмыстық құбылыс-болмыстарды суреттей отырып, автор лирикалық кейіпкерінің портретін, көңіл-күйін қуаныш-үмітін сездіруге де өте ұста, жүйрік. Міне, мектептен келмек бұлдіршін қызын күтіп отырган ана бейнесі:

Екі беті балбырап,
Құнікей отыр кесіліп,
Отын кесеп азырақ
Кейін қойды ысырып.

Күл астынан көмілген
Сопаң етті табасы.
Көмпиіп байдай семірген,
Сап-сары нанды қараши!

Күл-күл екен жиегі,
Құнікей сүртті етекпен.
Көнтіген нанды сүйеді
Күнтайжан келсе мектептен.⁵⁷

Автор бұл картинада да юморлық стилінен жазбайды. Нанға «көмпиіп байдай семірген» деген теңеу халық ұғымында ұнамсыз сипат, автор нақ мына нанның сапасын көрсетуде оны ұнамды мағынада алады да, күлкі шақырады. Табамен отқа көмілген нанның жиегі күл-күл екендігіне оқушы назарын аудара келіп, автор оны Құнікейдің көйлегінің етегімен сүрте салғанын да қағыта кетеді.

⁵⁶ Сонда, 274-бет.

⁵⁷ Б. Майлін. Шығармалар, 2-том. Алматы, 1960, 6-бет.

Адамның көңілі көтерінкі, кеудесі қуанышқа толы болса, оны қоршаған жұптыны дүниенің өзі жарасымды, сүйкімді сезіледі. Николай патша тақтан құлап, окопқа кеткен баласының елге аман-есен оралатынын есіткен шал мен кемпірдің осындағы жадыраңқы сәтін аудармай кестелеуге автор үйлесімді бояуларды құлпырта қолданады.

Ізыңдап сары самаурын бүрк-бүрк
қайнап,
Иреңдел жогары үшқан буы ойнап.
Табада жайнаған шоқ демдең қойып
Кемпірі құйып отыр шайды жайлап.

Құржыңдап, маңдай терлеп, бойы
жылып,
Ынтасын шайға салған шал бүгіліп.
Кесеге қатқан нанды мала түсіп,
Жұмыңдап езу тартар кейде күліп.⁵⁸

Шал мен кемпірдің үйінде пәлендей көрікті жиһаз, мұлік, «күміс кесе, алтын аяқ» жоқ, бірақ бірін-бірі қа-дірлеп, құрметтеген жарастық сезіледі. Қатқан нанды кеседегі шайға малып жібітіп жеп отырса да, шал күн көрісіне риза, сағынған баласын жуырда көретініне мәз. Адам жанының тереңдегі тербелістерін қозғайтын лирикалық жолдар осылай болмақ.

Кедей семьяның күн көріс кәсібінің өнімсіздігін шыншылдықпен баяндайтын «Мәлике» аталған сюжетті өлеңде ақын шеберлігі тағы бір жаңа қырларын байқатады. Еті тірі шаруа әйел Мәлике жегіп жүрген жалғыз сауын інгенінен шайлышқап жинаған шұбатын қалаға апарып сатып, кейлек алып киуді армандаиды. Орта шелек шұбатын алып, жаяу-жалпы базарға келген Мәлиkenің шұбатын қаланың ақ кейлек кербез әйелдері кір деп алмайды, өзін салақ деп жиренеді, кемітеді. Шұбатын өткізе алмай, жолы болмай қайтқан Мәлике ашуға мінеді, баласын қарғап-сілейді,

Мәлиkenің ашуы
Желдете жауған бораңдай.
Ең болмаса баладан
Қалсын қалай кек алмай.

•Ақ тайлақтың жабуы,
Ауып қапты әдіре!

⁵⁸ Сонда, 20-бет.

Жер жұғқыр малды қарамай
Кайда, ойбай, Жадыра?!⁵⁹

Мәликенің кәсіпқор қайратына іш тарта отырып, ақын, бір жағынан, салақтық, настықты сынға алады, екіншіден, ауыл адамдарына үркө қарайтын, ауылдағының бәрін құбызыжық көретін қаланың «ақсаусақтарын» қағытады, еңбек адамын құрметтеуге шақырады.

Екеу ара, не бірнеше кейіпкердің айтыс түрінде жазылған «Мактым — Құлпаш», «Шал мен қыз», «Жігіт пен қыз» «Қасен — Уадиға» т. б. өлеңдерінде ақын қазақ әйел-қыздарының ой санасын жаңа заманның оятып-өсіргенін, бұрынғы кезде мал бергениң етегінен ұстап жылай-жылай кете беретін қыздың енді бас бостандығы мен еркін сезініп, адамдық ар-намысын қорғауға шыққанын, өз жүрек қалаудын ашық айта алатын дәрежеге жеткенін жыр етеді. Басы бос, сүйгеніне қосылуға кедергіні жеңіп шығатын қызben қатар ерінің дегенін екі қылмайтын әйелдер де жаңа жағдайда өзін ермен тең санайды, ерінің ерсі қылыштарын бетіне айтады, түзелуін талап етеді. Бұл — түбірлі, маңызды өзгеріс, — ақын өлеңдерінде осыны беркітеді.

Ерлі-зайыпты Мактым мен Құлпаш арасындағы әңгіме-диалогте шағын шаруасын қарамай, ертелі-кеш карта ойнал, қырсыздыққа салынған Мактымнан гөрі үйіне қожалық ететін Құлпаشتың даусы өктем. Мактым жалына, жағына, отіне сөйлесе, Құлпаш шалқая туследі. «Еркім бар кетем, Мақсұтқа жетем!» — дейді ол. «Еркім бар, өз басыма билігім келеді» деген сөздердің қазақ қызының аузынан шығуы — заман шындығы, заман тәрбиесі. Шалмен айтысқан қыз да («Шал мен қыз») осы қасиетті сөздерді ұран етіп шалдың баласындей қызға сөз айтуының ұяттығын әшкереlep, жеңіп шығады.

Айтыс үлгісіндегі басқа өлеңдер сияқты бұлар да сахнада ауызекі тақпақтап айтуға, рольге бөліп ойнауға лайықталып жазылады.

Сахнада орындауға арнал жазылған «Қасен — Уадиға» айтыс өлеңінде бірнеше қатысуышының образы беріледі. Мұнда сахнаға кім қашан кіріп шығатыны, қандай көңіл күйінде екендігі, жүріс-тұрысы, қимыл-әрекеті авторлық ремаркамен белгіленіп отырады, қысқа

⁵⁹ Б. Майлін. Шығармалар, 1-том. Алматы, 1960, 297-бет.

диалогтармен қатар ұзак монологтар айтылады. Өлең драматизм элементтерін сақтайды. Бай мен бәйбіше, олардың қызы Уадига, сүйген жігіті ауылнай — Қасен араларындағы тартыс-жауаптасу Қасен мен Уадиганың түсінісіп, қосылуға сөз байласуымен аяқталады.

Әр кейіпкердің өзіне лайық сөзі, ұғымы, көңіл-күйі аса шеберлікпен ерекшеленеді.

Кемпір қарғап-сілеп, ұрсып-сөгіп сөйлейді:

Малай кетті бетімен
Мал кетілді шетінен.⁶⁰

Бай заманның «бұзылғанына», ши аяқтардың әкім болғанына наразы:

Не қылмады маған
Әлгі иттен туған жаман,
Қасен дейтін ши аяқ,
Әй, бұзылған гой заман!⁶¹

Қасен ауылнай байдың қызының сүйсе де, байдың өзіне қолжаулық болудан арланады, таптық бағытынан таймайды.

«Айтқанымнан шықпа,
Маған қасты мықта!»
Деп қолжаулық қылмақшы
Масқара ғып жүртқа.
Мен де ермін.
Талайды көрдім,
Тізгінді оңай
Келмейді бергім.⁶²

Уадига қызы сүйген жігіті Қасеннің әділдігін, адальдығын сыйлайды, оның шыны махаббатты қадірлейтінінен сенеді. Айтыста бай, бәйбіше жеңіліп, жастардың мерейі үстем болады.

Айтыс өлеңдердің бір ерекшелігі — оларда лирикалық шегініс, философиялық толғау, белгілі құбыльысқа автордың көзқарасын танытарлық кең суреттеу толғаныстар аз болады да, айтысуышылардың бетпе-бет, бұлтартпас жауаптары алдыңғы орынға қойылады. Мұнда жеңілүші сөзден тосылып, қарсы жағына айтарлық жауап таба алмай, түйікқа тіреліп қалмайды, өз қы-

⁶⁰ Сонда, 92-бет.

⁶¹ Сонда, 95-бет.

⁶² Сонда, 97-бет.

лығын жөн деп, сылтау-себеп айта береді. Әділдік кімнің жағында екені, кім күлкі болып қалғаны ап-айқын ұғылады.

«Жігіт пен қыз» — аталған айтыс өлеңде де осындаі жайлар аңғарылады. Жігіт қызды сүйетіндігіне көзін жеткізу өшін, ең салмақты, ең ұтымды сөздерді үйіп-төгіп, айласын асырады. Кейін басқа қызға көңілі ауған кезде, бұрынғының бәрін ұмытады, бәрінен таңады:

Жігіт алғашқыда:

Нан, қарагым,
Ал барамын, —
Кет десен, мен өлімге!
Бір сен үшін,
Бір тең үшін,
Өлген өлім, өлім бе? ⁶³ —

деп үзіледі.

Бір айдан соң, жігіт қызға:

Жұмысым көп,
Уақытым жоқ,
Тағы бірде келерсің
Кейіп жүрсем,
Қайта көрсөң,
Құр мазалай бересің ⁶⁴ —

дейді.

Қыздың таза махаббатын аяққа басқан суайт, сұрқия жігіттің шын сыры соңғы шумақта аян болады, оқушы онан жиренеді.

Біз азды-көпті талдал өткен өлеңдердің көбіне тән ерекшелік — оларда юмор бояуы басым. Лирикалық кейіпкердің іс-әрекеті, харakterі, оны қоршаған өмір құбылыстары қашан да күлкі тудырмай қалмайды. Автордың юморлық шығармалары астарлы, олардың мезгер мақсаты, сілтер нысанасы бар. Адам бойындағы жақсылыққа сену, жоғары гуманизмге үндеу — ақынның жайдарлы күлкісі осында мұратқа қызмет етеді.

Қазақ халқының әдеби нұсқаларында қалыптасқан әзіл, әжуа, күлдіргі әдістің Майлин туындыларында үлкен биікке жеткенін бағалай келіп, академик Қ. Жұмалиев былай дейді:

⁶³ Соңда, 109-бет.

⁶⁴ Соңда.

«Бейімбет шығармаларында, әсіресе, өлеңдерінде күлкі шақырмайтын өлеңдер аз кездеседі. Ал, оқырмандарын күлдіретін әдістері де басқаларынан бөлек. Зәрсіз, жұмсақ күлкі. Белгілі бір өмір құбылысын сықақ ету үшін әдейі жазылған шығармаларында да бірінші орында нәзік юмор тұрады. Тілдерінде кезенсе шашып, тенсө түйреп тастайтын сарказмнан көрі, ирония денірек»⁶⁵.

Кейін автордың прозалық туындыларының стильдік ерекшеліктерін қарастырғанда да бұл тұжырымның дұрыстығына көзіміз жетеді.

Бейімбет юморы — оның поэзия, проза, драматургиясында үзілмей көрініс беріп отыратын айнымас стильдік өрнегінің негіздісінің бірі.

Ақынның бір сала лирикалық өлеңдері махабbat сырын шертуге арналады. М. Горький айтқанында, махаббатты романтизациялаудың терең мәдени-тәрбиелік мәні бар. Махаббат лирикасында адамның ішкі дүниесі, таза жүрек сыры, нәзік сезім тербелістері суреттелетіні мәлім. Екі жастың достығы, адамгершілік қасиеті, лирикалық кейіпкерлердің бірін-бірі түсінудегі сезім қайшылықтары, ұғыса алмаушылық т. б. лирикалық шығарманың арқауына айналады.

Махаббат жайлы өлеңдер Бейімбетте онша көп емес. Сүйгеніне қосылып, бақытты өмір құра алмаған қыздардың қайғылы тағдырын кең жырлайтын «Рәзия қызы», «Маржан» поэмалары мен «Қашқан келіншек», «Зәйкүл» сияқты ақыздық сипаттағы туындыларға қоса біраз сюжетті, сюжетсіз лирикалық өлеңдерінде Бейімбет махаббат мұратын толғайды.

Ғашықтардың жолығысу, сырласу сәттеріндегі жүрек лүпілі, сезім сергелдені, қуаныш, қобалжуы «Байдың қызы», «Тунде», «Ақсұаттың жанында», «Наздан ару», «Ақтық хат» өлеңдерінде сыршылдықпен бейнеленеді. Қызben көрісуге уәделескен сәтін шыдамсыздана күткен жігіт, сүйген жігітінің белгілеген мерзімде келмегеніне қапаланған қыз, айлы түнде жүрекпен ұғынысқан ынтықтар — өлең кейіпкерлері етіп алынады. Ақын жастар арасындағы сезім шындығын, тұрақты махаббатты, уәде-sertke беріктікті, беріле сүюді қол-

⁶⁵ Қ. Жұмалиев. Стиль — өнер ерекшелігі. Алматы, 1966, 40-бет.

дайды. Сондықтан да оның, әсіресе, қыз кейіпкерлері маҳаббат сәтсіздігіне жолыққанда, өмірін трагедиялық түйиқта тірейді. «Байдың қызы», «Зәйкүл» осындай сюжеттегі туындылар.

Асылында, Бейімбеттің маҳаббатты толғайтын өлеңдерінде «сүйідім-күйідім» деп ант беріп, қызды сендіріп алып, артынша өзгеріп, жалтарып, қыз жүрегін жазылмастай жараптайтын «сөзі жылмаң» жігіт жиірек бой көрсетіп қалады. Ара-тура қыздардың да уәдені бұзып, басқаға жар болып кететіндері болады. Маҳаббат сәтсіздігі бірде қызды, бірде жігітті қайғы-шерге бөлейді.

«Байдың қызы», «Ұмытылған уәде», «Ақсуаттың жанында», «Ақтық хат» әрқайсысы жаңағыдай ситуацияға душар болған лирикалық кейіпкер көңілінің нәзік пернелерін дәл басып, жабыраңқы күйін шертеді.

Маҳаббаттың ғажайып құдіретін ақынның Абайша түсінетін, Абайша сипаттайтын тұстары тартымды, қызығылықты.

Сүйіскен екі жастың сөзбен жеткізе алмастық жа-лын атқан жан сырларын мағыналы көзқарас, жүрек лүплін ыстық леп, емеурінмен қатесіз, қапысыз ұғыса-тының Абай:

Гашықтың тілі — тілсіз тіл,
Көзбен көр де, ішпен біл.
Сүйісер жастар қате етпес
Мейлің илан, мейлің күл,⁶⁶ —

деп қорытады.

Бейімбет «Ақсуаттың жанында» өлеңінде сүйіскен қыз бен жігіт атынан:

Біз тілсіз едік,
Соққан жүрекпен сырластық.
Ай сәулесімен ант етіл,
Алтындағы бағалы сырды аштық,⁶⁷ —

дейді.

Бейімбеттің суреттеуінде де сүйіскен жастар «тілсіз, жүрекпен сырласады» олардың алтындағы бағалы сырьына ай ғана күә. «Ай сәулесімен ант еттік» дегенде ақын тұра мағынасындағы ант беруді айтпайды, ант берген-

⁶⁶ А б а й Құнанбаев. Шыгармаларының толық жинағы, I том. Алматы, 181-бет.

⁶⁷ Б. М а и л и н. Шыгармалар, 1-том. Алматы, 1960, 132-бет.

дей таза сезімде болғандарын ескертеді. Тілсіз түсініс-жендерге оның үстіне ант берісіп, қол алысадың артық екендігі өзінен-өзі түсінікті.

Пушкиннен Абай аударған «Татьянаның сөзінде»:

Сен жарапы жолбарыс ең,
Мен киіктің лағы ем.
Тірі қалдым өлмей әрең,
Қатты батты тырнағың⁶⁸, —

деген шумақты оқимыз. Татьяна Онегинді жарапы жолбарысқа, өзін киіктің лағына балайды.

Ұылжыған жас қызды киіктің лағына теңеу қандай әдемі, жарасты! Киіктің лағы азұлы мен тырнақтының алдында қорғансыз, дәрменсіз, оның өмірі хауіп, қатерге толы.

Халық өлеңдерінің үлгісімен жазылған «Ақтық хатта» Бейімбет қайғылы қызды «оқ тиген жарапы киікке» теңесе, жігіттің мейірімсіз сұық жүрегін тасқа балайды.

Оқ тиген мен жарапы киік болдым,
Болғанда тас жүректі сүйіп болдым.
Өсіріп от үшқынын көрген сайын
Қайтейін қалқажан-ай, күйік болдың.⁶⁹

Мысалға алынған шумақты үздік шебер жазылған демесек те, Абай мен Бейімбеттің эстетикалық талғамы, образды ойлау жүйесі біраз ұқсас келіп қалатыны назар аударады. Эрине, Бейімбет «Ақтық хатты» жазғанда, «Татьянаның сөзін» оқып отырды, сонан әсер, ықпал алды дегендегі қысқа қайырым жасау асығыстық бодлар еди.

Махаббатты дәріптеуде өзіндік оралымды ойы бар, әр түрлі бояуы-реңі жетерлік Бейімбет поэзиясында бұл тақырып елеулі орын алмайды, ақын сапарының алғашқы кезеңдерінде көрініс беріп өтеді, кейін ол азат әйел, тең әйел, бақытты әйел бейнелеріне қөбірек ойысады.

Лириканың дәстүрлі бір бұтағы — табиғат көркемдігін безейтін өлеңдер дейміз. Табиғат құбылыштарын суреттей отырып, автор ондағы жадыраңқы жарастықты, не қатыгез ызгарлы лептің жан-жануарға тигізер

⁶⁸ А б а й Құнанбаев. Шығармаларының толық жинағы, I том. Алматы, 115-бет.

⁶⁹ Б. М а и л и н. Шығармалар, 1-том. Алматы. 1960. 261-бет.

әр қылыштың әсеріне, адам тіршілігі қатысына баса назар салады. Яғни табиғат әлеміндегі тамылжыған әсемдік, сұлулықты, болмаса сұрапыл дүлей күштің гажайып бұрқаныстарын жай, сырттай тамашалау үшін жазбайды, оны белгілі мақсатқа бағыштап алады.

Жыл мезгілдерінің ерекше сипаттарын бейнелейтін лирикалық өлеңдер көп ақындарда кездесе береді. Бірақ әр ақын өзінің тәжірибесіне, табиғаттан алған әсер, түйсігіне орай пейзажды өзінше өрнектейді, өз қаламының ізін аңғартады.

Айталық, қысты, жазғытурым мен жазды, күзді Ыбырай мен Абай да, Сұлтанмахмұт та, Сәкен мен Ілияс та т. б. суреттегені мәлім. Ал Бейімбет суреттеуінде жыл мезгіліне сай табиғат өзгерістерінің көбіне малшы мен жалшыға, кедей-кепшікке қандай әсер беретіні тұрғысынан алынады.

«Жазғы кеш» (1915), «Ауылда» (1918), «Қысқы түн» (1921), «Жаз келді» (1921), «Күз келсе» (1923), «Қуаныш» (1923), «Ертеңгі ұран» (1923) өлеңдерінде Бейімбет жыл мезгілдерінің табиғат ерекшеліктерін, оның адам тіршілігіне, кәсібіне, көңіл-күйіне жанасымын бір алаудар тартымды бейнелейді.

1915 жылы жазылған «Жазғы кеш» өлеңінде бұл әдемі мезгілде табиғаттының жалпы жан біткенге жайлышты, рахатқа бөлейтін, шат көңілге кенелетіні сүйсіне суреттеледі. Даңеске шығып, қызу кенес құрган қарттар, асыр салып ойнаған балалар, сиырдың кешкі сауынына білегін сыйбана шыққан келіншектер, қосылып ән салған қыздар бәрі де табиғаттың риза, қуанышты. Жазғы кештегі мұндай тамаша көріністі «ұжмаққа», «жанның рахатына» санайды, теңейді автор. «Маңыраган қой, мөңіреген сиырға» шейін «еркін жүріп, көңілі тасып» келеді дейді ақын. Жан-жануарға қатысты «көңіл тасып» дегендегі әпиттетті Бейімбет жиі қолдана береді.

Бейімбеттің пейзаждық көп өлеңдері адам тіршілігімен, көңіл күйімен іштей үндесе келіп отырады. «Жазғы кеш», «Жаз келді» сияқты бірер өлеңінде ғана табиғаттың жан иелеріне тегістей жайма шуағына елжіреп еліккен ақын, күз, қыс маусымдарының малшы-малайға қатал-қатығездігін, жыл мезгілдерінің кедей мен байға бірдей рахат әкелмейтінін ашып, кәркем суреттейді.

«Ауылда» (1918), «Қысқы түнде» (1921), «Күз келсе» (1923) өлеңдерінің болу астарынан автордың идеялық бағытын айқын танимыз, оның табиғатты жалаң қызықтап, белгілі құбылыстарға сырттай таңданып, тамсану түрғысынан келмейтінін, әріге көз салатынын бағдарлаймыз. «Ауылда» өлеңіндегі қысқы пейзаж, біраз тұста, Абайдың «Қыс», «Күз» өлеңдерімен әуендейес, реңдес келіп қалады.

Абайдагы:

Қар тепкенге қажымас қайран жылқы,
Титығы құруына тез тақалды —

делінетін шумақтар мен:

Кемпір-шал құржаң қағып, бала бұрсаң

шумағы «Ауылда» өлеңінің қыстың жан-жануарға әкеletін қатаң зардабын еске түсіретін жолдарында құлақ-қа шалынғандай болады.

Бейімбетте:

Жылқы да қарды теуіп, азаптанып,
Өлуге арық-тұрақ аз-ақ қалып...

болмаса:

Жас бала бұрсаң қағып шықса тысқа,
Табалмай еш мархабат ойнап тыста...

Бұл ұқсастықтар екі ақынның да қыстың мал мен жанға ауыртпалығын бірдей түсініп, бағалаудын туатын сияқты.

Ауылдағы қыс қысымын суреттей отырып, Бейімбет бұл кезде әрекетсіздікке беріліп, үйден-үйге қыдырып, уақытты бос өткізетіндер мен үйқының құшағында ұзақ жатуды қалайтындарды сынға алады.

Екінші «Қысқы түнде» өлеңінде ызғарлы табиғат көріністерін сипаттай келе ақын оның қатерлілігі бай мен кедейге бірдей еместігін «Қыс ішінде кімде зар» екенін сездіретін саяси әуенге ауысады.

Ызғырық қалың сұр бұлт
Аспанды тегіс қаптаған.
Долданып дауыл жел үріп,
Жер жоқ қармен жаппаған.

Үйкыға талған табиғат,
Қысқы түн. Қап-қараңғы...
Байдың қыспен несі бар,
Қорада малы қамаулы.⁷⁰

Жаны да, малы да жылы жайдағы байға үскірік дауыл қанша долданса да, түн қанша түнекті бүркенсе де үрейлі емес. Бұған, көрісінше, ел шетіндегі тып-типыл қар басқан лашықта жатқан әл үстіндегі науқас жанға от жағылмаған пештің мұржасынан үялды қасқырдай үлүған дауыл мен терезе сынығынан құшак құшағымен үйге кірген аязды ауа қорқынышты да қатерлі. «Тілдесер қатын, бала жоқ», бір жұтым сусынды алып ішерлік шамасы жоқ, бұл аянышты жан — байдың малайы, құш-қуаты барында оны бай пайдаланған, ауырып, әлсірегендеге жалғыз тастаған. Қысқы түнді көзге елестете отырып, автор оның қайырымысыз каталдығын байдың жедейге жөрсеткен озбырлығы, ектемдігімен қатар қойып, идеялық-көркемдік мақсатын жүзеге асырады.

Табиғаттың жүдеу, жұтаң маусымы — күздің қысқа ауысар шағының жайсыз құбылыстары, күнгірт солғын бояулары «Күз келсе» (1923) елецинде қойшының азапты еңбегі түрғысынан қаралып, бағаланады. Автор, алдымен күз пейзажын лайықты әпитет, теңеу, метафора, кейіптеулермен оқушы алдына күздің шындық картинасын елестетеді.

Карлы жаңбыр, сүр бұлтты,
Жел, дауылды күз келсе,
Шөп қуарып, су суалып,
Әлем түсі өзгерсе.

Ағаштардың жапырағы
Мәуедей бол құйылса,
Жел соққанда иттей ұлып,
Жәрдем сұрап сыйынса.⁷¹

Бірінші шумақтағы «карлы жаңбыр», «сүр бұлтты», «жел», «дауылды» деген әпитеттер бәрі күзді сипаттайды. Екінші шумақ күз табиғатын онан әрі дәлдей түседі. Күзгі желді «иттей ұлып» деп әрі кейіптеу, әрі теңеумен бейнелесе, қатты желде жерге құйыла, борай түсептін

⁷⁰ Б. М а й л и н. Шығармалар, 1-том. Алматы, 1960, 71-бет.

⁷¹ Соңда, 164-бет.

жапырақтарды «Жәрдем сұрап сыйынатын» дәрменсіз жан иесі кейпіндеге танытады.

Бар сымбат көркінен, бүкіл рең бояуынан айрылған — жер жүзі «қаусап біткен кәрі шалға» теңелетін шумақ күздің жалпы белгісін қорытады.

Күзгі күңгірт күн, қараңғы түн, тартығымсыз табиғат автордың ой-қияллын қозғайды, өткен өмірін есіне түсіреді. Күз келгенде, кедейдің күн көрісі қалай болатыны, қойшының табиғаттан да, байдан да жейтін таяғы ақынның тұла бойын шымырлатады.

Күнде қырда қойды бағып,
Тал, қурайды панаlap.
Кешкіліктे бүрсеңдейтін
Өзен бойын жағалап.

Желі ызғар, қары ұшқындал,
Үсітетін аяқты.
Қырда кебен паналасан,
Жейтін кездер таяқты⁷²...

Автор сөзге сараң, ойға жомарт.

«Қырда кебен паналасан,
Жейтін кездер таяқты, —

делінген жайша баяндауда, қанша шындық, сыр бүгілген? Жыртық киім, жалаң аяқ жаураған қойшы кебенди (маяны) панаlap, бүрісіп отырып, бойы жылынып қалғып кетуі, қойынан көз жазып қалуы әбден мүмкін. Жауын-шашында жылы киініп, мықты атына қонған бай малдың өрістен қайтар аңғарын бағдарлап, төбе-қыратқа шығып, қойдың теріс бағытқа кеткенін байқап, қойшыны көре алмаған ол күдікті кебеннің ығынан қойшыны талқанда, қандай қатер төгері белгілі. Қысқа өлеңде мұның бәрін тәптіштей суреттеудің қажеттігі жоқ, сондықтан да қойшы неге таяқ жеді, оны кім сабады дегендерді ой көзімен шамалауға, болжауға окушының еркіне қалдырады автор.

Табиғаттың адам өміріне, кедей тағдырына қабыса суреттелуіне осы «Күз келсе» өлеңі тағы бір айқын дәлел бола алады.

Табиғат көркінің жазғытұргы, жаздағы қалпы, жылдың бүл мезгілдеріне лайық құбылыстары «Аспан

⁷² Сонда, 165-бет.

бұлт», «Жаңбырда», «Жаңбырлы күні» сияқты өлеңдерде күз қысқа қарама-қарсы қойылып суреттеледі. Еңсөні басатын қайғы-реніш сезімі, солғын-сұргылт бояулар бұл өлеңдерде кездеспейді. Оның орнына жеңілдік, жарқындық, сүйкімді жарастық бар болмыстан табыла береді. «Өкпек жел», «нұрлы бұлт», «күлімдеген күн көзі», «шипалы ауа», «исі аңқыған гүлдер» адамға қуаныш әкеледі, жүрегін елжіретіп, алқынтасты. Әсіресе, «Жаңбырда» өлеңі ойнақы жазылған. Өлеңнің лирикалық кейіпкері жердің о шеті мен бұ шетін бір сәтке жарық қылатын наизағайға біздің елдің тұсынан өтіп, сәулеңмен Қалжанның бетін жалт еткізіп көрсет деген тілек қояды.

Көктем көркі халық поэзиясындағы дәстүр бойынша, аспанда қаңқылдаған қаз бен сиңқылдаған аққу, жерде көкорай шалғын бәйшешек, көлбей көтерілген мұнар сағым т. с. с. мен келісті болады. Халық поэзиясынан нәр жиган Бейімбет те көзге үйреншікті көнілге қонымды суреттен қашпайды, алайда сол дәстүрлік деңгейде қалып қоймайды, өз жаңалығын қосады, дамытады.

Көктем келбеті жайма шуақ табиғат, аққу, қазымен ғана жарасымды емес, ел тіршілігі, еңбек ұранымен құлпыра түспек. Көктемнің белгісін анадайдан танытатын айрықша құбылыстарын сипаттаудан басталатын «Қуаныш», «Ертеңгі ұран» аталатын өлеңдерде жазғы салымның ең маңызды жаңалығы диханшының еңбек қуанышына назар аударылады.

Бозторғайлар әнге басты шырылдан,
Шалшық судан үйрек үшты пырылдан.
Қыстай баққан көтерем тай өрісте,
Жуытпайды маңайына қырындал⁷³.

Дәмді, нәрлі көкке тісі тиген қыстағы көтерем тай тез-ақ әлденген, түлеген, еңді аяғының астынан үркіп, қырындал маңайына адамды жақыннатпайды. Ақын «Жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпас» дейтін мәтелді өлең жолына жымдастыра өріп отыр. Арық-тұрақтың масайрауы — шипалы жаздың құдіреті, дейді ақын.

Қуаныштың ең зоры диханшыда. Беттен сүйген жылы жел де, тұнжыраған жаңбыр бұлты да егін, шөптің

⁷³ Сонда, 135-бет.

бітік өсетінің хабаршысындай. Ақын жүрегі диханшы жүргімен бірге соғады, бірге қуанады.

Тұрдым тыңдал, соқты жүрек, бой еріп,
Алдағы үшін қуанышты ой еніп.
Әкел бері, Кекшолақты, Мырқымбай,
Тез қамытта, ағаш соқа жегелік! ⁷⁴

дейді ақын.

Жер — анаға еңбек сіңіріп, емшегін ембей, кедей ауылы торалмайды. Жерге дер кезінде себілген әр дәннен салмақты масақ өніп шығады. Бұл кезеңді өткізіп алмау, диханшылық кәсіптің бабын білу — көктемгі ертеңгі ұран осыған шақырады. Таңғы салқында дірілдеп, салқын шыққа белбуардан малшынған кедейлер қимылы ширақ, қөңілдері қуанышты, ертеңгі ұрандары жерді жарғандай:

Асығып әлде неге соқа жекті,
Шыбыртқы ат, егізге сарт-сұрт етті.
«Боразна! ... соп-соп» деген ұрандары
Жаңыртты таңмен бірге жер мен көкті ⁷⁵. —

дел суреттейді ақын бұл сәтті.

Бейімбеттің пейзаждық бірқатар өлеңдері шұрайлы, берекелі жер-су, жайлы қонысты сыпаттауға арналады. «Қаратомар» (1926), «Қарасор» (1926), «Жер жұмагы мұнда екен» (1926), т. б. сондай шығармалар.

Құйқалы жер, құнарлы су қімнің иелігінде, жімге рахатын тигізуде ақын бұл мәселені есінен шығармайды, жер, су байлығының еңбекші елдің игілігіне жарауын қалайды ол. Қоныс үшін болған кескілескен тар-тыс, қанды уақығаларды да есіне алады автор.

Селдір, селдір, селдір құрақ, —
Қарасордың жағасы.
Қарасордан мұнарланған, —
Қайыңдының ағашы.

Ат шаптырсаң, талып жеткен, —
Екеуінің арасы.
Жер үйығы, жер бұлағы —
Ешкімнің жоқ таласы ⁷⁶.

«Қайыңды» мен «Қарасор» аралығын шабындық, егіндік етіп ен жайлаған Оспан байды совет шешімі

⁷⁴ Сонда, 136-бет.

⁷⁵ Сонда, 137-бет.

⁷⁶ Сонда, 288-бет.

бойынша жүргізілген жер бөлісінде онан қуып, Мырқымбайлар жайлы қонысқа қожа болады. «Қарасордың» шын иесі кедей шаруалар онда коммуна құрып, жер байлығын өз игіліктеріне жаратуға жұмылады:

Қарасордай жер жұмагы,
Шын коммун боп түрленбек,
Еңбек шамы лаулас жанып,
Қалың елге нұр бермек! ⁷⁷...

Табиғат сұлулығын тамылжыта кестелейтін ашық бояулы, соны суреттерге толы «Жер жұмагы мұнда өніп» өлеңі (1926) Жетісу өлкесіне арналған сияқты. Өлең соңында «Поезд үстінде» деген ескертпе бар, соған қарағанда, Бейімбет Алматы алқабын бірінші көріп, оған сүйсініп осы өлеңін жазғанға ұқсайды.

Сырдың бұрқыраған құмына, тақыр-сортасына көкорай шалғынды Жетісу бойын қарама-қарсы қоя суреттеген ақын Сыр бойының қуаң даласын:

Көңілім әбден жүдеген
Сырдың көріп даласын.
Кім опты екен алпыр-ау.
Жерін, шебін, ағашын!

деп жырласа,

Кек балауса жоңышқа,
Тұссең белден көмілген,
Арасында күнелткен
Айналсаң нетті өмірден!

Қызғалдағы қызырып,
Кез жанарын алып тұр.
Жұпардай исі мас қылып,
Тоймай айызың қанып тұр, ⁷⁸ —

деп, жер жәннаты Жетісуды айызы қана бейнелейді де, ақын жер ұжмағын мекендеген еңбекші елдің гүлденеуін жырына түп қазық етеді.

Жау, жау, жаңбыр, жау, жаңбыр,
Жер ұжмағы кенелсін!
Еңбекшісі жетіліп,
Мекендеген ел оңсын! ⁷⁹

⁷⁷ Соңда, 219-бет.

⁷⁸ Соңда, 302-бет.

⁷⁹ Соңда, 303-бет.

Табиғат дүниесінің ғажап құбылыстарын лирикалық кейіпкердің көңіл толғаныстарына лайықты суреттеуде өзіндік әуен, бояу-кесте таба білетін Бейімбет кей өлеңдерінде алақолдық жасап, үйқас қуалап, айттар ойын бір арнаға сала алмағандай кібіртікten қалатын тұстары да кездеседі.

«Зәйкүл» аталған сюжетті ұзақ өлеңде осындағы іркіс-тіркіс шумақтар, қайталана беретін теңеу-суреттер жіне бой көрсетеді.

Мысалы, өлеңнің бірінші шумағы:

Күмістей жалтыраған айдың нұры,
Көмескі әлде неге бүгін түрі.
Шарбы бұлт тіркес-тіркес, жұлдызы сирек,
Тып-тыныш маужыраған майдың түні,⁸⁰—

деп басталады. Мұнда пәлендей олқылық, олақтық бар деу қыын, бәрі де орнында сияқты. Бірақ осындағы «айдың көмескілениң» мен «жұлдыздың» көрінісі келесі шумақтарда да суреттеле береді де, сезімге айтартықтай әсер бере алмайды. Ол шумақтардан:

«Көмескі ай сәулесі күңгірттенген»,⁸¹
«Көмескі нұрын төгіп күмістей ай»;⁸²
«Ай анау ақырындал еккте жүзіп,
Сәулесін қалтыраткан айдын көлде»,⁸³—

деген жолдарды оқимыз. Сөйтіп, ай мен күннің төрт шумақта онша өзгеріссіз қайталанғаны құлаққа жағымды естілмейді. Жалпы кейбір образ жүйесінің өлеңнен-өлеңге көшіп, жиңі ұшырасып отыратыны бар.

Бір жылда (1923), бір сарында, бір стильде жазылған «Қуаныш», «Ертеңгі ұран» аталған екі өлеңнің бірінде суреттелген құбылысты екіншісі шамалы өзгеріспен қайталайтын екі шумақ бар. Бұл — автордың кейде асығыстық жасағанын көрсетеді. Сонымен қатар бұрын-соңды қаламынан туғанды қайта қарал, өлең сайын ылғи соны сурет, жаңа ой оралымын тауып отыруға ақынның заман ағысының жедел қарқынына ілесемін деп шұғылдануы да мүмкіндік бермеген сияқты.

⁸⁰ Сонда, 85-бет.

⁸¹ Сонда, 86-бет.

⁸² Сонда.

⁸³ Сонда.

Мына екі шумақты салыстырып қарасақ, олардың бір-біріне үқастығына көзіміз жетеді:

Бозторгайлар әнге басты шырылдап,
Шалшық судан үйрек ұшты пырылдап.
Қыстай бақсан көтерем тай өрісте,
Жуытпайды маңайына қырындал.
(«Қуаныш»).

Әдемі сурет! Жан-жануарға кеңшілік әкелген жаз-тытұргы күннің айнымаған келбеті! Ал «Ертеңгі ұранда» мынандай шумақты оқимыз:

Бозторгайлар әнге басты, шырылдады.
Көлдерден үйрек ұшты, пырылдады.
Ысқырып бөдене де «бытбылдықтап»,
Өріске малдар тұрды шұбырғалы.
(«Ертеңгі ұран»)

Соңғы шумақтағы бөдене туралы айтылған тармақ болмаса, бозторгай, үйрек жайында өзгеріссіз, қайталау болып шыққан. Белгілі бір шумақтағы сурет, ой түйіні басқа өлеңдерде өзге турде құбылтылып, жаңа қырынан алына беруі мүмкін. Бейімбетте мұндай қолданыстар сан алуан. Нәк жаңағы мысалда олай емес, өлеңнің көркемдік әрі әлсіреген.

Қыстағы көтерем тайдың қектемде қырындал, үркіп маңайына жанды жолатпайтыны қандай тапқырлықпен, өмірді білгірлікпен алынған. «Өріске малдар тұрды шұбырғалыда» мұндай келісті сурет жоқ, болмысты жай баяндауғана, одан хабар беру бар.

Әрине, поэзиялық қыруар мұраның ішінен там-тұм байқалатын ширатылуы жетімсіз кей өлең жолдары ақын шеберлігіне нұқсан келтіре алмайды, оның өсу жолын аңғартады.

Бір сөзбен түйгенде, Бейімбеттің пейзаждық лирикасы заман сырын танытады, қызығылдықты оқылады, автордың стильдік ерекшеліктерін ашып береді.

* * *

Бейімбет поэзиясының бір тармағы жас ұрпаққа арналған өлең, жырлардан тұрады. Ақын жас өспірімге бағыштап өнегелі істер туралы жыр толғаған балажан қаламгер. Жас жеткіншекке улғі беретін, қиялын қаннаттандырып, талабын талпындыратын өлең жазу жогары талғамды, шеберлікті қажет етеді.

Өлең сөз оқуға жеңіл, аз сөзбен көп мағына үғындырыуға мүмкіндігі молырақ, ал жас өспірім бала өлең, тақпақты жаттап алып айтып жүргуге әуес келеді. Сондықтан да Бейімбеттің оқушы, пионерге лайықталған шығармаларын шағын өлең, не уақыфалы жыр өрнегінде жазуы кездей соқтық емес. Жас ұрпақты мәпелеп өсіріп, тәрбиелеп жетілдіру проблемасына автор үлкен мән береді, өзінің бірқатар өлең, ақыздарының идеялық шешімін осы мақсатқа бағындырады. Бесіктегі бәбек, тәй-тәй басқан балдырган, мектеп табалдырығынан алғаш аттаған бүлдіршін, жас талап пионер, ынталы оқушы — ақынның қызыға суреттейтін кейіпкерлері осылар.

Ана мен бала, әже мен немере арасындағы қызығы мол қарым-қатынас, қуаныш пен үміт, қиял мен арман тағы бір сала жыр өзегі болып кетеді.

Нәресте жарық дүниеге келгеннен кейін, оның бірінші тәрбиешісі — ата-анасы. Бәбекті асқан төзімділікпен тәрбиелеп өсіруде, әсіресе, ананың ролі ерекше. Осы жайды ескерген жазушы бірнеше өлеңін ананың бебегіне деген шекіз мейірімін, оның үстіндегі ізгі тілегін, онан қүтетін асқар таудай үмітін, тәтті қиялдың жырлауға арнайды. «Наурыз құні», «Әлди (ана жыры)». «Тәй, тәй... қаз, қаз» өлеңдерінде бебегінің қамын ойлап, «Тұн үйқысын төрт бөлген» аяулы ананың бейнесі елестейді. Әкесі — бай малының соңындағы малай, анасы — бәйбішенің сұымен кіріп, күлімен шығатын күң, бесікте сырқаттанып күйіп-жанып жатқан нәресте, — міне, осындай ауыр жағдай «Әлди (ана жыры)» өлеңінен мәлім болады.

Оз өміріндегі барлық азап, қорлықты ұмытуға даяр ана тек қалқатайын сылап-синарап өсіретін күннің тууын арман етеді. Ананың үлкен жүрегі, мөлдір махаббаты деген осы.

Бәбекті тәрбиелеуде ананың машақаты қанша көп болса, қуанышы да сонша мол, баланың алғашқы қаз тұрып, апыл-тапыл аяқ басқаны ананы қаншалық зор қуанышқа бөлейді десеңізші. «Тәй, тәй... қаз, қаз» өлеңінің атынан байқалып тұргандай, мұнда бала аяқтарар сәттегі ананың көңіл күйі сипатталады. Сәбиін сүйіп, демеп, ширақ жүріп кетуіне машықтандыра отырып, ана алыс қиялға шомып кетеді. Баласы ержетіп, азамат болып, өзі келін жұмсал, немере сүйіп отыратын

кезін де ана жүйрік қиялмен шолып өтеді. Бұл өлеңді ақын жайдары юмормен жазады.

Көз нұрым көңілімің қуанышы,
Кейпінді жаман дейді қандай кісі.
Өзімнен басқа жері айнымаған
Мұрының әкесіне тартқан ұшы,⁸⁴ —

деген шумақты құлкісіз оқи алмайсыз.

Ана мен бала цикліндегі өлеңдердің ішінен ерекшелуе тұрганы «Қағыңғыр» («Ананың ашуы») өлеңі. Ертеңді-кеш доп пен асықтың қызығына егіліп, шаруатта септігін тигізуді есінен шығарған тентек ұлын ана ашу шақырып үрсады. Ақын ананың ашу үстіндегі сөз қолданысын әзіл-сықаққа айналдырады.

Мектепке бергенімде, келдің қашып,
Сондағы құмартқаның доп пен асық,
Дал-дұл бол жалғыз кейлек былтырығы
алған,
Жүргенің керінгенмен жанжалдастып⁸⁵, —

деп қынжылады ана. Баласының ұнамсыз қылықтарына ренжіген ана оған мінез-құлқынды түзе, қолынан келетін кәсіп қыл, сабақ оқып, білім ал деген ақылын айтады. Сырт қараганда анасы ұлына қатты-қатты сөздер айтқанымен, сайып келгенде, «сып-сынық, оқығаны ылғи сабақ» тең құрбыларынан қалмасын деген жақсы ниетін білдіреді.

Бір алуан өлеңдерде оқушы пионерлердің оку, білім алу, өнер үйрену жайы, олардың өз ата-аналарының саяси санасын оятуда, жаңа түрмис құруда жәрдемшілік ролі жыр етіледі. «Күнікей», «Барабан», «Оқиды ұлан», «Су — оқу», «Октябрьдің ұлдары», «Шапай комсомол» өлеңдері жас талалтардың істері мен ұрандарын жария етеді. Оларды өзгелерге өнеге ете тартады.

«Мамық қардай кіршікісіз ақ беті үлбіреп» мектебінен жүгіріп келген Құлтай қызы («Күнікей») әжесіне Лениннің кім екенін түсіндіреді. Октябрь таңының әкелген бақытын ұғындырады.

Білесің бе Ленин кім?
Ол — көсемі бар елдің;
Октябрьді бастаған,

⁸⁴ Б. Майлани. Шығармалар, 1-том. Алматы, 1960, 157-бет.

⁸⁵ Сонда, 282-бет.

Жауынан қалың саспаған.
Жігерлі қымбат косем ғой,
Ұлы ұранды тастаған,⁸⁶ —

Ақын «Барабан» өлеңін республикамыздың он жылдық салтанатты мерекесіне арнайды, тарихи қысқа мерзімде қол жеткен тамаша табыстарымызды паш етеді, ата-аналардың бастаған үлкен ісін ілгері дамытуға тиіс жас құш — пионерлерге маңызды міндеп жүктейді. Барабанмен әлемді оятып, жаңа тұрмыстың дабылын тартқан жеткіншек пионерлер Ленин нұсқаған жолдан қия баспауға, коммунистік партияға сенімді қолқанат болуға дайындықтарын бір ауыздан бар дауыспен айтады. Ақын бұл өлеңді ал қызыл ту көтеріп, сап түзеп, ширақ қимылдаған пионерлердің маршы темпінде жазады, өлеңнің бірқатар шумағының басын «Раз, два...» деген команда сөзімен бастап отырады.

«Раз, два...» желбіреген Ленин туы,
Көр әне, көкті жапқан коммун туы.
«Дайынбыз!» Жаңа өмірді орнатамыз!
— Бұ шу не? — Жер күніренткен жастар
шуы.⁸⁷

Міне, бұл жолдар пионерлердің Ленинге, партияға, Отанға берген сертіндей өктем естіледі.

Жас ұлан өнер-біліммен қаруланғанда ғана іскер азамат бола алады, аға буынның үмітін ақтайтын болып өседі. Білім мен өнер шыңына өрлеу үшін, зор ынта, сөнбес жігер, толассыз еңбек қажет. Мұндай сапалар мектеп табалдырығын алғаш аттаған күннен-ақ жас балаға серік болса, қандай ғанибет. «Оқиды ұлан» өлеңінде автор талапкер шәкіртті сипаттайды. Білімге құмартқан балаға күннің сұықтығы да, мектебінің қашықтығы да кедергі бола алмайды. Ақын сабакқа ынталы оқушыға сүйсіне де таңдана қарайды.

Тене түсіп жарыққа,
Жайып салып кітабын,
Үй іші тегіс үйқыда
Ой бөлетін жоқ ың-жың.

Оқыды ұлан, оқыды,
Әзірледі сабагын.

⁸⁶ Б. Майли н. Шығармалар, 2-том. Алматы, 1960, 7-бет.

⁸⁷ Сонда, 106-бет.

Табиғат сырын білу, оны адамға бағындыру, батпан байлығын ел игілігіне молынан жарату — қашан да актуальды проблема, сондықтан да бұл тақырыптың иірімі көп. Бейімбет те бұл тақырыпқа қызыққан. Ақынның «Су — оқу» деген өлеңін алатын болсақ, Сыр бойындағы қуаңшылыққа, табиғат жұтаңдығына кездесіп, тіршілік қамын ойлап тарыққан диханшыны көреміз. Шөл өлкеге жан бітіретін нәрлі су керек. Табиғаттың бермесін алуға он үш жасар бала бел буады:

Су тетігі алдада емес,
Өнер білсе жауады.
Өнер елге ырыс, бақыт
Көшкен елдей ауады.

Сырдың құмын өнер тапсам,
Бұлақ қылып тастырам,
Сырдың бойын жұмақ қылып,
Басқа елдерге бас қылам,⁸⁹ —

деп мелиоратор болып шығуға құлшынған жас талап ағасынан өзін тез оқуға жіберуін сұранады. Автор бұл өлеңді романтикалық лепте жазады, негізгі кейіпкерін өр талапты, жалынды жас етіп алады.

Табиғат әлеміндегі таңғажайып көріністер, өзгерістер балаларды соншалық қызықтырады. Олар жаратылыс дүниесіндегі болмыстарды түсінуге, білуге құмартауды, көзімен көріп, қолымен ұстауға ұмтылады. Бала жанынның нәзік сырына қанық ақын олардың түрлі табиғат өзгерісін қалай қабылдайтынын бұлжытпай бейнелейді. Осы ретте «Ауылда», «Жаз келді», «Жаңбырлы күн» өлеңдерін атауга бөлады. Мысалы, нөсер жауынның («Жаңбырлы күні») кімді қандай күйге, әрекетке мәжбүр еткенін байқап көрейікші.

Тезек терген келіншек желегі малмандай су болып, үйге қарай жүгіреді, қаптан желбей киген қатындар бұрсенде, ықтасынға қарай қашқан бұзауларын қуалап ұстай алмай әуреленуде. Желідегі құлындар үрпісіп ыққа мойындарын бұрып, ығысады, жыртық үйде сорғалаған тамшыдан мазасы кеткен бәйбіше қызының

⁸⁸ Б. Майлін. Шыгармалар. 1-том. Алматы, 1960, 316—317-беттер.

⁸⁹ Сонда, 299-бет.

келісімсіз жүріс-тұрысына ұрсады, төрдегі ақсақал жаңбырдың қайырын тілеуде отырады.

Жұрттың бәрін бұйықтырып әуре-сарсаңға салған дауылды жаңбыр балаларға ғана бұйым емес, қайта оларды желіктіре түседі. Балтырларын түрініп алған балалар суды шалпылдата үйден-үйге жүгірумен болады.

Жаңбыр сәт толастасымен-ақ балалар қызу ойынға кіріспей кетеді.

Бала біткен жиылған,
Астарында тал аты.
Ұшқан құстай зырқырап,
Екі қолы — қанаты.⁹⁰

Жаңбыр күткен жасаң гүлдей балалар:

Жау, жау, жаңбыр, жау жаңбыр.
Жау, егіннің көгі өссін.
Сұлудай бұраң құрақты,
Айдан шалқар көл өссін,⁹¹ —

деп жаңбыр шақыру жырын шырқайды. Шағын өлеңде ақын қазақ ауылның тұрмыс-тіршілігінің қайталанбас жанды суретін алдыңызға тосады.

Бейімбеттің ақызы, ертегі түріндегі, фольклорлық дәстүрге негізделген «Өтірікке бәйге», «Хан қүйеуі», «Байшұбар», «Кемпірдің ертегісі» аталған шағын поэмалары сюжет тартымдылығы, баяндау шеберлігі, идеялық-тәрбиелік ұстамдылығымен бөлектенеді.

«Өтірікке бәйге» (1922) поэмасы халыққа көп тараған «Қырық өтірік» өлеңдерімен үндес, желілес, бірақ сюжет арқауы біраз басқаша тартылған. Мұндағы тазша бала да «Қырық өтіріктегі» тазшага егіздің сынарындаң үқсас, соның жұрағаты болғандай. Алуан-алуан өтіріктердің бәрін де «рас» деп небір жеңтаңдай айтқыштардың жігерін құм қылған сұңғыла хан, ақырында, осы тазшадан тосылады. Қиқар ханды жеңу оңай емес: ол өзінің пайдасына қарай ақты қара деп, түпсіз өтірікті ақиқат шындық деп қарысады. «Қиядан шауып, қисынын табатын» майталман тіл өнеріне сүйенген қаршадай бала мен жалаң қылышын жарқылдатқан сұсты ханның жекпе-жегінің қалай басталғанын автор:

⁹⁰ Сонда, 270-бет.

⁹¹ Сонда.

Бір таз бала, усті дал-дұл
Көлді ханның алдына.
Өтірігін айтты ретпен
Рұқсат сұрап алды да.

Өтірігі ете жойқын
Жас бала да қанғысыз,
Алтын қимай, «рас» дейді,
Ұяты жоқ хан арсыз⁹², —

деп суреттейді.

Хан тұқымы, әдетте, өздерін жеті атадан бері ханбыз, хандық біздің сүйегімізге біткен қасиет деп жүртты иландыруға тырысатыны белгілі жай. Тазша бала осы қагидаға табан тіреп алып, ханды мықтап сүріндіреді. Бала баяғыда мойны ыргайдай, биті торгайдай «Усті дал-дұл, көзі соқыр, жән шошырлық порымынан» бір кәрі шалдың ылғи сүзеген бұқаларды баға алмай, зар жылап жүргенін жөргенін айта желіп, сол бақташи шал сенің әкең еді деп ханға бас салады. Ханның мұны да «рас» деуге аузы бармай, тілі күрмеліп қалады. Өнері асқан бала бәйгеге тігілген алтын толған көзені жеңіп алады, өлімнен өнерімен құтылады.

Бұл ертегіде шытырман уақыға жоқ, балалардың пайымдауына жеңіл. Сонымен бірге тазшаның ғажаң тапқырлығы, зеректігі балаларды таң қалдырады, оларды «мен де өнерлі болсам, шешен болсам» дегендей ынта-талапқа жетектейді.

Шығармада кейбір ертегілердегідей ханды ақылды, әділ етіл, көшшілік қадір тұтатын күйде көрсету жоқ. Керісінше, ханның елге салған бүлік, ойраның әшкере-леу, өзін тазшага жеңдіріп масқаралау, мазақтау басым.

Поэманның прологы орнындағы мына шумақтар автор атынан ханға айтылған өткір сын, айыптау болып қабылданады.

Хандар, хандар, хандар,
Қараашасын еріткен.
Мініп түсіп, төгіп ішіп,
Күн өткізген желікпен.

Сайрандаған, ойраңдаған
Сарыарқаның даласын.

⁹² Сонда, 126-бет.

Хандық құрып, бөліп, бөліп,
Сорлы қазақ баласын.

Хан құдайы, қараши — құл,
Айтқан сәзі — шарифат,
Атадан ұл ұлғі алып,
Мұрасы боп алтын тақ.⁹³

Даналық халықта, халық өкілі тазшаның ханды масқаралап жеңуі—үлкен оптимистік идеяны меңзейді.

Дүние жүзіне әйгілі «Мың бір түн» сюжеттерімен желілес ертегілік-фантастикалық уақығалы «Хан күйеуі» (1923), «Бақ», «Байлық», «Ақыл» сияқты философиялық категориялар туралы толғайды. «Бақыт», «Байлық» және «Ақылдың» қайсысы өмірде ең пайдалы, аса құдіретті, адамға бұлардың ішінен ең қажеттісі не болмақ. Жыр осыны сараптайды.

Әуелі басына бақ пен байлық қонған жігіт ақылсыздықтан бағынан да, байлығынан да еш пайда таба алмайды, ханның қаһарына ілігіп, өлім жазасына кесіледі, ал бақ пен дәулеттің үстіне ақыл дарыған соң, жігіттің ісі оңға басады, ол данышпандық, жерегендік жасайды, ханды жеңіп, үкімін бұздырады, қызына үйленеді.

Бұл шығарманың орыстың халық ертегілеріне жуықтап жететін жерлері де бар. Біреудің уш баласы болып, ең кішісінің ақылсызы болуы орыс ертегілерінде жиі айтылады.

«Хан күйеуінің» аяқталуы да орыс ертегілерінің трафаретті, дәстүрлі, ойнақ аяқталуын (концовка) еске түсіреді:

Ол ойынның ішінде мен де болдым,
Күйеуге жолдас, қызға жеңге болдым.
Күннен ыстық қыздардан соққан алтап,
Көрген құрлы қызықты терлең өлдім,⁹⁴—

делінген шумақ орыс халық ертегілеріндегі:

И я там был,
Пиво, мед пил,
По усам текло,
А в рот не попало, —

⁹³ Соңда, 124-бет.

⁹⁴ Соңда, 193—194-беттер.

деп келетін жолдарды қазақ тұрмысына лайықтап ақын өзінше жырлағанын байқаймыз.

«Байшұбар» хикаясы да балдыргандарға лайықты жазылған шыгарма. «Ұрыны қарақшы ұрлайды» дейтін халық мәтелі бүл аңыздың тиегі сияқты қабылданады. Бейғам керуеннен мал олжалап, жылы-жұмсаққа бір тоюды мақсат еткен жолбарыс — «Байшұбар» жырында ұрының құ тақымына ілініп қалады. Ұрының көздеғені де оцай олжа, тегін мал еді. Бірақ тағдыр оны жолбарысқа кез келтіреді. Уақыға сатылап дамиды. Қырдан ойға оргыған жолбарыс үстіндегі ұрыны түсіре алмай азап шексе, астындағы айышылықты алты аттайтын тұлпар емес, орман тағысы жолбарыс екенін соңынан білген ұры мұнан қалай құтылуудың айласын таба алмай, үрейі ұшады. Ақырында батырсынған маймыл масқара болып қалады. Қандай қыын-қысылшаң тұста да саспай, ақылмен әрекет істеуші қашан да жеңіп шықпақ — міне, хикаядан осы емеурін білінеді. Бәрінен де ақы-парасаты бар адам құдіретті екени паш етіледі. Ұры азуы алты қарыс, ашу-ызызы болрандай бүрк-сарқ еткен аса хауіпті аң жолбарысты төл атындаі жайласа, айлалы да, сотқар маймылды тұзаққа түсіріп алып, жүндей сабайды. Батылдық, шапшаңдық, мұлт кетпес көзмөлшері, дәл қимыл тек адамның бойынан табылатын сапалар.

«Байшұбардың» — сюжеті қызықты, уақығаның шарықтау шегі мен шешілуі, бір эпизодтың екіншісімен алмасуы сөз ілеспестей жедел және күтпеген шешім табады.

Ертегі түрінде жазылған автордың енді бір көлемді шығармасы «Кемпірдің ертегісі» (1927) атты поэмасы. Шынында ертегі емес, болған уақығаны еске түсіріп, қайта айтып беру. Жазушы поэманың басында «16-жылдың қанды уақығасынан бір сурет» деп ескерту жасайды.

Кәрі әже он жасар немересінің қолқалауымен өткен күннің қайғылы уақығасын шертеді. Ой-санасы ерте оянған бүлдіршін Асылбек:

Өткен күнді білгісі кеп ынтығып,
Ынта күшті, білім іздел ұмтылып,
Әжесі айтса, ескі күнді — ертегі
Шын тыңдайды бір бозарып, бір күліп,

Айтшы, әжетай!... Айтшы, айтшы ертегі!
Ертегің ше — еліктіріп ертеді.
Әсіресе «әкең өлді!»... дегенің,
От боп жанып, жүргегімді ертеді,⁹⁵ —

дейді ол.

Асылбектің әкесі — Қайранбай — ер жүрек, палуан білек, айтқанынан қайтпас қайсар жігіт. Он алтыншы жылдың дүрбеленінде Қайранбай ел боздақтарына басшы болып, окопқа барудан бас тартып, жексүрын болышты өлтіреді, соңынан өзі сол жорықта құрбан болады. Ақ шашты әже қекірегін қарыс айырған өткен трагедиялық уақиғаны баяндай отырып, қайғысын қуанышқа жендерді, қазіргі тұрмыс күйіне қанағаттанғандық сезім білдіреді, болашаққа, немересінің ержетіп, азамат болуына қуанышты сезіммен, берік сеніммен қарайды.

Бас аяқ боп, аяқ басқа теңелді,
Жылағандар жасын сүртіп кенелді.
Шаруасына береке еніп, күш кіріп,
Әсіресе қалың кедей көгерді⁹⁶, —

дейді әже.

«Кемпірдің ертегісі» жас жеткіншекті ерлік дәстүрге тәрбиелеуде үлкен маңызы бар туынды. Өйткені қазіргі бақытты өміріміздің өзінен-өзі орнай қалмаганын, оның қиян-кескі күрес, қымбат құрбандық нәтижесінде орнатылғанын жас буынға үнемі түсіндіріп отыру — оларды советтік патриотизмге тәрбиелеу жолы.

Сейтіп, Бейімбет Майлин жас үрпаққа жалынды жырымен өнеге берген абзал ұстаз, мейірімді тәрбиеші болды, оның кең арналы, терең тамырлы творчествосының жемісті бір бұтағы жас өспірім, жеткіншек бойына ізгі қасиеттер егуге арналды.

* * *

Майлиниң поэтик тіліндегі стильдік ерекшелік — халықтық поэтикалық образды жүйелі қолдану, халықтық, ұлттық психиканың, ойлау, сөйлеу өзгешелігінің көрінісі болып табылатын ұғым, оралымдарды сактау,

⁹⁵ Сонда, 415—416-беттер.

⁹⁶ Сонда, 417-бет.

кең пайдалану, халықтың әсемдік, сұлулыққа қояр критерийн үстанудан байқалады.

Оның лирикалық өлеңдерінде де, поэма, дастандарында да жоғарыда айтылған тілдік мәнер бой көрсете береді. Ақынның сөздік қорының үйтқысын халықтың ауызекі сөйлеу тілінің ұлгілері, көбінесе, ауыз әдебиетінің мол қазынасынан алынған мақал-мәтел, нақыл, қанатты сөз өрнектері, орыс тілінен кірістірілген атау сөздері, жаңаша мағынада қолданылған араб, парсы сөздері құрайды.

Қазақ тілі терең мағыналы, астарлы, бейнелі, айналасы жұмыр, үнді-әуенді мақал-мәтелге аса бай тілдің бірі және мұндағы «толғауы тоқсан», тобықтай түйінді сөз кестесінің халықтың өмірі мен тұрмыс-тіршілігінің сан құбылыстарына байланысты айтылып, қалыптасуы, дәстүрге айналуы сонша, мақал-мәтелмен дәлелдей сөйлеу әрқашан түсінікті, ұғымды, көңілге қонымды болып тұрады.

Бұқараға түсінікті, оның сезім дүниесіне әсер тигізрелік қылыш жазуды қалайтын Бейімбет осындағы сөз қаймағын — мақал-мәтелді бастапқы мағынасы мен формасын өзгертпей тұра қалпында да не мағынасын, фонетикалық-синтаксистік формасын өзгертіп, жаңаша түрлентіп те өнік пайдаланады.

Біріншіден, автор өлеңдерінде мақал, нақылды бастапқы күйінен өзгеріссіз кірістіргенде, сол арқылы айтпақ ойын, суреттемек құбылысын дәлелдеп, айқындағы түседі, мақалда айтылған ой түйінін тереңдетіп алады.

Төл сөз ретінде алынған мақал-мәтелге мысалдар:

1. «Ақыл жастан, асыл тастан».
Жас ұланда бар үміт!
Не шықса да шыгар жастан,
Тәрбиеле, жасты күт!
(Бейімбет, I том, 361-бет).

Өлең шумағының бірінші тармағындағы мәтелде айтылған ойды автор келесі уш тармақта тереңдете, дәлелдеп, нақтылай түседі, автордың айтпағы мәтелдің мағынасымен іштей кірігіп, сінісіп кетеді.

2. «Базары жаңын — байымас».
Береке жоқ түсімде.
(1-том, 296-бет).

Бірінші тармақтағы мәтелде түйілген ойдың дұрыстығын екінші тармақ дәлелдеп тұр.

3. «*Тең тенімен, тезек қабымен*» деген,
Мақсұтым бар бұрын ретке келмеген.
(1-том, 41-бет).

«Гашықтық» өлеңінен алынған бұл жолдарда жігіт қызыға ынтықтығын, сүйіспендігін білдіру үшін, сөзді бастарда, мұндай жағдайда тілге тиек боларлық мақалды айтып алады.

4. «*Ит құтырса, иесін қабар*» деген,
Соның кебі қатесіз маған келген.
(1-том, 211-бет).

Самалық бай жалшысы Тасқараны осылай кемсітіп те сейлейді. Оған көрсеткен «жақсылығын» ақтамадың деп жерлейді.

5. «*Ат алсаң, ауылыңмен*» деген нақыл,
Бұзайын елдің не қып рәсімін?
(2-том, 128-бет).

Елең тармағының буын санына, үйқасына сәйкесті соңғы үш мысалда мақал-мәтел «деген», «деген нақыл» сөздерімен толықтырылғаны болмаса, бастапқы төл сөздік қалпы бұзбай алышады.

Мақал-мәтелдің мағынасы мен формасын сақтай отырып, өлеңге үйқастырудан гөрі оның мағынасын негізге алып, жаңаша айшықты сөз тіркестерін жасау, ақынның шеберлігіне сын болмақ.

Бейімбет те осы екінші тәсілге ден қояды. Мұның бірнеше жолдары бар:

1. Синтаксистік параллелизмге құрылған екі сейлемен тұратын мақалдың бірінші сөйлемін өзгеріссіз алып, екінші сыңардың мағынасын ғана сақтап, синтаксистік түрін өзгешелендіру.

- «*Құм жиылып тас болмас*,
Құл секіріп не болмақ?
(2-том, 347-бет).

Мақалдың екінші жолының тұп нұсқасы «*Құл жиылышып бас болмастың*» орнына «*Құл секіріп не болмақ*» деп алғанда, автор байлардың кедейді, құлды қолынан ешнәрсе келмейтін бейшара деп санайтынын, қозғе іл-

ісі келмейтінін, өркөкіректігін байқатады. Байырғы мақалды қайталап айтумен қанағаттанбай, түрлендіру, үстеме мағына қосу оқушыға да тосын әсер береді.

2. Мақал-мәтелдің тұпкі мәнін еске ала отырып, сыртқы формасын еркін өзгерту, жаңа айшықты сез өрнегін тудыру.

«Қырсыққанға қырын ит кез болады,
Айта берсең бірталай сез болады».
(1-том, 210-бет).

«Иті қырын жүгірді» делінетін мәтел ісі оңға баспаған адам туралы айтылады. Дәл осы мағынадан шығарып ақын «қырсыққанға қырын ит кез болады» дейтін идиомалық ұғым тудырғанда, мәтелдің бұрынғы мағынасын күштейтеді. Бастанқы қолданысында «Иттің қырын жүгіруі» не себептен екені көмескі қалса, соңғы тіркесте иттің қырын болуы (қырын жүгіруі) қырсыққанның белгісі екені ашылады.

3. Бейімбеттің сықақтық-сатиralық бояуда жазылған «Көңіл айту» дейтін шағын өлеңінде ақын конфискеленген байдың бәйбішесіне қаратып «көңіл айтады», оны «жұбатады». Осы өлеңде автор мақал-мәтелді сан алуан өзгертіп, жиі қолданады. Өлеңнен мынандай жолдарды оқимызы:

Тасып ең, төгілгенің
Толып ең, сөгілгенің...

Кедейдің жегілгенін,
Еңбегі желінгенін
Көрмеп пе ең... Егініңнің
Ор енді егілгенін.
(2-том, 64-бет).

Бұл үзіндіде ақын «Тасқан төгілер, толған сөгілер», «Не ексең, соны орарсың» мақал-мәтелдерін өзінше еркін түрлендіріп алады.

«Мысыққа ойын керек,
Тышқанға өлім керек», —

делінетін мәтелді өзгертуі ақынның тапқырлығына куә. Ол бәйбішеге қаратып:

Талайды тышқан қылып,
Мысық боп ойнап едің, —

дейді.

Айлалы, аяр бәйбішені мысыққа балап, оның азабын көрген малай мен күнді тырнақтының шеңгеліне бүрілген қорғансыз тышқанга теңеуі қандай келісімді, ұтымды.

4. «Жарғақ құлағы жастыққа тимейді» делінетін мәтелге құрылған мына жолдардың мағынасы да бұрынғысынан ана ғұрлым терең, кең болып шыққан.

Жастыққа тимей құлағы,
Елді ел қылу ұраны.

(1-том, 398-бет).

5. Қазақта «Көнекті сырттан сұрау» дейтін бейнелі сөз тіркесі бар. Жақындық, жан ашырлықты білдірмей, бойын аулақ салуды, сусуды аңғартқанда қолданылады. Бейімбет бұл астарлы сөз тіркесін құр сырттай ақылшы болып, нақты қол ұшын бермеген, қиналып-қысылғанда, жәрдемін тигізбеген оқудағы ағасына жазған хатында қарындасы налып айтқан орнында келтіреді.

Құр ақыл... көре алмадым сенен көмек,
Тек жаттың сұрадың да сырттан көнек.
(2-том, 31-бет).

Біз қарастырып шыққан мысалдардан ақынның халықтық, шешендік сөз қазынасын қадірлей біліп, онан үйренгені, өрнекті сөзді творчестволық жолмен дамытуда көп ізденгені, өзіндік жазу мәнерімен оған үлес қосқаны байқалады.

Ақынның поэтик тіліндегі екінші арна араб, парсы сөздерінің алғашқы мағынасын өзгертіп, жаңартып қолдану.

Абай мен Сұлтанмахмұттың поэтик тілдеріндегідей шығыс әдебиетінің ықпалы, араб, парсы сөздерінің көріну шектері Бейімбетте кең емес, шағын да, көбіне, тұрақты ұғымда қайталанып отырады. Ақынның өлеңдерінде ара-тұра «алла», «құдай», «періште», «құран», «шаригат», «ғибадат», «мұрит», «зікір», «хақ», «мәдет», «дуана», «тылсым», «тасбиық», «азан», «иман», «ұжмақ», «тамұқ», «құбыла» т. б. бұрын діни ұғым-нанымдарға байланысты қазақ тіліне енген сөздер ұшырайды, бірақ автордың қолданысында бұл сөздердің мағынасы мүлде басқаша, соны, кең мазмұнды болып келеді.

1. Ленин өлді. Бірақ оның
Өсіеті — шаригат.
Құран қызып қолға үстап,
Орындауды кедей тап.
(2-том, 263-бет).
2. Бағыттым — теңдік жолы,
Құбылам — Ленин қолы.
(2-том, 124-бет).
3. Секілді бейне үжмақ қараганда,
Қаларлық абайлаған ғажап таңға.
(1-том, 11-бет).
4. Комсомолдың құрметті аты
— Жүректегі иманым!
(2-том, 371-бет).
5. Өгіз аяқ, шот, кетпен
.Қарғалған өмір тамұқта.
Күйді тастап күні өткен
Құлаш жайдың жарыққа.
(2-том, 131-бет).

Мысалдардағы «құран», «шаригат», «иман», «үжмақ», «тамұқ», «құбыла» сөздері реалистік мазмұнда, тың сапаның көрсеткіші есебінде алынған астарлы, бейнелі ұғымды білдіреді. Ескі өмір, оның болмыс, көріністері «тамұққа» түскендей келмеске кеткені, жаңа тұрмыстың «үжмақтай» әсем, сұлулығын осы бейнелі сөздер көз алдымызға елестетеді.

Кедей бұрын «қасиетті» деп саналып, сыйырлап айтылатын «алла», «періште» атаулары юморлық, әзілдік реңмен алынады.

Періште айға ғашық бір қу екен.
Көршілес кек жүзінен қылған мекен.
(1-том, 126-бет).

Сөйтіп, халық санасының қарыштап өсуіне кепіл болған ақын соған сәйкесті ежелгі діни мағына, ұғымды білдіретін атауларды екі түрлі жағдайда қолданады: біріншіден, бұрынғы дін идеологиясына байланысты туған сөздер қазір оған қарама-қарсы социалистік идеологияның ұғымдары мағынасында, тубегейлі жаңа мәнде алынады.

Екіншіден, юморлық, әзілдік тұргыда өлеңге ендіріледі. Бұл амалдардың бәрі де тіліміздің сөздік қорын байытууды нысана етеді.

Қазақ пен орыс халықтарының өзара тарихи, өмірлік байланыстарының ертеден келе жатқаны мәлім, сондықтан орыс сөзінің, не орыс тілі арқылы кірген

басқа ұлт сөздерінің ана тілімізді байытуға көп септігі болғаны белгілі факт.

Абайдан бастап қазақ ақындарының біразы орыс тілінің сөздік қорынан өзіне қажетті сөздерді таңдаға алышп, өлеңдеріне кірістіруден қашқан жоқ.

Орыс сөздерінің Бейімбет өлеңдерінде қолданылуы жиңі болмаса да бәрі жарасты, идеялық-көркемдік мақсатқа бағынышты, сәйкесті алышп, орнын тауып қаланады.

Біріншіден, ұрандық-ұндеулік, бүйрық мағыналы орыс сөздерін өлеңде келтірумен ақын оқушысына тосыннан құшті әсер беруді көздейді. Мұндай сөздер өлең тармағының басында келіп, логикалық екпінмен айтылады.

Жетер енді езгендігі
Далой сақалды жуан!

(1-том, 101-бет).

Дайош онды! деген ұран,
Он жыл бұрын шыққан мұнан.

(2-том, 4-бет).

Орысша «долой», «даешь» сөздері өлеңде қазақ тілінің әуенімен «далой», «дайош» болышп алышады.

Екіншіден, юморлық, жұмсақ әзіл шақыру үшін орысша сөзді әдейі кірістіреді.

Айжаннан шыққан «приказ»
Абысынға үгіт-наз.

(2-том, 93-бет).

Жекелік ата мұра — ырым еді,
(Әрине, қазір емес, бұрын еді)
Опышылық — ортақ қазан оғаштау боп,
Құрекең бойын тежеп тұрып еді.

(2-том, 128-бет).

Орысша «общее, общественное» деген сөзді қазақ тілінің заңына сәйкестіріп «опышылық» деп әдейі қолданады.

Үшіншіден, сықақ, кекесінді білдіреді.

Байлығы жалғыз налокте,
Налогы салды әлекке
Финагенттен қаймыққан
Құрысын құдай жад етпе!
(2-том, 17-бет).

«Значит», «так сказать» нақыл болды,
Жел қайдан шықса, соған жақын болды.
(2-том, 45-бет).

*Школына учитель боп бір байдың,
Ох, божым-ай, қарыным бір тойса екен.*
(1-том, 130-бет).

«Қазақ туралы кім не дейді» аталған өлеңде ескішіл шала мұғалімдер осылай сөйлейді.

Штарф!
— Налогын төлемегенге...
— Кімге, кімге?
— Беркімбай, Текенге,
Карқымбай, Өкенге —
Кругом бес теңе!...
(1-том, 248-бет).

Халық тілін, езі өскен жергілікті ортаның сөйлеу ерекшелігін молынан пайдалануымен өзгешеленетін ақынның өлеңдерінде жаңа, советтік өмір тудырған сездер, жергілікті диалектілік мәні бар атау, үғымдар да бірсыныра орын алады. Сөз кестесін әр саладан таңдалып алғынған сездік материалмен байыта отырып, автор жалпы әдеби тілдің нормасынан шығып кетпейді, өлеңдерінің суреттілік, тартымдылық, эстетикалық әсер-ықпалын жүдеулетпейді, құнарландыра, ширата туследі.

Көркем шығарманың, әсіресе, поэзияның тілдік, стильдік мәселесін қарастырганда, автор сез арқылы сан алуан бояулы суретті қалай жасайды, тілдің шексіз мүмкіндігін қажетіне қалай жаратады, шығарманың эмоциялық күшін қалай ұлғайтады дегендер тәңірегінде пікір қорыту орынды болмақ.

Көркем туындының поэтик тілінде ең өнік, ең жиі қолданылатын көркемдегіш, бейнелегіш сез өрнегі — әпитет пен теңеу деуге болады.

Бейімбетте әпитет пен теңеудің түрлері, ерекше формалары қандай?

Әпитет — негізінде сын есім арқылы жасалатын көркемдік анықтауыш. Көсемше етістік пен өткен шактық есімше тұлғалары да әпитет міндетін атқарады. Анықтауышпен қатар толықтауыш, сын қимыл пысықтауыш да әпитет болады.

1. Тынық кеш қосылысты қысқа түнмен.
(1-том, 11-бет).

Козгалып мінсіз ерні, кірсіз тісі,
Күткендей ауыр қасірет сұргылт түсі.
(1-том, 27-бет).

Күн шығып келеді екен нұрын шашып.
Жер жүзін қызыл алтын мұнар басып.
(1-том, 26-бет).

Қызады ызаланып соған жас қан.
(2-том, 9-бет).

Бірінші топтағы үш мысалдағы әпитеттер не атая тұлғадағы сын есімдерден, не жүрнақ арқылы жасалған туынды сын есімнен, не күрделі сын есімнен болып келеді. Ал төртінші мысалдың ерекшелігі—онда инверсия заңы мен әпитет сөйлемнің аяғында келген бастауышты анықтап тұр.

2. Бұлт шықты оңтүстіктен мұнарланып,
Нұрымен батар күннің шұбарланып.
(1-том, 11-бет).

Екінші мысалда көсемше тұлғасында келген пысықтауыштар бұлттың бояуын анықтап әпитет міндетін атқарады.

3. Серпілмеген тұман бар,
Ашылмаган күмән бар.
(1-том, 15-бет).

Үшінші мысалда өткен шақ есімше тұлғасындағы әпитеттер.

4. Сыңқылдасып, сыйырласып, күлісіп,
Суга қарай төрт-бес қыздар келеді.
(1-том, 102-б.).

Мұнда көсемше етістіктердің сын қимылды суреттеп, әпитет болуын көреміз.

Қысқасы, ақын өлеңдерінде әр түрлі тұлға мағынадағы әпитеттерді еркін қолданып, суреттемек құбылысының бояуын тауып әшекейлейді.

Суреттеудің ертеден байыргы тәсілінің бірі теңеу десек, оның, негізінде, үш түрі Бейімбет поэзиясында көбірек кездесетінін байқаймыз.

Бірінші топ теңеу — «дай, дей, тай, тей» жүрнақтары арқылы жасалатындар, екінші топ — «ша, ше»

жұрнақтарымен келетіндер, үшінші түр — «секілді» сөзінің көмегімен болатын теңеулер.

1. Үлгі боп басқаларға, атақ алып,
Таза ескен хор қызындаи тілге
ілінбей.
(1-том, 86-б.).

Боз үйдің сыртына кеп түсе қалды,
Kісідей қонақ, асы үміт еткен.
(1-том, 51-б.).

Aққу құстай таранып қызы келді.
(1-том, 186-б.).

Жібектей қып тараган майда сөзі.
(1-том, 204-б.).

«Дай», «дай» жұрнақтарын зат есімге жалғап теңеу тудырумен қатар осы жұрнақтарды есімшеге жалғап, белгілі бір жағдайды қимылға теңеу де ұшырасады.

Жас жүректі қытықтап тырнағандай,
Жіңішке, нашарларды басқандайсың
(1-том, 21-б.).

Теңеудің соңғы түрін Бейімбет енгізген жаңалық деуге болады.

2. Әлде қалай жылады жас балаша.
Мәлдіреген ондайда жас тамаша.
(1-том, 183-б.).

3. Секілді ыстық төсек салқын тартқан.
(1-том, 31-б.).

Өмірінің секілді Маржан гүлі.
(1-том, 196-б.).

Теңеудің «дайын», «даймын» қосымшаларымен болатын тұлғалары ақын поэзиясында өте сирек келеді.

Қай ақынның шығармасында болмасын сөзбен сурет жасаудың, сөз кестесін тігудің амал, айласы сөз мағынасын ауыстырып ұстану (тропы) екені мәлім. Әдеби тіл қанша оралымды болса, сөзді алмастырып қолданудың түрі, мүмкіншілігі сонша әр алуан болып отырады, метонимия, синекдоха, аллегория, кейіптеу және символ сияқты қалайптасқан жолдарды автордың қалай пайдаланатыны оның жазу мәнері мен стилінен байқалып қа-

лады. Сөз өрнегін таңдал алуда ақын өзінің идеялық-көркемдік мақсатын есінен шығармайды.

Абай терең мағыналы метафораны сан құлпырта қолданатын болса, Сәкен символға қызығады, Сәбит Дәнентаев аллегорияға бейім келсе, Бейімбет тұрақты әпитет пен көпке түсінікті теңеуді оңтайлы көруі т. с. с. дегендей әр автордың поэтик синтаксисі әр басқа бола береді.

Сөз мағынасын ауыстырудың метафоралық жолдары Абай поэтикасында едәуір дамытылғаны академик Қ. Жұмалиев зерттеуінде⁹⁷ дәлелденеді. Онда метафораның негізгі 5 түрі талданады. Осы түрлердің біразын Бейімбеттен де табамыз.

1. Метафораның жай түрі. Атау тұлғадағы сөздердің мағынасы ауыстырылып алынады.

Желқом ер — ақ жастық,
Кекорай — құс мамық.

(2-том, 83-б.).

Шұбырган ауыл — арқан, жігіт —
тоқпақ.
Айнала ат шаптырым желісі еді.
(2-том, 111-б.).

Алтын күн балалығым елестеді,
Дүрсілдеп соғып жүрек ауылды ойлап.
(1-том, 12-б.).

2. Жіктік, тәуелдік жалғаулары арқылы жасалатын түрі.

Тіршіліктің астарысын гүл берер.
(1-том, 134-б.).

Сіз бір айсыз нұрландырган аспанды.
(3-том, 17-б.).

Кең қоныш қазекеңнің баласымын,
Ескілік, жаңалықтың арасымын.
(2-том, 138-б.).

Кедейдің кер төбелі
Қажымас болат трактор.
(2-том, 15-б.).

⁹⁷ Қ. Жұмалиев. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі, 2-том. Алматы, 220-бет.

3. Көмекші етістіктердің селбеуімен келетіні:

Ол кеше кірсіз таза *першите еді*.

(1-том, 28-б.).

Суы қайтпас асыл алмас қылыш *ең*.

(1-том, 115-б.).

Соңғы мысал метафораның ұлгайған түрін де танытады, ейткені мұнда жігіттің ерлігі, қайсар-қайраты қылышқа баланғанда жалаң күйде емес, әуелі сол қылыштың қандай екені, сын-сипаты әпитеттер арқылы анықталып алынып, сонаң кейін негізгі баланатын зат аталады. Қылыштың әркімнің қолында болатын жауынгерлік қару емес *суы қайтпас, асыл алмас* екенін ерекшеленіп суреттеледі.

Күрделі метафораның мысалына:

Оқ тиген мен жаралы киік болдым — деген жолды алуға да болады. «Мен киікпін» десе жай метафора, ал сол киіктің оқ тиген, жаралы екендігін қоса суреттесу күрделі метафораның міндеті.

Сонда Бейімбетте, негізінде, метафораның аталған төрт түрі жирик көрініс береді де, басқа жолдармен қыыстырылған метафоралар сирек ұшырайды.

Екі нәрсенің арасындағы белгілі байланыска сүйеніп, біріншісінің орнына екіншісін алмастырып қолданып, образ жасау — *метономия* тәсілі Бейімбеттің про залық туындыларында молырақ байқалады, ал өлеңде рінде оншалық жөп емес.

Метонимияның Бейімбеттегі мысалдары мыналар сияқты:

Асыл жібек китені жеделері

Қоңыраудай бол сылдырап тәңгелері.

(1-том, 187-б.).

Сүйрей түсіп салдырлақ ескі арбаны,

Көкшолақ та келеді бір іркілмей.

(1-том, 198-б.).

Еңгезердей қап-қара *біреу отыр*.

Әлдекімнен сзызылып ұлған бол.

(1-том, 201-б.).

Қара саба көмпілдеп кепіреді,

Бір-екі аяқ ішкендер кекіреді.

(1-том, 216-б.).

Сұлу мұрт зәкүніне қандай жетік, —

Қостаушы жанындағы жалтақ кетік.
(1-том, 301-б.).

Талдымаш жас саусақ
Сипайды денесін.
(2-том, 82-б.).

Жастары құліп, жайрандан,
Кіреукеленеді кәрі көз.
(2-том, 94-б.).

Назар аударылып отырған қолданыстарда асыл жибектен тігілген қиім деудің орнына — сол қиімнің материалының тегін ғана атап.

Жегудегі аттың орнына оның түсін алу; отырған адамның кім екенін айтпай, сыны мен санын білдіру, бір-екі аяқтан қымыз ішкендердің орнына аяқты ішті деу, заң айтушы адамның орнына оның бір ерекшелік белгісі — сұлу мұртың, қасындағы қостаушы адамның тісінің кетіктігін айтып-ақ түсіндіру, жас сұлу қызыдың орнына жас саусақ дәп дene мүшесінің бірін сипаттау, жында отырған жас жігіттер мен қарт адамдардың ұғымында жастар мен кәрі көз дәп түсіндіру — бәрі де метонимиялық сөз суретін жасау тәсілдері дәп қараймыз.

Метонимия автордың суреттемек нәрсесіне көзқарасын, оған берер бағасын, қандай тұргыда, не мақсатпен оны солай алғып отырғанын байқата кетеді.

Бейімбетте осындағы жай, әсіресе, айқын тұрады. Ол байды, ел билеушіні сыққақ, кекесін тұргысынан сипаттау үшін — соған лайық мегонимия алады.

Сен, қарын, қампиидым дәп тасқындаісъң,
Сұлу мұрт зәкүніне қандай жетік, —

делінген жолдардағы «қарын» мен «сұлу мұрт» метонимиялары үстем тап өкілдерінің сыйқы екені ап-айқын. Болмаса салдырлақ арбаны сүйреп желе жатқан көкшолақ кедейдің жайын танытады.

Ақын метонимия тәсілімен өзгертіп, ауыстырып қолданған сөздерін ауызекі айтыла беретін, көп қолданылатын үйреншікті сөздік қорынан таңдал, сұрыптастауып қажетіне жаратады, суретті сөз кестесін төгеді.

Метонимияның өзгеше бір түрі — синекдоха да сөз мағынасын ауыстырудың тәсіліне жатады. Әдебиеттің ірі теоретиктері синекдоханы метонимияның бір тарма-

ты деп қарай отыра, оның өзіне тән ерекшелігін де талдап көрсетеді. Синекдоха, асылында, санға байланысты ұғым. Ол жекешенің орнына көпшені, көпшенің орнына жекешені, жалпының орнына жалқыны не керісінше айтудан келіп туады.

Біздің байқауымызша, синекдоханың көпшенің орнына жекешені алмастырып алатын түрі Бейімбет поэзиясында жиі ұшырасады да, жекешенің айтылмақ орайында көпшені алу сирек. Мына мысалдарды талдап көрейік:

*Мал да, адам да, жан иесі мәз болды,
Қатар түзеп үйрек, аққу, қаз келді.*
(1-том, 61-б.).

*Жауды жеңбей тынбаймыз,
Біз кірістік жан қия.*
(2-том, 98-б.).

Қой үрікті, қотаны дүрілдеді.
(2-том, 216-б.).

Үш мысалда да көпшілік мағынада, тұлғада алынуга тиіс сөздер жекеше келіп тұр. Жазғытұрым құс келгенде, үйрек, аққу, қаз жалғыз-жарым ұшпайды, тоң-тоғымен тізіліп ұшады, ақын «үйрек, аққу, қаз келді» дегенде, жекеше форманы қолданғанымен оқушы көшілік мағынаны ұгады. «Жауды жеңбей тынбаймыз», «қой үрікті» дегенде де жау мен қойдың жалғыз, дара емес, көп екені ойда түсінікті болады.

Санын, мәлшерін кесіп айтуға келмейтін жерде соны үзілді-кесілді санмен белгілеу де синекдохага тән белгінің бірі.

Қырық бүктеліп келсе хатың тұмардай, —
(3-том, 17-б.).

дегенде хаттың сонша бүктелуі тұра сандық мағынада емес, бейнелеу үшін айтылады, хат күтушінің соған үлкен мән беріп отырганын сөздіреді.

*Бұғінгі күн — бір емес, мың жасадым.
Бір емес — мың... қуанышпен тасамын!*
(2-том, 162-б.).

Соңғы мысалдағы «мың жасадым», «мың тасамын» дегендер — нақты санауга келмейтін құбылыстың санын кесіп айту — синекдоха болады.

Тропаның кейіптеу тәсілі көп ақындарда кездесетіні сияқты Бейімбетте де қолданылады. Әсіресе табиғат көрінісі — пейзажды кейіптеу әдісімен суреттеуге біраз орын беріледі. Автордағы бір айырмашылық — онда Абайдағыдай кейіптеу күрделі, жайылыңқы болмай, қысқа қайырылады, жансыздың жандыға тән сезім, қимылды, әрекеті бір сәтке жалт ете қалатындағы әсер береді.

Көмескі нұрын тәғіт күмістей ай,
Жұлдыздар көзін қысып тұрып еді.
(1-том, 86-б.).

Табиғат күле қарап,
Сырды тартты қайдағы.
(1-том, 132-б.).

Ерініп ескен самал салқынымен.
Таң келді, жайды құшақ алпақ болып.
(1-том, 137-б.).

«Жұлдыз», «табиғат», «самал», «таңға» адамның мінезін аңғартатын әрекеттің таңылтуымен оларды жан шелеріндегі көзге елестегеміз. Бұлар — табиғат құбыныстарын кейіптеуге мысалдар. Ара-тұра табиғат құбынынан өзге жайларды да кейіптеу тәсілімен бейнелеу ақын өлеңдерінен табыла береді.

Меніреуланған Сарыарқа
Үйқысын берді, селт етті.
(1-том, 345-б.).

Домбыра шал үзіндінде сарнап, зарлан,
Кеткендегі ой-қиялғы жұтып-жалмап,
Бірсесе келешекті құлімдепіп,
Бірсесе жылағандай жауын қарғап,—
(2-том, 21-б.).

Демінетін үзінділерде Сарыарқа өлкесі үйқыдан кенет ұнған жан иесі болып, дембыра сарнап, зарлайтын, жайлай, қиялдай қуана, рәнжи білетін адам сипатында серінеді.

Майлиниң поэтик тілінде кейіптеу онша орын алмайды десек, тропаның символ, аллегория категориялары жоққа тән.

Ақын поэзиясында сөзеттік өмір шындығын жыршады, революциялық өзгерістердің насиҳатшысы, ұран-

шысы болды. Ол бейнелеп, түспалдаң, астарлаң сөйлеудің орнына идеясын ашық, анық сез өрнегімен жеткізу ді мақсат етті. Соңдықтан да ол аллегорияға, мысалға, символ-бейнелеуге қызықиады, өлең сөзінің кестесін идеялық-мазмұның бағындырыды. Трапалардың қай түрлерін алғанда да автор өлеңнің мазмұнын жете ашын беруге жәрдемін тигізерліктерін екшеп алды. Сонымен бірге ақын өлеңнің құрылышына мән бермей, тек мазмұн қуалаған жок, мазмұн мен түрдің үйлесімділігін табуға үмтүлды, шеберлігін жетілдіре берді.

Сөз образын жасаудың бір алуан жолы — ирония мен сарказм, гипербола мен литота екені әдебиет теориясын зерттейтін еңбектерден мәлім.

Шығармаларында юмористік стилі басым көрінетін Бейімбет иронияға көбірек үйір. Ең алғашқы өлендерінің бірі «Байлыққа» (1915).

Малымды тым болмаса мың қылмадың,
Штатқа шашатұғын аямастан! —
(1-том, 9-б.)

деп болыстыққа таласып, мал шашатын байларды мазақтайты, сырт қарағанда өлең жолдарынан байлыкты шын ниетімен тілеп отырған адамның қалпы танылалы, ал шын мәнінде олай емес, байлыкты сынайды.

Февраль революциясынан кейін, уақытша үкімет екілдерінің жер-жерде съезд ашып, бостандық, тенслік туралы сез сөйлеуден әрі ешнэрсе тындырмағанын сынаған «Съезд» өлеңінде:

Оңайы барлығының съезд болды,
Жияйық, облысты қой, уезге елді.
Жатыр ем жаздай тыныш, мен де дайын,
Сейлейін армансыз бір сілтеп колды, ²³ —

дейді ақын. Бұл — жоғарғыдай ирониялық тәсіл.

Сақалың сұп-сұлу, біо құлаш
Неше қыз ғашық бол қарады?
(1-том, 67-б.).

Қыздың шалға беретін бұл сұрағы — ирония, санағы сала құлаш кәрінің уылжыған жас қызға үйленбекші ниеті келемеж етіледі.

²³ Б. Майли н. Шығармалар, 1-том. Алматы, 1960, 25-бет.

«Өтірікке бәйге» поэмасында тазша бала ханды жеңу үшін, оның әкесін бұқалардың бағушысы ақсақ, соқыр шал етіп суреттейді:

Бағып жүрген бір көрі шал,
Ірің аққан мұрынынан.
Үсті дал-дүл, көзі соқыр
Жан шошырлық порымынан, ⁹⁹ —

деп ацы мысқылдайды, сарказмдық құлкі шақырады.

Болмыс пен құбылысты әдейі зорайтып, үлкейтіп, не кішірейтіп суреттеу де оқушының сезіміне, эмоциясына тиісінше әсер беруді көздеуден шығады. Саналы түрде болмысты өсіріп, асыра бейнелеу, болмаса шамадан тыс кемітіп жіберу, реалист ақында жөп орын алмайды. Әсірелеуді қолдануда автор, негізінде, ауыз әдебиетінің бейнелеу тәсілін творчестволықпен үйреніп, дамытып, өзінше кәдесіне жаратып отырады.

Қайғылы екен қара салған басына,
Құс жүзгендей көзден аққан жасына, —

дейді ақын азамат соғысында қаза тапқан батырдың жары туралы. «Көзінің жасы көл болды» дейтін оралым ауыз әдебиетінде бар, ал мына жана қолданыста сол сурет екінші қырынан көрініп, көзден аққан жастың құс жүзуге болатындай көп тегілгені әсіреленеді, үлгайтылып алынады.

Жаңа құрылышқа жалынды жігер, тегеурінді екпін мен кіріскен совет адамдарының аузына:

Қиялы таудан асамыз,
Талқан қып тасын басамыз! —

деген сөздерді салады автор. Қиялы таудың тасын талқандау образы әрі бейнелеу, әрі әсірелеу.

Ертегілік сюжетті поэмаларда тропаның литота түрі де кездеседі.

Баяғыда бала күнім,
Жер де жаңа жарапган.

Кектің жүзі тебінгідей,
Тау менен тас жоқ еді.

(1-том, 127-б.).

⁹⁹ Сонда, 127-бет.

Халық аузында, ауыз әдебиеті нұсқаларында «астанды алақандай, жерді тебінгідей қылды» деп айтыла береді. Мына өлең жолдарында ақын дағдылы идиомалық ұғымдарды жаңартып, өзгертіп, тың сурет жасайды, болмысты барынша кішірейтеді.

Поэтик тіл кестесінің бояу, нақыштарының өзгеше көрінісі — фигураға байланысты. Сөйлемдегі сөз байланыстарының түрлендірілуі, дағдыдағыдан әдейі өзгертуі — фигура амалдарына жатады. Бір сөзді бірнеше қайталау, дауыс толқынын құбылту, сөз орнын қалағанынша ауыстыру, бір ойды дамытып айту т. с. с. фигура тәсілін танытады. Осыған орай Бейімбет поэзиясының тіліндегі арнау, қайталау, шендерестіру, дамыту, инверсия және элипсис сияқты фигуralық сөз өрнектеріне тоқтала кетейік.

Ақын өлеңін біреуге, не бірдемеге қарата, арнай шығаруы мүмкін. Мұндайда арнаудың жарнай, зарлай, сұрай айтылатын түрлері мен риторикалық сұрақ амалы алғынады.

Бейімбет ең алғашқы өлеңдерінің бірі — «Мұқтаждықты» зарлай арнау әдісімен жазады. Өзінің тұрмыс күйінің таршылығын, қолының қысқалығын баяндал налиды, қайғырады:

Ай, мұқтаждық, кесел болып тұрдың
гоі!

Талапкерге қарсы тұзак құрдың гоі!
Қолды созып, бойды жазып жүргізбей,
Ауруы жоқ бір мүгедек қылдың гоі.
(1-том, 7-б.).

Жарлай, сұрай арнауларда автор өзімен-өзі кеңесіп, іштей ойлаган-толғанғанын сыртқа шыгаратындей көрінеді, өлеңнің басқа түрлерінде бейтарап қалғандай болып, белгілі құбылысты, болмысты суреттеп отырса, арнауларда ол бейтарап емес, өз атынан, өз тарапынан сөйлейді, өз сезімін ашады:

Жаным, неңі сезесің?
Қайғыдан ескі bezesің.
Жоқты ізденіп, әуре боп
Киялым, қайда кезесің?
(2-том, 15-б.).

Міне осы арнауда ақын жанымен, қиялымен кеңесіп, мұндасып отыр.

Жарлай арнауда ақын өз идеясын ашық көрсетеді, кімді неге шақырып, үндеп отырғанын айқын тұжырымдайды, Бейімбеттің Мырқымбай атымен байланысты көп өлеңдері жарлай арнау үлгісінде келеді. Екі мысал:

Қырындама, кел, Мырқымбай!
Туды, шуды кер, Мырқымбай,
Ен даланы сәулеттеуге,
Шын сертінді бер, Мырқымбай!

(2-том, 6-б.).

Ей, Мырқымбай,
Айда атынды, бұлқілдет,
Тұяғымен жерді дүңкілдет.
Белес-белес белдер бар,
«Беліне шықпа, іркіл» деп,
Кес-кестейтін жауын кім,
Жау емес, дос, сауын кім?
Сауына сауға дос қылып,
Жауынды айда, өңкілдет!
Өңкілдет те, өзің боп
Ортақ істі өркендет.

(2-том, 38-б.).

Арнаудың риторикалық сұрақ тәсілін шешендік сөйлеу амалы деп қарауга болар еді. Өйткені онда өлең формасында сұрақ қойылғанымен оған жауап қайырудың қажеті жоқ, сұрақтың астарынан-ақ жауабы дайын, тіл ұшында тұрады.

«Маржан» поэмасында Маржанның ішкі монологында риторикалық сұрақтың тамаша мысалдары жиі ұшырайды.

Бұл не сүмдық, шал күйеу бола ма екен?
Қатын қылып қызды шал ала ма екен?
Кемпір емес ауыздан тісі түскен,
Алғанына қызы оның бара ма екен? ¹⁰⁰

Келтірілген үзіндіден Маржанның сәбилік, аңқаулығы, қорқыныш-үрейленуі, актық серпілген тұяқтай әлсіз, дәрменсіз қарсылығы — бәрі де айна-қатесіз кез алдыңызға келеді. Маржанның сұрақтарына жауап та дайын, бірақ оны бұл жерде айтып жатудың қажеті жоқ: ол риторикалық сұрақ.

Арнаудың қай түрлері де Бейімбет поэзиясында жа-

¹⁰⁰ Соңда, 202-бет.

расымды қолданылады, өлеңнің идеялық-мазмұнын күштегіді, әсерлілігін артырады.

Сөзді, сөз тіркесін қайталап отырумен айтпақ ойды әдейі көрнекілеу, бірінші орынға қою, оқушы назарын аудару — фигураның қайталау тәсілі осының көздейді. Қайталаудың жай, еспе қайталау, синтаксистік параллелизм, анафора мен эпифора өрнектері жиі болмаса да Бейімбет поэзиясына өгей емес.

Оқу керек, білім алып,
Ел көгіне шашайық.
Елге барып, елге барып
Елде өзгеріс ашайық!

(2-том, 12-б.).

Бір шумақ өлеңнің үш тармағында «ел» деген сөз әр түлгада төрт рет қайталанады. Елдегі, ауылдағы халық бұқарасы арасында оқу, ағартушылық жұмысты жасарту қажеттігін айту үшін ақын әдейі мағыналы қайталаулар жасайды.

Алдыңғы шумақтарда айтылған ой түйіні кейінгі шумақтарда терендей қайталанып отырса, ол — еспе қайталау тәсілі делінеді.

Оқу бізге жыл құсы,
Бір кісі білсе — мың кісі
Віринен бірі алмай ма?
Мың кісі білсе, құр кісі
Ен даланан табылmas!
Тұман қалай арылmas!

(1-том, 387-б.).

Бұл жолдар әрі риторикалық сұрақ, әрі еспе қайталауга мысал болады.

Қайталаудың бір түрі — әр шумақтағы сөздердің синтаксистік байланысын бұзбай, жеке сөздерін шамалы өзгертіп алу — синтаксистік параллелизм.

Сенің зарың — зарлайтыным өмірге,
Сенің арың — арлайтыным өмірде.
(1-том, 112-б.).

Немесе:

Жырлаганым — кедейдің жыры,
Сырлаганым — кедейдің сыры.
(1-том, 289-б.).

Бір ескертке жететін жайт, ауызекі сөзде «біреудің арын арлау», «жырын жырлау» дегендегі тіркестер бола

береді. Жоғарғы мысалдарда Бейімбет осы дағдылы оралымдарды өзінше өзгертіп, түрлендіріп алады — «зарлайтыным», «арлайтыным», «сырлағаным» дегендей жаңа мағынадағы сөздерді батыл қолданып, синтаксистік параллелизм жасайды.

Өлең шумагының бастапқы сөздерін, не соңғы сөздерін өзгертуелеп қайталап отыру тәсілі де шеберлікті талап етеді, мұндай қайталаудан мазмұн сұйылтмау керек.

Жаздың лебі жүргегімді тартады,
Жаздың лебі қоздырады арқамды.
Жазды сүйген, жаз лебімен буланған —
Жас жүргегім ескереді қалқамды.
(2-том, 287-б.).

Күшті екпін, қарқынды екпін, құрышты
екпін,
Үдettі жүрген сайын жүрісті екпін.
Санаудың бірі мыңға, мыңы — миллион,
Шеңгелдеп салды ашып уыста екпін.
(2-том, 114-б.).

Екі мысалдың алдыңғысы — анафора, соңғысы — эпифора тәсілдеріне құрылған.

Жанды картина, оралымды образ жасауда фигураның шенdestіру тәсілі онтайлы болса, белгілі ойды сатылай күштейтіп, динамикалық серпінде беру үшін дамыту жолы ұтымды. Шенdestіру арқылы бірнеше шрихттан бір тұтас курделі сурет салынса, дамыту — айтылмақ пікірді өткір де үшкыр етеді.

Ғашығының үәделескен жерге келуін шыдамсыздана күткен жігіттің сезім толқуларын Бейімбет «Түнде» елеңінде:

Үміт, қауіп, қатерлер,
Сағынған жүрек, қайғы, шер.
Бір көрсем деп ынтығып,
Күрсінеді жана да, —
(1-том, 47-б.).

деп суреттейді.

Мұнда ішкі сезім дүниесіндегі бір-біріне қарама-қарсы, алшақ құбылыстар қатар қойылумен ғашықтық сипаты ашылып отыр.

Ауылдың жазғы пейзажын көзге елестету үшін ақын құс пен малды, жан-жануарларды қатар алғып, әр-

қайсысының жазда қалай жайрақ болғанын аңғартады:

Бозторғайлар әнге басты шырылдап,
Шалшық судан үйрек үшты пырылдап.
Қыстай баққан көтерем тай ерісте,
Жұытпайды маңайына қырындап.
(1-том, 135-б.).

Айтпақ ойды дамытып, бірден-бір ширатып отырудың мысалдарын ақынның социалистік құрылыштың пафосын жырлайтын өлеңдерінен көбірек табамыз, олай болуы түсінікті де. Жаңа әмір жасаушылардың қарқынды қимылын бейнелеуге дамыту әдісі лайық.

Ұмтыл, өрле, қолды соз,
Жарыста бейге ал, ілгері оз.
(1-том, 414-б.).

Қызыл туың от бол жансын!
Айдынына әлемді алсын!
Сасық тұрмыс шоқ бол күйіп
Күл бол үшсын, адыра қалсын!
(2-том, 4-б.).

«От бол жану», «шоқ бол кую», «күл бол үшу» — дамытудың баспалдақтары сияқты. Қызыл тудың от бол жануы — жаңа әмірдің құлпыра түсуіне баланады. Жаңа тұрмыс қимылдары ескіліктің іргесін сөгеді, шоқ етіп жағады да, күл қылып үшірып жібереді.

Сөйлемдегі сөздердің әдеттегі қалыптасқан орындарын тоғыстырып, сөйлемнің берер мағынасына өзгеріс енгізу, дауыс екпінін қалаған сөзге әдейі ауыстыру, инварсиямен контекстіге қарап анықтауға болатын сөзді қалдырып кету — элипсиске арнайы мысал келтірмесек те Бейімбет поэзиясында бұлардың азды-көпті қолданылып отыратынын байқаймыз.

Б. Майлин өзінен бұрынғы ақындардың өлеңді «қиыннан қиыстыру» үлгілерінен өнеге алды, творчестволықпен игерді, қазақ тілінің оралымдылығын жетілдіріп, сөздік қорын толықтыруға үлес қосты, тропа, фигура сияқты сөз мағынасын құбылтудың тәсілдерін өзіндік мәнері, кестесімен қолданды, өлең сөздің образды, ұтымды, тұжырымды, мағыналы болуын қалаї отырып, түр жарасымдылығын да іздеуде болды.

Тұтас алғанда Майлин поэзиясын халықтық поэзия деп бағалаймыз. Оның негізгі себебі — ақын өз халқы-

ның өмір өткелдерін, оның тарихи даму басқыштарын, ой-санасының өсіп, социалистік жаңа өмір құруда оз ролін атқарып келе жатқанын сенімді жырлады.

Бейімбет поэзиясының бастау бұлағы, түп тәркіні — халық поэзиясымен туыстас. Онда халықтық өлең-жыр, ертегі-дастан, айтыс үлгілері жиі кездеседі. Сөйтеп тұра ақын халықтық поэзияның, фольклорлық өрнектің аясында қалып қойған жоқ, өз өлең-жырларын професионалдық биік сатыға көтерді. Халық поэзиясына тән сыртқы түрді сақтаған шығармаларында да («Жаржар», «Жоқтау», «Көңіл айту», «Айтыс», «Ертегі», «Хат», «Тілек» т. б.) ақын жаңа мазмұнды, жаңа заман шындығын жаңаша жыр етті.

Оз халқының айрықша белгілерін бейнелей алған поэзияны ғана халықтық поэзия деп санайды, В. Г. Белинский.

Әр ұлттың, халықтың айрықша белгілеріне оның тарихи қалыптасқан дәстүрі, психологиясы, әдет-ғұрпы, әдүниә танымы, эстетикалық талғамы мен өзгешеліктері т. с. с. жататыны мәлім. Бұған қоса бір ұлт, халық өкілі бет пішінінің типімен де екінші бір ұлт адамынан өзгешеленеді.

Осындай ұлттық характердің көріністері Бейімбет поэзиясынан молынан орын алады. Ақын поэзиясы түгелдей қазақ халқының тұрмысын, салт-сана, дәстүрін, әдет-ғұрпын, психологиясын көрсетуге арналды. Автор жақсыны дәріптей отырып, олқы-осалдықты сынады, станын, халқын сүйді, оның жарқын болашақ үшін жүргізген күресін мадақтады, жаңа өмір құрудағы табысын құттықтады.

Бейімбет поэзиясының ұлттық, халықтық бір ерекшелігі — биязы юморында. Қай әдебиетте болса да юмор ұлттық материалдан тоқылады, ұлттық бояумен түрленеді. Орыс пен украин, грузин мен қазақ юморы бірдей емес. Ол — әр ұлттық ойлау-түйсіну қабілетінің, әқыл-ойының психикалық табигатына байланысты. Орыс халқының юморын қазақшаға аударса, ол өз тілінде айтылғанындей әсер бермеуі мүмкін. Сол сияқты қазақ юморының астары орыс оқушысына жетпей қалады.

Бейімбет юморы ешкімді қайталамайтын, қазақ халқының ұлттық ерекшелігін танытатын құбылыс.

Революция толқыны Россияның ең қыыр түкпіріне

де жетіп, еңбек адамының санасына өзгеріс туғызды, оны жаңаша ойлауға, сезінуге, өмірге жаңаша қарауға мәжбүр етті.

Таңдаулы өлең, поэмаларында ақын осы шындықты шертті, оның әйгілі кейілкери Мырқымбай да осы тұрғыдан бейнеленеді. Мырқымбай образының қалыптастыры — бүкіл қазақ халқының тағдырымен тығыз байланыста көрсетіледі. Қазақ халқының ұлттық характерінің бірқатар өзгешеліктері Мырқымбай басына жинақталған. Ол — тәзімділік, сабырлылық, мейірімділік, жомарттық, еңбекке құштарлық, оптимистік, жаңалыққа жақындық т. б. Раң, мұндай сипаттар басқа ұлт адамында да болуы мүмкін. Эр ұлт адамдарына да ортақ интернационалдық белгілер ұлттық ерекшелікті жоққа шығармайды. Мырқымбайдың портреті, психологиясы, қүйініш-қуанышы, кәсіп-характері, барға қанағатшылдығы нағыз қазақты танытады. Әкесінің Мырқымбайға кейігенде, оған нағашың Ұбырайға тартып қарыспа болдың деуінен-ақ Мырқымбайдың ұлты қазақ екені білінеді. Баласына ренжігенде, не оны әзілдегендеге, нағашың жаман деп сыйн таға сөйлеу қазакқағана тән нәрсе. Қазақта «Нағашысы жаманның жиені оңбас» дейтін мәтел де бар.

Мырқымбай бойындағы ұлттық характер оның басына киген сеңсең тымағы мен үстіндегі қаудыр тонынан, болмаса тақыр кедейлігінен көрінбейді, бүкіл тұрмыс-болмысынан, сана-парасатынан айқындалады.

Кекшолагын
Сипап ұрып,
Мырқымбай жүр кесіпте:
Құр ашығу —
Әурешілік,
Не жетсін, — дейді, — кесіпке! ¹⁰¹

«Оразада» өлеңінен алғынған мына шумақтан Мырқымбайдың қазақ шаруасы екені, оның ораза, намазды өтеуден гөрі реальді күн-көріс қамын ойлайтыны сайрап тұр. Қазақ кедейінің кекшолақтан қол үзбеуі, сонымен кәсіп қылып, қатын-баласын тарықтырмауға тырысқаны шындық.

Орыс шаруасын диханшы, балташы, ұста; өзбек шаруасын кетпенші, мұраб; белорусс шаруасын балық-

¹⁰¹ Сонда, 105-бет.

шы етіп суреттеу қандай табиғи болса, қазақ кедейін малшы жейпінде алу әбден табиғи, орынды.

Мырқымбайдың барға қанағаттанғыш, кедейлікке мойымайтын, жарқын болашақтан үміті зор екенін ақын мен Мырқымбай арасындағы мына диалогтан көреміз.

- Е, Мырқымбай, қалайсың,
Есендік пе мал, жаның?
- Шүкір, шүкір, отырмыз,
Тілеуін тілеп қарғаның.

Мал деген жалғыз ат,
Сауган сиыр байдікі.
Құда боп ем, қыз беріп,
Өгіз Ормантайдікі¹⁰².

Шаруа күйінің, кәсіп-табысының жетімсіздігіне то-рығып отырған Мырқымбай жоқ, «қарғаның тілеуін ті-лейді» ол, жас үрпақтың болашағына үміт артады. Бай-дан сауын сауғаны үшін, онан жалшының қамытын киіп отырғанына қарамастан өзіндегі кедей Ормантай құдасына жалғыз өгізін сыйға тартуға сараңдық қыл-майды.

Қазақтың еңбекші халқы қашан да достықтыққа, сыйластыққа құштар, қолда барын жақынына беруден аямайды. Мырқымбайдың жомарттығы — ұлттық ха-рактердің бір қыры.

Мырқымбай өз халқымен бірге өмір мектебінен өте-ді. ол — жол ауыртпалығы, қын асулады мен бірге күрес, ілгері даму сапары. Мырқымбай тағдыры арқылы біз қазақтың еңбекші бұқарасының санасының ояну, жетілу әволюциясын танимыз, халықтың жасампаздық касиетін қадір тұтамыз.

Майлин поэзиясы қазақтың қалың бұқарасының тарихи жасампаздыққа көтерілуін бейнеледі. Ол тұста ұнамды образ — жаппай көзделсетін құбыллыс болса, бұрын қаналып, жанышылған қарапайым адам Проме-тейге, жаңа өмірді жасаушыға, өз тағдырының билеу-шісіне айнала бастап еді, ақын осы аса маңызды өзге-рісті халықтың поэзия тілімен кестеледі. Майлин по-эзиясының басты проблемасы халық тағдыры, негізгі жайпкері — қалың қалың бұқарасы.

¹⁰² Сонда. 311-бет.

КӨРКЕМ ЭҢГІМЕ ЖӘНЕ ШЕБЕРЛІК

Шынында жазу өнеріне шағын әңгіме арқылы төселу керек, үйткени шағын әңгіме авторды сөзді үнемдеп қолдануға, оқиғаны қою етіп казууга үйретеді.

A. M. Горький.

Қазақ әдебиетінің жанр-жанрга салаланып, қалыптасып, дамып көркеюі негізінде Октябрь революциясынан кейінгі дәуірде болды. Бұған дейін қазақ халқы ауыз әдебиетінің ұшан-теңіз мұрасын поэзия түріндеге сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырды. «Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін бұл әдебиет, негізінде, тек бір жанр — поэзия саласында ғана дамыды. Прозаның бірен-саран элементтері жаңа пайда бола бастаған»¹, — деп жазды академик М. Әуезов. Бұлай болуы қазақ халқының тарихи дамуының ерекшеліктеріне байланысты еді. Проза жанры бізде ең алдымен әңгіме, мысал түрінде жарық көрді.

Көркем әдебиетіміздегі прозаның бастапқы көрініс, нұқсаларын еске алғанда, Ұбырай Алтынсарин мен Абай Құнанбаевтың прозалық шығармаларын бірінші айтамыз.

Ағартушы-демократ, жазушы-педагог Ұбырай Алтынсарин қазақ әдебиетінде көркем проза жазудың тұңғыш тәжірибесін жасады. Оның прозалық шығармаларының идеялық бағыты үлгі-өнеге, өнер-білім, тәлім-тәрбие беруді көздесе, түрі шағын әңгіме, новелла, өнегелі сөз болып келді. Ұбырай әрбір әңгімесін белгілі тақырыпқа құрып, онда қатысушы кейіпкерлердің жекелік бейнесін суреттейді, композициялық жинақтылық-

¹ «Қазақ әдебиеті», 1960, 28 август.

тің саңғайдым, әңгімені өз оқушыларының қабілетіне, жаңа ерекшеліктеріне лайықты құруға тырысады. Сейтін, қазақ әдебиетінде соны көркем проза жанрының алғашқы кірнішін согуда Ыбырай Алтынсариннің еңбетін тиесінше бағалауымыз керек.

Қазақ прозасының әуелгі арнасын барлағанда, ұлы ақын, озық ойлы философ, гуманист-агартушы Абай Құнанбаевтың қара сөзben жазылған философиялық, насихаттық-публицистикалық, өмір танытушылық мұрасын естен шыгаруга болмайды.

Абайдың қара сөздерінің ішінде әңгімеге жуық көзтіндері бар. Олар өзінің қозғаған мәселесін дәлелді, макты, ұтымды баяндайды, тілі қысынды, шебер, ой тәркіні бай келеді. Бұл қара сөздер қазақ прозасының бастапқы үлгі, жұрнақтарын танытарлық бағалы ес-көркінштер болып қалды.

Октябрь революциясынан бұрынғы көркем проза мұрасы катарына Ы. Алтынсариннің дидақтикалық, есеккіләрдегі әңгімелері мен Абайдың нақыл сөздерін, С. Торайғыровтың алең аралас жазылған «Қамар сұлуын», Ы. Небоевтің «Қалың малын», Б. Майлиннің «Шұғалың болғасын» алғашкы нұсқасын косамыз. Саусаклен сапарлыштай аз тана есеккіштер бұлар.

Социалистік реализмнің қазақ прозасында калыптасқын арнайты өөртеген әдебиетші-ғалым М. Қаратасевтың «Октябрь революциясы карсаңында қазақ әдебиетінде проза жанры фольклорлық калыптан жана ғана өзгөн, шын мәтіннегін көркем прозаның үлгілерін солдай ғана бастаған болғасын»¹. — деген пікірі жетары алғандағының расстойты.

Қазақ совет әдебиетінде проза жанры бұрынғы деңгээрде ишерे стырыны замұдан бері жаңадан жарынна салынған, тұрғын жол салтуға дүшар болды. Оның жаңадан жасалған, есімдамуы, кемелденген совет заманының жемісі мен карау жақсет.

Қазақтың көркем әңгімесі шынында Октябрь революциясынан ілесе, өмір талабына сәйкесті жарынна салынған, біртіндеп әдебиеттегі өз орнын анықтады, жаңа әрдайык ерекшеліктерін тақытты.

Жойылымасының жылдар бойынша жаңа жаңуздық іздеушілер алғашкы жемістерін берді. Әдебиеттің

¹ М. Қаратасев. Социалистік реализмнің жанры, проза және ежелгің көзінде. Ашықтау, 1996, 127—128-беттер.

де новелла, әңгіме жиі көзге түсे бастады. Жиырмасынышы жылдардың бірінші шартысында басқа жаңрлармен қатар әңгіме, очерк, повесть жазушылардың қатарында Б. Майлин, С. Мұқанов, Ф. Мұсірепов, С. Шарипов, С. Сейфуллин, М. Әуезов, Ф. Мұстафин, Е. Бекенов т. б. бірнеше авторларды атауға болады. Б. Майлиниң «Шұганың белгісі» (алғаш баспа бетінде жариялануы — 1922 ж.), «Күлпаш», «Талақ», «Кедей теңдігі», «Құлтай болыс», т. б., С. Сейфуллининің «Айша», М. Әуезовтің «Қорғансұздың күні», «Жетім», «Жуандық», С. Мұқановтың «Тұсімде», «Әсия» және басқа да авторлардың бірқатар әңгімелері мен очерктері сол кезеңде пайда болған көркем прозаның алғашқы қарлығаштары. Аталған шығармалардың идеялық-көркемдік дәрежесі біркелкі деуге болмайды. Алайда проза жанры жаңа қалыптаса бастаған қазақ әдебиетінде бұл туындылардың лайықты орны бар.

Көркем проза жаңрында жаңа бастаған авторлар жаңа жанрды барлау, өз мүмкіндігін байқау, революциялық шындықты көрсетерлік жаңа тәсілді табуға үмтүлу сияқты кезеңді бастирғыштан еткізді. Творчес-
воловық ізденіс жылдары әдебиеттіңде проза жанрның да жедел дамуына жақсы жағдай туғызыды. Жаңа жанрға тәселеу, көркемдік әдісті игеру қындықтан, кідіріссіз болған жок. Сөйті тұра балан прозаның әрбір жаңа туындысынан алға ілгерілеудің бір нышанды, жүрнағы болса да байқалып стыруды. Әдебиет тарихы үшін жылт етіп көрініп, жалт етіп сөніп қалатын емірі шолақ нәрселерді мәлшерлең, салмақтаудан гөрі қазіргі кемелденген проза сарайының жеке кірпіші, желім-шегесі болуга жараған, жылдар сынынан етіп, бүгінгіге үласқан мұраны танып-білу анағұрлым қажеттірек. Қай тарихи кезеңде жазылса да нәрлі шығарма ескірмейді, ал нәрсіз дүние үмит болады. Қазақ совет әдебиетінің қалыптасу жылдарының өзінде-ақ Б. Майлин, С. Сейфуллин, С. Мұқанов, М. Әуезов, Ф. Мұсірепов, С. Шарипов сияқты қаламгерлер сын көтерерлік прозалық біраз шығармалар бергеніне ешкім таласпаса керек.

Қазақ әдебиетіндегі реалистік проза жайлар айта келіп әдебиет зерттеушісі, ғалым Е. Ісмайилов: «Мен осы ретте 20-жылдардың бас кезінде жарыққа шыққан идеялық мазмұны бір сарында «Қорғансұзды-

даң күні», «Айша», «Шұғаның белгісі» — прозадағы ең алғашқы реалистік шығармалар деп атап едім. Бұларның моніндегі үлкен проза емес, бірақ революцияда дейнігі жазылған прозалық шығармалардан ана-тұрлым коркем, орыс әдебиетіндегі реалистік дәстүрге шықташ бет бұрган тенденцияны аңғаратын туындылар еді»³, — деп жазды.

Оғынау пікірді қостай отырып, біз үздік сөз зерттерлөрінің бірі Б. Майлиниң көркем проза жазудағы ерекшелігіне, асіресе оның әңгіме, очерк, фельетон жиынтық жанрдың шағын түрлерін қалыптастырып, дамытудағы творчестволық ізденіс, табыстауана, шеберлік, стильдік ерекшеліктеріне тоқталмадыныз.

Жаңа дәуірмен бірге дүниеге келген қазақ совет әдебиетін жедел қалыптастыру және дамыту жолында дамылсыз қалам тартып, әдеби жанрдың әр түрінде де өнерін танытып, артына мол мұра қалдырган Б. Майлиниң зор талантты проза жанрында көп қырым мен көрінді. Автор поэзия, драматургия саласында біраз шығарма берсе де, кейін езі қалап алып, көптен-көп құйттеген жанры — проза, көркем әңгіме мен шағын өмістің болды. Жазушының жүзден астам прозалық көркем туындылардың авторы екенін ескерсек, соның дәл көлемі ыкшам көркем әңгіме мен повестер еді. Жайылбекшің үзектілес қаламгерлердің бірқатары-ақ шүслиде көркем әңгіме жазғандарымен көп үзамай баска жаңыларға ауысып отырды, бірқатарлары әңгіме жазуда кейін та жетті. Ал Бейімбет болса, ол өнер сапарында орта шешімде лейін елең, әңгімені катар жазып жүзуге кейін біреколын прозага тоқтады. Әңгіме сиякты жаңылардың екіншік ерекшелігін, оның казак халқының ұрмызынан лайық түрлерін жетілдіре беруге қыруар еңбек сілдірді.

Хлы сыныны В. Г. Белинский орыс әдебиетінде повестік (ол көзде «әңгіме» деген термин белектенбей, «повесть» жанры «әңгімелі» де қамтыған. — Б. Н.) туу сәжаттері мен бул жанрдың өзіндік ерекше силатын бынайша түжірымдайды: «Біз іекүмар адамдармыз, — үшін көрсетеді В. Г. Белинский, — біз үнемі асығыс ерекшті боламыз, бізге уақыт қымбат. Віздің көлемді кі-

таптарды оқып отыруға мұршамыз жоқ, сөйтіп, бізге повесть қажет. Біздің қазіргі өміріміз соншалық әр қи-лы, орасан күрделі, сан-салалы; біз оның поэзияда көн қырлы хрустальдағыдан мүмкін болған бейнеде ми-лиондаған рет қайталана көрінуін қалаймыз да, повесті талап етеміз. Былайша айтқанда, драмага арқау бета қоймайтын, романға тапшылың ететін, бірақ ғасырлар бойы бастан кешіріп болмастаң жәйттерді қас қағым сәттің өзіне шоғырластыратын терең мәнді уақыфалар, жағдайлар болады: повесть осындай құбылыстарды таңдал алады да, өзінің тар шеңберіне сыйғызып жі-береді»⁴.

Майлин жуан ортасында болған советтік өмір шыни-дығы — социалистік құрылым күнделігі ішкі мазмұна мейлінше бай, татымды құбылыстарға соншалық томы еді. Сондықтан бұл дәуірде әңгіме жанрының қажеттігі анағұрлым арта түсті, оның аткарап міндеті ұшан течіз болды.

Сан алуан өмір құбылысын қай қырынан алып кор-сетуге де көркем әңгіменің икемдігі толық жетеді. Өзіндік мүмкіндіктерін зергерлік шеберлікпен үнемдеп жа-ратса, қысқа әңгіме шеңберіне көл-көсір мазмұн сыйғы-зуға болады. Шағын жанрдың мұндай қасиетін терең ұғынғанын Майлин өз шығармалары арқылы дөлелден берді.

Майлин қалың бұқара арасынан шыққан, өмір ты-нысын тани білген, тұрмыс алға тартқан мәселелерге өз творчествосымен тұра да әділ жауап беруге үмтүлзан актуалист жазушы еді. Осыған байланысты ол, біріншіден, шығармаларында көкейтесті мәселелерді көтерді, екіншіден, әңгімелерінің көпшілік еңбекші қауымта жақын, түсінікті болуын көздеді. Сөйтіп, шығармасының ішкі мазмұнына қарапайым адамдардың тағдырын шертетін сюжетті алса, оның сыртқы түріне бас-аяры жинақты әңгіме, новелланы лайықты деп білді.

Дәуір сипатын тұтастай алып, тереңнен қозғап суреттейтін көлемді повесть не роман жазу үшін, ұзақ уақыт қажет болса, заман ағысының типтік құбылыстарынан маңыздысын көркем әңгімеге өзек ету сергек сий-лы жазушыдан айлар, жылдарды тілемейді. Бұдан әнгі-

⁴ В. Г. Белинский. Шығармалар жинағының үш томды-ты, 1-том (орыс тілінде). М., 1948, 112-бет.

мә жазу әркімнің-ақ қоғынан келе беретін оңай іс екен дегендегі устірт ұғым шығаса керек. Қызылжылды да қысқа жазылған әңгіме тек шебердің қаламынан туатынын дәлелдеудің өзі артық.

Әңгіме сияқты жеңіл жанрдың тағы бір тиімділігі — оны мерзімді баспасөз бетінде жариялад, оқушы жүргішілердің назарын тез аударуга ыңғайлылығында жатыр. Өмір мен тұрмыста етектен тартар ескілікті өзіндерелеп, оның жойылышын шешім айтқан, біртіндеп белгі беріп көрініп, жедел қаулаш есіп, буыны беки бастаған жаңалықтың жақтаушысы болған Бейімбет әр шығармасының пәрменеді болуын, социалистік құрылымы міндеттерін шешуге септігін тигізуін шарт етті. Бірі оқып берсе, оны тыңдалап алыш, мазмұнын ауыздандыруызға айтып беруге лайық оның құлкілі әңгімелері ел арасына лезде жайылыш, сол тұста, насихатшылық, үйітшілік зор роль атқарды.

Майлиниң творчестволық тәжірибесі біраз молайған кезең республикамыз тарихында саяси, мәдени, экономикалық өрлеудің бастамасына тұра келеді. Бұл ілгерілеу, өркендеу тартыссыз болған жоқ, социалистік құрылым үшін табанды да қажырлы күрес өмірдің барлық саласында қызыу жүріп жатты.

Сол өрлеудің ерекше сипатын, жалпы советтік қоғамның даму қарқынъын Бейімбеттің өзі былайша дәл Сейнелеп береді: «Он жысар баланы қазақ «атқа шауып жүрген азамат» дейді. Азаматқа өмір болған он жылды біз басымыздан тез өткізетін болдық. Минут сайын құлпырған өмір, алыс-жұлдыз, жеңіс-қуаныш, жаңа мақсат, жаңа күрес, ол жылдарың ойнап өте береді. Жылдан істейтін жұмыс қас қиеканша орындалғанның кебі. Кешегі көргеніңді бүгін танымастай боласың — жаңару, өзгеру»⁵, — деп жазды ол.

Халқының өміріндегі мұндай қауырт жаңарудан шын суреткер бой тасалап қала алмайды, қайта оның творчестволық жігері тасқындал, қиялы қанаттана түспек. Майлин де дәл осындай творчестволық сәтті бесінан кешірді.

Жазушы күрес пен жеңіс күндерінің ұмытылмас уақыттарын өз әңгімелерінде молынан қамтуға құлаш үрді. Тарихи дамудың алыш қарқынъынан кейін қалмау үшін де, жаңа өмірге тән қаулаған жаңалықты дер

⁵ «Әдебиет майданы», 1935, № 9.

кезінде байқап, өмірдің көркем шежіресін жасау үшін де әңгіме жанрының сұтайлылығы Бейімбеттің назарын аударды, қатты қызықтырды. Оның әңгіме жанрында енік жазуының бір себебі ссында деп білеміз.

Майлин әңгімелерінің тақырыптық шеңбері кең, оларда қазақ даласының тіршілігіндегі тубірлі езгерістер әр қырынан егжей-тегжей суреттеледі. М. Әузовтың: «Бейімбет әңгімелерінің көп топтары революцияның ең алғашқы жылдарынан бастап, отызыншы жылдардың ортасына дейін совет дәуірінде қазақ ауылында болған өмірдің ұзақ көркем шежіресі деуге болады»⁶, — дейтіні осыдан.

Автор қаламынан 1915—1935 жылдар арасында туған көркем әңгімелерінде қазақ кедейінің революцияға дейінгі жай-күйі; революция жеңісінен кейінгі жылдардағы тап тартысы; советтік құрылымын мәдениет революциясының жеңістері, қазақ кедейінің сана-сезімінің ояну-жетілу процесі; өмірде, тұрмыста ескі мен жаңаңың тартысы, жаңаңың мереійінің үстемдігі молынан қамтылып, тереңнен алынып суреттеледі. Өз тұсындағы өмір шындығынан Бейімбет қаламына ілінбеген тақырып кемде-кем. Әрине, жазушы көзі көрген, құлагы естігеннің бәрін тізе бермеді. Өмір шындығынан тек ең маңызды деген құбылысты іріктеп алып, типтендіру жолымен ескірмес көркем туындылар жасады.

Қандай проблеманы көтерген, қандай тақырыпқа ариналған әңгімелерінде де ол революциялық күштің жеңісін паш етуге өнерін салды.

Жазушы белгілі бір тақырыпқа бірнеше әңгімелерінде қайталап соғып отырады. Бірақ тақырыбы ұқсас, идеясы үндес бірнеше әңгімелер бірін-бірі қайталамай, соңғылары алдыңғыларын толықтыра, кейіпкердің екінші бір жаңа сапасын ашта, жетілдіре түседі.

Негізінде тақырыптық түйіні бір әңгімелер әр жылдарда жазылғандықтан оларды жинақтап, топтап қарастыру тиімді. Мұндай принцип жазушы шеберлігінің қалыптасу, даму жолдарын бағалауға мүмкіндік туғызады, қажетсіз қайталаушылықтан құтқарады. Осыны ескере отырып, Майлин әңгімелерін оларда су-

⁶ М. Әузов. Советтік Қазақстан ғылымы (жинақ). Алматы, 1960, 618-бет.

реттелетін өзекті құбылыстар бойынша шартты түрде болса да топтастыра талдауды дұрыс көреміз. Шартты түрде дейтініміз: Бейімбеттің өзі ескерткеніндей, «өмір жыры тұжырып, түйіндеп айтуна көне қоя ма», сондықтан негізінде бір тақырыпты қозгайтын шығарманың өзінде де талай қос қыртыс мән-мағына қосарла-на ашылып жатуының да зерттеуші назарынан тыс қалмауы тиіс.

Майліннің алғашқы әңгімелері махабbat, семья тағдыры, моральдық мотивтерді өзек етеді.

Біздіңше, махабbat, семья жайларын қозгайтын әңгімелер тобына: «Шұғаның белгісі» (алғашқы нұсқасы 1915), «Қырмызы» (1921), «Құлпаш» (1922), «Көшпелі махабbat» (1923), «Зейнештің серті» (1923), «Талақ» (1923), «Ел күйеуі» (1925), «Әже» (1926), «Тасболатты» (1927) атауга бөлады.

Махабbat мұнын шергетін әңгімелерден кейіпкердің ішкі жан-дүниесін нәзік суреттейтін «Қырмызыны» атауга лайықты. Ел намысын қорғау үшін, жаумен айқасқа аттанған сүйгені Қамбарды сарғая күткен Қырмызы қызға желдің уілі, бұтаның сыйбыры Қамбардың келе жатқанын елестеткендей болады. Артынан Қамбардың қазасы жайлы суық хабарды есітіл, қыз жаны жазылмастай жарапанады. Ел қамын, халық мұддесін қорғау қатал күресті қажет ететінін, ал күрес құрбандақсыз болмайтынын әңгімeden аңгарамыз. Қырмызы қыздың бейнесінде адал, тұракты махабbat несін көреміз.

Майлін махабbat тақырыбына әр қырынан келіп, бұл қасиетті, үлкен сезімді ардақтай білмей, әсіре қызылдыққа салынып, «сүйдім-күйдім» деп бер жағынан айтып, айналса, уәдеден тайын, гүлден-гүлге ұшатын, жәбелек қалиның көрсететін тұрлаусыздарды қалтарыста қалдырмайды. «Көшпелі махабbat», «Зейнештің серті» әңгімелерінде осындағы жайлар автордың назарын аударады.

«Зейнештің серті» қат-қабат тартысқа құрылған әңгіме. Зейнеш совет үкіметі орнауының алғашқы жылдарында өмір сүреді. Мұның басына тендік әперерлік күш те жоқ емес. Алайда қазақ қызының өз бостандығын шындалп сезінуі, өз мұддесін қорғауға қаймықтай қадам басуы бір демде пайда бола қалатын нәрсе емес, санаға біртіндеп енетін курделі өзгеріс. Зейнешті

бұралаңсыз тура жолмен әкеліп бақытқа кенелтсе, жазушы өзінін реалистік мәнерінен жаза басқан болар еді.

Зейнеш қызы Асылбекті сүйе тұра, өзі сүймейтін басқа біреуге баруга іштей наразылық білдіре тұра, жемежемге келгенде, ескі дәстүрдің ауыр жүргін иығынан сілкіп тастай алмайды, көнбістік көрсетіп, үлкендер билігіне құлақ асады, бой ұсынады, Асылбекке берген сертінен таяды.

Автор «Зейнештің суретінде» қазақ қыздарына серпіл, оян, өз тенденцияларынан да көнбістік, жігерсіз ынжықтық мінездерден без дейді.

«Зейнештің сертінің» жазылу тәсілінде де біраз өзгешелік бар. Әңгімені айтып беруші мұнда жоқ. Оның орына уақығаны бейтараптан суреттеу, диалогты жиі қолдану көбірек көзге түседі, сюжет қысқа-қысқа әниздіктер арқылы беріледі. Мұндай тәсілдер жазушы шеберлігінің арта тусуіне кепіл болады.

Әйелдің бас бостандығы тақырыбын толғайтын әңгімелерден идеялық-көркемдік сапасы татымды, замана тынысын аңғартатын, өмірге ене бастаған жаңалық құбылысты мензейтін «Ел күйеуі» туралы бірер сәз айта кету керек болар. Әңгімеде бір кезде қалың малды үйіп-төгіп беріл, өзін сүймейтін Бигайшадай сұлуға үйленген Жұматай ол қайтыс болғанынан кейін, тағы үйленбек болып қыз іздел сабылады. Бірақ ендігі жерде малға сатып ала қоятын қыз табылмайды. Қыз еркі өзінде, оған сүйгеніне қосылуға ешкім кедергі бола алмайды, сүймесіне ешкім зорлап бере алмайды. Жолы болмаган Жұматай «ел күйеуі» деген келемеж атқа ие болады.

Майлиниң проза жазуға төселе түскенін осы «Ел күйеуінен» де байқау қын емес. Жазушы шеберлігі кейіпкер портретін бейнелеуде ерекше көрінеді. Ел күйеуі — Жұматайдың психологиялық портретін автор қанық бояуларымен көз алдымызға елестетеді. Портреттегі Жұматайдың сыйқы тым-ақ жексүрүн: «Жұматай өміріне кісімен ашылып сөйлескен адам емес. Қабагы жабылып, иығы салбырап, сүзектен тұрған адамша қатып-семіп тұнжырайды да отырады. Қайғыға кездессе, құлап қайғыруды білмейді; қуанышқа кездессе тасып қуануды білмейді, ашуы келсе, шошқаға ұқсанап қорс етеді. Нақа бір жадырап кеткендей

болса, аузын ыржитып күлген болады. Бірақ мұнысы да нағыз күлкі сияқты емес, күлкі болғанмен де, дені дұрыс адамның құлқосінен әлдеқайда бөлек тұрады»⁷.

Байлығына сеніп, қыз алудан дәмелі болып жүрген Жұматайдың Рәш қызыға кездескен сәтін де автор олардың портреттік сипаттамаларын берумен шектеп, Жұматайдың Рәшқа тең еместігін түйіндеді.

Түрінен адам шошырлық Жұматайдың сұлу қызын қатар тұрғанын көргенде-ақ оқушы онан жиіркене түседі. «Жайылып біткен шырпыдай бет-аузы жұнжұн болып, үңірейіп Жұматай тұр, қараторы қөзі күлімдеп, талдаң өрген шашын арқасына бос салып, Жұматайдың баласында болып Рәш тұр»⁸. Осындай шеберлік тәсілімен автор өз нысанасына тұра жетеді, кімді жақтап, нeden түңілетінін анық аңғартады.

Махаббат, семья циклындағы әңгімелер қатарына «Күлпаш», «Әже» және «Талақты» қосуға болады. Бұлардың алдыңғы екеуі бір сарындағы та, соңғысы ерекшеледеу.

Семья беріктігі, семья татулығы, семья бақыты жылдар бойына қалыптасып, шындалады. Семьяның әрбір мүшесі жеке-дара жүріп бақытты бола алмайды, өз бақытын семья қоршауындаған толықтай сезіне алады. Семья бірлігін бұзушы мұратына жетпек емес. Күлпаш («Күлпаш») пен Зылиха («Әже») осы айтылғандарды дәлелдейді.

Аштық шенғелінен құтылу үмітімен ері Мақтый мен баласы Қалиды тастан Жұмағазыға тиген Күлпаш та, біреулердің әзәзілдігіне еріп, ері Қарымсақты, балалары Ұлпа мен Бақытты шулатып тастанап, Кәрібайға қашып кеткен Зылиха да шалыс басқандарын кейін біліп, жандарын жеген қайғыға душар болады, бұрынғы күйлеріне қайта оралуды арман етеді.

Семьялық трагедияның негізгі себебін автор кедейлік пен байлыққа тірдейді. Дәүлеті барлар жоқшылыққа жолыққандарды жем етуге тырысады, солардың әмір күйзелісінен өздеріне олжа тапқысы келеді. Мақтыйның кедейлігін, үйіндегі аштықты пайдаланып, Күлпашты азғыртып алатын Жұмағазы, Зылиханы

⁷ Б. Майлін. Таңдамалы шығармалар. Алматы, 1958. 320-бет..

⁸ Сонда, 324-бет.

مەلەكىنلىق ئەلمانىڭ سەھىپىسى

1926

مەلەكىنلىق سەھىپىسى

کۇلپاش.

(اڭىشكەنار سەھىپىسى)

مەلەكىنلىق

ئەلمانىڭ سەھىپىسى

ئەلمانىڭ

ئەلمانىڭ

ئەلمانىڭ سەھىپىسى

ئەلمانىڭ

ئەلمانىڭ سەھىپىسى

ئەلمانىڭ سەھىپىسى

«Күлпаш» китабының 1926 ж. басылымының титул беті.

семьясынан айырып әкеткен Кәрібай нәпсі құлы, тасбауыр жандар. Бірді-бірге соғып, пайда түсіруді кәсіпке айналдырған Жамақ, Сарылар жемсауын толтырса, қандай сұмдық істерден де тайынбайтын қара ниеттер. Бұл әңгімелерден шығатын тағы бір қорытынды, семья бірлігін қадірлей біл, қандай қызыншылыққа да семьяңмен бірге төз, оны шайқалтсан, қайта қалпына келтіру мүмкін емес.

Семья беріктігінің, махабbat күшінің шаригат қаридасынан жоғары екенін автор «Талақ» дейтін новелласында көрсеткен. Мұнда ерлі-зайыпты Айдарбек пен Зейнеп арасындағы үй-іші қақтығыс, реніш соңынан татуласуымен біtedі. Томырық мінезді Айдарбек ашу үстінде әйеліне «талақ» деп алғып, соңынан осы кесептты сөзді қайдан айттымға қалады. Айдарбектің ақыл-ой таразысының бір жағына шаригат шартын сақтап талақ қылған әйелінен біржола айрылу, екінші жағына шаригат бұйрығын бұзып, «талақ» деп қойғанына қарамастан әйелімен қайта қосылу сияқты салмақ салынады. Асылында, Айдарбекке қайдағы бір дерексіз шаригат заңын бұзбау борышынан да жанындағы жұбайы қымбат көрінеді. Сондықтан да Айдарбек әйелінен айрылмауды мақұлдайды.

Жастайынан қосылған жарынан өзі мәнін жете ту-сінбейтін «Талақ» шартына бола ажырасып кетуді Зейнеп те қолдамайды.

Сөйтіп, автор тұрмыста болған ашу, реніш, қақтығыстарға семья беріктігі төтеп бере алатынын меңзейді. Әңгімeden «Талақ» туралы шаригат қағидаларының бос сез екендігі, оның махабbat күшін әлсіретіп, не күштігүе құдіреті келмейтіндігі әйгілі болады. «Қасиетті» талақ сөзі сәби Құләмзаның қуыршағына ренжігенде айтатын сөзі болып ойыншыққа айналады.

Семьядағы реніш, қуаныш балаға тиісінше әсер етеді, осы ретте ата-анасының қас пен қабағын баққан Құләмзаның сәбілік сезім құбылыстарын автор жіті байқап, келісімді суреттейді, ата-ана жарастығының бала бақтының кепілі екеніне назар аударады. Әңгіме юморлық тәсілмен жазылған, Айдарбектің оғаш мінез-құлқы әжуаланады.

Жазушының махабbat, семья тақырыбын көтерген әңгімелерін лирикалы-драмалық сипаттағы шығармалар деуге болады. Оларда жеке адам тағдырына баса

назар аударылады, адамның бақытқа үмтүлүү, әділетті аңсауы қоғамың ортасын кедергісіне тап болып отырады. Негізгі жейіпкерлер бақытты тұрмысты арман етіп, қиялдарында соны елестетеді. Бұл өңгімелердің стилінде юмор мен сатира элементтері кездеседі («Ел күйеуі», «Талақ») де, драмалық жоспармен баяндалады: экспозиция, байланыс, уақығаның дамуы, кульминациялық шегі, шешілуі айқын белгіленеді.

Революциядан бұрынғы ауылдағы теңсіздік, қайшылық, кедей шаруаның сүреңсіз тұрмысы автордың «Айт күндері» (1922) өңгімесінде әшкереленеді. «Айт аттынікі, той тондынікі» деген халық мақалының шындықты шертетіні осы өңгімede әйгі болады. Малы барлар дәстүрлі мерекеде айттап, тойлап жүрсе, малсыз Бәкен әйелімен аشتан өліп жатыр. Ақ отаудан үлде мен бұлдеге оранған қыз, келіншек шығып, бұрала басып, сылқылдай күліп айттап бара жатса, Бәкеннің көршісі шиеттей бала-шагасымен қара лашығында аш отыр. Бұрынғы ауылда жалпыға бірдей молшылық тұрмыстың жоқтығы, ақ отаудағылар рахатқа кенелссе, қара лашықтылар аштық шенгеліне сығылуда — міне, автор осы жайды реалистікпен ашады. Бұрынғы ауылда «ит басына іркіт төгілді-міс» дейтін қағиданың негізсіз екенін жөрсетіп береді.

Феодалдық қоғамда әркім өз қара басының қамын ойлайды. Адамның қадір-қасиеті малмен өлшенеді, біреуге біреудің қайырымы, қамқорлығы сол малға келліп тіреледі. Бәкен малы барында ауылдағы елеулі адам, малдан айрылған шағында, оны жерлеуші де табылмай қалады. Өңгіме сыншыл-реализм мотивінде жазылған.

Юморист қаламынан туған «Құрымбайдың жігітшілігі» (1925), «Қара бала» (1927) сияқты күлдіргі новеллалар адам характерін нақты ашуымен құнды.

Қашаннан ел тұрмысын зерттеуші жазушы бірқатар өңгіме, очерктерінде бұрынғы ауылдағы қүйікі көріністерді, үй-ішілік құбылыстарды да қаламына іледі. «Құла ат» (1923), «Иелі ауру» (1926), «Естай ауылы» (1927), «Қысқы ауылда» (1929) тәрізді суреттемелерде автор этнографиялық мәні бар жайларды шебер баяндап береді.

Жол жазба ретінде көрген, естігенін суреттеу формасында жазылған бұл туындыларында Бейімбет ел

тұрмысындағы ескі әдет-ғұрыпқа, салақтық-настыққа, жоққа сенушілікке қарсы шығады.

Жазушы шығармаларының идеялық-тақырыптық шенбери біртіндеп ұлғая, көтерер жүгі ауырлай түседі. Ол халқының тарихи ірі бетбұрыстарынан көз жазбайды, сол кезеңдердің маңызды құбылыстарын өз әңгімелеріне үзілмес арқау етеді.

Қазақстан тарихында болған елеулі уақыгалар: он алтыншы жыл қозғалысы, азамат соғысы, ауылды советтендіру жайлы таңдаулы әңгімелерінен Майлиниң күрделі әлеуметтік тақырыпқа ойысқанын, дәуір шындығын реалистікпен бейнелей алғанын көреміз.

Халықтар тұрмесі болған патшалық Россияның билеп-төстеушілері мен оның жергілікті итаршы әкімдеріне, жалпы қанауыш тапқа деген халық қаһары, ашуызасы, патшаның 1916 жылғы июнь жарлығына қарсылық ретінде бүрк етіп қарулы қимылға айналды. Қазақ шаруасы мен кедейі шоқлар мен балтаны әуелі өзіне үйреншікті жау — патшаның қарғылы тәбеті — болыстарға сілтеді. Бұл соққы 1917 жылғы февральда патшаны біржолата тақтан құлатқан халық дауылның алғашқы құйыны еди.

Он алтыншы жыл уақығасы қазақ әдебиетінде поэзия, проза, драматургия жанрларындағы біраз шығармаларга арқау болды. Майлин де «Қанды кек» дәйтін әңгімесін (қай жылды жазылғаны белгісіз) осы сюжетке құрған. Әңгіменің басында июнь жарлығы жайлы сүйк хабар алғашқы естілгенде-ақ ел ішін ауыр қайғы басып, ауыл жігіттері торға түскен балықтай бұлқынады. Бірақ көпшілік әлі бейбіт, сенгіштік қалпында. Біреулер патшадан жеңілдік, манифест жарияланар деп дәмеленсе, біреулер «Сәрсембінің сәтіне» тасаттық беріп, жақсылықты құдайдан тілеуді ұсынады, тағы бірқатары болыс патшага сылтау айтып, жігіттерді солдатқа жібертпес деп, әлі де болыстан күдерін үзбейді.

Бейқамдық ұзаққа созылмайды. Патшага ат басынай жамбы сыйласп, «Құрметті азамат» атағын алған Ыбыраш болыстың халық күйзелісін пайдаланып, «Топалаң кезінде той» жасап жатқанын Жарықбас, Қайрақбай сияқты көзі ашық адамдар жақсы түсінеді.

Болысқа ашуызасы қайнаган халық қимылды жедел де қatal: Жарықбас бастаған топ болысты өлтіріп,

скоптың қара жұмысына баратындардың тізімін отқа ертейді. Бір ауыздан сөз, бір жеңен қол шығарса, халықтың айбынды күшке айналатынын, жайшылықта мылтық, қылышын кезеңіп батырынған болыс пен оның шабармандарының халық дүмпуінен үрейі ұшып құр сұлдер болғанын жазушы дәлелді көрсетеді. Әңгіменің басты кейіпкері «жауар бұлттай тұнеріп, айбынымен жер сілкіндірген» көп — халық.

«Бұл көп — күні бүгінге дейін Үбіраштың елемеген көбі. Мұндай көп береке, мұндай бас қосым құдіреттенеді еken деп Үбіраш еш уақытта ойлаған емес еді. Ойда жоқ нәрсе болды»⁹.

Тарихты жасаушы осы құдіретті көп, халық деген идея бұл жолдардан анық танылады.

«Қанды кек» әңгімесі автордың «Жалбыр» пьесасын жазуына негіз болған деп топшылаймыз. Пьесадағы кейбір кейіпкерлер әңгімелегі кейіпкерлерге ұқсас келеді. Жарықбас Жалбырмен мінездес. Қайрақбай әңгімемде де, пьесада да бір сипатпен көрінеді. Тартыс пьесада біраз кеңітіліп алынған.

Сырт қарағанда елеусіз көрінетін уақыгалар асторына терең мағына ұялату Майлін әңгімелерінің көбіне ортақ қасиет. «Сексен сом» (1918) мен «Құла жорға» (1926) жоғарғы айтқанымызға айқын мысал бола алады. Ер-тоқым, байпакты етік, сексен сом, жорға ат тәрізді қораш дейтіндей ұсақ фактілер төңірегіндегі осы әңгімелерде автор кейіпкердің психологиясын ашады, санасының тап тартысын қабылдауы, олардың дос пен қасын саралай алуы қысынды беріледі. Сексен сом салықтың өтеуіне жалғыз атын «Алаш» делегаттары қорқытып әкеткен Егеубай, құла жорғасын «Алаш» жендеттері тартып мініп кеткен Жамантіктің курес туралы ойламасқа шаrasы жоқ.

«Алаш орданың» кедей шаруага жасаған зорлық-қысымын шегіне жеткізе әшкереleу үшін автор «Сексен сом» әңгімесін мынадай суретпен аяқтайды:

«Көкшолақ албардан шығарда, лапастың алдында тұрған Егеубайдың қатыны екі көзді жаспен бұлап түр еді.

— Жалғыз атты «Алаш орда» қақшыды. Құдай-ау,

⁹ Сонда, 505-бет.

енди қайда барып күн көреміз?! — деді». ¹⁰ Бір ғана «Жалғыз атты «Алаш орда» қақшыды» деген сөйлемде қаншалық терең идеяллық мағына тұр! «Алаш» делегаттары аш көкжал бөрідей Егеубайдың қорасына түсіп, көкшолағын жарып жеп кеткендей әсер аласың. Қарулы солдатқа қарсы тұрарлық Егеубай мен оның әйелінде дәрмен жоқ. Бірақ қазір іште тұншыққан қарсылық оңтайлы жағдайда бұрқ етіп сыртқа шашитынына көміл сенесің!

Ақтардан да, «Алаш» адамдарынан да тепкі көріп, үрейі қалмаған Ергали мен Жамақ, Құрабай мен Жамантіктің жүргегі большевикке қарай бұрады. «Құла жорға» әңгімесіндегі болыскей ер-тоқымын ақтың солдаты әкеткен Ергали, «Алаш» делегаттары аяғындағы байпақты етігін шештіріп алған Жамақ, құла жорғасынан айрылған Жамантік бұл әділетсіздікке кім тыйым салады деген мәселені сараптағанда, әділетті большевик орнатар-ау деп үміттенеді. Кейіпкер сана-сындағы өзгерістің ішкі логикасын сақтап, дәлелді, иланымды етіп суреттеуде Бейімбеттің ұсталығы осы шағын әңгімелерінде, әсіресе, айқын көрінеді.

Қазақ даласында да азамат соғысының қаһарлы майданы, уақытша шегініс кезінде өкінішті, жеңіс тұсында қуанышты күндері өтті. Ерлік, достық, жолдастық қасиеттер қызын-қыстау күндерде, күрес үстінде, өлім мен өмір белдескенде ерекше көзге туседі. Күрес күндерінің фонында адал достықты, жолдасы үшін басын өлімге байлауға бар табандылықты Майлин «Өлім тырнағында» (1929) аталған әңгімесінде баяндайды. Шын достыққа ұлты өзгелік кедергі емес. Қазақ баласы Қойшығара мен орыс баласы Петро жастық шақтарын Темір байдың тепкісінде бірге өткізгендер. Бай біріне қамшы үйіріл жатса, екіншісі оны арашалап өз арқасын тосатын қимастар бұлар. Большевик Петро ақтардың қолына түсіп, соққыға жығылғанда, Қойшығара қарулы солдатқа қарсы барып айқасады. Қойшығараның әке-шешесі Етіkbай мен Үміт Петроны өз баласынан кем көрмей оған жандары ашиды. Петро мен Қойшығараны өлім тырнағынан босатқан Мінайдар да бұлармен мұндастар, тілектес, тәуекелге бел байладап, батыл қимыл көрсеткен қажырлы жігіт.

¹⁰ Б. Майлин. Шыгармалар, З-том. Алматы, 1962, 32-бет.

Майдан жолы — қатерге толы. Жігіттер алдында қатал сындар көп. Қатердің символы ретінде жазушы дала боранын суреттейді. «Ымырт жабылып, көз байланып барады. Құн түнерген бұлт, желді бұрқасын. Жол күрпілдек. Қажыған аттар әрі-бері арындан шапқан соң, босаңсын деді. Жел де үдең, бұрқасын түрі боранға айнала берді. Э дегенше болмай жел ысқырып долдана соғып, ызыңдаған дауысы адам шошытқандай болды. Тұтіндей бұрқыраған қар іле зде көзді кіреуке-лендіріп, көмілт кете береді»¹¹. Дала боранын аудармай суреттеген бұл пейзаж, бір жағынан, ызғарлы жылдар бейнесін меңзесе, екінші жағынан, азамат соғысы арда-герлерінің ерлігін паш етеді.

Әңгіменің түйінінде Октябрь жеңісін қорғау, дүниеде әділеттік орнату үшін қолына қару алды, күреске аттанған Петролардың мұратына жететініне күмәндандайбайсыз. Әңгімеде уақыттардың алмасуы, шиеленісіп, шешілуі шиыршық атқан динамикаға құрылған, бұл азамат соғысы құндерінің шын елесін көз алдыңа келтіреді.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы қазақ кедейінің санасын ояты, тап тартысына жұмылдырды. Бұрын бай тепкісінде мал орнына жұмсалып, бітпес бейнетпен құн кешкен малай, жалшы, батырақ енді еңбекақысын байдан өндіртіп алуы былай тұрсын, сонымен қабат ол саяси правосын алды, әлеуметтік күреске шықты. Б. Майлиниң 20-жылдардың екінші жартысында жазылған бірқатар әңгімелерінде осы шындықтың сәулесі көрінеді. «Кедей теңдігі» (1923), «Айранбай» (1924), «Шапайдың хаты» (1928), «Ақталған еңбек» (1928) әңгімелерінің бәрінде де кедей теңдігі қалай орнағаны байыпталады. Әңгіме кейіпкерлері — Совет үкіметі арқасында теңдікке қолдары жетіп, өз үкіметінің ұрандарына үн қосқан, оларды іске асыруға жұмылған кешегі жалшы, малай, кедейлер, бұғінгі қадірлі азаматтар. Қауқынбайдың бұрынғы малайы Бұқабай («Кедей теңдігі») бай тепкісінің талай зардабын тарта келіп, совет тұсында тап мүддесін қорғауға кіріседі. Ел басқару ісі енді кедей бұқарасының өз қолына берілгенін ол жақсы түсінеді де, кедейлерді өз теңдігін нығайта білуге шақырады. Еңбекші көпшілік Бұқабайды

¹¹ Б. М а й л и н. Шығармалар, 4-том. Алматы, 1962, 108-бет.

өздерінің жанашыры деп санап, өздерінің ауылнайы сайлайды.

Бай малайының азапты өмір жолынан өтіп, теңдікке қолы жеткенін әңгімеледің ұтымды әдісін табады жазушы. Революциядан кейінгі алғашқы алты жыл ішінде автор өз кейіпкерімен төрт рет жолығысады. Әр кездесуде әлділермен тартыста Бұқабайдың төзімділік, өмірге құштарлық, әділетті, теңдікті аңсау мінездерінің ширала түскенін байқаймыз.

«Самаурының есік жағына кірлі майлық орамалды жайып жіберіп, үсті-басы далба-далба бір жігіт отыра кетті. Шоқпақ бұжыр қара, қолы тілім-тілім жарық, байдың малайы екенін адам айтпай-ақ, пішінінен, отырыс-тұрысынан билетін»¹². Міне бұл автордың Бұқабайды алғаш көргендегі сипаттамасы. «Шоқпақ бұжыр қара, қолы тілім-тілім жарық» делінген суреттеуден Бұқабайдың әрі қайсар қайраты, әрі ауыр азабы, оған автордың іш тартуы аңғарылады. Онда революцияның аршынды қадамы қыырдағы қазақ аулына жете қоймаган. Большевиктер әкеле жатқан өзгеріс пен жаңалыққа бай мен мырза мысқылмен қарайды, әурешілік деп санайды. Бай мен бәйбіше, мырза мен келіншегі Бұқабайды теңдік алсаң ауылнай боларсың деп тәлекек қылады. Қуанышты хабар құлағына жаққан Бұқабай әзін еркін үстайды.

Келесі екі жолығыста Бұқабайды байдың әңбек-ақы бермей қыып жіберіп, аштыққа ұшыратқаны, аз егіннен түскен өнімді ауылнайдың салыққа алғаны мәлім болады. Бұқабай енді ашынған, байларға кегі қайнаған.

Соңғы дидарласуда Бұқабай сайлау жиылдысын басқарып отырады. «Үкіметтің бұл берген теңдігінен пайдалануымыз керек. Бүйтіп санға кіріп жиылдыс базқармын деу менің өңімде көрермін деген ісім емес еді»,¹³ — деп разылығын білдіреді. Ол теңдікке жетеді.

Кейіпкердің әр кезеңдегі жай-күйін баяндау амалымен оның характерін ашу Бейімбет стилінде жиі ұшырасады. «Кедей теңдігінен» үш жыл соң, 1926 жылды жазылған «Бер, Мырқымбай, қолынды!» өлеңінде дәл осындағы тәсіл қолданылған.

¹² Б. Майли н. Шығармалар, 3-том. Алматы, 1962, 92-бет.

¹³ Сонда, 95-бет.

Тап тартысының өрістеген заманында таптық жіктің айрылуына туысқандық, ағайындық қатынастар кедергі емес. Бай кедейді ағайыным, туысым екен деп аямайды, соның еңбек жемісімен байи түседі. Жақындығын, туысқандығын пайдаланып, ондаган жылдар бойы Айранбайға міндет артып келген Кемелбай («Айранбай») «Еншілесім» деп алдатып, Шапайдың еңбегін жеп келген Тоқберлі («Шапайдың хаты») байлардың енді қолдары қысқарады, кедейлер байға оңай жем болудан бас тартады.

Бұқабай, Шапайлардың өз қанаушыларына қарсы аттанысы төтеден басталуы заңды құбылыс, өйткені ауылдағы ең революцияшыл топ — тақыр кедей, батырақтар. Байлардың бұл топты қанауы да бүркемесіз ашық, дерекі. Ал Айранбай сынды байға малай емес, аз-кем күн көрісі бар шаруаның өз туысы байдан іргесін бөлектеуі жүрделі сапалық өзгеріс. Шағын новеллаша шиеленген түйінді шешу таланттың ғана қолынан келеді.

«Айранбай» новелласы — Бейімбет қаламының үздік жемісі. Авторға тән стильдік, шеберлік жайлар осы шығармада ап-айқын байқалады. Кемелбайға бұрыннан талай ренжіп жүрген Айранбайдың інісі — байдан біржола түңілуіне болған себеп — онан жамаулық бір тілім қайысты сұратып ала алмауы. Әйелі Раушанның Кемелбайдың бейбішесімен шекісі — жалғыз таломыртқаға таласудан басталады. Тартысқа татымайтын ұсақ-түйек нәрселер сияқты. Осы түймедейден бастап түйедей шындықты ақтарады жазушы. Байларға сіңірген қыруар еңбегінің еш кеткенін, олардың озырлығын қиялымен көз алдына келтірген Айранбай аса маңызды шындықты түсінеді — кедей еңбегін бай жеп келгенін, байдың кедейге жау екенін реалист ақын шындықпен тұжырымдайды.

Айранбай санасының ояну эволюциясын автор оның ішкі монологі — қиялы арқылы елестетеді. Ағайынмен араз болуды сүймейтін Айранбай бұрын Кемелбайға ренжісе де, артынан ашуы басыла береді, соңғы эпизод тұсында реніш «Жүрегінің түклірінен қайнат шыққан кейістікке» айналады, күйініш туғызады, жүрегін мұздай сүйнедирады.

«— Қатын! — деді Айранбай, — Кемелбайдан жү-

регім суынып болды. Енді соның есігін ашушы болмайық! ¹⁴ Оның соңғы байламы — осы.

Айранбайлардың талтық санаасы бірден жоғары сатыға көтеріле қалмайды. Оның коммунист туралы ұғымы тым тайыз, жабайы. Кемелбайдан қатынасын үзгендеге, коммунистке жазылуды ойланғанымен коммунистің қурескөр екендігін пайымдай қоймайды, күн көрісін ғана ойлады. «Ең болмаса, коммунистке жазылғандарды қазына асырайды дейді ғой, коммунистке жазылармыз...» ¹⁵, — дейді ол.

Кемелбайға қарсы қуреске шығуға Айранбайға әлі ерте. Бірақ оның түбінде түсер жолы — қурес жолы. Сол жолға қадам басуына барлық даярлығы бар.

Бұрынғы тесік өкпе малайдың өз қанаушысымен тайсалмай жағаласуы, совет заңына арқа тіреп кешегі әлділерді кіріптар етуі «Ақталған еңбек» әңгімесінде де шыншылдық және білгірлікпен ашылады.

Әр әңгіменің идеялық мазмұнына сай сыртқы формасын да түрлендіріп отыру, тіпті ұқсас сюжетті шығармалардың да баяндалу, суреттелу амалын ылғи өзгертіл, құбылту Бейімбет қаламының құдіретінен саналады. «Ақталған еңбек» әңгімесі бастан-аяқ бірнеше адамның сөйлесуі, диалогынан тұрады. Диалогтың барысында сюжет ашылып, кейіпкерлер харakterі көрінеді, уақығаның басталуы, шиеленісіп дамуы, шарықтау шегі, шешілісі — бәрі де диалогпен атқарылады.

Ерқанның есігінде он жыл малайлықта жүрген «өліп бара жатса қиянатқа бармайтын» еңбеккөр Дүйсенбайдың онымен есеп айырысатын мезгілі жеткен. Дүйсенбай міnezіндегі өзгеріске байдың қолшоқпарлары «Қожыр бет» пен «Арық қара» наразы, Ерқанның Дүйсенбайға көрсеткен зорлық-қараулығын білушілер оған тілекtestік қалпында. Осы екі топтың пікір таластарынан ауылдағы тап тартысының аңгары, жаңалықтың лебі сезіледі.

Орыстың әйгілі жазушысы, сөз суреткөрі Алексей Толстой шеберлік жайлы мәселеге тоқтала келіп, әңгіменің барысында психологияны суреттеу мен диалог жаза білудің қажеттігін атап жөрсетеді ¹⁶. Бейімбеттің

¹⁴ Соңда, 114-бет.

¹⁵ Соңда.

¹⁶ А. Толстой. О литературе. М., 1956, стр. 112.

өткір диалог жазудағы тапқырлығы көп әңгімелерінен айқын көрінеді.

Жаңа заман, еңбекші халықтың бақытына туған заман, ол: «мыңды айдаган байды, үріп ішкен мырзаны, керіле басқан кербез сұлууларды табанына салып илеп жүн қылыш, ішер ас, киер киімге зар»¹⁷ қылады.

«Заман» (1924), «Жол кеңесі» (1924), «Ол бір құс қой» (1927), «Әбділда төре» (1926), «Баянсыз бақ» (1926), «Сары ала тон» (1928) әңгімелерінің идеялық түйіні осылай. Бұл туындыларда бағы тайған бай, би-ліктен айрылған би, бас сауғалаған мырзалардың мүгедектік сыйқы суреттеледі.

Октябрь әптерген кедей теңдігінің айқын бір көрінісі ірі байлардың мал-мұлқін конфискеlep, малшы еңбекшін өндіріп беру, өздерін жер аудару шарасы болатын. Кедейлер күрестің табигатын түсінді, өз теңдігі мен правосын күшпен жеңіп алу қажеттігіне көздері жетті.

Бай мен кедей арасындағы тартыстың табигатын тартымды суреттейтін әңгіме «Сары ала тон».

Әдетте, әңгімесін уақығаның орта шенінен, ең маңызды буынынан бастайтын автор «Сары ала тонда» өзгеше тәсілге қол артады. Суретtelmek құбылыстың күрделілігі мен жаңалығы оны бірер эпизод ауқымында ықшам баяндауға сыймайды. Конфиске тақырыбының егжей-тегжейін осы «Сары ала тонда» тұтастай суреттеуді мақсат еткен жазушы мұны көлем жағынан да онша қыспайды. Мұнан кейінгі әңгімелерде конфиске уақығасы арнайы суретtelмейді де, қысқа хабарланып отырады.

«Сары ала тонның» алғашқы екі бөлімі бай мен мырзаның басына хауіп-қатер бұлтының үйірілгенін, оларға қарсы бағытталған жойқын соққыдан жалтарып, бас сауғалауға ешбір лаж жоқтығын мензейді. Бірінші бөлімдегі Шермектің қорқынышты түсінде көрінген үрейлі пейзаж, айбарлы белгісіз топтың қимылы, топтың аяғының астындағы қарны жарылған Сейпен бай, — бәрі күні өртең Шермек пен Сейпеннің душар болмақ жағдайларының ұлғайтылған бейнесін автор түске лайық бояу, образдармен елестетеді. Мұнда байға таянған конфиске туралы еширсе айтылмайды.

¹⁷ Б. М а и л и н. Шыгармалар, 3-том. Алматы, 1962, 119-бет.

«Үйірден қуылып шыққан саяқ ат құсап бірен-сарандаған қара топтан жарылып шығып қуылып жатыр»¹⁸, — делінген сөйлемнің мағынасына әңгіменің ақырындаға тұсінесің. «Үйірден қуылған саяқ» ен жайлаған құтты қонысынан аласталған Сейпен болып шығады. Өн-бойын қорқыныш билеген, түйік-қа тіреліп, жан ұшырган Шермекті сол күйінде қалдырып, жазушы Сейпеннің өзіне ойысады. «Құнмен шағылышып тұрган ақ үйлер», «қара құрым болып өрісте жатқан мал» байдың көңілін көтеруге, уайымын жеңілдетуге септігін тигізе алмайды. «Осы байлықты, осы салтанатты бұрын көрмей, көрсе де сезбей жүрген сияқты болды. Қараган сайын жүректе бір нәрсе топтанып, белгісіз бір қорқыныш бұлдырыланып, ішті жалап бара жатқан сияқты болды»¹⁹, — деп сипаттайды оны автор.

«Белгісіз бір қорқыныштың» не екенін автор әлі де ашып айтпай, оқушыны ынтықтыра түседі.

Бай-бәйбішенің өзегін өртеген жаңалық хабардың ұшығы әңгіменің үшінші бөлімінде еміс-еміс естіле бастайды. Бай жүрегіне жай оғындаған қадалған хабарға кедей көпшілік қуанышты да ынталы. Осындай жаңалық құбылышқа халық бұқарасының көзқарасын, халық характеристінің қырларын жанды сурет арқылы жайып салуға келгенде Бейімбет қаламының құдіреті қайран қалдырлады. Ол ешкімнің аты-жөнін бөлек-темей тұтас топты жарыстыра сөйлетумен халық стихиясын аңғартады:

- «— Елге әтірет шығады екен дейді...
- Малы барлардың малын алады екен дейді...
- Қызы барларға налок салады екен дейді...
- Байдың үйіне Тұрсын барған екен, бәйбіше жылап: енді жау шабатын болды, қымызды ішіп қалыңдар, — депті.
- Қой бекер, Жамал бәйбішенің бейілі ашылды дегенге нану қыын болар.
- Жамал өлгенде де сабасын құшақтай кетер... деген сияқты сөздер түйдек-түйдегімен шығып жаты»²⁰. Бір жағынан, қысынсыз нәрсеге де сене беретін аңқаулық, екінші жағынан, күдікпен қатар жаңалық-

¹⁸ Б. Майли н. Шығармалар, 4-том. Алматы, 1962, 3-бет.

¹⁹ Сонда, 7-бет.

²⁰ Сонда, 9-бет.

тан дәмелену, үміттену, үшіншіден, бәйбішенің тар пейіл, сараңдығын ацы сықақ ету, ақырында, бүкіл ауылдың сөзге құлақ түріп, серпілуі келтірілген үзіндіден ап-айқын танылады. Озы серпіліс, осы ояну бір арнаға қуыла келе Сейпеннің тағдырын шешетін күшке айналады.

Байдан неше жылғы еңбегін қайырып алатын күн туган малши, малай, кедей-кепшік тобы мен «асқындаған ырысы, аспандаған бақытынан» айрылған бай семьясының көңіл-күйлерін қарама-қарсы қойып суреттеу «Сары ала тонда» сәтті қолданылады.

Кедейдің саяси басшысы Арыстан, оның маңындағы Сейпеннің бұрынғы жалшылары Қуандық, Тұтқыш пен Несібелілердің көңілдері көтеріңкі, жұздері жайраң, «самлылдасып сөйлеседі, сақылдасып күліседі». Ал Сейпен мен бәйбішесінің жылаудан беті-көзі ісіп кеткен. Байдың уш ақ отауын кедейлер иемденіп, оның жиһаздарын есепке алып жатса, бай мен бәйбіше қараша үйдің сыртында қайғырумен отырады.

Бай шаңырағы — аруақты шаңырақ, байдың мұлікдүниесі қиелі, оған қол созу — күнә дейтін лақаптың негізсіздігін әшкерелеу үшін, жазушы «Сары ала тон» эпизодын баяндайды. Сейпеннің қазына-мұлқін табан ақы, маңдай терімен молайтып келген Тұтқыштар сол қазынаға бірінші болып қол созады. Конфиске тұсында байдың мал-жиһазы Тұтқыш, Несібелілердің қолында, билігінде. Патшадан сыйға келген «киелі» сары ала тонды Тұтқыш иығына жамылдып, мойнына медаль іліп, ауылды аралап әркімге көрсетіп таңданырады, Сейпеннің күрең жорғасына мініп өріске қарай тайталтады. «Қасиетті» сары ала тонның жағасынан есікте жүрген күң Несібелі мен малай Тұтқыштардың ұстауынан, бәйбішениң тізбектелген көп кілтінің Несібелінің қолына берілуінен, саба толы сары қымызды кедейлер ішіп қарық болуынан бай-бәйбішениң басынан дәурен өткені, игліліктің кілті оны өз қолымен жасаушы еңбекші адамның қолына көшкені аңғарылады, елеусіз детальдар елеулі магынаны меңзейді.

«Сары ала тон» жазушы шеберлігінің биік белестерінің бірі, алғашқы он жыл бойындағы ізденістердің қорытындысы.

Конфиске жайы жазушының басқа әңгімелерінде де кездесіп отырады, әрқайсысында өзінің лайықты шеші-

мін табады. Бейімбеттің жер бөлісі, конфиске уақығала-
рын суреттейтін шығармаларын тұтас алғы бағалаған-
да, жазушы F. Мұсіреповтың төмендегі пікірінің әділді-
гіне көзің жетеді.

«Октябрьден кейін, қазақ аулының үстем табы, —
байларға бірінші соққы жер бөлісінде соғылды. Одан
соңғы бір үлкен іс — кәдуілгі «кішкене октябрь» —
байларды конфискелеу еді. Бейімбет осы екі ірі оқиға-
ның тұсында қазақ аулында тап тартысының қалай
болғанын суреттеп, шырматылған қындықтар арқылы
батрак кедейлердің қалай жеңіп шыққанын айтқан,
асыра сілтемей шындықты көрсете алған»,²¹ — дейді
F. Мұсірепов.

В. И. Лениннің данышпандық нұсқауы бойынша
партия миллиондаған шаруаларды жаңа өмірге баста-
ды. Ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта
құру — терең революциялық төңкеріс болды. Қогам
өміріндегі мұндай тарихи ірі бетбұрыс көркем әдебиет-
тен де өз көрінісін тапты.

Қазақ даласындағы бытыраңқы, ұсақ шаруаларды
коллективтік ірі шаруашылықта ұйымдастыру үшін
күрес күндерінің ескерткіші, шежіресі есепті әңгімелер
Майлинде сан жағынан да, көркемдік дәрежесі жағы-
нан да елеулі орын алады.

Коллективтендіру тақырыбындағы әңгімелер негі-
зінде жиырмасыншы жылдардың екінші жартысы мен
отызыншы жылдардың басында жазылады, сол кездегі
уақығалардың хроникасы ретінде сезіледі. Жазушы ха-
лық өміріндегі маңызды, актуальді құбылысты дер ке-
зінде көре білді, жаңа құбылыстың қанат жауына ка-
лам өнерімен аянбай жәрдемдесіп отырды. «Ортақ
өгізден оңаша бұзауым» дейтін жеке меншіктік психо-
логиясындағасырлар бойына тәрбиеленіп келген ұсақ
шаруаны біріктіру, жаңа ауқатты социалистік шаруа
құру жолына түсіру, оның тиімділігіне қалың жұрттың
жөзін жеткізу — аса күрделі де қын процесс еді. Ескі-
нің жаңамен тартысы бұл тарихи қозғалыстың ілгері
басқан әрбір қадамын көрі шегіндіруге, кедергі жасауға
тырысып бақты.

Бірақ игілікті іске жұмылған саналы бұқара күші
жашан да жолына оралғы болған кедергі атаулыны бір-

²¹ «Әдебиет майданы», 1933, № 1.

тіндеп жене отыра, ол көздеген мақсатына жетеді. Майлиниң колхоздастыру дәуіріндегі әңгімелерінің идеялық лейтмотиві осылай еседі.

Жазушы көп әңгімелерінде ауыл шаруаларын колективтендіру шарасының алғашқы кезеңін, көбіне өз көзімен көрген шындықты суреттейді. Бұрын мәлім емес, ешкім білмеген істі бастап кету, өмір ағысын жаңа арнаға қарай бұру оңайлықлен бола қоймайды. «Күш — бірлікте», «Бірлік болмай, тірлік болмайды» дейтін қағидаларды халық өртеден-ақ білсе де, сол бірлескен шаруашылықтың тиімділігіне күмәнданатындары да, қолындағы бардан айрылып қаламын ба деп хауіптенетіндері де жиі кездеседі.

Халық өміріндегі әлеуметтік, экономикалық, мәдени зор өзгеріс, түбірлі жаңалықты социалистік реализм көркемдік принциптеріне сай бейнелеу авторға жауапты да абыройлы міндет артты. Қынышылықтарды жеңілдетіп жібермей, табыстарды көмекілендіріп алмай, жаңаның, өмірлінің болашағына берік сенім білдіре қалам тарту еңбекші халықтың жасампаздық қасиетін берік ұғынған жазушының қолынан келмек. Майлиниң қай әңгімесін алсақ та біз осы түп қазықты табамыз. Тақырыптық жағынан бір-біріне сабактас келетін әңгімелердің кейбіреулеріне ғана токтала жетсек, олардағы ортақ идеяны, көркемдік шешімді көре аламыз.

Совет үкіметінің ауылдағы тірегі малшы-жалшылар, кедей шаруалар, колективтендіру ұранын бірінші болып қостайтындар да солар. Автор осы кедей шаруа санасының өсу жолын қапысыз бакылап, қызыға суреттеп отырады.

Бытыранды шаруаларды біріктіру туралы мәселені үкімет алға тартып отырганын түсінген Ерман («Көктөректің бауырында»), «үкімет айтса, біздің зиянымызға айтпайды», — деп өз үкіметіне сенім білдіреді. «Жаңа күш» артелін ашуда көп еңбек сініреді. «Көрінген байға қол жаулық болып, шылауында жүргенше, өз алдымызға өмір құрайық. Кел, бірігейік! — деп Ерман өзі сияқты кедейлерді үйірлітіп алып кетіп еді»²², — деп баяндайды автор. Әскери мектепте оқитын баласына лайық іске құмар Бұзаубақ («Қызыл әскердің үйі») колхозды құбыжық көрсететін алып-қашпа теріс хабар-

²² Б. Майли н. Шығармалар, 4-том. Алматы, 1962, 57-бет.

ларға тойтарыс бере отырып, «Теңдік» колхозына өзі бірінші болып кіреді. Жазушы суреттеуінде Ерман мен Бұзаубақ жаңа тұрмысқа жасқанбай қадам басқан, өз қатарларынан озықтар. Шаруаның бәрі бұлардай болса, ілгері жылжуға айтарлықтай кедергі де болмас еди. Жазушы өмірдегі қайшылықтың сырын ашып, сол қайшылықты жену арқылы жаңару тенденциясын көре білуі тиіс.

Шаруа адамның санасы мен психологиясындағы қайшылық табиғатын саралауда «Қара шелек» (1930) әңгімесі елеулі туындылардың бірі. Әңгіме кейіпкері Айша шаруашылықты жаңаша құруда біраз белсенділік те жасайды: артель үйымдастыру туралы қаулы дауысқа қойылғанда, бірінші болып қол жөтереді, онаң асса артель басқармасының бастығы болып сайланады. Кеше ғана құндіктен босаған әйелге бұл үлкен сапалық өзгеріс. Заман талабынан тұған шұғыл өзгерістен Айшаның санасы қалыңқы. Коллективтік негізге құрылмақ шаруашылықтың артықшылығын ол жете білмейді. Кедейліктің тақсіретін тартқан ол қолындағы бір малын екеу етсем, тұрмыс жағдайымды жақсарта түсsem дейді, ал артель шаруаға не бермек бұл жағы Айшага күмән. Адамға жеке мұлкінің қаншалық ыстық, қымбат екенін жазушы ең қаралайым мысал — қара шелекпен дәлелдейді. Біреудің ұқыпсыздығынан жапырылып, түбі түскен қара шелегіне Айша қайғырғанда, көзіне жас алады. Қара шелек қайғысына ала сирының ортаға салыну хаупі келіп қосылады. Құтпеген жерден келе қалған жаңалықты пайымдай алмай, Айшаның басы қатады. Кейіпкердің толғанысын, ой арпалысын автор табиғат құбылысымен шебер қабыстырады.

«...Тұн. Терезе қармен көмулі!. Дала боран, жел дүрілдейді, ысқырады, ұлиды. Қараңғы үйде Қуандығын бауырына басып, бүктүсіп Айша жатыр. Үйқы қашқан. Ауыр ой кернеп, анда-санда күрсінеді»²³, — деп суреттейді жазушы.

Тұнгі боранда дүрілдеген, ысқырган, ұлыған жел Айшаның қатты ой толқынына, уайым күйіне бала-нады.

²³ Соңда, 163-бет.

Айшаның түбінде жаңаны қабылдайтыны ақиқат, бірақ автор бұл процесті жасандылықпен жеделдетуді қаламайды, әңгімені үзілді-кесілді шешімсіз аяқтап, Айша тағдырын оймен жалғастыруды оқушының еркіне қалдырады.

«...Қараңғы түнде, төсекте жатқан күйінде Айшаның кезіне желіні салпылдаған ала сиыр елестеп кеткен тәрізденді. Жапырылған қара шелек елестеген сияқтанды»²⁴. Әңгіме осы жолдармен тамамдалады.

Шеберліктің мұндай тәсілін көркем әңгіменің теңдесі жоқ зергері А. П. Чехов ұнатып, жиі қолданғаны мәлім.

Ол: «Кішкене әңгімеде артық айтқаннан кем айтқан жақсырақ»²⁵, — деген.

Майлиниң әңгіме жазу шеберлігінде Чеховтың ықпалы, өнегесі болуы әбден ықтимал.

Көптің мінезінде байқалған құбылыстарды бір Айшаның бойына үйлестіре жинақтап, автор типтік образ жасай алған. Жаңа өмір табалдырығынан аттарда «Қара шелектегі» Айшаның басынан кешкен жайттар «Ұлбосын» (1932) әңгімесіндегі Оспан мен Шәрипада да ұшырасады. Оспан — орташа дәүлеті бар, жұмсақ мінезді, от басының тыныштығын қалайтын момын адам. Колхоздың пайдасы мен мақсатын бірқыдыру түсінеді. Ауылдастарымен бірге артель мүшелігіне жазылады да, әйтседе жүргегінің түкпіріндегі түйткіл оны мазалай береді: «Осы айтқаны болмай қалса, бір-екі қарам көрінгеннің қолында тозып кетсе, қатын өмірге таң атырмайтын болады гой» деген ой Оспанның жүргегінен бір шығар емес»²⁶.

Өмір қат-қабатына терең бойлай отырып, суреткер ондағы негізгі тенденцияны, типтік құбылысты бейнелей білуи тиіс. Шаруашылықты социалистік негізде құру барысында жиі бой көрсеткен түбірлі қайшылық жеке меншіктілік пен колективтік меншіктілікке көзқараста, әсіресе, айқын көрінеді. Шаруа үшін бұл екі меншіктіліктің қайсысы пайдалы, тиімді, ол мұның қандайын таңдағанда қателеспейді — осы сұрақты ше-

²⁴ Сонда.

²⁵ В. Голубков. Мастерство А. П. Чехова. М., 1958.

²⁶ Б. Майлин. Шығармалар 4-том. Алматы, 1962, 166—167-беттер.

шу әркімді сергелдеңге салады, басын даң қылады. Бірақ негізгі тенденция жеке меншіктілік психологиясының барған сайын әлсіреп, колективтік өмір дәстүрінің нығаюын аңғартты. Ауылдағы терең революциялық өзгеріс тақырыбына көркем шығарма берген көрнекті совет жазушыларының бәрі де осы басты тенденцияны көрсете алды. Олар әр қылыш шаруа адам тағдырын суреттей отырып, ақырында, өмірдің өзі қалаган шешімді қостайды. Шаруаны жоқшылықтан біржолата құтқаратын даңғыл жол — коллективтік еңбек жолы екенін шығармаларына өзек етеді, әдеби жейіпкер ез жаратылыссындағы жеке меншіктік психологиясын коллективтік меншік идеясына жендіреді, колхозға бет бүрады, бақытын соナン табады. Осындай идеялық түйінді ұсынатын шығармаларында әр жазушының заман шындығын бейнелеу тәсілі әр басқа бола береді.

Майлиниң қолхоз өмірін суреттейтін әңгімелерін F. Мұсірепов, F. Мұстафиндердің тақырыптас шығармаларымен салыстыра қарастырсақ, кейбір ұқсастық, үндестік мотивтермен қатар өзіндік өзгешеліктерін байқау қын емес. Ұқсастықтардың болуы аталған жазушылардың көркем творчествосында бір методты — социалистік реализм әдісінің принциптерін басшылықта алып, өмір құбылысын шынайы суреттегендерінен десек, өзгешеліктерін әр қаламгердің дүниетанымы мен тәжірибесінің әр түрлі болуынан дейміз.

«Жаңа әдебиет» журналының 1930 жылғы 6-санында жарияланған «Күсен» дейтін әңгімесінде колхозға кіру-кірмеу проблемасы алдарына көлденең тартылған орта шаруалардың ішкі сезім толғаныстарын F. Мұсірепов үйлесімді сипаттайтын. Шаруалар сыртқа шығарып айтпаса да ой түкпірлерінде немен әуре болып отырғандарын автор қызығылықты ашып береді. Коллектив жайлы ойланған орташаларға «Шара-бұра шаруасы әрбір бұзау, торпағына дейін көз алдарына келді. Кешке ғана «әукім-әукім» деп үй маңайына кіріп салған сиырлары, өріске кеткен жылқылары көздері жайнап үйдің ішіне кіріп келгендей көрінеді. Қотанда жатқан қойдың бырт-бырт күйісі құлақтарына анық естілгендей, әлде қай жерлерін тырнағандай, мазалағандай болды. Ертең тұра үйлерін жығып, малдарын айдалап, коллективке көшіп бара жатқандай, коллективке емес, әлдекайда алысқа — екінші дүниеге ауып бара

жатқандай, бұлдыр-буалдыр сезім тізбегі елестей қалды»²⁷, — деп суреттейді жазушы. Қүсен бастап бұрын коллективке бірлескен 11 үйдің алғашқы табысы көз тартарлық: егін, мая, сайман, монша т. б. Осы екі укладты — жекелік шаруашылық пен коллективтік шаруашылықты жақтаған екі сезімді автор екі таптың палуаны ретінде күрестіреді. Осал айқас емес, палуандардың бірі жеңіп, бірі жеңіле қалуы оңайлықпен бола коймайды. Ұзақ жұлқысу, ит жығылыс, қайта бұлқыну... «Күш бірлікте» дегендей, коллективтің палуаны дегенмен мығым, қуаты басым, әқырында сол жеңіске жетеді. Орташалар қабыргаларына кеңесе келіп, коллектив болуды мақұлдайды.

Коллективтің бақытқа жеткізерін, не қолда бардан айырарын біле алмай қобалжыған Айшаны, Оспан мен Дайрабайды, т. б. Майлін даралап алып, нақтылай бейнелесе, Мұсірепов орта шаруа атаулыны топтап жалпылай алып, белгілі дәрежеде олардың бәріне ортақ сипаттарды жинақтап көрсеткен. Екі суреткердің де жеңе шаруа психологиясын түсіну, ашуы бір-бірінен алшак емес. Тағы бір мысал алайык.

Майлін мен Мұсірепов әңгімелерінде шаруалар жана әмір белесіне аттанарда толқығанымен шиеленіскең қарсы әрекетке бара қоймайды. Ал Мұстафиннің «Шығанақ» романындағы Олжабек жеңе меншігін сақтау жолында біраз арпалысады, алысады. Қазақ аулының ескі дәстүрін мызығымастай көрген Олжабектің колхоз болашағы жайлы болжамы үмітсіздікке тіреле береді. Колхоз ісінің онға басуына сенбегенде ол, «Құдай-ау, ойдан-қырдан жиылған қырық құрақ ел еншілес болмақ түгіл, бір әкеден туған ағайынды адамдардың да еншісі бөлек-ау!»²⁸ ...деген ойды малданады. Жекелік әмірдің артықшылығына сенген Олжабек екі-үш қарасын бағып отыратын колхозсыз тыныш жерді іздейп, елінен қаша көшеді. Колхоздың берекесі болмай ажырап кеткен ел бар деген хабарды қуана қарсы алған ол: «Қазақ-қазақ болғалы енші бөліскені болмаса, енші қосқанды көрген де емен, естіген де емен»²⁹ — деп дәмелене түседі. Осы Олжабектердің санасын жаңарту,

²⁷ «Жаңа әдебиет», 1930, № 6.

²⁸ Г. Мұстафин. Таңдамалы шығармалары, 1-том. Алматы, 1955, 18-бет.

²⁹ Соңда, 18-бет.

колхозга ынтасын аудару көп қыншылыққа түскені мәлім. Қоғамнан тыс, жеке жүріп тұрмыс жасаймын деп талай кедергіге кездесіп, соққы жеген Олжабек адасқанын мойында, колективке оралады, еңбек бақтына бөленеді.

Шаруа психологиясын көрсетуде Олжабек бейнесін еске алғанда, біз роман кейіпкерін әңгіме кейіпкерлерімен тең қойып отырғанымыз жоқ, тек мәселенің қойылышы тұрғысын байқатпақбыз.

Сөйтіп, Майлин, Мұсірепов, Мұстафиндер бір тақырыпты әр қырынан, өзіндік өрнегімен суреттегенін көреміз.

Қазақ совет прозасының ірі өкілдері Майлин, Мұсірепов, Мұстафиндердің белгілі құбылышты бейнелеу шеберліктері орыс әдебиеті туындыларымен де шендер келіп отырады. Бұл қазақ совет әдебиетінің жалпы Одақ әдебиетінен оқшау тұрмай, сонымен қанаттаса, ғыбайласа дамығанына да айғақ болатын көрсеткіштің бірі. Тұысқан совет халықтары әдебиетінің қай-қайсының да бір-біріне әсер, ықпал жасауы заңды құбылыш дейміз.

Совет әдебиетінің классигі, көркем сөздің үздік шебері М. Шолохов «Көтерілген тың» романында орта шаруаның жан-дүниесін Кондрат Майданников образы арқылы тамаша көрсеткен мәлім. Кондрат Айша, Олжабектерге қарағанда сана-парасаты көп ілгері тұрған адам. Ол бірқыдыру білімді, мәдениетті, өмірдің азыт тұщысын татқан есті жан. Автор осы Кондраттың колхозға қаншалық ішкі тартыспен келгенін гажап дәлелдейді. Шаруаның әрбір малы табан еті, маңдай терімен жиналған, сондықтан да ол өзіне жанындан қынбат болады. Кондраттың ақ танау өгізі сүйреткен жүргін тастамас мойымас көлігі, сенімді серігі еді, енді ол ортақтастырылмақшы, мұның қолынан кетпекші. Осыны ойлағанда, Кондрат көзіне еріксіз жас алады. Кәрі сиры ерекек бұзау тууын қанша сарыла күткен кісі бұл Кондрат. Сиры бұзаулайтын түн бойы жірпік қақпастан оның құзетте болғанын, төл үсіп қалмасын деп беzek қақсанын да автор ұмытпайды. Колхоз жолы төтеп жол, шаруа сол жолға түскенде ғана мұратына жететінін Кондрат жақсы үғынады да, малын өзгеден қызғаншақтық, өз мүлкін аяғыштық сезімін жеңуге бел байлайды. «Кондратқа колхоз оңай соққан жоқ. Жастай сіңісіп, иеленген меншік өгіздермен, ата қоныс жерлер-

мен тығыз үштасқан кіндігін Кондрат қанды жасын төге-төге үзетін болды»³⁰, — деп түйеді автор.

Коллективке үйымдастырылған шаруалардың алғашқы қадамына оралғы болған жайлар да барышылық еді. Мұндай күрделі шараның мәніне түсінбей, ниеті адап шаруалар тарапынан адасушылық бір болса, екінші жағынан, күні кеше аласталған бай-шонжарлардың ықпалында болып, сезін сөйлегендер колхозшылар арасына іріткі салуға тырысты. Артельге бірлескен еңбеккерлердің арасынан онын тәртібіне шыдай алмаған кейбір солқылдақтар үйимнан қайта шығуға әрекеттегенді. Енді бір сала қыншылық кей жерде өріс алған асыра сілтеушіліктің, коммунистік партияның сара жолын көріне бұрмалаушылықтың нәтижесінде туды. Партия кезінде теріс ниетті элементтермен де, асыра сілтеушілік, жалған белсендімен де күресіп келді. Майлиниң біраз әңгімелерінде осы процестің жай-жапсары ашылады.

«Кеңес ағасы Кәмила» (1930), «Ұлбосын» (1930), «Даудың басы — Дайрабайдың көк сиры» (1930), «Арыстанбайдың Мұқышы» (1930) «Колхоз қорасында» (1930) әңгімелері сол күндердің тынысын танытады.

Заман жаңалығын пайдалануда ерлі-зайыпты адамдар арасында да екіүдейшілік, екі түрлі қөзқарас, айтыс болып отырады. Осы сияқты бір семья ішінде болған конфліктің «Кеңес ағасы Кәмиладан» кездестіреміз. Эйелі Кәмила колхозга кіргенде, ері Нұржан колхозға қіруден бас тартып, әйелінен айрылмақ болады, ауданға барып арыз береді. Семья аясындағы әртаратылықты автор өнша шиеленістірмей, ерлі-зайыптардың біржола ажырасуына жеткізбей, олардың келісуімен бітіреді. Олай болуы заңды да. Нұржандар колхоздан бой тартқанда не себептен мұндай шешімге келгенін дәлелдеп айтып та бере алмайды, ондай дәлел Нұржанда жоқ, артельден қашқандай оның жеке шаруашылығы да мәз емес. «Колхоздан қашпаймын ғой, бірақ болғым келмейді», — деуі Нұржанның үзілді-кесілді кесімі емес, солқылдақтығын аңгартады. Шаруага колхоздан қолайлы жол жоқтығын кейіннен түсінген Нұржан әйелінің ыңғайына жығылып, коллективке мүше болады, шаруашылығын құнттайды.

³⁰ М. Шолохов. Қөтерілген тың. Бірінші кітап. Алматы, 1951, 84-бет.

«Кеңес ағасы Кәмилада» тартыс жасандылау, жеңілдеу сияқты жөріну мүмкін, алайда мұндай жайлар өмірде болмады деуге негіз жоқ.

Асыра сілтеу мен жалған белсенділік ылаңын Бейімбет көптеген әдеби фельетондарымен қатар біраз әңгімелерінде өткір сынайды, сықақ етеді. Бұл ретте «Ұлбосын», «Даудың басы — Дайрабайдың көк сиры», «Арыстанбайдың Мұқышы» әңгімелеріндегі жеке эпизодтар зілді кекесін, ирония стилімен жазылған. Не жұмыстың болса да орындалу мерзімін бір жетімен шектеп, мөлшерін жұз процентпен белгілейтін аудан өкіл «Секпіл бет кара» — Мағзұм, әр үйге берілген қисынсыз салық жоспарын жариялаушы бала өкіл, «Малың да ортақ, жаңың да ортақ, үйің де ортақ» — деп, Дайрабайдың көк сирыны ортага салғызған «дудар бас өкіл», жалақор Мұқыш, — бұлардың бәрі ел тынышын бұзған ыландар, колхоз өміріне жұртшылықты наразы қылуға себепкөрлер.

Жөнсіздік, жүгенсіздікті өшкөрелеу мақсатымен жазуши кей тұста өсіре, құлқі шақыра, болмыстың бояуын қоюлата қалам сілтейді.

Мысалы, Шәрипаның үйіне түскен салықтың түрінен-ақ оны белгілеушінің жөні дұрыс адам еместігі сезіле қояды.

«— Шеше, тыңдаңыз сіздің үйге берілген жоспар: бір пүт ет, 10 қадақ шыртылдақ, 10 қадақ есқі темір, 10 қадақ есқі жұн, төрт мүйіз, бес тұяқ, бір ит терісі, бір мысық терісі»³¹...

Өрескелдікті сынаумен ғана тынбай автор оның қалай түзетілгенін, әділеттің орнағанын көрсетіп отырады. Бірақ осы тұста қысқа қайырып, «сотқа тартылды», «жазасын алды» дегендегі жалаң хабарламаға ойысып кететін жайлар шебер жазылған әңгімелердің соңын жадағайлау аяқтауға соқтыратыны да бар.

Жаңа өмірдің көшін бастауда жалтақтық көрсеткендер, тұра жолға соқпақтардан өтіп келіп түскендер болғанымен, кедей мен орташа шаруалардың көпшілігі бұл өзгерісті жүргегінің қалауымен қабылдады. Олар алда-рында кездескен қыншылықтармен күресе отырып, ілгері басады.

«Көктеректің бауырындағы» Ержан, «Даудың ба-

³¹ Б. Майлин. Шығармалар, 4-том. Алматы, 1962, 174-бет.

сы — Дайрабайдың көк сиырындағы» Дайрабай мен Жасыбай, «Колхоз қорасындағы» Қасен мен Арыстан колективтің берік үйткесі, жанашыр жақтаушылары. Бұлар жеке бастарына кезіккен жолсыздық, жәнсіздіктерді уақытша болатын өткінші нәрселер, түбінде дұрыстық, әділдік үстем болады деп оптимистік сезімнен қол үзбейді. Сол әділдікті біреу әкеліп береді деп отырмай, өздерінің қолымен орнатуға кіріседі.

Откен асыра сілтеу кезеңінің шыргалаңын жиылыш сайын жыр еткенде, Дайрабай көк сиырын қайырыш алуды даулап жүрген жоқ, артель басқармасы мен келген-кеткен өкілдердің теріс қылықтарын әшкере лейді, ілгеріде сондай жәнсіздіктердің болмауын талап етеді. Әділдікті ауданың партия комитетінен тапқан ол Коммунистік партияның халық қамқоры, әділетті орнатуши екенін жүргімен ұғынып, келешекте партия қатарына кіруді қалайды.

Біреулердің таратқан негізсіз өсектеріне құлақ қойып, артельден шықпақ болып кейбіреулер дүрліккенде, «Артельден шығам деп айтқан жерім бар ма? Неге шығам артельден... Қуаласаң да шықпаймын»³², — деп топ алдына шығып, Дайрабай өз үлгісімен көпке мұрындық болады, шаруаларды өз маңына үйіреді, коллектив туын көтереді.

«Белсенді кедеймін» деген желеумен колхозға еніп, кейін артель тәртібіне шыдай алмай, онан шығып жеке шаруа болған, көпшілік арасына іріткі салған Арыстанбайдың Мұқышы («Арыстанбайдың Мұқышы»); артель тұрмысын құбыжық етіп көрсететін өтірік жабарлар таратып, елді үркітпек болған Жұсіп («Колхоз қорасында») көпшілік арасынан сүйеніш таба алмайды, біренсаран сөзге еріп адасқандар болса, қайта жәнін табады. Жұсіп, Мұқыштардың күмәні ашылып, әшкере ленеді.

Автор Мұқышты ирониямен мінездейді. Мұқыш жаляқлас жалақор, түзелмес мылжың, тынымсыз даукас адам. Ол «Төрешілдік», «оңшылдық пен солшылдық», «асыра сілтеушілік», «әкімшілік» деген сөздердің парын айырмай, өзіне қарсы аузын ашқанның бәріне ақтарып салып, сол сөздердің тасасына өзі тығылғысы келеді. Мұқыштың құлығы іске жарамайды, оның қоккан-локқысынан сескенетін ешкім жоқ. Колхоз-

³² Сонда, 201-бет,

шылар оған: «Онан арман ізден, қаранды батыр»³³, — дейді.

Кертартпа күштің өкілдері, жаңа тұрмысқа ілгері ұмтылғандардың аяғына оралғы болуга тырысқан Омар («Көктеректің баурында»), Қожағұл («Қара шелек»), Доспол («Ұлбосын»), Айсары («Даудың басы — Дайрабайдың көк сиыры»), Мұқыш («Арыстанбайдың Мұқышы»), Жүсіптерді («Колхоз қорасында») колхозшы бұқарасы қатаң сынға алып, тәртіпке шақырумен артель мүшелерінің саяси белсенеңділігі, ауыз бірліктері күшнейеді, алдағы міндеттерді орындауға ынталары арта түседі. Жүсіптің колхоз кеңесіне салған өрті көптің колымен лезде сөндіріледі. Бұл эпизодты суреттеу арқылы автор халық мұддесіне қарсы әрекет іске аспақ емес, халықтың ашу-ызызы оны сөндірілген өрттей түншықтырып жойып жіберуге құдіреті жетеді дегендегі идея ұсынады.

«Бигайшаның хаты», «Таңба» (1930), «Сот алдында» (1930) әңгімелерінде де артель қатарын нығайтуда еңбекшілердің саналы күресі сипатталады. Өз ері жалған белсенді Сұлтанның бет пердесін сыптырган Бигайша («Бигайшаның хаты»), байларды бүркеп, жұз процент колхоз болдық деп жалған мәлімет берген колхоз председателін сынға алып, өзі жасатқан байлардың тізіміне қол таңбасын басқан Ысқақ семьялық, рулық, ауылдастық карым-қатынаска бола Совет өкіметінің нұсқау, талаптарын бүрмалауға бармайтын, принципке берік адамдар ретінде танылады.

Тұрлі айла-тәсілдермен конфискеден қақас қалған бай мен олардың сойылын соғушылар бұрын артель ісіне бұқпантайлап, етпен кеселдік жасап желсе, бірте-бірте оған да мүмкіндік қалмайды. Енді олар бас сауғалауға, қашып-пысуга бет алады. Осындағы әрекет «Сот алдында» әңгімесінен көрінеді. Кедей өкілдері Имаш, Ыбыраш, Үрпек, Ерекештер, Байғұл, Исатай, Сәтпектерді мал-мұлкін тығып, қашып бара жатқан жерінен қолға түсіреді, байларды аластап, коллектив құрасады. Байлардың күні озып, үстемдігі құлағаны, жаңа колективтік құрылыштың ауылда үстем болғаны, ауыл кедейлерінің ынтымақтың күшке айнала бастағаны, шым-

³³ Сонда, 206-бет.

шытырық күрес, тартыс нәтижесінде болғаны тағы айқындаға түседі, әңгімeden-әңгіме дәлелдене береді.

Қазақ даласындағы тұбірлі өзгерістер: тап күресі колхоз орнауы, мәдени жұмыстар: кооператив, клуб, мектеп, аурухана ашылуы бұрынғы бір қалыпты тұрмыс ағысын мұлде басқа арнаға түсіреді, ескірген әдет, дәстүрлерді жаңартады, семьялық қарым-қатынаска жаңаша мән береді. «Көктеректің бауырында», «Ұлбосын», «Қызыл әскердің үйі» әңгімелері осындай құбылыстардың сырын ашуға бағытталады.

Көп жылдардан бері мұлгіп, тунерумен өмір сүрген «Көктеректің бауырындағы» жансыз ауыл бірден өзгеріп, қайнап сала береді: қыбырлаған адам, істеліп жатқан жұмыс, бас қосқан жиналыс, лек-лек болып тізіліп, дабыл үрган оқушы.

— Үә шіркін, міне өмір! — деп кедей-кепшік қаудыр тонды бір желліп қояды³⁴. Мұндай қөрініс тек Көктеректің бауырындаған емес, бүкіл Қазакстан жерінде осылай еді. «Тунерумен өмір сүрген жансыз ауыл» енді жоқ, еңбек дабылымен, жаңалық ұранымен оянған тіршілік белгісі мол ауыл көз тартады. «Ауыл өмірі күннен-күнге құлпырып, тасыған судай бұлан-талаң болып жатты» («Ұлбосын»). Жаңалыққа көз жұмысы келетін адудын мінезді Шәрипаны да заман талқысы құтқармайды; аяғын басса, өзгеріс көзіне түседі, құлағына шалынады. Өз уысында ұстап келген ері Оспан мен үйден қия бастырмайтын қызы Ұлбосынға енді оның көзқарасы басқаша, шырайы жылы. Үй ішінде сыйластық, бір-біріне қамқорлық, тату-жарастық орнайды. Қызының үйден аттап шығуын ерсілікке саңайтын Шәрипа енді оны бар, көр, аралас деп спектакльге, жиналысқа өзі жұмсайды. Заман ағымы осыған жетелейді, бұрынғы томага-тұйық тұрмыс қалпы келмеске кеткен.

Ескі ауыл дәстүрінде айттырылған қыздың ұзатылып келмей тұрып, қайын ата-енесіне қөрінуі, олармен сөйлесуі, араласуы әдептіздік деп табылады. Шекер осы дәстүрге қарсы шыға алады («Қызыл әскердің үйі»), атастырған күйеуі Андамас әскер мектебіне оқуға кеткенде, Шекер қайын атасы Бұзаубақ пен қайын енесі Айжанға тірек болады, үй жұмыстарын істеп қол-

³⁴ Сонда, 41-бет.

ғабыс береді. Колхозға, комсомолға кіру мәселелерін солармен ақылдаса отырып шешеді. Кемпір-шал: Бұзаубақ пен Айжан болашақ келіні Шекердің ескі әдетке шырмалмағанына қуанады, оның жақалық мінез-құлқын құптай түседі.

Автор Бұзаубақ, Айжан мен Шекер қатынастарын қызыға суреттей отырып, соны өнеге ете отырып, ел арасында болатын ескі, жарамсыз әдеттерді сынап, шенейді; «Әй, қазақ-ай, оңбаган-оңбаган әдеттерің бар. Ол әдетті ұстаса, оң жақта отырған қыз бүйтіп, күйеүінің үйіне келіп, іс тігіп отырар ма? Ескі әдетті ұстаса, мынау отырған кемпір-шалдан, ұрлық қылған адамнан жаман, қашар еді де жүрер еді»³⁵, — деп жазады.

Шекердің жаңа мінез-құлқыпен көрінуіне оның қоғамдық еңбекке араласуының зор ықпал тиғізгенін де автор дәлелдейді. «Тенденция» колхозының әйелдер бригадасын бастаушы, еңбек үлгісін көрсетуші де Шекер. Оның бейнесінен өзгерген ауылдың жаңа ұрпағын көреміз.

Халықтың білімі артып, санасының өсуі нәтижесінде дінге көзқарасында болған түбегейлі өзгерістерді таныған жазушы дін аңыздарындағы қисынсыз өтірікті сыйқақ етті, дін уағызшыларының алдауыш екіжүзділігін әшкереледі, еңбек адамының тағдырыга табынбау себебін ашып көрсетті. Майлин творчествосындағы атеистік әуен оның алғашқы жазған өлеңдерінің бірі «Мұсылмандық белгісінен» бастап, кейбір оқшау-фельетондары мен біраз әңгімелерінде бірден-бірге сатылап құшайе береді.

Революциядан бұрынғы нағандық көрлесін түйіктап жамылған ауылда — молда сопылардың халық үстінен еңбексіз мал-дүние жинап баю мақсатында неше түрлі құлық-қараулықтан жиренбегенін автор «Ақбаланың тоқтысы» атты оқшауы мен «Зәкіржан молда» (1928) әңгімесінде сынап-шенейді. «Ақбаланың тоқтысы» оқшауына эпиграф етіп ол молдалар шарифатында айтылатын «жетім-жесірлердің хақын жеу қарам» дейтін қағиданы алады. Әдетте, молда-сопылар басқаға шарифат кесімін айтқанымен өздері өмірде оған қара-ма-қарсы іс қылады. «Ақбаланың тоқтысында» Баеділ молданың іс-әрекеті де осылай болып шығады. Жетім-

³⁵ Соңда, 243-бет.

жесір әйел Ақбаланың арбасын пайдаланғаны үшін оған бір тоқты берем деп уәде берсе, кейін елден біраз қара-құра олжалап қайтқанда, берешек тоқтысын құмашан Баеділ: «Қоңыр тоқтының жүнін қырқып ал», — дейді. Сөйтіп, өз пайдасында шалынбаса, молда шаригат сөзін құлағына да ілмейді, шаригатқа шет іс қылдым деп именбейді. Бұл молданың істегенін істеме, айтқанын істе дейтін халық мысқылына дәл келеді.

Дүние құмар пенде Зәкіржанның да («Зәкіржан молда») «мал үшін біреуді алдап, біреуді арбайтын» суайттығын Майлин келістіре сықақтайды. Зәкіржан басына сәлдесін қатарлап орап, ақ сырмакты шапанды желбегей салып, қара кітабын ашып қойыш көзін тарс жұмып «жұмақ», «тамұқ», «ақырзаман» жайлы хикаяларды шұбыртқанда, анқау, надан адамдарды үйрілтіп әкетеді, кемпір-шалдардың көзіне жас іркілтеді. Ал, ел көзінен тыс жерде ол бар жексүрындық қалпымен шыға келеді. Оның орасан мал жандылығы, қорғансызы, әлсіздерге көрсеткен зұлымдығы, моральдық құлдырауы уақиғадан уақиға әйгілене береді. Зәкіржанның жәрдемші атқосшысы Қалдыбай да «ұры-қарының серігі» дейтіндегі адам. Ол жүргілдеп алдында Зәкіржанға бәйек болып, соның мәртебесін арттыруға жаңын салса, діни алым-салық есебінен бейнетсіз тапқан малдарды өзара бөлісуге келгенде, қырғи қабак қырық пышақ болысның жанжалдасады. Бірақ қылмыстары бір, жемдес жебірлер ұзамай ауыз жаласып, татуласып, жарасып кете береді, оңай олжаның тағы түсер жерін тіміскіледі.

«Зәкіржан молдадағы» қорғансыз әйелдерді масқаралау эпизодын өкіғанда М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесі еске келеді; екеуіндегі үқсастық жайлар байқалады. Ақан болыспен оның шабарманы Қалтай сияқты Зәкіржан молда мен оның серігі Қалдыбай да айуандық қылықтарын өздерін қош алып, жақсы нист көрсеткендегі жасайды, жақсылықта жамандықпен жауап береді. Екеуінде де жолаушылар қонған үйлеріне күле кіріп, шығарында үй иелерін күнірентіп кетеді. Екі әңгімеде де азулының дарменсізге озбырлығы әйгі болады.

Солай бола тұра жазу өрнектері екі түрлі, екі автордың үқсас сюжетті суреттеу тәсілдері де әр басқа.

М. Әуезов зорлық қөрген Газизаның жан күйзелісін терең ашуға тырысады, оны трагедиялық шеккө жеткі-

зеді. Табиғаттың мейрімсіз, долы боранын да осы мақсацқа жұмсайды.

Б. Майлин Ғазизадай зұлымдыққа душар болған Қалампир мен Қаныштың ашу-ызасын, күйінішін тәптиштей суреттемейді, трагедиялық шиеленіске жеткізіп шешпейді, «Қалампир мен Қаныш өлі екендерін де, тірі екендерін де білмей мең-зен болып, солықтарын баса алмай жылап қала береді»³⁶, — дейді. Маужыраған жазғы таңғана бейшара әйелдердің көз жасына күэ болады. Тамылжыған табиғат суреттері адамды бақытқа, шаттыққа мезгегендей, осы фонда қамқорсыз әйелдердің абыронын төгіп, намысын қорлап кеткен Зәкіржандарға деген жириеніш сезім күшіне түседі.

«Зәкіржан молда» новелласында сатиравыңа леп еседі, тілінде ирониялық бояу айқын. Автор алдауыш Зәкіржан мен Қалдыбайдың өтірік діндарсын «Иә, алла», «астағыпрыралла», «құдайға сиынып» деген сөздерді ауыздарынан тастамайтынын мысқылдайды. Сыраханада ішімдікке қанып, қызара бөртіп отырған Зәкіржан молда екі сөзінің бірінде «астағыпрыралла» деп қояды.

Қай тақырыпқа жазса да юмористік, мысқылышылдық тәсілі байқалатын Бейімбеттің қисынсыз дін өтіріктерін өз пайдасына жаратпақшы болған думше молдаларды әшкөрелейтін әңгімелерінде күлкісінің уыты арта түседі. Бұл ретте «Шариғат бүйрығы» мен «Әліштің пырагы» әңгімелерінен қызық мысалдар табуга болады.

Өзі істеген ұрлығын «шариғат бүйрығы» деп жұба-туға тырысқан, бірақ жоғының ізімен желе жатқан мал иесі жақындаған сайын от басқан тауықтай аласұрған Кәрібай молданың іс-әрекеттеріне күлмей қала алмайсын. Өзін дүшпаннан «қорғайтын» дүға тауып жазыл алғып, соны езіл ішемін дегенде, асығыста Кәрібай сақалын қызыл сиямен бояп алады да, құғыншының қолына «қанды сақалымен» түсіп масқара болады. Бұл эпизодтарда дүға, тұмардың құдіретіне сенудің бос өурешілік екені, қылмыстың ізін бүркеуге оның әшқандай септігі болмайтыны әжуаланады. Ел ішінде ауырса, сырқаса молдадан тұмар алым, сауығамын деп босқа алданатындарға автор осылай ой салады, беркеге сенбеуге үйретеді.

Әр түрлі «кереметтің» болатынына жұртты илан-

³⁶ Соңда, 89-бет.

дырмақ болған Әліш молданың («Әліштің пырағы» — 1926—1930) өтірігі де ұзаққа бармай ашылады. Әліш өзінің «әулиелік қасиеттерін» лақап қылып кең жаюға тырысады, әйелі Айтолжы мен шекірті, қосшысы Әупілдек сияқты момын жандарға «әулиелік дарығаннан» кейін көрген тажап уақыттарын айтЫП, иландырып та тастайды. Өтірік әулие Әліштің шын сырның комсомолдар әшкерелейді. Түн болса әулиеге аспаннан ұшып келетін пырақ та, сол пырақпен Әліштің жер-көкті тегіс аралап саяхат шегуі де түпсіз өтірік, қысынсыз ертегі болып шығады. Түн жамылып, жеңіл жүріске түскен Әліш бірде жесір әйел Женттің үйінен қолға түседі. Әліштің шашпауын көтеріп, оған жағынумен күнін оздырған Әупілдек те бұл уақыгадан соң Әліш туралы өз пікірін өзгертеді, оның алдаушылық сыйқын таниды да безінеді.

«Әліштің пырағы» деген кішкене мақаласында белгілі әдебиет зерттеушісі, сыншы З. С. Кедрина: «Жазушы жабайы, бірақ жүрекке әсер берерлік әдемі сез, шебер тілмен алдағыш Әліш молда мен оның құйыршығы сопы Әупілдектің мінез-пейілін суреттейді»³⁷, — деп шығармаға кезінде дұрыс баға береді.

Діннің шын сырның әшкерелейтін үгіт насиҳат жүргізілген жерде молдаларға оңай жем түспейді, олардың күн көрісі нашарлай бастайды. Осында мұшкіл халге ұшыраған «Қадір тұнгі кереметтегі» (1925) Байқан молда. Байқанның мазасын алып, тынышын кетіретіндер, әсіресе мұғалім бастаған комсомолдар. Олар дінге қарсы үгіт жүргізеді, молдаларды мазақ қылатын спектакль қояды, тақпақ айтады. Бұл мазақтан құтылу үшін, «Керемет иесі болып, адамның ақылынан келмestтік істерді істесем» деп қиялданады ол. Керемет иесі болу деген өмірде кездеспейтін нәрсе. Автор діни фанатизмге берік Байқанның бұл соңғы үмітінің де кесілгеннін күлкі етеді. Ұзақ түнге тасбиқ тартып, тілек тілеген Байқан қалғып отырып, түсінде «керемет иесі болып», неше түрлі рахатқа да батады. Бірақ бұл ұзаққа созылмайды, ұйықтап кетіп оқыстап алдындағы шамға құлап, басындағы жаңа сәлдесін шүрк-шүрк қүйдіріп, кекала өзбек шапанының етегін жер майына әбден ма-лып алады. «Жер тәңірісі болып», жүртқа дегенін істе-

³⁷ «Әдебиет майданы», 1933, № 1, 72-бет.

мек түгіл, Байқан үстіндегі киім-кешегін бұлдіріп алып, ызага мықтап булығады, қолындағы шектей шұбатылған қара тасбиғын көрмestей болып лақтырады.

Пайдалы кәсіпсіз рахат өмірге жетуге болмайды, сондықтан да мұғалімнің «Кәсіп қылуыңыз керек қой, кәсіпсіз отырманыз», — дейтін ақылы Байқанның ойынан шықпай, толғандыра береді.

Біз тоқталып өткен әңгімелердің бәрі де сатиралық сипаттағы туындылар, оларда күлкінің уыты күшті, тілінде зілді мысқыл байқалады. Діни нағым-сенімдердің, оны үағызыдаушы молда, сопылардың өмірден орын алуға правосы жоқтығына автор әділ үкім айтады, оқушыны күлдіре отырып, күрделі мәселені алдына тартады.

Жазушының «Сахарда» (1924), «Қалекеңнің үйінде» (1930) дейтін әңгімелерінде шаригат шартын сақтау міндетіне, ораза ұстап, намаз оқу сияқты дінге құлышылғы етуге қарапайым еңбек адамдарының көзқарасы, солардың санасына біртіндеп ене бастаған өзгерістер аңғарылады.

Адал еңбекпен айналысқан адам тағдырға табынбайды, бақытын өз қолымен жасауға үмтүлады. Ондай адам намаз оқып, ораза ұстаумен дін кәдесін орындаймын деп әуре болмайды. Екінші бір дүниеде болады-мыс дейтін «жұмақ», «тамұққа» олар сенбейді. Осындај жайлар «Сахарда» новелласында шынайы көрінеді. Әлі де болса діннен қол үзбей, намаз оқып, ораза ұстап азаптанып жүрген әйелі Нагимаға ері: «Аштан өлейін деп жүріп ораза, намаз сениң не теңің?... Байларга-ақ берсейші, жұмаққа солар кіріп қарқ болсын»³⁸, — деп ашы мысқылдайды. Жылдар бойына атқарып келе жатқан гибадаты, тілек-өтініштері зая кеткенін Нагима да түсіне бастайды. Ақырында құдайдың әділдігіне шек келтіреді де, ораза, намаздан безінеді: «Үстінен ауыр жүкті алып тастағандай боп, Нагима еркін тыным алып, күндегі үйреншікті жұмысына кірісті. Тезірек ниетін бұзып, шай ішпек болды»³⁹, — деп жазады, автор.

«Сахарда» — новеллалық ерекшеліктері айқын байқалатын шығарма. Уақыфанның күтпеген жерден шеші-

³⁸ Б. М а й л и н. Шығармалар, З-том. Алматы, 1962, 124-бет.

³⁹ С он д а, 124-бет.

лісі мұнда оқушының алдына байқаусызда көлденен тартылғандай әсер береді. Жаңа ғана оразаға аузын беріктіріп, намазын оқып, бата қылып отырган Нагиманың ішкі ой түкпірінде көптен мазасын алып жүрген құдайға наразылық сезімінің кенет бұрқ етіп сыртқа шығып, оны оқыс іске бастауды ерінің бір ауыз сезі жеткілікті болады.

Нагима басындағы күрделі өзгерістің себебі мен дәлелін автор ұтымды пайымдайды.

Майлиниң атеистік тақырыптағы әңгімелерінің күні бүгін де мазмұны әлсіремеген, идеялық-көркемдік бағасы жоғары тұрады.

Еңбек сапарында біраз уақыт мұғалімдік қызмет атқарған Бейімбет сол тұстағы халық-ағарту ісінің жайжапсарына қанық болды, аулындағы жаңалықтың жаршысы мұғалімдердің сан алуан қоғамдық жұмысына сүйсіне қарады.

Алғашқы әңгімелерінің бірі «Түйебайда» (1924) автор ескі мектеп, дүмше молданы сынға алады. Діни мектептегі ақылға сиымсыз қатал тәртіп, топас молданың, әсіресе, кедейлер балаларына рахымсыздығы осында откір әшкереленеді.

Әкесі байға малай, шешесі сауыншы болып жүрген Түйебай баланың молдаға жұмалық қонақасы беруге шамасы келмейді. Адамгершілік сезімнен жүрдай, өз құлқынының құлыш болған молда Түйебай сабакқа зерек бола тұрса да жоқтан өзге сұлтаулармен айыр тілді қамшысын оның арқасынан айырмайды, сүйектен өтерлік сөгу, қорлау сөздерімен құлағын шулатады да отырады. Қаршадайынан тұрмыс таршылығына төзіп келе жатқан қайсар бала Түйебай молданың айуандық азабына ақырында шыдай алмай, мектепті тастап кетеді.

Бұл әңгімеде революциядан бұрын кедей баласына мектеп есігінің жабық болғанын Бейімбет реалистікпен ашады.

Жазушының совет мектебі мен оның мұғаліміне арналған әңгімелері 1925—1930 жылдардағы уақыларға негізделген. Бұл кезеңде мұғалімдердің жаңа мектептер ашып, оларға өнер-білімге сусаған қазақ ұландарын жинап оқытумен қатар, қазақ кедей шаруалары арасында зор қоғамдық-саяси жұмыстар да жүргізгені мәлім. Бұқараға Коммунистік партия мен Совет әкіметінің саясатын түсіндіру, егіндік-шабындық жер-

лерді қайта бөлу, бай-феодалдардың мал-мұлкін конфискелеу, ауыл шаруашылығын колективтендіру, егіс науқанын өткізу, үлкендердің сауатын ашу, газет-журнал тарату, еңбекшілердің мәдени-қажеттерін өтеу, дәлірек айтқанда, Коммунистік партия мен Совет өкіметінің тарапынан жүргізіліп жатқан барлық саяси-шаруашылық науқандарға мұғалімдер белсене ат салысып отырды.

Осы тарихи шындықтан нәр алған Майлиниң біраз әңгімелеріне советтік жаңа мектеп жайы, елдегі оқуағарту ісі, ауыл тұрмысына құлашын кең жайып ене бастиған үлкен өзгерістерге, жаңалық-жақсылыққа мұғалімдердің қатысы мен олардың өздеріне лайық атқарған ролі айрықша сипатталады.

«Қайнаға өтірік айтады» (1924), «Бір адым» (1927), «Алғашқы сабақ» (1928), «Естегілер» (1928), «Бекберген мектебі» (1929), «Ленин мектебі» (1929) сияқты әңгімелерінде елге жаңа мектептің маңыздырылышының насиҳаттау, ауыл шаруаларының басын қосып, күшін жұмылдырып мектеп үйлерін салуда жетекші болу, балаларды мектепке, оқуға тарту, тәрбиелеу, сауатсыздықты жоюда мұғалімдердің сіңірген игі еңбегі, қол жеткен табысы баяндалады.

Мектеп — ел көркі, ел мәдениетінің көрсеткіші, білім-өнер бесігі. Ол жаңа тұрмыс құратын іскер ұландар тәрбиелеп шығаратын орын. Сол себепті еңбекші халық мектеп жұмысын жолға қоюға, оны көркейте түсуге қаржысы мен күшін аямайды. Алғашқы мектеп ашуда, көрікті мектеп үйлерін салуда ұранышылар — үйимдастырушылар, партия, совет қызметкерлері, мұғалімдер. Бұлар: коммунист Жұман, мұғалім Нұргали («Бір адым») бейнесінде беріледі. Ел мұндай адамдардың есімін құрметпен атайды.

Халық мектепті өте жоғары бағалайды: оған үлкен талап қойып, ізгі үміт артады. Осы ретте «Ленин мектебі» атты шағын көлемді, зор мағыналы әңгімені еске түсірейік. Дағаны ауыр қайғы басқан, көсеміміз В. И. Лениннің қайтыс болған күнгі мектепте өткен азалы жиналыста сенсөң тымақ Талқамбай шаруа көзінен жасы мөлтілдей тұрып: «Мына мектеп жас буынды тәрбиелейтін орнымыз еді. Жас буын соның жолында тәрбиеленсін, соның өсінетін орындастырын болсын, соның атын мәңгі жүргегінде сақтайтын болсын. Көбің мақұл-

дасаңдар осы мектепті соның атымен атап, В. И. Ленин мектебі десек деймін»⁴⁰, — деген ұснысын жиылған топ бірауыздан қостайды.

Сүйікті көсеміміздің ардақты есімін мектепке берудің өзінен қарапайым адамдардың мектепті қаншалық құрметтейтіні көрінеді. Талқамбайлар өз мектебінің жұмысын үнемі қадағалап, оның жетістігіне шаттанып отырады.

Тәрбие дүкені — мектепті ардақтай отырып, халық сондағы басты тұлға мұғалімді өздеріне өнеге беруші, ақылшы деп санайды, оның беделін жоғары көтереді. Біраз әңгімелерден осы жай байқалады.

Айталық, «Әдет құшағында», «Чапайдың хаты», «Ұлбосын», т. б. әңгімелерде совет мұғалімдерінің, әсірелесе, елде жүргізлген түрлі саяси-шаруашылық науқандарға белсene араласуы, халық бұқарасы арасында атқарған үгітшілік-тәрбиешілік, ұйымдастыруышылық, жетекшілік ролі көрінеді.

«Әдет құшағында» әңгімесіндегі Қасен мұғалімнің алдына қойған мақсаты айқын, жұмыс нәтижесі татымды. Ол мұғалімдік ардақты еңбекке бел байлағанда, бір жағынан, жас өспірімдерді оқытып тәрбиелесе, екінші жағынан, ел жұмысына араласып, кедей батырақтардың басын ұйыстырып, соларға үйтқы болуды, түрлі жолсыздықтарға қарсы күресуді мақсат етеді.

Жастардың басы құрылса, Қасен солардың ортасында болады, газет, журнал оқиды, жастардың жігерін өсіре сөз сөйлейді, жана тұрмыс құруда алдарында тұрған міндетті ұғындырады.

Ауыл өмірімен біте қайнасқан Қасен («Әдет құшағында»), Сүйесін («Чапайдың хаты»), Әбулақап («Ұлбосын») елдегі жарасымды жаңалыққа жаңықұмар, кемшілік-керенаулық, ескілікке тәзбейтін, ондай құбылыстарға қарсы күресіп отыратын жас интеллигенттер, ауыл мұғалімдері. Бұлар мұғалімдердің ауылға барған алгащы тобы, ауылдағы мәдени революцияның қажырлы жауынгерлері еді. Сондықтан да автор ауыл мұғалімінің бейнесін сүйсіне суреттейді.

Маржстік-лениндік эстетиканың белгілі қағидасына сәйкесті көркем шығарманың мазмұны оның түрімен (форма) бірлікте қаралғандаған дұрыс түсініліп, баға-

⁴⁰ Б. Майлин. Шығармалар, З-том. Алматы, 1962, 317-бет.

ланбақ. Шығарманың мазмұны оның түрін лайықтағ алуға ықпал жасаса, сол түр мазмұнға қайталап әсер етпей қалмайды. Сөйтіп, шығарманың құндылығы оның озық идеялы болуымен қатар сөл идеяның жаразты түр арқылы көрінуімен өлшенеді. Осы арадан келіп композиция мен сюжеттің атқаратын ролі, маңызы айқындалады.

Көркем шығарманың күрделі қыстырылуын, оның құрылышын композиция дейміз. Композиция көркем шығармада өмірді суреттеудің қажетті жағдайы болып табылады. Тіл сияқты композиция да әдеби-көркем творчествоның негізгі құралы болып саналады. Қысқа айтқанда, композиция характер жасаудың көркемдік құралы. Көркем шығармадағы уақығалар жүйесі сюжет деп аталады, ол уақығалар арқылы характердерді ашып көрсетеді. Сюжеттің негізіне алынған конфликтінің басталуы, дамуы, аяқталуы болады. Сюжеттің негізгі бөлімдері, элементтері осылай келіп шығады. Сюжет әр шығарманың көлеміне шақталып алынады. Көркем сөздің суреткери А. Толстой шығарманың жанрына, көлеміне сәйкесті сюжетті қалай пайдалану жөнінде ол: сюжетті эпопея, роман, пьеса, повестер сияқты мол материалды біріктіретін ашытқы, ұйытқы ретінде пайдалануға болады. Сюжетті көркем баяндау арқылы оның әлеуметтік мәнін айқын ашып көрсету жолымен пайдалануға да болады. Соңғы жағдай новелла — қысқа әңгімеге лайық келеді, — дейді. А. Толстойдың бұл пікірі Майлин әңгімелеріне үйлесімді келеді. Сюжетті шебер айтып беру Майлиниң алғашқы жылдары жазған шығармаларында, әсіресе, жиі ұшырайды.

* * *

Майлин әңгімелерінің композиция, сюжет өрнектерін нақтылы талдау үшін, оның шағын әңгімесі «Сексен сомды» алайық. «Сексен сомның» көлемі қанша ықшам болса, сюжеті сонша қысқа. Кедей шаруа Егеубайдың жалғыз атын «Алаш орда» делегаттары сексен сом салық үшін зорлап алып кетеді — міне, сюжет түйіні осы. Бірақ осы шағын сюжетте өмір шындығы аса нағымдағы көрінеді, адам характері айқын ашылады.

Шығарма композициясындағы үйлесімділік, сюжет айқындығы, кейіпкердің ішкі дүниесін терең аша білу,

оның әрбір қимыл-әрекетін дәлелдеп отыру жазушының осы әңгімесінде тамаша көрініс береді. Мұнда өмір құбылысы, адам харakterі суретшінің полотносындағы дай небір түрлі бояу, штрихтарымен көз алдына келеді, ұмытылмастай әсер қалдырады. Қөлемі сонша шағындығына қарамастан, әңгімede сюжеттің негізгі компоненттері сағат механизміндегі бір-біріне жымдаса байланысып келіп, шығарманың идеялық мәнін айқындауга үлкен қызмет етеді.

Ертеңгі шайынан кейін Егеубайдың жайбарақат тысқа шығып, қора-қонысын оңдал жатуы — әңгіменің экспозициясы. Тынымбай ауылнайдың Егеубайды сексен сом салық түскенін ескертуі, соның артынша ауылнайдың баласының Егеубайды делегаттар шақырып жатыр деп ертіп кетуі — уақығаның байланысы, басталуы. Егеубайдың өз шаруа жайын ойлап қамығуы, мұнан бір ай бұрын сексен сом төлегендігін есіне түсіруі — шегініс. Делегаттардың салық ақша сұрап Егеубайды қысыуы, «Алашқа» қарсысын деп қорқытуы — уақығаның шиеленісі. Оның жалғыз атын алмақ болу — шарықтау шегі. Уақығаның шешілісі — Егеубай атын өз қолымен делегаттарға апарып беруі. Ауылнайдың пәлеңі Егеубайдың басына төндіруінің де себебі, мотивировкасы бар. Былтырғы сайлануында Егеубай оған дауыс бермеген екен, енді ауылнай, бір жағынан, кегін де қайрып отыр.

Өнерлі бағбанның аядай жерге неше түрлі түсті, иісті ғұлдер егіп өсіретініндей, осы кіп-кішкене әңгімede жазушының епті қаламы пейзажға да, кейішкерді жанама мінездеуге де орын тапқан.

«Ноябрь іші болса да қар жаумаған, қара жер. Құзғі қара дауылға қыстың ызғары қосылып, аспандығы сүр бұлтты құйқылжытып, ызғырықтау болып тұрган. Үйден шыққан ыңғайда тесік-тесік болып тұрган лапастан соққан жел Егеубайдың маңдайындағы шайдың шығарған терін жойып жібереді»⁴¹. Пейзаждың бар болғаны осы, бірақ атқарып тұрган жұмысы үлкен. Ызғарлы желдің үйден шыққан бойда Егеубайдың маңдайына тікендей қадалып, оны тітіркендіруі бүгін оған бір жайсыз іс кездесетінін ескерткендей. Төбесі тесік-те-

⁴¹ Б. М а й л и н. Шығармалар, З-том. 1962, 28-бет сбасқа үзін-ділер де осы кітаптан).

сік лапас, бұрышы жалырайып құлап жатқан қора, жем дәметіп оқыранған көкшолақ Егеубайдың шаруа күйінің мәз еместігін оқушыға бірден аян етеді. Бұл жанама мінездеу тәсілі.

Белгілі жағдайда кейіпкер психологиясының құбылыстарын автор жіті байқай алады, оның әр тербелісін қалт жібермей бейнелейді. Үй басына 80 сомнан салық түскенін есіткенде, «Егеубайдың таянып тұрган күрегі жерге түсіп кетті. Өзі безгек болған кісідегі қалтыранып, көзі қарауытып, аузы жыбырлап, қайта-қайта «Сексен сом» деп айта береді...». Құтылмас құрықтай болып Егеубайдың мойнынан іліккен сексен сом енді оны бірден-бірге қылғындыра түскендей. Өзінің кем-ке-тік, жоқшылық шаруасын ойлад Егеубай ауыр үнілейді. Соның арасынша «Ауылнайдың үйіне делегаттар келіпті» деген хабар дүңк етеді. «Мұны естігенде, Егеубайдың көз алдына сексен сом елестеп кетті... Бойы мұздап қалтырайды. Сексен сом оның жаны, делегаттар жан алатын әзірейіл секілді көрінді. Тұла бойы дірілдеп, жүрегі дүрсілдеп, тамағында бір нәрсе тұрган секілді жұтындырмайтын күйге ұшырады». Екінші сәттегі Егеубайдың психологиялық күйі алғашқыдан күшеттілек суреттеледі. Ұшінші сәт делегаттар шақырады дегенді естігенде: «Кесе қолынан домалады. Асып-сасып жа-маулы күпіні иығына іліп, жайтабан етігін киіп жүре бергенде, қатыны дауыстады.

— «Сорлы-ау, тымағынды кисейші, құлагым ауырып жүр деп ең гой, жел ұстар», — деген жолдарды оқимыз. «Алаш орда» жендеттерінен үрейі ұшып, естүс қалмаған Егеубай ызғырық сүкіта тымағын киуді де ұмытып, жалаңбас кетіп барады. Кейіпкерді бар мінез-құлқымен даралау, оның жанды бейнесін оқушы алдына көлденең тарту — Бейімбет шеберлігінің бір қыры осылай көрінеді.

Кейіпкердің басында болатын күйініш-сүйінішті, ішкі толғаныстарды әсерлі суреттеу, соған лайықты бояуларды тауып қолдану «Сексен сомнан» кейінгі жазылған әңгімелерінде жетіле түскенін, тереңдеп бейнеленгенін байқаймыз. Ішкі сезімді тебірене қозғау, әсіресе, романтикалық сипаттағы кейіпкерлердің басына қездескен трагедиялық ситуацияларды баяндағанда көрнекті орын алады. Бейімбетте мұндай әңгімелер көп болмағанымен бәрінің бояуы қанық, тигізер әсері күшті.

Әңгімені оқып шыққанда, оның кейіпкерінің қуаныш-қайғысына түгел ортақтасып отырасың. «Тасболат», «Әже» әңгімелеріндегі кейіпкерлер Тасболат пен Зылиханың трагедиясы осындай әсер береді. Басынан кешкен қайғылы уақиғаны баяндар алдындағы Тасболаттың ішкі сезім арпалысы, толқулары, сол сезім күшінің сыртқа серпугі, бет әлпетіндегі өзгерістер, қимыл-қозғалыстарды нағыз табиғи қалпында алынғанына шек келтірмейміз.

«Тасболат басын төмен салып, бірсыныра жерге шейін ойланумен отырды. Ойлаған түріне қарағанда, жанды жеген ескі жараның аузы ашылып, жүрекке қан бол қатқан сырдың мұздай жарылып, сең болып ағып кетуге дайын тұрғандығын сездіргендей еді. Түсі бір қуарып, бір қызыарып, мазасы кетумен болды. Бір кезде басын көтеріп, ауыр күрсінді. Бұрылып бетіме қарады. Көз жанарында мөлтілдеген жас тұр еді»⁴².

Ері мен үйелмелі-сүйелмелі екі баласын тастап, басқа біреуге тұрмысқа шығып, бақытты болуды ойлаған Зылиханың қатесін байқағаннан кейін уайым-қайғысы: баласы Бақыт пен қызы Ұлпаны сағыну, аңсауы автордың суреттеуінде сай-сүйегінді сырқыратқандай. Ананың баласына деген шексіз махаббатын жазушы сырттай суреттеуден гөрі, тікелей монолог арқылы көрсетуге ауысады. Монологте балаларына қаратып жалынды сезін үзіл-үзіл зорға айтып отырған ауру ананың дауыс интонациясы, елжіреп, зарыққан бейшара күйі терең сезіледі.

«Қалқам Ұлпа, құлыным Бақыт! — деп қамыққандай болды. Қамықты; бірақ көзінен жас шықлады, жүргегі жылады. Жүрегі елжіреп ішін өртеп кетті». Монолог алдындағы Зылиханың көріп күйі осындай. Жылай-жылай ана көзінің жасы таусылған, енді оның «жүрегі жылайды», жаны жылайды». Қандай қарапайым, қандай түңғиық терең сөйлем!

Ілгеріде айтылған Тасболат, мына Зылиханың тұрмыс таршылығында жіберген ауыр қателері, кейін адасқандықтарын мойындалп, ақ ниеттерімен кешірім сұрауы — оқушылар көңілінде жақтаушылық сезім тудыруды. Бұлардың еткен істеріне өкініш сезімдерін білдіруінде тырнақтай да жалғандық, жасандылық жоқ.

⁴² Б. Майлин. Шығармалар, 4-том. Алматы, 1962, 73-бет.

Б. Майлиинің юморлық тәсілмен жазған әңгімелерінен кейіпкердің ішкі ойы, ішкі монологі «Талақ» пен «Сахарда» қызық суреттегілерді. «Талақ» әңгімесінде ұрыс-қақтығыстан кейін, өуелі Айдарбек Зейнепті аяса, татуласқысы келсе, соңынан Зейнеп Айдарбекті есіркеп келіскісі келеді, «Талақ» туралы екеуінің ойы кезекпе баяндалады.

Бейімбет әңгімелерінің композициясындағы бір өзгешелік — ол белгілі бір уақығаны баяндау үстінде шегініс жасап, кейіпкерлерінің көрген түсін суреттеп шыгады. Ғажап түске сену ертеден келе жатқан фольклорлық мотив болғанымен жазушы оны кейіпкерлердің реалистік болмысынан, оның психологиялық күйінен, бір нәрседен хауілтеніп — қорқуынан, не бір жайды ойланып-толғануынан шығарады, сондай түс көрудің шындық өмірмен үштастығын дәлелдейді. Әдетте, тұрмыс таршылдығын көрген, қайғы-қасірет шеккен адамдар қорқынышты, үрейлі түс көреді де, өнінде, шындықта да ренішті уақығаға кездесіп отырады.

Түс көру эпизоды «Қырмызы», «Құлпаш», «Әже», «Қадір тұнгі керемет», «Сары ала тон» әңгімелеріне шебер енгізілгенін көреміз. Уақығаға жанасты суреттегін түс кейіпкердің харakterін ашуға септігін тигізеді.

«Әжеде» Зылиха үйден кететін тұнгі Қарымсақтың түсі қандай қорқынышты болса, оның өңінде кездестірғен уақығасы да сондай ренішті, ауыр»... Зылиханы өзіне қарап тарта берем дегенде, әлдекім арт жағынан келіп итеріп жібергендей болады... Қарымсақ жардан омақата құлап, басын көтеріп алса, ирендердеген біреу Зылиханы қолынан ұстап, дедектетіп әкетіп барады!... Әлдеқайдан Ұлпаның «Әже» деген ойбайы, Бақыттың «мамалаған» жылауы естілгендей болады... Қарымсақ күйіп кетіп, ойбайды салады — Зылиха, Зылиха! өз дауысынан өзі шошып оянды. Бұл түсі екен»⁴³ Қарымсақтың осы түсі бұлжымай келеді, шындыққа айналады.

Әңгімеге түс көру картинасын енгізу оның әсерін күштейтеді, жеңіл оқылуына, ойда сақталуына себепші болады.

Әңгіме сюжетін түс арқылы ашуда тапқырлықпен

⁴³ Б. Майлини. Шығармалар, 3-том. Алматы, 1962, 186-бет.

жазылған шыгарма «Қадір тұнгі керемет». Мұнда тұсқысқа эпизод емес, әңгіменің басынан аяғына дейін үзілмейтін арқау есебінде, өмір шындығы түстегі қияли болмыстармен қатар келіп отырады. Әңгіменің юморлық стиліне сай Байқан молданың көрген түсі де негізсіз қиялдың жемісі, көрінісі. Төбесі аспанмен таласқан мешіт, кілең асыл тастан тізілген тасбиық, көзді ашып жұмғанша сегіз қабат аспанды ұшып өтетін пырақ, күндей, айдай сұлу, қанатты хор қыздары, жұмақтың ғажап бақшасы, міне Байқан осыларға ие болады, Ғажайып түстің аяқталуы да күлкілі.

«...Молда насаттанып кетті. Жанындағы қызға қарап еді, ол құрғыр жымынып, молданың іші-бауырынан өтіп кете жаздады... Молдекен қызға қарап күлім қағады. Құшақтайын, сүйейін деп ұмтыла бергенде, пырақ бұлтарып кеткендей болып, басы төмен қарай молда зымырай бастады... Жүрегі зу ете қалды... Э, деғенше болмай, бір жанып тұрған оттың ішіне топ еткендей болды...»⁴⁴ Молданың қалғып, үйқысырап шамның үстіне құлап, сәлдесін күйдіріп алатын шындық болмыс оның түсінде жоғарыдағыша суреттеледі. Әңгіменің сықақтық уытын арттыра тұсу үшін, автор аспандағы пырақ, хордың қызы сияқты «Қасиетті жан иелерін» жердегі ешбір артықшылықтары жоқ жан иелерімен салыстыра сипаттайды. Байқанның мінетін пырағын «аттан кішірек, Сырдың есегінен едәуір қалыңқы, құлағы ондай салпы емес, ықшамғана бір жылқы» — дейді.

Атышулы Дон Кихоттың тұлпарға балап мініп жүретін «Россинаты» аяғын басқан сайын сүрінетін шабан, арық мәстек болғанына күлсөң, Байқанның мінген пырағы Сырдың есегінен едәуір қалыңқы болғанына күлесің. Байқан өзін оятып жатқан пырақты жетелеген хордың қызы ма деп қалса, ол өзінің әйелі Айжан болып шыгады. Құр қиялға беріліп, жеремет иесі болудан дәмеленген Байқан молданың ол үміті үзілгендін ғажап түсінің немен біткенін көрсетумен келістіре сыйқақ қылады.

Белгілі бір құбылыстар мен характерлердің мәнін ерекше айқын етіп суреттеу үшін жазушылар кейде сол құбылыстар мен характерлерге ұқсас картиналарды

⁴⁴ Со н д а, 165-бет.

алдын ала елестетіп өтеді. Мұндай композициялық тәсіл көмкеру (обрамление) делінетін мәлім.

Уақыға басталмастан бұрын шығарманы бір айқын картинамен көмкеріп тастав, орталық кейіпкердің характеристері мен тағдырын жазушы оқушыға алдын ала аңғартады да, түсіндіреді және еркін қабылдауға әзірлейді.

Мұндай шығарманы көмкеру тәсілінің тамаша улгілерін классикалық орыс әдебиеті мен дүние жүзі әдебиетінен кездестіре береміз.

Кейіпкердің басына ілгеріде кездесетін жайсыз оқиғаны мезгегендей картинаны түс түрінде бейнелеп, шығарманы көмкеру орнына қолдану Бейімбеттің «Сары ала тон» әңгімесінде жарасымды көрінеді. Әңгіменің алғашқы бөлімі тұтастай Шермектің түсін суреттеуге арналған. Үрейлі түстің бояуы қанық: Тұнеріп, тұлданып, шарасына сыймай тұрған күн, өңі қашып, қурап, семіп бара жатқан дала, сатыр-сұтыр ойнаған наизағай, жер қайысқан қалың топ, әлемді жаңғыртып, аспанда шыңылдаپ, құлақты жарып бара жатқан үн. Осынша топтың қатерін төккен адамы — Шермектің әкесі Сейпен бай. Сейпен осы қалың топтың аяғына жаншылып ыңғырсыды, бұған қол үшін берерлік Шермекте дәрмен жоқ. Түсті оқып шыққанда, Сейпен мен Шермектің бастарына төнген үлкен қатерді, оларға даярланған мықты соққыны сезінесің, сол уақығаны білуге асыға бастайсың, әңгіменің келесі бөліміне үңілесің. Шермек пен Сейпеннің бастарынан бағы үшіп, дәүлеті тайғаны әңгімеде онан әрі ашыла түседі.

Әңгіме құрылышы жайлы бірнеше хаттар жарияладап, қызық пікірлер айтқан жазушы В. Антонов әр автордың алдына қойған мақсатына қарай сюжет элементтерінің біріне кәңілді көбірек бөліп, енді бірін сәл көрсетіп қана өтетінін дұрыс көрсетеді. Айтальық, характерді сипаттау үшін пейзажды толық суреттеу қажет болса, жазушы соны істейді, кейіпкердің ішкі дүниесін танытада түсу үшін оны қоршаган бүйімдарды, заттарды толығырақ суреттеу керек болса, онан да тартынбайды. Бұл жөнінде автор әңгіменің көлемін өз қарауынша пайдаланады. Осыған В. Антонов Мопассан, Чеховтан мысалдар келтіреді. Мопассанның «Ай жарығы» дейтін шағын әңгімесінде пейзажды суреттеу екі бетке жуық орын алған да, Чеховтың «Чиновниктің өлімі» әңгіме-

сінде уақығаның өзін баяндау бір жолға сыйып кеткен. Бәрінің де себебі, келісімі бар.

Шағын әңгіме жазу тәсілінде осындай мысалды Майлииннен де таба аламыз. Ол «Баянсыз бақ» әңгімесі көлемінің жартысына жуығын Нұрлыбай судьяның жазу үстелін қайдан алғанын, үстелдің үстіндегі, айналасындағы нәрселерді түгел суреттеуге арнайды. «Нұрлыбай сырлы үстелді ұстай да біледі; үстелдің үсті таптаза болады. Бір жақ бұрышында кесілмеген, ұсталмаған бірер кітап пен жазу аспабы тұрады. Оған таяу шылым сауыт, құл салғыш болады. Екінші жақ бұрышында арам өлген сиырдай болып теңірейіп портфелі жатады. Үстел тұрган үй қабыргасында, бұл енді үстелге отырғанда, кісінің қарсы алдында тұрады — кіреуке-ленген кішірек айна болады. Айнаның бір жағында бетіне әжім кіргеніне қарамай, қызша киініп, бір қолымен жағын сүйеп түскен бір әйелдің сүгреті тұрады; мұны енді сұрамай-ақ осы үйдің «қазейкесі» дейсін; екінші жағында, — бір қырын отырып түскен, қолағаш мұрын, аққұба жігіттің сүгретін көресін. Бұл енді, Нұрлыбайдың жастау кезінде түскен сүгреті болады. Нұрлыбай жазу үстіне отырғанда, үстелінің сыр-сипаты міне осы айтылғандай еді»⁴⁵.

Нұрлыбай судья болған кезінде атқарған жұмысы, басынан өткен қуаныш, шаттық шақтары осы үстелімен байланысты еді. Оның барлық ішкі сырына қанық, күэ осы үстелі сияқты көрінеді. Үстеліне қарап, оны қоршаган нәрселерге қарап Нұрлыбайдың қандай адам екендігін де шамалаймыз. Үстелдің бір бұрышында жатқан кесілмеген, ұсталмаған бірер кітап Нұрлыбайдың рухани саяздығын аңғартса, үстелдің екінші бұрышында теңірейіп жатқан портфель жұрт көзіне маңғазданып, іріленіп көрінудің айласы. Ал қарсы алдына ілінген айна да оның минут сайын бет-аузын, қимыл-қозғалыстарын көріп, өзіне-өзі мәз болатын тоғышардың кейпін байқатады.

Уақығаны мазмұндалап шығудан гәрі, оны суреттеу, сипаттау қынырық. Суреттеу жазушының көргені көп, фантазиясы бай болуын қалайды. Суреттей білу байқағыштықты, тапқырлықты талап ететін шеберлік жолы болып табылады.

⁴⁵ Соңда, 218-бет.

Жазушы шығармасының сюжетін ашуда белгілі форманы қалап алады. Форма характерді жан-жақты түсінуге қызмет етуі шарт және сол форма ішкі мазмұнға бағынышты, соған лайықты болуы керек. Майлиниң ауыл шаруашылығын коллективтендіру дәүірінде жазған әңгімелерінің түр ерекшеліктері бұл пікірмізben қабысады. Коллектив құру шарасы едәуір айтыс, тарыс үстінде өткені мәлім. Тал күресіне, қызу пікір таласына көпшілік бұқара қатысты. Олардың ішінде сана-сезімі, білім-ұғымы әр қылыш типтер болды. Осы жағдайда шығармасында бейнелемек болған жазушыны ұзақ жол үстінде баяу қарқынмен баяндалатын әңгіме-кеңес формасы қанағаттандыра алмайды. Қызу күресті, шиеленіскең тартысты оқушының көз алдына динамикалық қалпында елестету үшін жанды картина жасау керек. Кейіпкердің кескін-келбеті, жүріс-тұрысы, даусы, сөзі көзге көрініп, құлаққа шалынуы қажет. Сондықтан да Бейімбет колхоз тақырыбына арналған әңгімелерінде эпикалық баяндаудан драмалық картина жасауға көшеді. Осы мақсатқа сай жазушы колхоз үйімдастыру тақырыбындағы әңгімелердің көпшілігін өткізілген жиылыс түрінде суреттеуді қалап алады. Әңгімені бұлай құрудың ұтымдылығы — жиылыштың бас-аяғы қысқа мерзіммен шектеледі, демек, суреттелмек уакыға осы шекке лайықталып алынады. Жиылыс талқысына қойылған мәселе төңірегінде характерлер қақтығысы айқын көрінеді, персонаждар бейнесін ашуға қысқа, келте қайырылған реплика-сипаттамалар жеткілікті болады. Әңгіменің идеялық түйіні — берілген уәде, қабылданған қарап есебінде ұтылады.

Еңбекші бұқара алдына партия мен үкіметіміз қойған күрделі мәселелерді жиылыш үстінде кеңесу. М. Шолохов, Ф. Мұсірепов, Ф. Мұстафин шығармаларында қызығылтықты суреттеледі. Ф. Мұсіреповтің «Алғашқы адымдар» атты ұзақ әңгімесінде «Жаңа жол» колхозының бұрынғы басшылығының артель шаруашылығын күйзелткен теріс әрекеттері бірнеше жиылышта әшкере-ленеді; М. Шолоховтың «Көтерілген тыңында» Гремячий логта артель үйімдастыру мәселесі алдымен кедейлер активінің жиылышында, соынан шаруалардың көпшілік жиылышында қызу талқыланады. Мұнда әрбір сейлеуші шешен — өз алдына тип, әрбір сейлеген сез—

халық тұрмысының картинасы, халық даналығының айғағындай әсер береді.

Майлин коллективтіндіру жылдарындағы шаруалар жиындарын көбірек суреттегенде, тарихи фактінің ізін баса жүреді, бұрын азын-аулақ жеке шаруашылығының күйтінде болып келген тұйық шаруа адамының енді жалпы ел мұддесін кеңесуге араласқанын, өз пікірұсыныстарын ашық айтып, мемлекеттік, отандық мұддені түсінгенін зор ілгерілеу деп қарайды.

Жиылды формасындағы Бейімбет әңгімелерінде Шолоховтағыдай драматизм әлементтері айқын, олар көбіне сұрау-жаяуп, диалогке, бірнеше адамдардың қатарласа, жарыса сөйлесуі, бірін-бірі іліп, қағып айтисуы түрінде баяндалады. Уақыфанды үлкен шеберлік, тапқырлық қажет болса, ондай қасиеттер Бейімбетте мол. Мысалы, «Қара шелек», «Даудың басы — Дайрабайдың көк сиыры», «Арыстанбайдың Мұқышы», «Қызыл әскердің үйі», «Таңба» т. б. әңгімелерінде жедел қозғалысты, диалогты суреттеуге автордың шеберлене түскенін көреміз.

«Менің сұрауым бар! — деп тұксиген қара кісі орнынан ұшып тұрды. Елтірі қара тымақты партага алғып үрді. Бұл Дайрабай еді.

— Ал көк сиыр басталды! — деді жүрт.

— Көк сиырдың дауынан құтылатын күн болар маекен?!

— Айта беріп қайтеді екен?!

— Да, алыс жерден келген кісі екенсің, мүмкін болса айтатын арызым бар, — деді Дайрабай өкілге»!

Көк сиыр хикаясын айтып шықтай, жолсыздықты көпке паш қылмай отыра алмайтын Дайрабай, бұл дауға түсінеге алмай таңырқаған өкіл бәрі де ап-айқын тұр. Дайрабайдың бет ажары, қайраты, киімі, бірбеткей мінезі, сөзшендігі ұсақ штрихтардан-ақ белініп, танылып қалады.

Жалған белсенді, жалақор Арыстанбайдың Мұқышымен кездесу сценасын автор быттай суреттейді: «Баяндаған кейін бірінші сұрауға Мұқыш жабысты:

— Колхоздан шығып, жеке шаруа болып отыруға ерік пе?

— «Ерік емес» деп айтқан адам болып па еді? — деп Сәлім ілінісе түсті.

Мұқыш сұрланып сала берді. Қөзі шапыраштанып,

ұясынан шығып кеткендей болды. Шарт жүгініп алғып, басындағы елтірі бөрікті жерге алып ұрганда, жамаулы құрым киіздің тозацы тұтін құсал бұрқ етті.

— Сәлім мені ауызға қақты, сөйлетпейді. Мұнысы «Асыра сілтеушілік»... Мұнысы — «Төрешілдік»!... «Мен ізденемін! — деді»⁴⁶. Ұрынуға қара таба алмай жүрген байбалам Мұқыштың сыйқы осындай күлкілі көріністе әйгіленеді.

Әңгімені екі не одан да көп адамдардың өзара сөйлесі, айтысусы түрінде құру үлгісін «Ақталған еңбек», «Таңба» әңгімелерінен табамыз. «Таңбада» колхоз қатарының тазалығы, беріктігі үшін табандылықпен құралған ынтымалдар бар. «Таң» колхозының бастығы Ерман мен соның айналасындағы ымырашылдар байларға көз жүмбай жасап, бәрін де колхозга 100 процентт алатындар бір топ. Ісқақ тұрып байлар жайлы сұрақ қойса, не сөйлесе-ақ болғаны олар Ісқақты ауызға ұрғандай жасап, іліп-қағып, кекетіп-мұқатып, сөзін аяқсыз қалдыруға тырысады.

Жазушы өз шығармаларының сыртқы түр көркемдігін іздел сарылмаған, ішкі мазмұн тартымдылығын көздеген; оның әңгімелері мен повестерінде оқуға, есте ұстауға қын, шытырман уақыға бұлтақтары жоқ, бәрі де шындықтағы, бәрі де өмірде болған, не болуы мүмкін жайлар. Майлин туындыларының ең басты ерекшелігі — олардың қарапайым, табиғилығы.

Жазушының кей орындарда уақығаны тұжыра, жинақ баяндау ниетімен мәжіліс хат, хабарлама, мақала, мәлімет, акты сияқты ресми документтер стиліне түсіп кетіп, әңгіменің көркемдік әсерін солғындағып, әлсіреттіп алатын жерлері де кездеседі. Мұны «Көктеректің бауырында», «Арыстанбайдың Мұқышы», «Колхоз қорасында» әңгімелерінен көруге болады.

Жазушының мол мұрасының ішінен там-түм кездесетін солғын бояу, әсерсіз жолдар оның шеберлігіне лайық жоғары бағаны, әрине, төмендетпейді.

Социалистік жолмен жаңа аудиограмма жаңа сипаттағы шаруаны суреттеу проблемасын көтерген шығармалардан біз бұл кезеңнің алғашқы жылдарындағы уақығаларымен танысамыз. Коллективтік ша-

⁴⁶ Б. Майли н. Шығармалар, 4-том. Алматы, 1962, 205—206-беттер.

руа жаңа ғана үйимдасып, сөз байласып, берекелі іске енді кіріскелі отырған шағын байқаймыз. Бірақ осы кезең шиеленіскең курес, татымды жеңіске мейлінше бай, айлары жылдарға татымды қауырт өзгеру, даму кезеңі болатын. Социалистік ауыл шаруашылығындағы қазіргі тамаша табыстарымыздың негізі сол жылдардан бастап қаланды. Бытыранды ұсақ шаруалардың шаруашылығын социалистік кооперативтендіру жолына түсіру аса маңызды шара болды. «Совет деревнясының социалистік ірі шаруашылыққа өтуі экономика жағынан, шаруалардың бүкіл тұрмыс қалпын жағынан ұлы революция болды»⁴⁷, — деп көрсетілген КПСС Программасында.

Осы ұлы социалистік революцияның қазақ ауылына әкелген түбірлі өзгерістерін Майлиниң көптеген әңгімелерінен шынайы күйінде көре аламыз. Олардан жаңарған ауылды, жаңалық қасиетті бойына жинаған кейіпкерді жиі кездестіреміз.

«Ауыл — жаңарған ауыл. Жаңа өмірдің табалдырығынан аттаған ауыл. Мынау отырған құдыр тон, сенсөн тығмақтар — жаңа ауылдың үйтқысы, жаңа өмірдің ұстасы. Талай кедергіні, қыын-қыстауды бастан өткізіп, енді құрделі жұмысқа бетті шындалап бұрып отырғандар»...⁴⁸, — деп түйіндейді автор «Бекберген мектебі» әңгімесін.

Көркем әдебиетте өз халқы өмірінің сан-сырлы шежіресін жазуды мұрат еткен қажымас қалам суреткери Б. Майлин әңгімелерінің бағалылығы неде, өнегесі қандай деген мәселелер төңірегінде пікірімізді жинақтасақ, мына түйінді аңгаралмыз: Жазушының көптеген әңгімелерін оқығанымызда Октябрь таңының самалымен оянып, социалистік құрылышқа жігерлене кіріскен қазақ еңбекшілерінің сергек қымылы, жанданып, жаңарған қазақ даласы өмірінің көп бояулы көріністері шындық қалпында көз алдымызға келеді. Қаламгер өмір ағысының көкейтесті болмыстарын тереңнен қозғап сөз етті, есқі салт-сананы, жағымсыз мінез-құлықты сықақ етті, ұнамды, өршіл құбылысты мадақтады. Ол, әсіреле, өз түсында, өз көзінше болып жатқан өзгеріске, замантынысына құлақ тұрді, әрбір маңызды жаңалықтың

⁴⁷ «Социалистік Қазақстан», 1961, 3 науырь, № 260.

⁴⁸ Б. М а и л и н . Шығармалар, З-том. Алматы, 1962, 330-бет.

сырын байқауға, оны басқаларға танытуға міндеткер есебінде қалам өнерін жұмсады.

Көркем әдебиет қоғамдық организмнің көзі мен құлағы және тілі. Белгілі бір құбылысты, жаңалықты жазуши басқадан бұрын естиді, бұрын көреді, көркеменер тәсілімен бейнелейді. Бейімбет өз шығармаларында өмір өткелдерін кеңінен қамтып, жинақтап көрсету арқылы сол шындықты оқушының терең ұғынып, түсінуіне, болашаққа батыл сеніммен қадам басуына жәрдемдесті.

Халық өмірінің бұрынғысы мен кешегісі (Бейімбет тұсындағы бүгінін) ол толық, тұтастай көркем суреттеп көтті.

Атап айтқанда, жиырмасыншы — отызыншы жылдардың шындығын, сол тұста қазақ даласындағы күрес, тартыс, жеңісті өз әңгімелерінде ең көп бейнелеген жазуши Бейімбет деуге болады. Шығармаларының идеялық-тақырыптық шенберінің кеңдігі, ұзын санының көптігімен ғана емес, көркемдік күшімен де ол қазақ совет әдебиеті тарихында елеулі орын алады.

«...Егер Бейімбеттің бір жылда жазған ұсақ әңгімелерін бір кітап қып бастырса, жеке әңгімелер үлкен романның бөлімшелері сықылды болып, барлық әңгімелер түр жағынан да, сюжет жағынан да байланысын тұрар еді»⁴⁹ деуінен С. Мұқановтың Бейімбет әңгімелерін жоғары бағалағанын білеміз.

Автор әңгімeden-әңгіmede өмірдің астын-үстіне келтіріп сілкүге құдіреті жеткен. «Жалбыр жең мен күс саусақтар» — Мырқымбайлар, еңбек адамдарын бірінші орынға қоя суреттейді. Қазақ совет әдебиетінде коммунист-күрескер бейнесін жасауға алғашқы қалам тартқан жазушының бірі Бейімбет десек, асыра айтқан болмаймыз.

Қазақ шаруаларының біріне бірі ұқсамайтын нешеме қызылдықты бейнелерін көп әңгімелерінде суреттеумен бірге, Бейімбет коммунист-күрескер, басшы, жетекші тұлғасын сипаттауға ұмтылды. Бірақ жазушы коммунист образын бір шығарма көлемінде әр қырынан аша қоймайды, оған әр кезде жазылған әңгімелерінде әр дәрежеде қайталай көңіл бөле отырып, бірден бірге толықтыра, жетілдіре, тереңдете түседі.

⁴⁹ С. Мұқанов. Өсу жолдарымыз. Алматы, 1956, 165-бет.

Бір әңгімеде коммунист кейіпкер қысқа эпизодта көрініп қалса, басқа бір әңгімеде ол уақығаға жиірек қатысып, анығырақ танылады, тағы бірқатар әңгімелерде коммунист негізгі кейіпкер ролінде алғынып жанжақты тұлғаланады.

Сейтіп, автордың коммунист харәктерін жасау-ашудағы шеберлігі бір әңгімеден екінші әңгімеде жетіле береді, біріндегі кем-кетігі екіншісінде жетісіп отырады.

Коммунист образын нақтылай көрсетуге ауысадың алғашқы үлгісін «Бір адым» әңгімесінен табамыз. Мұнда волком хатшысы Аманбай мен басқару орындарының бірінде қызмет атқаратын коммунист Жұман образының тұлғалары сыйылған. Нұргали сияқты ауыл мұғалімінің Әлекең, Жұмағұлдай құлардың шылауында кетіп, ұнамсыз қылыштар жасап, мұғалімдік міндетін ұмытып, абырайынан айрыла бастаған кезінде оған қол ұшын беріп тұра жолға сілтейтін осы Аманбай мен Жұман болады.

Аманбай мен Жұманды автор көбіне сөйлеген сөздері арқылы танытады, бұлардың іс-әрекеттері әлі ашыла қоймайды.

Коммунистің ел игілігі үшін сіңірген еңбегін автор «Бекберген мектебі» әңгімесінде баяндайды. Бекберген ауылда бірінші коммунист болған, кедейге теңдік әперу үшін байлармен табанды күрес жүргізген, ел қамын көздел, елеулі еңбек еткен адам кейпінде қабылданады. Кедейлік өмірді басынан кешіріп, совет тұсында қатарға қосылған, партия мүшесі болған Бекберген ауылға жаңалық әкелуге күш салған, кедейлерді үйімдастырып артель құру, мектеп ашуға басшылық еткен азамат. «Ендігі еңбегімді, ел, сендер үшін сіңірем» — деп құлышынады ол. Халықта қалтқысыз қызмет көрсетуімен Бекберген халық құрметіне бөленген. Жерлестері оның есімін зор мақтанышпен атайды. Жас ұрпақтың тәрбие орны — мектептерін соның атымен «Бекберген мектебі» деп атайды.

Біз мысалға алған әңгімелердегі қысқа эпизодтарда аттары аталып, істерінен хабар беріліп кететін коммунист-кейіпкерлердің бір-біріне үқсастығы, бірінің айтқанын екіншісі қайталайтыны бар. Оларды даралап алып, әрқайсысының тек өзіндік мінез-қасиетімен көрсету жағы жетісіңкіремейді. Айталақ, Жұман мен Аманбайды бірін-бірінен ажыратып алу қыын: бірінің

айтқан пікірін екіншісі жалғастырып, сабактап отырады. Екеуі де ақылғөй адамдар қалпында ұғынылады.

Коммунист образын жасаудағы автордың алғашқы қолалысы осылай болса, оның «Сары ала тон» әңгімелінен бұл мәселеде бір саты ілгерілегенің байқаймыз. Әңгімегегі коммунист Арыстан бейнесінің бояуы қалыңырақ, ол басқаларға үгіт сөз айтудың тынбайды, іске өзі араласып жүреді, әр кезеңде елге басшы болады. Сайлау тұсында байларға ырық бермеу, жер бөлісі кезінде Сейпеннің шұрайлы жерін кедей шаруаларға үлестіріп беріп, өзін тақыр-сортаңға ығыстыру — Арыстанның басшылығымен болған істер. Конфиске хабары есітіліп, жұрт оның қалай өткізілетінін түсіне алмай, әркім әртүрлі болжаулар айтып таласқанда шындықты білуғе Арыстанның маңына үйіріледі, бұл науқаннның мән-жайын сонан жете түсінеді. Қуандық, Тұтқыштар, ауыл кедейлері Арыстанды өздерінің көреген басшысы деп санайды.

Кедей, малайлар байға қарсы қажырлы күрес арқылы бостандық алатынның, ол үшін бір ауыздан сөз, бір жеңнен қол шығару, бірлесе қымылдау қажеттігін түсіндіріп Арыстан өз маңына берік топ құрады. «Енде, біріктірсек, партияның, үкіметтің шын қолқанаты болсақ, бітпейтін жұмыс жоқ. Ол естерінде болсын», — дейді Арыстан кедейлерге. Арыстан бастаған үста Қуандық, малшы Тұтқыш, сауыншы Несібелілер Сейпеннің мал-мұлқін конфискелеп, өзін жер аударуда зор қырағылық, жақсы үйимшылдық көрсетеді.

Коммунист Арыстанның сөзі өтімді, іске жедел, күрес үтінде солқылдақтықты, екіұштылықты білмейтін, партия ұранын орындауда көпшілікті артына ертіп кете алатын ысылған қайраткер екені әңгімeden айқын көрініп қалады.

Көркем әңгіме жанрының ерекшелігін ескермей, онда жеke кейіпкердің характерінің қалыптасуын әр қырынан алып, көп бояулы етіп көрсетпедің деп авторға сын айтудың реті жоқ. Әдетте әңгіме табигатына көбіне характерді қалыптасқан күйінде алып, уақығаға түйінді жерінен қатыстыру үйлесімді келеді. Курделі сюжетке құрылған ұзақ әңгіменің орны бір басқа. Мұнда композиция элементтерін түгел сақтай отырып, кейіпкер тұлғасын бүкіл бояу-бедерімен елестетуге мүмкіндік туады.

Б. Майлииннің «Көктеректің бауырында» аталған көлемді әңгімесінде коммунистердің қалыптасу, өсу жолы қызын құрес, шиеленіскең тартыс фонында суреттеді.

«Көктеректің бауырындада» саяси қырағылық, партия жолына адалдық мәселелері толғанады. Аудан орталығы «Көктерек» ауылына көшірілүмен «көп жылдардан бері мұлгіп, түнерумен өмір сүрген жансыз ауыл» кенет жанданады, үлкен әзгерістерге ұшырайды. Кедей-кепшік бұл жаңалыққа шынымен қуанса, байлар жағы бұқпантайлап аудан қызметкерлеріне өз ықпалын жүргізуден дәмеленеді. Партия мектебін жуырдағана бітіріп шыққан, өмір тәжірибесі жеткіліксіз жас коммунист Жақыпты өз маңына тартып, өз мүдделерін жоқтатпақ ниетімен Ермағамбет пен Омардың біреуі оған қойын сойып, қолын қусырып сыйласа, екіншісі үйіне пәтерге жатқызып, еңкейіп жастық, иіліп төсек болады. Мұндай жомарттық, қонақжайлыштың сырын аңгармаган Жақып алғашқы бетінде қулардың еппен құрган торына түсіп қала жаздайды; соңынан қатесін мойындал, қырағылық сезімін ұштайды, Жақылтың басындағы солқылдақтықты, жат ортаның оған еткен әсерін кезінде байқап, теріс істерден сақтандырып, қатаң ескерту жасаған аудандық партия комитетінің хатшысы Бөрібай партия жолына қылдай қилин жасаушыға ешбір ымырашылдық қылмайтын, партиялық тәртіпті берік сақтайтын, өз қол астындағы коммунистердің сыр-сипатын жете біletін адам.

Жақыпқа ренжіген тұстағы Бөрібайдың сезінен оның қаталдығымен қатар жас коммунистке қамқорлығы да сезіледі. «Жақып, сен балалықтан сау емессің. Бұлтақтағаныңды сезіп жүрмін. Ондай мінезді қой дел түнеукуні бір айтып едім гой, қақсата берме, түзел. Басқалардан көрі сенің түзелгенің керек, сенің ысылғаның керек. Біреудің көлгір сезіне, алдауына еріп, партия жолынан тайып жұмыс істесең, менен жақсылық күтте. Осы есінде болсын, — деді сазарып»⁵⁰. Қатаң талап қоя отырып, Бөрібай Жақыпты жақсыға баулиды, ауылға баруға, ел тіршілігімен танысуға, саяси-бұқаралық жұмыс жүргізуге жұмсайды.

⁵⁰ Б. Майлиин. Шыгармалар, 4-том. Алматы, 1962, 55-бет.

Кеңседе отырып, қағаз басты болып, ауылдағы берекелі істерден бихабар қалған Жақып өз қателігін енди ерекше сезінеді, ауыл еңбекшілері — өз жерлестері алдындағы борышын ақтауға жан-тәнімен, коммунистік ожданымен кіріседі.

Тегін жасырып, партияға кіріп алуға асыққан Қасым мәселесін талқылау үтінде Жақып саяси қырағылық көрсетіп, партия қатарының тазалығын сақтап қалады.

Жақып — өз кемшілігін қарыспай мойындаитын, оны түзей білетін өршіл талапты коммунист.

«Көктеректің бауырында» әңгімесінде Берібай мен Жақыптан басқа коммунист-мұғалім Рабиға бір-екі эпизодта көрініп кетеді. Ол аудан, ауылдың саяси өміріне үлкен ынтамен қатысып жүреді.

Әңгіменің соңғы бетін оқып шыққанда, «Көктеректің бауырындағы» көп жылдардан бергі мұлгіп түнерумен өмір сүрген жансыз ауылға жан бітіріп, тұрмыс арнасын жаңа бағытқа бұрган күш — коммунистердің тегеуірінді қымылды екені айқын ұғылады. Б. Майлин коммунист кейіпкерді даңғыл жолмен үнемі ілгері базып бара жатқан күйінде, табыстан табысқа қолын оңай-ақ жеткізе қоятын жағдайда суреттейтін жалаң схемаға ұрынбайды, қайта оны шиеленіскең тартыстан, қын ситуациядан өткізіп отырады.

Қорыта айтсақ: Б. Майлин әңгімелерінде коммунист образы тартымды жасалады. Бірінен-бірі өзгеше сипатталған Бекберген, Арыстан, Жақып, Берібай т. б. сол сияқты коммунистердің бәріне ортақ бір негізгі сипатты жазушы баса көрсетеді — ол еңбекші халық мұддесіне, ұлы Ленин партиясының ісіне шексіз берілгендей, коммунистік партия мүшесі атағына сай қызмет көрсетуге, көпке үлгі болуға ұмтылу қасиеті.

Қазақ әдебиетінде қалыптасқан дәстүрі болмаған проза жанрында, соның бір бұтағы әңгімемде шеберлікке жету үшін, Майлинге көп іздену, көп еңбектенуге тура келді. Оның 1915 жыл мен 1935 жыл арасында жазған әңгімелерінен автордың бұл түрге төселиу, шеберлену сатыларын байқаймыз. Жазушының өз жанрын игеруі тақырып талғау, образ жасау, түр келісімін табу сияқты мәселелерде көрініс береді. Автор махаббат, семья тағдыры, тұрмыстық сюжетті көбірек суреттей келе шағын әңгімемде адам характерін ашады, оның ішкі психо-

логиялық тебіреністерін қалт жібермей байқап, нақты дәлелді сипаттауға жаттыға түседі. Кейіпкердің өскен ортасын, ақыл-парасат дәрежесін міnez-құлқын, пішін-тұлғасын аса байқағыштықпен, шындық күйінде елестетуге төселе береді. «Талақ», «Сахарда» новеллаларында кейіпкер саны аз, баяндалатын қысқа эпизоттар шегініссіз, бір дәмде аяқталады, бұларда қарапайым адамдар бейнесі айқын тұрады. Айдарбек пен Зейнел, Нагималардың ішкі ой толғаныстары автордың суреттеуінде орасан сенімді, тұрмыста солай болатындығына шек келтіргізбейді. Әңгімені шағын эпизодқа құру қысқа, дәл, тұжырымды, жинақты жазуға себепкер болады, шеберлікке баулиды.

Жазушының әңгіме тақырыбын әлеуметтік құбылышқа аударуы, революция жеңісінің шындығын суреттеу өзінің де саяси тұрғыдан өсуін көрсетеді. Автордың «Кедей теңдігі» циклындағы әңгімелері мен «Күлттай болыс» аталатын шығармасы бұл айтқанымызға толық дәлел болады.

Жазушы шеберлігі де бір әңгімeden екіншіге арта түседі. «Кедей теңдігінен» екі жыл соң жазылған «Күлттай болыста» әңгіменің сюжет желісі татаусыз, күрестартыс ширақ, персонаждар хараптері айқындала түседі. Бұрынғы әңгімелердегі уақығаны баяндау, айтып беруден суреттеу, сипаттау көп орын алады.

Ауыл кедейлерінің берекелі істерінен көз жазбаған Майлін олардың ауылды советтендіру, жер бөлісі, конфиске тұсындағы батыл қимылдарын суреттей өтіп («Октябрьдің жемісі», «Жақсылықтың ауылы», «Сары ала тон»), аулындағы терең революциялық төңкеріс — колективизация тақырыбын талай әңгімелеріне арқау етті. Жаңа мен ескінің жағаласқаны, тап тартысы, шиеленіскең күрес үстінде жаңа адамдардың қалыптасуы осы кездегі көп әңгімелерде кездеседі. Жазылу шеберлігі тұрғысынан алғанда — «Қара шелек», «Ұлбосын», «Кохоз қорасында», «Қызыл әскердің үйі» колхоз тақырыбындағы әңгімелердің шұрайлылары болды. Бұл шеккे келгенде, жазушының әңгіме жазудағы тәжірибесі біраз молайды, қай тақырыпты да ол еркін игеретін дәрежеге жетті, өзіндік көркемдік стилін орнықтырды. Бұрын кейбір әңгімелерде кездесетін («Бір адым», «Естегілер») бір сарынды ұзақ баяндау, монологты азайтып, қысқа суреттеу, диалогқа жетті. Кейіпкер портрет-

тін қозғалыста, өзгерісте бейнелеумен қатар, оның характерін сөзімен ғана емес, іс-қимылы, әрекеті арқылы ашуға төседі.

Окінішке қарай, Бейімбеттің архивы, қолжазбалары, оның жазушылық лабораториясының ішкі құпиясын, сырын ашарлық деректер тым тапшы, сондықтан автордың белгілі шығармаларының туу процесі, жазылу үстінде қандай өзгерістерге ұшырап отырганы, вариантары, шеберлікке жету жолындағы ізденістері туралы қорыта пікір айтуда қындық туады.

Майлиниң әр түста газет, журналдар бетінде басылған, не жеке кітапқа құрастырылған кейір әңгімелерін салыстырып қарағанымызда, олардың біраз өзгерістерге ұшырап отырганын, алдыңғы басылғаннан соңғысы едәуір өзгеріліп жазылған фактілерін байқаймыз. Соңғы жинақтарына «Қадір тұнгі керемет» деген атпен кіргізіліп жүрген сықақ әңгімесін автор әуелі «Еңбекші қазақ» газетінің 1925 жылғы 22 апрельдегі санында «Қадір тұнінде» дейтін рубрика қойып, «Байту молда» атымен жариялаған. Бұл редакциясында әңгіме оқшау тәрізді. Кейін автор әңгімені толықтырып, мұғалім, комсомолдардың молдага қарсы жүргізген үгіт-әрекеттерін кірістіріп, оның сюжетін біраз ширата түсken. Әңгіменің аты енді «Қадір тұнгі керемет» қойылған, молданың есімі — Байқан болып өзгерген. Бірақ жазылу жолы сол 1925 жыл болып қалған. Қайта кеңейтіліп жазылғанда әңгіменің сықақтық уыты артқан, Байқан молданың мұсәпірлік халі бұрынғысынан құлдырай түсken. Әңгіменің сықақтық сырын оның «Қадір тұнгі керемет» дейтін аты-ақ аңғарта алады. «Құлтай болыс» әңгімесінің де осы тәрізді өзгеріске ұшырағын анықтадық. Әңгіме әуелі «Оқшау» қатарында жа-рық көреді. Оnda Құлтайдың ауылнайларды жиып алып, есептерін тыңдалап, жұмысты нашар атқарған-дарға ұрысқаны баяндалған. Автор «оқшауының» не-гізіне соңынан әңгіме құрған. Қайта жазылғанда Құлтайдың өмір өткелдері, болыс болып сайлану ситуа-циясы, совет болысы орнында өз міндетін қалай атқарғаны т. б. бірнеше бөлімшелер енгізіліп, қызықты уақыталау көркем әңгіме шыққан.

Қalamгерлердің творчестволық жолын, өсуін, кемелденуін бейне бір басқышпен жоғары көтерілгендей құбылыс болды десек, шындықтан алшактаймыз. Жазу-

шының шеберлікке жетуі бұралаң жалғыз аяқ соқпақ-пен тау шыңына өрлеумен тең ауыр екені түсінікті.

Қай әдебиеттің де кемелдігі — оның барлық жанырының даму дәрежесімен өлшенеді. Жиырмасыншы жылдардың бірінші жартысында қазақ совет әдебиетінде көркем проза жанры шабан дамыды. Ал оқушы қауым әдебиеттен поэзиямен қатар прозалық туындыларды талап етті. Осындай жағдайда Майлин бірыңғай көркем проза жазуға ден қояды. Жазушының мұндай шешімге келуіне еki түрлі себеп болады: біріншіден, проза жанрын дамытуға қолқабыс бергісі келеді, екіншіден, сюжетті шығармаға ынта, талғамы арта бастаған оқырман бұқараның талабына жауап беруді жазушылық борышым деп біледі.

Әр жанрдың өзіндік табиғаты, жазылу тәсілі, ішкі келісімі бар. Жанр сырын меңгеру үшін қыруар еңбек сіздіру қажет. Бейімбет бұл еңбектен қаймықпады, қаламын қыынға үштады.

Жазушы бұл творчестволық бетбұрысы туралы былай деп жазды: «Әдебиеттегі керекті жанрдың бірі қара сөз болса, сол бізде мешеулеп өріс ала алмай келді. Оңай өлең жазып әддettenгендеге қара сөз жазу қыын көрінді. Бірақ оқушыларымыздың тілегі күннен-күнге өсіп, жеңіл сюжетті көркем шығарманы керексінді. Оқушыларымыздың бұл ділгерін өтемеу бізге үлкен күні еді. Мен қара сөзге айналдым. Сонда осы олқылыққа түгел тығын болдым деп мақтанатын кісің мен емес. Менікі шығарманың түрін бір өңкей соған қарай аударып көру еді. Аудардым да»⁵¹.

1930 жылдан бергі кезеңде проза жазуға біржола ауысқан Бейімбет өз жанрын қапысыз тапқандығын артына қалдырган мол мұрасымен дәлелдеді. Автордың әңгіме, повесть кітаптары әдебиет қорымызға қосылуымен прозаның негізі берік қаланды, өрісі кеңіді.

Жиырмасыншы — отызыншы жылдары қазақ әдебиетінде Майлинмен қатар әңгіме жазумен шұғылданған бірқатар авторлар болғанымен солардың ішінде Бейімбет еңбегі қыруар. Кейбір жазушылар әңгімeden бастағанымен өзге жанрларға тез ауысып, кейін әңгіме жазбай кетсе, Бейімбет ұзақ уақыт бойына осы түрдің

⁵¹ «Социалистік Қазақстан», 1934, 12 июнь, № 133.

сан-сипатын менгеруге үзбей қалам ұштады, сөйтіп шеберлігін арттыра түсті. Оның терең сырлы әңгімелері күні бүгін қызыға оқылады, тартымды әсер береді, өйткені олар дәуір сипатын танытқан, уақыт сынын сүрінбей өткен, шын мәніндегі көркем туындылар еді.

Талай тақырып, сюжетті шертетін қазақ әңгіме, новелласының тамаша үлгілерін тудыруымен Бейімбет өз қатарластары мен өзінен кейінгі жазушылар ілегіне ұстаздық қылды, әңгіме жанрының қазақ совет әдебиетінде тез қалыптасып, жедел дамуына күшті қозғау салды, бағалы үлес қосты.

Көркем сөз шеберінің әңгіме жанрындағы мұрасы мен дәстүрінен қазіргі прозашы-новелла жазушыларымыз да творчествоныңпен үйреніп, өнеге алып келеді.

* * *

Өмір шежіресін суреттеген әңгіме, новелла үлгілерін жасаумен бірге Бейімбет жанрлық жағынан әңгімеге жуық келетін көркем очерк пен әдеби фельетон түрін де өндіре жазды, жақсы өнеге қалдырды.

Тақырыбы кеңіп, көркемдігі кемелдене бастаған қазақ совет прозасын дамыта беруде оның көркем очерктік түрін де жетілдіру қажет болды. Революцияға дейінгі әдебиетімізде шын мәніндегі көркем очерктің жоқтың қасы екенін ескерсек, бұл жанрда жазуға талаптанған авторға тәжірибе тапшылығынан болатын қыныштылықтарды жеңу, жанр ерекшелігіне төсөлуге көп іздену, еңбек сіңіруге тура келді. Очеркті кейін жазамыз деп арқаны кеңге салуға социалистік өмір қарқыны мен қажеттігі ырық бермеді. Осындағы жағдайда туған Б. Майлин очерктерінің бастапқы нұсқалары мінсіз болмағанымен өмір талабын өтеуге жұмсалды. Негізінде газеттік очерктерінде автор ауылдағы экономикалық-мәдени ілгерілеу құбылыстарын түйіндейді, ірі өндіріс колхоз беренсовхоздағы өнімді еңбек қарқынына қызығады, еңбек адамдарын дәріптейді.

Көркем очерк — өзіндік ерекшеліктері көп, қының жанр. Ол көркемдік пен публицистиканы шебер ұштасыруды қалайды. Пролетарлық көркем публицистиканың жаңа типін жасаған М. Горький көркем очерк жа-

зудың сонша қыындығын дәлелдеп көрсетеді. Очеркістің бойына асқан шеберлік пен қажымай еңбек ете білу қабілеті жарасады. Көркем очерктің үздік ұсталары ретінде М. Горький алдымен Мопассан мен Тургеневті атайды. Очерк жанрының қыындығы — актуальді, көкейтесті мәселе, құбылысты көркем өрнек арқылы бейнелеудің оңай еместігінен туады.

Бейімбеттің таңдаулы очерктерінде көркемдік бояу публицистикалық әуенмен бірлікте алынады. Ол көргенін, сезгенін жай бақылаушы ретінде мазмұндалап, езі битарап қалмайды, белгілі құбылысқа баға береді, міндетті меңзейді.

Өлең мен әңгіме жаза жүріп, Майліннің көркем очерк жанрында қалам ұстауы шамамен 1926 жылдың алғашқы айларынан басталатын сияқты. Олай дейтініміз сол жылдаң 7 февралында «Еңбекші қазақ» газетінің 29-санында Бейімбеттің «Ел зорлап сайлапты» дейтін очерктік сипатты сын мақаласы басылады да, сонына автордың әдеби бүркеншік аты — «Малай» деп қол қойылады.

Мұнан былай қарай, он жылға жуық мерзім ішінде «Еңбекші қазақ» газетінің бетінде Бейімбеттің жиырматта тарта очеркі жарық көреді. Бұлардың бәрі де 1934 жылы басылып шығатын «Алыштарды аралағанда» жинағындағы очерктердің қатарына енгізілмеген. Жазушы очерктерінің бірқатары оның әңгімелерімен такырыптас келіп отырады. Бұл шығармаларда ел тұрмысы, оқу-ағарту, мәдени жұмыс жайы, колхоз, совхоз қызметкерлерінің еңбек қимылы суреттеледі, кездескен кемшіліктер сыналады.

Автор жетістікке, жаңалық лебіне шаттана отырып, кем-кетікті бүркемей, партиялық тұрғыдан сынап, бетке айтып отырады, түзелуіне тілекtestік білдіреді. Жазушының ел аралағанда көрген-түйгені, естелік-кунделігі есепті бұл очерктерге автор «Жолдан», «Елден» деген бұрыштама қойып отырады.

«Ендігі ойымыз», «Артист», «Кино» аталған мақала-очерктерінде халықтың мәдени талап-қажетінің күннен-күнгө өсіп отырғаны, театр, кино өнерін бағалай білу, ауылда там-түм көрсетілген театр ойынына ынтығу, бір көрген кино-картинаны әңгімелеп журу тәрізді жақсы әдettерді мақұлдайды. Мәдениетке, білімге сусаған халқымыздың осындай ынта-жігерлерін әрдайым

қолдап, елге мәдени қызмет көрсетуді жолға қоюды міндет етеді.

Бір аудан өмірінің жан-жағына зер салу, оның саяси-экономикалық, мәдени істеріне тұтастай шолу жасап, қорытынды шыгару Бейімбеттің Қостанай облысының Мендиқара ауданынан жазған «Аудан съезінде», «Аудандық оқу», «Аудан қызметкерлері, сауатынды аш!» очерктерінен байқалады. Бір цикльдегі осы үш очерк біріне-бірі жалғастырыла, жедел жазылып, газете жарияланады. Бейімбеттің жазушылық-журналистік творчествосындағы оперативтілігі, қаламының өткір, жүйріктігі осы мысалдан да көрінеді.

Жазушының бастапқы очерктеріне тән бір өзгешелік — оларда табысқа тамсанудан гөрі кемшілікті ашып сынау жағы басымырақ келеді. Олай болуы жиырмасыншы — отызыншы жылдардың шындығынан туған: саяси-шаруашылық, мәдени-агарту жұмыстарын үйімдастырудың тәжірибесіздікten ол тұста біраз олқылықтардың орын алғаны мәлім. Автор «жазуырды жаба тоқып, барға қанағат етіп, шындықтың бетімен қалқып шығуды қаламайды, кемшілікті неғұрлым әділ сынап, оны түзетуді мақсат етеді, публицистикаға ойысады.

Майлиннің очерктік мұрасы сөз болғанда, оның «Алымтарды аралағанда» кітабы ауызға алынады да, екінші бір жинақтағы бір топ очерктері соңғы кезге дейін әдебиетшілер назарынан тыс қалып келді. Біз 1934 жылы Қазақстан баспасында шыққан «Социалды түлік» жинағының 1-кітабын (редакциясын басқарған Қабылұлы Илияс) айттып отырмыз. Бұл кітаптың III бөлімі — «Жолдан» (Бейімбеттің очерктері) деп аталған. Газет беттерінде әр кезде жарияланған он очерк осы бөлімде жинақталған. Олар: «Жігіттер», «Жайылма» (1933), «Әйет совхозын аралағанда» (1933), «Жалтыр көлінің басында», «Мысыйқ құйрық уақиғасы», «Қырман устінде», «Бөрлінің басында», «Еңбек бәсекесі», «Уа, тойға шақыра журмін», «Той». Аталған шағын очерктерден басқа автордың «Қойшыбай» дейтін әңгіме-очеркі «Социалды түлік» жинағында өз алдына басылады.

«Қойшыбай» — көркем очерк пен әңгіме аралығындағы шыгарма. Бұл белгілі «Әміржанның әңгімесімен» әуендерес, басты кейіпкерлердің өмір басқыштарын

қоғам даму кезеңдерімен ұластыра кеңінен суреттейтін туынды.

Жасөспірімдік шағын жалшылықта өткізіп, табиғат берген ерекше қайратын, адалдығын дұрыс бағытқа жұмсай алмай, бай, саудагер, ұры, қулардың қолшоқ-пары болып жүрген Қойшыбайды совет заманы қайта тудырады, саналы азамат қатарына қотереді. Алғашқы артель керегесін қаласуда, сонынан асыра сілтеушілікке қарсы қуресте Қойшыбай, оның өз сөзімен айтқанда, «кенес тілегін», «партияның сара жолын өрге сүйрейді». Ол — еңбек екпіндісі болады. «Қойшыбай» — ауыл шаруашылығындағы еңбек озатының портретін жасап берген алғашқы очерктердің бірі. Очерктің мұндай түрі қазіргі әдебиетімізде мықтап тамыр жайды, осы күні газет, журналдардың кез келген санын алып қарасаңыз, олардан бүгінгі еңбек ерлерінің қимылын суреттейтін очерктерді көздестіре бересіз.

«Қойшыбайдың» жазылу мәнері, сөз өрнегі тартымды, шебер әрі қаралайым. Мына мысалдардағы теңеудің ұлғайтылған түрлеріне көңіл аударсаңыз, байырғы ұғым, баламалардың орнын тауып қолданғанда қалай өрлене түскенін байқау қыын емес. Мәселен:

«Басын көтере алмай ауырлаған егін сабағы тәжім қылған келіншекке иілді». «Өтірік мәлімет бергіш пысықтар сөгілген киімдей ыдырап бет-бетіне тозды». «Көптің талқысы Қойшыбайды қайыста илеп, үнін шығартпайды». «Май, июнь ішінде «Қансор» поселкесі текеметтің түрінше құлпырырды». Әдетте, «текеметтің түріндей» дейтін теңеу түрлі гүлді шөп өскен даланы бейнелейтін болса, Бейімбеттің мына қолданысында поселка жанындағы бақшаның көктемгі көрінісін елестетуді көздейді, жаңа мағынаға не болады.

Белгілі кезеңге сәйкесті, конкретті жағдайлар мен объектілер жайлы жазылған очерктер автордың өз түсінінде өлжे өміріне мидай араласып, көркем сөз қуатын социалистік құрылым міндеттерін шешуге көмектесуге жұмсап, өзінің адал азаматтық борышын ақтағанын бағалаймыз.

Өзіне бұрыннан қаның ауыл өмірінен біраз очерктер жазып, тәжірибесін молайтқан автор енді ірі өндіріс, кен ошақтары, үлкен жұмысшы коллективтері жайлы да очерктер циклін жазуды ойлады, сөйтіп ол Шымкент қорғасын заводы, Қарағанды, Балқаш кенде-

рін аралтайды. Осы тұстағы автор қаламынан туган бір топ очерктер 1934 жылы басылған «Алыптарды аралағанда» жинағына біріктіріледі. Бұл жинақта очерктермен қатар өлең, әңгімелер де бар. «Алыптарды аралағанда» кітабына жазушының 1933 жылдың февраль, март, апрель, май айларында жазылған жеті очеркі құрастырылады.

Жазушы алғашқы сапарында Шымкет заводына барады, танысады, зерттейді. «Қайсысын қарап бітірерсің. Ұлы құрылыштың қай табысын санаң бітірерсің. Неше мындаған еңбек батырының социалистік Отанға сертін беріп, сіңірген еңбегіне қарағанмен көз тояр ма?»⁵² — деп жазушы әрі мақтаныш, әрі ғажап қалып таңдану, қанағаттану сезімдерін ақтарады.

Өндіріс процестерінің барлық көріністеріне де қызыққанымен автордың көреген көзі тереңірекке бойлайды. өндірістік қатынастағы жаңалықты бірден іледі. Бұл жаңалық революциядан бұрын болмаған құбылыс, еңбекке көзқарастағы түбірлі өзгеріс. Заводтағы осыншама көп жұмысшылардың әрқайсысы өзіне тапсырылған жұмысты ез ісім деп біледі, біреудің бүйіруын, қамшылауын керексіндейді. «Ақырып, бүйірып тұрған, ешкім жоқ. Өзінің жігерімен, берген сертін орындау мақсатымен істеп жатыр»⁵³, — дейді автор. Қөптің ішінен Мірсұлтанов, Хамит сияқты жеке еңбек озаттарын жазушы арнайы көрсете кетеді. Заводтағы өндірістік жұмыс мұддесі бұл адамдардың санаына сіңіп, әдетіне айналған. Бұлар көпке үйітқы, жастарға үлгі болады. Демалыста жүрсе де Хамиттің завод гудогін есітіп, завод маңына келіп кетпесе кәңілі қәншімейді. Етуге келіп, егде тартқан Мірсұлтанов еңбекте анаумынау жастарға әлі есесін жібермейді.

Алтып заводтағы жазушының ой көзі шалған тағы бір жаңалық — кешегі ауылдан келген мындаған колхозшының тез уақытта өндіріс мамандығын үйренуі, техниканы ерттеп мінуі. Осындай ұнамды құбылыстарды автор тез топшылайтын.

Өнеркәсіп жайлы алғашқы очерктерін жазушы болашақ үлкен шығарма тудыру жолындағы бірінші баскыш, дайындық деп қарайды. «33 жылдың басында

⁵² «Алыптарды аралағанда», 15-бет.

⁵³ Соңда.

мен қорғасын заводына бардым. Бұл жазушылық жолында бірінші ізденіп шығуым еді. Қеп нәрселер көрдім. Таныса келе бағалы шығармалар беруге болатынын байқадым», — деп бірінші сапарына мағыналы қорытынды жасайды автор.

Жазушының екінші аралаған алыбы — Қарағанды кені. «Ескі байлар кезінде жүз жылдар бойы қопарылмаған кенді, сала алмаған қаланы Қарағанды пролетариаты социалды қарқынмен жұмыс атқарып, астын ұске шығарыпты»⁵⁴, — деп жазады автор. Бұл табыс оңайлықпен қолға тиген жоқ, қажырлы курес, ұлы орыс халқының, Донбастан келген мастерлердің, түрлі мамандарының туысқандық кемегі арқасында болғанын жазушы есінен шығармайды, тиісінше бағалап көрсетеді.

Қарағанды шахтерлерінің өткендерінің жай-күйін, кен қопарудағы ауырталықты қазақ шахтері Боранбайдың естелігі арқылы елестетеді автор. Шахта астындағы ауыр, азапты жұмыс, қайлашыға сағат сайын төнетін хауіп-қатерді Бейімбет сараң сөзben, терең сезіммен жазады. Ол кезде шахта астына түскен адам, қайта жарық жер бетін көрем бе, кәрмеймін бе дегендей забойдың тубінен де қараңғы уайым арқалап қажуда жүретіні, тіршілік қамы айдаған соң, амалсыздан қатерге бойсұнатыны шындықпен ашылады. Забойға түсуге барада жатқан шахтердің үй-іші семьясымен қоштасарда айтатын «Қатын, шамымды, қайlamды әпер!» — дейтін сөздерін автор: «тап осы сөз айыптыға кесілген үкім секілді», — деп дәл анықтайды.

Азабы мен қатері мол еңбектің өнімі мардымсыз. Қонысбай — Борамбайлардың қан мен терін, бір жағынан, шахта иесі — капиталистер сорса, екінші жағынан, пыгызқ подрядчиктер, «жұдырығының салмағы анаумынау балғаның салмағындей бар» десятниктер сорды. Шахтердің бұрынғы аянышты күйі міне осылай.

Қай өндіріс орын болмасын ондағы шешуші күш — жұмысшы коллективі. Жұмысшы коллективі құрыштай берік, ынтымақты — «бәрі бірі үшін, бірі бәрі үшін» делінетін ұранды ту етіп көтерген жерде олқылыққа орын қалмайды. Бейімбет Қарағанды туралы очеркінің «Бәстескенде байқалды» дейтін бөлімінде осы коллектив бірлігін, ұлтына, нәсіліне қарамайтын адамгерші-

⁵⁴ Сонда, 41-бет.

лік достыкты, өзара қәмек мәселесін, ондірістегі социалистік жарыс табиғатын ашады. Қен копару тосіліне үзелі Борамбайды орыс шахтері Федор үйреткен болса, әнді Борамбай жас жігіт Ақимді үйретеді. Бірақ бұл әңбектерін Федор да, Борамбай да ешкімге қарыз етпейді, өз тәжірибесін игеріп келе жатқан жетегінде жастың алғаштық табысына онымен бірге қуанады. Бәстесіп қайла шабысқанда Ақимнің кейін қалғанын көрген Борамбай оның себебін іздейді. Ақимді әлі де үйрете, баули, шынықтыра түсуді өзіне міндет-борыш деп санайды. Социалистік қоғам мүшелеріне тән асыл қасиет осылай көрінеді.

Ондірістік жоспар, үдемелі қарқын, социалистік жарыс жоғарыдан келген нұсқау бойынша, ара-тұрағана қолға алынатын науқандық жұмыстар емес, әдетке айналған, күнбек-күнгі өмір талабы, тынысы. Олар әркімнің-ақ құлағына сініп, жүрегіне қонған: «Жоспар», «Қарқын», «Жарыс», «Екпінді» деген сөздер бірінші естілгеннен-ақ құлаққа сініп, жүрекке қонып, құнделікті өмірден орын алды»⁵⁵, — деп, очеркист осыған қуаныш, осыны мақұлдайды.

Қазақстанның өндіріс ошактарына арнаған очерктерінің маңызды тағы бір жағы — оларда Бейімбет өз қаламдастарын қайнатаған өмірге батыл араласуға, шығармаша сюжетті өмірден алуға, тамаша құрылыштарымызды, құдіретті еңбек иелерін шынайы калпында суреттеуге шақырады. «Мынау құрылыс, мынау еңбек тілсіз сакауыңа тіл бітіретін емес пе?» — дейді ол. Өндірісті сырттан ғамашалау, онан ішкі жүрек соғысын түсінбей, «Нобайлап», жүрдім-бардым жазуға болмайтынын автор әділ көрсетеді. «Віздің көбіміз осы құрылышты поездың терезесінен ғана сығалап керіп, «Тұтін будақтатып, «Мыс құстырып» журміз той. Қайтіп шықсын-ау...»⁵⁶ — дейді ол.

Қазақ әдебиетінде өндіріс тақырыбы кешеуілдеп қолға алынганы мәлім. Қарағанды кеншілерінің революцияға дейінгі және совет тұсындағы жай-жапсарын кеңінен суреттейтін Г. Мұстафиннің «Өмір не өлім», «Қарағанды» романдары, С. Ерудбаевтың «Менің құрдастарым», Г. Мұсіреповтың «Оянган өлкесі» кейінірек

⁵⁵ «Алыштарды аралаганда», 60-бет.

⁵⁶ «Қорғасын заводында» (очерк).

туған шығармалар екені мәлім. Бейімбет болса, ол осы тақырыпқа алғашқы баруши, сондықтан да оның Қаранды туралы очерктерінің әдебиет тарихындағы орны, маңызы өз алдына басқа.

Балқаш, Қоңырат бассейндері — жазушының З-сапары осы кен қазыналарына бағытталған-ды. «Болат құстың кеудесінде», «Екінші күн», «Оқытушылар» очерктері де сол сапардың жемісі. Мешеу замандағы айлық жолды болат құс — самолет алақанның аумағындағы көрмей зымырап өте шығады. Осы құстың кеудесінде отырган жазушы өзін болат құстай сезінеді. Өйткені болат құсқа жан бітіріп, дегенін істеп келе жатқан жасампаз совет адамы — жөптің бірі.

Б. Майлииннің өнеркәсіп туралы жазылған очерктері оның творчествосындағы жаңа тақырыпты игеру жолындағы барлау — іздену кезеңін аңғартады, болашақ үлкен шығармаға материал жинау, кейіпкерлерінің прототипімен кездесу секілді автор үшін аса маңызды процесі келіп өтеді. Жұмыгшы коллективтерімен танысу, өндіріс сырына үңілу жазушыға үлкен мектеп болғаны сөзсіз.

Очерк — жеке кейіпкер бейнесін жасауда оңтайлы жаңар қатарына кіреді. Очеркші-автор қысқа штрихтар арқылы өз кейіпкерлерінің негізгі сипаттарын ашып салады. Әдетте еңбек озаттарымен алдымен біз газет, журнал беттерінде басылған шағын очерктерді оқығанда танысамыз. Бейімбеттің жеке кейіпкер — еңбек озатын үлгі ете жазған «Қойшыбай», «Ленин шәкірті», «Бақыт» очерктерінен сол кездегі еңбек майданының екпінділерін табамыз.

Қарапайым шаруалар: Сағымбай мен Бақытты соншама даңққа бөлеген адал еңбек. Сағымбай — коммунист, колхоз председателі, Бақыт — орденді жылқышты қарт.

Бейімбет әңгімелеріне тән уақығаны баяндау тәсілі «Ленин шәкірті» очеркінен айқын байқалады. Очерк Сағымбайдың өткен өмірін таныстырудан басталады да, оның қазіргі қолы жеткен табыс дәрежесін мәлімдеумен бітеді. Бай тепкісіне көнбей елден кеткен Сағымбайта қол ұшын берген өзіндей кедей орыс шаруасы, «Сағымбай шын ағайынды қөрші поселкадан тапты. Ұзын Сергей деген кедей орыспен ішек-қарыны араласып, тумалас адамдай болып кетті. Содан былай тәлкекші-

лер бұл екеуін «Қос собал» деп атайдыны шығарды», — деп жымияды автор.

Партия тәрбиелеп өсірген Сағымбай енді аудандағы бірінші қатардағы колхоздың басшысы. Ленин қайтыс болған күнді еске алғып сез сейлекендеге, Сағымбай Ленин жолын алға апаруға серт береді, өзін Ленин шәкіртімін деп санайды. Очеркten Сағымбайдың іскер басшы, табанды құрескер, жалынды коммунист екенін ұғамыз.

Кей очерктерінде фактіні көркем бейне тіліне аудармай, тұра алғып, жай мақала түрінде баяндау сияқты олқылықтар Б. Майлиниң де там-тұм табылады. Мысалы, «Екі жылдың ішінде осы колхоз ауданда бірінші болып отырған жоқ па? Егін шығымы орасан артты, мал басы қаулап өсті. Әлденген колхозшы еңбектің не түрлі жаңа әдістерін ойлап тауып, шоктығы көтөріле түсіп отыр» («Ленин шәкірті» очеркі), — деген үзінді фактінің ішкі сырын, түйінін аша қоймайды, сырттай ғана хабар береді.

Бұл кемшілік М. Горький айтқан күнбек-күнгілікті актуальды мәселені көркемдікпен көрсетудегі қындықтан келіп шығып отыр.

Тәжірибе толықтыру, үйрену жолында кейбір кемшіліктерді бастаған өткере отырып, Б. Майлин ілгері үмтүлды, газеттік-журналдық очерктің әдебиетімізде кең өріс алуына ат салысты.

* * *

Әңгіме, көркем очеркке қоса әдебиетімізде фельетон түрін қалыптастыруға да Б. Майлин келелі еңбек сіңірген автордың бірінен саналады.

Жазушының фельетондық шығармаларын талдау, бағалаудан бұрын фельетондық туындының жалпы табиғатына, ерекшеліктеріне аз-кем тоқтала кетуіміз қажет.

Әдеби фельетон газеттік мақала мен көркем шығарманың аралығында тұратын туынды деп қаралады. Газет, журналдағы мақала мен корреспонденциядан әдеби фельетонның көркем шығармаға жуықтайдыны — онда сатира мен юмордың элементтері болады, бейнелі жеңіл тілмен жазылады. Көркем шығармадан ол қоғамдық-саяси өткір мазмұнымен, суреттелетін өмір фактілерінің нақтылығымен, үнділікті ділгер мәселелерге оқушы назарын аударуымен ерекшеленеді.

Саяси-тәрбиелік міндет атқара отырып, фельетонның уздік үлгілері көркем проза мен поэзия дәрежесіне дейін көтеріледі. Бұған орыс революцияшыл демократтары мен М. Е. Салтыков-Щедрин, А. П. Чеховтың сатириалық мұраларындағы фельетон жанрының тамаша нұсқалары мысал бола алады.

В. И. Ленин жаңа типтегі баспасөзді алғаш үйимдастырганда фельетонға көрнекті орын беруді қалады. Саяси сатираны жұмысшы табы жүргізіп жатқан идеялық-саяси күрестің өткір қаруы деп санады. Пролетариат әдебиетінің негізін қалаушы А. М. Горький де өз творчествосын фельетон жанрында бастағаны мәлім.

Социалистік революция жылдары Д. Бедный, В. Маяковский, А. Безыменскийдің фельетондары партиямыздың түрлі бояулардағы жауларына қарсы күрестегі құдіретті қаруы болды. Сондай-ақ ол шығармалар азamat соғысы күндері майдан мен тылдағы бойкүйездік; төрешілдік, өз құлқынын қуалаушылық т. б. жарамсыз едептерді әшкереledі.

Советтік фельетон адам санасындағы капитализмнің қалдықтарын сынап шенейді, қофамдық меншікке қол сұғушылықты, пайдакунемдікті, төрешілдікті, әйгілейді, мақтаншақтарды, жарамсақтарды т. б. күлкі етеді.

Совет әдебиетінде И. Ильф, Д. Заславский, А. Колотов, Л. Ленч, С. Нариньяни, Г. Рыклин, О. Вишня, И. Рябов және басқа да фельетонның дарынды шеберлері есіп жетілді. Өлеңмен жазылған фельетон үлгілерін С. Маршак, С. Михалков, т. б. творчествосынан табамыз.

Қазақтың революциядан бұрынғы жазба әдебиетінде прозаның фельетон түрі дамыған жоқ-ты. Фельетон жанрының жарыққа шығып, қалыптаса бастауы совет заманының жемісі.

Қазақ совет әдебиетінде фельетондық шығарманы ең көп жазған қаламгерлер І. Жансугіров пен Б. Майлин еді. Республика кеңес жазушыларының тұңғыш съезінде (1934) сейлеген съезінде Х. Жұмалиев әдебиетміздегі фельетон жанрының төркініне тоқтай келіп, «... Оқшауды нағыз фельетон деуге болмайды. Нағыз фельетонды жазған Илияс, Бейімбет, бұл даусызы», — деп сол кездің өзінде бұл қаламгерлерге әділ баға берген-ди.

Оқшау, фельетон тыныш кабинетте отырып, ойдан шығарылып жазылатын нәрсе емес, ол өмір ағысына

құлаш ұра жүріп, құлақ естіген, көз шалған фактілердің жазушының ұшқыр ойымен жедел қорытып, өз кесімін көшілікке білдіруінен туады. Фельетоншының трибunasы қунделікті баспасөз, газет беті де, аудиториясы мың сан оқушылар қауымы. Бейімбет оқшаулары оның губерниялық, республикалық газеттерде қызмет атқарған жылдарында жазылған. Құнбек-күн газет редакциясына Қазақстанның тұс-тұсынан тұсіп жататын сан алуан тілші хаттары авторга мол материал береді, қаламын жетелейді. «Сойқанды содырлардағы: оқшаулардың бірқатары-ақ жер-жерден келген тілші хаттарына негізделген. Сауатын шала-мұла аша бастаған шаруа-ның бір жапырақ қағазға икемсіз қолымен ұзын-ырғасығана түсірілген қысқа хабар-сигналдан өткір идеялы, қызық уақығалы фельетон шығару үшін жазушының бай өмір тәжірибесі, тапқырлығы, шеберлігі керек-ақ.

Майлиннің жазушылық өнерін үйренген университеттерінің бірі Қостанайда шығарылып тұрган «Ауыл» газеті болды. «Ауыл» газетінің редакциясында істеген жылдары Бейімбет, әсіресе, оқшау-фельетонды көп жазған.

«Ауылдың» шыға бастағанына жыл толуына байланысты (бірінші саны 1923 жылдың 1 сентябрінде жарық көрген) 1924 ж. 1 сентябрьдегі санында газет редакторы М. Бейсенұлының «Ауылдың жүрегі әм жұлыны» (Бейімбет Майлыұлы) деген мақаласы басылған. Бейімбеттің өзіне тапсырылған міндетке соншалық жаупкершілікпен қарайтынын, қолына алған ісіне қалтқысыз беріле шұғылданғанын мақала авторы сүйсіне сипаттайды. «Ұзақ қүнге дамыл жоқ, ойын-кулқіден тыс жатса-тұрса ойлайтыны «Ауыл», — дейді ол. Екінші бір тұста: «Жалғыз Бейімбет газет ісінің бәрін атқарады және үлгіреді», — деп жазады. Мақалада жазушының творчествоның еңбек сөтін аңғаратын мынадай қызықты жолдар бар. Газеттің кезекті номеріне материал тапшы болып қалғанда, біреуге міндеттелген мақала кезінде даяр болмай кешігіп қалғанда, салмақтағы Бейімбетке түседі екен. «Бір мақалага бола газеттің номерін тоқтатып қою Бейімбетке ұят. Отырып алып он минуттей тұртінді. Бір беттің жартысын алатын оқшау сөз даяр. Кейде өлең де шығып қалады» — дейді Бейсенұлы.

Бейімбет оқшауларының қандай жағдайда жарық-қа келгенін, оларға тақырып болған уақығаға, фактінің ізі сұымай, әсер әлсіремей тұрғанда, оқшау күйінде газет оқушыларының назарына ұсынылып отырғанын жаңағы мақала бұлтарыссыз дәлелдейді.

Б. Майлиниң оқшау-фельетондарынан екі кітапша жарық көрді. Бірі — 1928 жылы «Еңбекші қазақ кітапханасы» сериясымен Қызылордада басылған «Сойқанды содырлар» (араб шрифтімен терілген), екіншісі — 1929 жылы Қызылордада шыққан «Кесінділер» (ұсақ оқшаулардан).

Бұл кітапшаларға автордың 1926—1928 жылдар арасында жазған шығармалары жиналған. Б. Майлиниң фельетондық мұрасы бұл екі кітапшамен тамамдалмайды, оның отызыншы жылдары жазылған біраз оқшау, фельетондары облыстық, республикалық газеттер беттерінде жарияланған.

«Кесінділер», «Сойқанды содырлардан» бір жыл соң баспадан шыққанымен, әуелі осы жинаққа көніл аудару жөн, өйткені мұнда автордың 1926—27 жылдары жазылған шығармаларға қоса 27 жылы жазылған он шақты оқшауы енгізілген, демек жазушының шеберлік сатыларын байқауға бұның септігі де тиеді.

«Кесінділер» кітапшасының бұлай аталуының мәні — әр түста газет бетінде жарық көрген оқшау-фельетондарын автордың кесіп, қыып алғып жүріп, кейін жинақ етіп бастыруында. Бейімбеттің «Қарасы батты» дейтін оқшау фельетоны алғашында «Ауыл тілі» газетінің 1927 жылғы 2-санында басылады да, авторы «Малай» деген Бейімбеттің бүркеншік атымен көрсетіледі. Газеттің осы санында совет сайлауына қатысуға правосы жоқ бай, болыс, молда, би, төрелердің сықақ, суреттері басылған. Оқшау да болашақ сайлауда өз адамдарын өткізбекші болып жүрген Тасберген сопы, Белденбок молда, Итаяқ бидің газеттегі карикатураны көріп үрейлері үшқаны, үміттері үзілгені айтылады. Кейін бұл оқшау «Кесінділер» жинағына енгізіледі. Басқа оқшау фельетондардың нұсқаулары сол кездегі мерзімді баспасөз беттерінен табыла береді.

Ескертте кетерлік бір жай, аталған екі кітапшада фельетондық сипаты жоқ публицистикалық мақала, суреттеме-әңгіме ретінде қаралуы тиісті оқшаулар да жоқ емо. «Кесінділердегі» «Оңай олжа», «Аш, жалаңаш»,

«Баймолда» публицистикалық тенденциясы ашық мақалалар да, «Беркімбай — әскер», «Айшаның қайраты», «Жол үстіндегіні» қысқа әңгіме-суреттемелер деп қаралған дұрыс. Сондай-ақ «Сойқанды содырлардагы» «Ескерілетін екі хат», «Жантөре мен Шаймерден», «Қақаң мен Жақаң», «Тап өзі» — елдегі кейбір жолсыздық, жөнсіздіктерді фельетондық бояусыз ашық сынау, баяндау — мақала стилінде жазылған материалдар. «Беркімбай — әскер» әңгімесінде Совет үкіметі арқасында байдың құлдық қамытын сипырып тастап, әскер мектебіне түсіп оқып, білім алышп, ауылға саналы азамат болып қайтқан Беркімбаймен танысамыз. Мұнда фельетонда болатындаи юмор, сатира элементтері жоқ, біреудің іс-әрекет, мінез-болмысын сынау-шенеу, құлқі мазақ қылу мақсаты көзделмеген.

Баймолда сияқты совет болысының («Баймолда») өз міндетіне салақ қарал, халық мұнцына құлақ аспағанын сынау үшін де автор публицистикалық тәсілді қалап алады.

Қаладан келген досы Сәлімнің Баймолданың кемшиліктерін көрсетіп, оған қатты реніш білдіруі аңы шындықты бетің бар, жүзің бар демей ашып салған өткір сын, мұнда әзіл-сықақ болуы мүмкін де емес.

«Сен адамшылықтан шыққан екенсің, — деді Сәлім, — көзі ашық, оны-мұны біледі, ел жайын ойласа, осы ойлар деп ел сені сайлап отыр. Сол жұртқа сен не істеп отырсың? Арызбен барғанды ақсақалға сілтейтін көрінесің. Жәбірленген, езілгендердің саны жоқ. Оларға қол үшін беруді білмейсің, ел шаруашылығы күйзелуде, оларға шаруашылығын көтеруге басшылық керек; оқу оқыту жұмысы таза бүркеулі, мектеп балалары дсп ойнап жүр...»⁵⁷.

Елдегі ескілікпен белдесіп, жаңаны уағыздал жүрген тілшілерге зорлық көрсетіп, жала жабушылардан арашалап отыру қажеттігін көрсеткен, «Әлекең аяқ алышы», «Ескерілетін екі хат» («Сойқанды содырлар» жинағында) ешбір әсірелеусіз, болған фактілерді көрсете отырып, жазылған сын мақала.

Жазушы екі жинағын да оқшаулар деп атаған, өйткені ол тұста фельетон деген термин қолданылмаған. Сын мақала да, фельетондық сипаты бар туынды да,

⁵⁷ «Кесінділер», 30-бет.

тіпті көркем әңгіме де біркезде оқшау, оқшаулау қатарына жатқызыла бергенін көреміз. Мысалы, бұл күнде қалың оқушыға әбден таныс «Айранбай», «Құлақ», «Сахарда», «Биагалар өтірік айтады» (кейін «Қайнаға өтірік айтады» делініп өзгертилген) сияқты Бейімбеттің көркем әңгімелері алғашқы рет «Ауыл» газетінде басылғанда («Ауылдың», 1923 жылғы 19 наурызда, 1924 жылғы 8 март, 9 апрель, 21 майдағы сандарында) «Оқшау» деген түсініктемемен шыққан. Белгілі «Раушан — коммунист» шығармасының алғашқы нұсқасының басы «Ауылдың» 1923 жылғы декабрьдің 24-санында «оқшаулау» бұрыштамасымен басылады.

Майліннің жоғарғы екі жинағында да оқшау-фельетонға қойылар талапқа жауап берерліктеі, кеселді құбылыстарды өткір қаламға шанышқан шығармалар елеулі орын алады.

«Кесінділердегі» оқшаулар жазушының бірқатар әңгімелерімен тақырыптас, сюжеті ұқсас, идеясы үндес келеді. Қалың малға сатылған қыз, малы арқасында көп әйел алған бай, мырза, дін пердесін буркеніп елді алдаған дүмше молда, әкімшілік бабын өз пайдасына жаратқан қызметкер, махаббат сезіміне тұрақсыз суайт жігіт т. б. Автор осындайларды сықақ қылады.

Жарамсыз құбылысты қысқа сюжетпен суреттеп мысқылдауда жазушының шеберлігі «Салқамбай тоба қылды», «Протокол», «Жұмбак билеті» оқшауларында бірсыдырығы байқалады.

Феодалдық қоғамның салтынан қалған қыздың бас бостандығын аяққа басу, қалың мал алу дәстүрі Совет үкіметі орнағаннан соңғы алғашқы жылдар ішінде жойылып кете қойған жоқ. Мұндай жарамсыз дәстүрдің қалдықтарымен күресу, жең үшінан жалғасып, қалың мал алып, қызды сүймесіне зорлап қосу сияқты қылықтың тамырына балта шабу бұл тұста актуальді мәселе, атқарылмақ міндеттің бірі болды. «Салқамбай тоба қылды» оқшауы осындай идеялық нысанадан жазылады. Революциядан бұрын қыздың басын саудаға салу ерсілігі жоқ, екінің бірі істейтін әдеттегі әрекет болса, енді жағдай өзгеше, совет заңына қайшы жасалған қадам жауапсыз, ескерусіз қалмайды. Міне, Мәлік байға ұзатқан қызы Күләштің қалың малы есебінен астына ат алып мінген Салқамбай осындай күйге үші-

райды. Қедейге женеттен біткен жақсы ат әркімнің-ақ көзіне түсे береді, аттың өкіле ізін сұрастырушылар оның қалың малдан келгенін анықтайды. Осы жағдаймен мазасы кеткен Салмақбай өзінің жаза басқанын түсінеді, қатты қынжылады, қалың малға қызықпауга тоба қылады.

Нақты фактіге негізделе тұрса да бұл қалың мал қырсығын жалпылай әйгілейтін шартты оқшау-фельетон да өзінің маңызды мәселені қозғауы жөнінен проблемалық фельетон сипатын аңғартады.

Әңгімелеріндегідей ұсақ фактіден үлкен түйін жасауға Бейімбеттің ұсталығы оның оқшауларынан да сезіліп отырады. Ақбаланың тоқтысы, Салқамбайдың ала аяқ аты, Бақбасардың шоқпары сияқты елеусіз нәрслердің төңірегінде уақиға құрып-ақ жазушы өрескелдікті шенел береді.

Протокол оқшауында әкімшілік буына піскен ауылнай өзіне дұрыс қонақасы бермеген Бақбасардың үйіндегі жас ағаштан жасалған шоқпарды көріп, үрлап ағаш кестің деп оның үстінен протокол жасайды. Шынында үрлаған ағашты шанарап ауласына тасып алған Сапарбек мұртынан құледі: үйінде қонақ болып, қазыра тойып шыққан ауылнай мұның қылмысын жылы жауып кетеді. Момын шараға өктемдік көрсетіп, өтірік жаламен басын шыргаға салған ауылнай халық сенімінен айырылып, ақырында орнынан түсіріледі. Осылай елеусіз фактіден басталған оқшау елеулі саяси туйнамен біtedі.

Тақырып тапшылығы дегенді білмеген Бейімбет газеттегі карикатура, мақала-хабар негізінде де оқиға желісін тартып, оқшау жаза береді, сонда олардың мағынасын бұрынғысынан терендейте, оқушыға берер әсерін күштейте түседі. Мысалы, «Қарасы батты», «Жұмақ билеті» оқшаулары газетте басылған карикатура, хабардан шығарылып жазылады. Бұл материалдар авторға тақырып белгілеуге жәрдем етеді де, сол тақырып төңірегінде оның қиялын қозғайды. Айтальық, Москвада сол кезде шығып тұрған «Беднота» газетінің бір санында «Жұмаққа кіретін» билет жасап сауда етпекші болған аферист Сейіт туралы басылған шағын хабардан жазушы сатириалық уыты мол оқшау жазып шығарады. Жұмаққа кіретін билет кімге қажет, неліктен оның бағасы әртурлі деген сұрақтарға жауап іздес-

тірген болып отырып автор байларды, жуан-шонжарларды сілейте сықақ етеді, діннің жалғандық сырын ашады.

«Ақшаң болса, билетті аласың да, көкке қарай қай-қайып тартып отырасың», — деп қуландырады автор. Ғажап билеттің бағасының 500 сомнан 20 мың сомға дейін көтерілуінің мәнісін де түсіндіреді Бейімбет. Бұл өмірде әр нәрсеге тойымсыз байлар ол дүниеде де қанағатсыздық қалпын өзгертпейді, ал жұмақ рахаты алған билетінің құнына өлшеніп берілмек. Бір хор қызын азынған бай екі-үш қызы алса да оның қолын қағатын ешкім жоқ, бірақ ол жұмақ билетін осыған сәйкесті жогары бағага сатып алуы тиісті.

Оқшауының сыртқы түрін момақан адамның қарапайым топшылауы түрінде баяндаған жазушы оның астарын өткір әшкерелеушілік, жауынгер атеистік сипатта береді.

Жауынгер сатиравы қанр-фельетон адамдарға идеялық-саяси, моральдық тәрбие беруде зор роль атқаратыны мәлім. Адам санасындағы ескі, еңбекші мұддесіне қарсы қоғамнан сіңіп қалған сарқыншақ, тамыртубірді тазартып, социалистік, коммунистік мораль ұрығын себу міндетін партиялық тұрғыдан шешуге ұран көтерерлік, жәрдемін тигізерлік оқшау-фельетон — адасқанга әділ сынши, түзелмейтінге қатал соққыдай әсер береді.

Советтік қоғам табиғатына қонымсыз, ілгері басуымызға азды-көпті кедергі боларлық әрекеттерді әшкерелеу, қаулап өсіп келе жатқан жаңа өркені шырмауықша орап алып, оның түйнек шашуын кешеуілдетерлік, жемісін семдірерлік кесепат құбылыстарды тез көріп, қолма-қол тазартуға үndeу, өмірдегі өрескелдікті, оғаштықты көптің талқысына сүйреп салып, күлкі ету, жаңылысқан, ауыс басқандарға сабақ беріп, жөн сілтеу фельетоншы атқаруға лайықты аса маңызды идеологиялық жұмыс болып саналады.

Творчество күшін халықты коммунистік рухта тәрбиелеу мақсатына жұмсауға ұмтылған Майлин осы бағыттан, осы межеден аумай қалам тартады.

Бейімбеттің «Сойқанды содырлар» кітапшасына неғіз болған өмір материалы 25—30 жылдарда, әсіресе, ауыл жағдайында тәбе көрсеткен кейір реңсіз құбылыстар, сырт пішіні күлкілі, ішкі мазмұны ренішті —

болмыстар еді. Олардан жарамсыз әдеттің жетегінде кетіп, жаңа талапқа ілесе алмай, өмірдің соңғы салында салақтағандарды, сорақы қылыштарымен ел тынышын кетірген әпербақандар мен жалақор, зорлықшыларды, паракорлар мен жымысқы құлдарды т. с. с. кездестіреміз.

Газет фельетоншысы болған Бейімбет сын семсерін аталған қырықтарға қарсы сермеді, оның шығармаларында әшкереуелік әуен басым болды.

Майлиннің фельетон жазудағы өзіндік шеберлігі, стильтерекшелігі бірден көзге шалынады.

Жазушы фельетондарының көпшілігі түрмистың әңгіме сипатта болып, кіші-гірім сюжетке құрылады, жұмсақ юмормен оқушыны еріксіз жетелеп отырады.

Түрмистың әңгіме стилімен жазылған оқшау, фельетондардан «Қыздың зары», «Тұрт, шайтан, тұрт!», «Ағаш атқа жіп құйысқан» нұсқалары келісімді шыққан. Алдыңғы екі оқшауда әйел басындағы қайғы-қасирет, теңсіздік, бақытсыздықты, зорлық-қияннатты көрсетіп, автор соларға араша түседі, ескі салтты, қате ұғымды шенейді. Сүймесіне ұзатылып жетерде, қыздың мұнын білдіріп, сынсып жылауын «әдет» деп түсінеді («Қыздың зары»), оны қызық көріп тындаиды, қыздың зарына құлақ асып, қол ұшын беруші сирек. Автор зарлы қызы Шырынқұлге тендердік-бақыт жолын сілтейді. Шырынқұл қайғысы басына түскен талай қазақ қыздарының бұл оқшауға құлақ түргені, бойына қайрат алғаны сөзсіз. Өйткені «Қыздың зары» әуелі «Ауыл тілі» газетінің 1926 жылғы 20 санында басылады.

Бұрынғы «әйелімнен айрылдым» деп өтірік акт жасатып, жас тоқал алған Қожаның («Тұрт, шайтан, тұрт!») кейіннен құлығы ашылып, басы әуреге қалғанын автор әжұа қылады.

Кейбір жастардың сөз жүзінде ескілік әдет-ғұрып-қа қарсы болғансып жүріп, іске келгенде, сол ескі әдет-ғұрымға шырмалып шыға алмайтын фактісін «Ағаш атқа жіп құйысқан» оқшауында құлкі ете отырып, жастарға ескіліктен аулақ болуға үндейді.

Өкіл болып, түрлі тапсырмамен елге шыққанда, жұмыс бабын, заң тұжырымын теріс қолданып, өз пайдасын күйттеп, шаруага қытымыр төрешілдік, дөрекі мінез байқатқан әпербақан үр да жықтарды автор әсіресе аңы мысқылдайды, мінін бадырайтып бетіне басады.

«Әкімшілік күші» (1926), «Жігітшілік», «Көк ала бие» (1928), «Тірі өгіз терісі тәрт жарым сом» (1928) осындағы оқшаулар. Бұларда юмор сатираға орын береді.

Әдетте фактіні жеңіл юмормен суреттейтін автор бұл шығармаларда нағыз сықақ уытты фельетон жазады, теріс қылышқа, содырлықты ілгеріде болдырмауға ат салысады. Халық арасында совет заңын бүрмаламай іске асырса, «момын шаруа масайрап отырып, шаруасын өркендетуге кіріспекші» («Әкімшілік күші»), міне фельетоншының нұсқау нысанасы, ұсынбақ идеясы осы жолдардан білінеді.

Мекемедегі орынға ие болғанына мәз, қолынан келері аз, қуыс кеуде, құр көлеңке, бөспе мақтаншақ кейбір қызыметкерсімдерді автор «Перевод», «Рақымбайдың мақаласы», «Ұяттан адам өлген бе?» оқшауларында сынға алады.

Қоғамдық-саяси қызымет көрсетуде өз рольдерін жөнді түсінбей, жауапсыздыққа, босандыққа, оралым-сыздыққа салынып, жұмыстарын ақсатқандарды «Сайлау», «Пәленің мыңы Сырда», «Газет қоры» оқшауларында сынап мінеп өтеді. Алдыңғы топ оқушыларда мақтаншақ, қолынан келмestі беліне байлайтындар әжуга етілсе, соңғы топ оқшауларда жасқаншақ, әркімнің жетегінде, шылауында кететін солбырларды сілкілдейді.

Жазушының «Әлидің хаты», «Қаудыр тон», «Шала адвокат» оқшаулары ашықауыздылықты сынайды, қырағылышқа баулиды.

«Дөңгелек» жетім, «езілген» малайлығын куәлан-дырған анықтаманы пайдаланып, партия мектебіне оқуға түскен Әшірбек ретін тауып партияға да кіріп алмақ болады («Әлидің хаты»).

Үстіне киген қаудыр тонымен («Қаудыр тон») өзін сіңірі шыққан кедей етіп көрсетіп, астыртын араға жүріп, қыз сатып қалтасын парага толтыратындар да; сот маңын сағалап, тергеуге ісі түскен момындарды жағалап, соларға қамқорлық көрсеткенсіп, заң жолын түсіндіргенсіп ұшып-қонып жүріп, өзіне шайда түсіретін пысық шала адвокаттар да бар («Шала адвокат»).

Еңбекшінің қырағы көзі бұндайлардың үстіндегі қиіміне, қолындағы күәлігіне алданып қалмай, онан әрі етіп, ішкі сырына бойлай түсүі керек, қулардың амалайлаларын әшкөрелей білуі тиіс — міне фельетоншы

осыны қалайды, оның қырағылықта шақыратын аталған оқшауларының кезеңінде проблемалық маңызы болғанын құптауымыз керек.

Б. Майлиниң «Ауыл», «Ауыл тілі», «Еңбекші қазақ» газеттерінде бірсыныра уақыт әдеби қызметкер міндетін атқарғаны мәлім. Осы кезде жазушы қаламынан туған оқшаулардың біразы жиналып кітап болып басылмай, сол газет беттерінде қалған. «Ауыл» газетінің 1924, 1925 жылдардағы сандарында, «Ауыл тілінің» 1926, 1927, 1928 жылдардағы сандарында, «Еңбекші қазақ» (кейін «Социалистік Қазақстан») газеттерінің 1925—1935 жылдардағы сандарында көптеген оқшауфельетон, әңгімелері басылады.

Молда-сопыларды, бақсы-балгерлерді әшкере лейтін әңгімелер де, оқшаулар да Бейімбетте жиі табылады. «Ақырзаман», «Рахиланың көк түсағы» аталған оқшаулар молда-сопынының қызақтайты. «Ақырзаман» оқшауның бір ерекшелігі — ол өлеңмен жазылған. Оқшаудың идеялық-көркемдік шешімі жарасты. Ертең «Ақырзаман» болады-мыс деп молданың өз құлқынын ойлап, ойдан таратқан қауесеттерге сеніп ел үрейленгенде, жазушы жұрт назарын туар күнге аударады. Күнмен бірге молданың ел басына төндірген түнегі де серпіліп сала береді. Табиғат құбылысының әрқашан дін өтірігіне қарама-қарсы келетінін, онымен сыйыспайтының автор үйлесімді бейнелейді. «Рахиланың көк түсағы», «Кәрім молда», «Не деді екен» дейтін оқшауларды дінге қарсы атеистік тәрбие мәселесін көтеруге арналады.

«Сойқанды содырлардан» белгілі әкімшілік, тेңшілдік міндерді сынауға автор кейінірек жазған «Қызын басына 20 сом», «Қолым қойдым Жантайып», «Жасасын Мұсабай», «Зікірияның жыры», «Сагымбай — айқай, сарапшы — Қалтай», «Үгітші мен қызы» т. б. фельтондарында қайта оралады. Елге санақ алуға келген жұмысын былай қойып, тергеу жүргізіп, сот құрып, үкім шығаратын өкіл Жантаев, қара жерге шана жектіріп, ел аралап қонақасы жейтін Мұсабай болыс, ерсілігі ел аузында жыр болған Зікірия сықылды «демінен пісірген» сабаздарға автор сатира наизасын сұғады, оңалмастай етіп жарапайты, халық алдына сілікпелерін шығарады.

Кеңес орнына туысқан-ағайындарын сайлауға тырысу, жақынының әкімшілік құшіне арқа сүйеп, біреу-

ден жегін қайыруға ұмтылу әдептері «Құда-құдағайлыш жолы», «Болыстың құдасы» оқшауларында сыйна алынады.

Фельетон, әдепте, бір орында, бір мезгілде, аз ғана адамдардың келісіз қызықтарын әсірелеп көрсетумен тынады. Бейімбетте әр жерде, әр тұста бой көрсеткен үқсас фактілерді жинақтап бір фельетон шеңберіне сыйғызып, құрделі шығарма жазу тәжірибесі байқалады. Мысалы, оның «Қос прокурор, бір судья» атты фельетоны осындай.

Жоғарыда біз жазушы оқшау фельетондарының таңдаулы нұсқаларын ғана идеялық-тақырыптық, көркемдік тұрғыдан шолып өттік.

Әңгіме шебері бола отырып, фельетон түрінде де қомақты мұра қалдырған Б. Майлиниң соңғы туындыларының жалпы көркемдік ерекшеліктері, өзіндік өрнек-бояуы жайлы мынадай қорытынды түйінге келуге болар еди.

Еірінші, халық өміріне зер салған, тұрмыс ағымын қадағалай байқаған жазушының фельетондарының тақырыбы сан алуан, кәтерген мәселелері актуальді, ұсынған идеясы айқын, ұстамды, сыны, мысқылы ұстарадай өткір.

Екінші, Бейімбет фельетондарын тұтастай қарастырғанда, оның тақырып алуында, уақыға құруында, тілінде өзіндік өрнегінен жазбайтынын, бұрын әңгімелерінен оқушыға таныс кестесінің көмексіленбейтінің сезесің, шығарманы оқып отырғанда, авторының кім екенін қателеспей айта аласың. Бейімбет кәп оқшау-фельетондарын бүркеншік атпен жариялады. Мысалы, «Шаңқан», «Малай», «Жолаушы», «Қорғасын», «Мен», «Мтайды», «Б-т», «М-й», «М», «Б». Авторы осылайша шартты белгіленген шығарманы тек стильдік сипатына қарай ажыратуға болады. Әлгідей авторы шартты қойылған шығармалардың Бейімбеттікі екенін әркім-ақ ажырата алады. Неліктен бұлай? Мұның себебі — жазушының ешкімге үқсамайтын, тек өзіне ғана тән көркемдік тәсілі, танымал баяу-нақышы болуында.

Үшінші, юморист жазушының оқшау-фельетондарына ат қоюдағы тапқырлығы бірден көзге түседі, ол аттар, біріншіден, қарапайым, әркімге түсінікті болса, екіншіден, құлдіргі, ойнақы, есте қаларлықтай болады да, суреттелмек уақиғаның түйінін қолыңа ұстаратады.

Айталық, «Ақбаланың тоқтысы», «Рахиланың жөк тұсағы», «Көкемнің белбеуі», «Көкала бие», «Мұқыл сиыр, қызыл бұзау» сырттай үйреншікті атаулар көрінсе де, оқушыны өзіне ынтықтыра алады. Кейде автор оқшауының атына тұтас сейлем келтіреді. «Салқамбай тоба қылды», «Протокол істей салып едім», «Айнажаның соры гой», «Ұл туза, Менкеден тусын» т. б. Ат қоюдың тағы бір түрі — мақал, мәтел, айшықты сөздерді қолдану. «Пәленің мыңы сырда», «Ағаш атқа жіп құйысқан», «Тұрт, шайтан, тұрт!» т. с. с.

Оқшау жаза жүре, автордың оларға ат қоюда тапқырлығы да жетіле түседі. «Тірі өгіз терісі тәрт жарым сом», «Сағымбай — айқай, сарапшы — Қалтай», «Видишиң, человек занят», «Окрана шешей, осы жолың жолақ» сияқты оқшауларды оқымай тұрып, күле бастайың. Оларда бір өрескелдіктің беті ашылатынын болжайсың да оқып шыққанша асығасың.

Тәртінші, Майлиниң әңгіме жазудағы үсталығы оқшау, фельетондарынан да айқын білінеді. Ол, әсіресе, оқшаудың басталуына, уақиғаның өрбітіле баяндалуына, айтылмақ фактіге үқсас жайларды шегініс арқылы білдіре кетуге епті келеді. «Әлидің хаты» оқшауында бір мырза біз даусымыздан айрылғанбыз деп сыйырлап сейлеп, істі сыйырмен, құпия бітіретінін баяндай келіп, автор Әлидің де Әшірбекке пигылышыңды ешкімге білдірме, ептең, байқаусыз іс қыл деп ақыл бергенін айтады. «Ақ шайыға ораулы» оқшауында Ниязбек байдың нағашысына қашып кеткен Айша деген қызының үстінен арыз жаздырып, қызыым ақ шайыға ораулы 160 червон пұл алғып кетті деп өтірік айтқанын мәлімдей келіп, автор шегініс жасап, өткендегі осындағы бір уақиғаны есіне алады. Баяғыда Жантуар дегеннің қызы Еркебала қашып кеткенде, әкесі қызыым 120 сом 37 жарым тиын ақша әкетті деп арыздаған екен. Екі жақ соңынан бітіскең соң, Жантуар арызында тиынды нандыру үшін айттым депті. «Кім ұры» дейтін оқшауында автор халыққа кеңінен мәлім Біржан мен Сараның айтысынан үзінді алғып, үрлікшыны сыққақ қылады. Бұрын Біржан мен Сараның өлеңін айтқандар:

Тәрт қызын Тұрысбектің қасына алғып,
Ақ үйден шыға келді Найман шалдап, —

дейтін болса, бұдан быттай оны өзгертуіл:

«Қасына мелициені ертіп алып,
Тұрмеге кіріп кетті Найман шалдал! —

деп жыр қылуында сөз жоқ»⁵⁸, — дейді автор. Мұндай тәсіл жазушының ауызекі әңгімеге жүйріктігін, оқшауда қотерген мәселені қызығылтықты, жеңіл ұтымды қысыстыратынын дәлелдейді.

Бесінші, фельетонның мазмұнын белгілі мақал-мәтелде түйілген ойдың дұрыстығын дәлелдеу түрінде құратын тәсіл де Бейімбеттен жиі табылады. Айталық, «Көкемнің белбеуі» дейтін оқшауын ол осылай жазған. «Балалы үйдің үрлігі жатпас» дейтін мәтелді әрқау ете отырып, автор Сыздық дейтіннің үрлігін оның кішкене қызы сәбілік аңғалдықпен ашып бергенін қызық әңгіме етеді.

Алтыншы, оқшау-фельетонды келісімді аяқтаудың мәні зор. Бірыңғай «осылай болу керек», «мынаны іске асыру керек» дегендегі тұра нұсқау тұжырым айтумен аяқтау лайықты бола бермейді. Бейімбет оқшау-фельетондарын аяқтауда әртүрлі тәсіл қолдануға тырысады.

Біrsыпты оқшауларда автордың позициясы айқын көрініп, не талап ететіні ашық айтылады. Жолсыздықты, жөнсіздікті тексеру керектігін, шара қолдану қажеттігін автор бүкпелі айта кетеді, я болмаса, жоғары орындардың бұл уақығаға назарын аудара салады. Кейде жарамсыз қылышын сынап отырган адамды өзі есіркеңдей, соның ыңғайына жығылғандай билік айтады. Бірақ ол биліктің кекесінмен, ирониямен айтылғанын түсіну қыын болмайды. Мысалға «Сайлау», «Видиши, человек занят» оқшауларын алсақ та жеткілікті болар. Сайлау жиылдысы өтіп жатқанда баяндама тыңдаудың не қажеті бар, бірден сайлауды өткізейік, малымыз қаралмай қалды деп дігірлеген ақсақалға қарата автор «бұл малын баға алмай жүрген бай, оны әурелемей-ақ қойындар, сайлауды кедейлер өткізсін», — дейді. Сырт қарағанда, ақсақалға болыссып, оны жиылдыстан босатқан болып отырып, ондайларды сайлаудың маңына жолатпау міндеттін қояды. Төрешілдік қалпымен қолым тимейді деп сұлтауратып ел арасында жұмыс істемейтін Оспан болыстың («Видиши, человек занят») қолын босату үшін, өзін жұмыстан босату керек дегенді ұсынады. Енді бірқатар оқшауларда пәлендей кесім айтыл-

⁵⁸ «Сойқанды содырлар», 110-бет.

май, уақиғаны суреттеумен шектелу, бұл қалай дегендай сұрақ қою, жанама қорытынды орын алады. «Түрт, шайтан, тұрт!» «Пәленің мыңы сырда», «Жігітшілік», «Кім үры» т. б. осылай біtedі.

Жетінші, Б. Майлиниң оқшау-фельетондарының тілі жеңіл, әркімге түсінікті, оралымды, бейнелі болып келеді. Автор орынды жерінде мақал, мәтел, қанатты сездерді бастапқы қүйінде де, мағынасын сақтап, түрін өзгертуінде ала береді. Мақал, мәтелге үндес, жаңа сез тіркестерін жасайтыны да көрінеді.

Бір нәрсе мен екінші нәрсенің қарама-қарсы, алшақтығын білдіру үшін айттылатын «Үш қайнаса сорпасы қосылмайды» дейтін халық мәтелі бар. Бұқпантайлап еңбекшілерге құлық жасайтын алаяқтарды Бейімбет «Еңбекші көпшілігімен мың қайнаса сорпасы қосылмайтындар» деп атайды. Олардың мұддесінің еңбекшілер мұддесінен соңшалық қашық тұрғанын баса айту үшін, ол «үш қайнасаның» орнына «мың қайнаса» деп өсірелейді. Истің ретін білмей, бұрынғысынан бұзып, бұлдіріп алуды «Қас түзеймін деп көз шығарумен бірдей» деп бейнелейді. «Қой терісін жамылған қасқыр» делінетін үғымның орнына «Кеңес мөрін тон қылып жамылады» дейді. «Өлімнен ұят күшті» мәтелін «Ұяттан адам өлген бе?» деп өзгертерді. «Қолыңа шырақ етіп ұста» дегенді «Қолыңа тал етіп ұста» дейді. Біреудің пысықтығын, епті, алғырлығын сипаттағанда, «Келе жатқанның жетпенін, бара жатқанның балтасын алады» деп мәтел тәріздес сез тіркесін жасайды. Сөзді ирониялық кекесіндік бояуда қолдану, бұл ретте орыс сездерін, сөйлемін кірістіріп отыру едөүір орын алады. («Товарищ, рукопожатие отменяется», «Видишь, человек занят» оқшауы) т. с. с.

Сегізінші, Майлин оқшау, фельетондарының бір ұтымды жағы — олар көбіне түрмистық әңгіме түрінде қызығылықты баяндалады, оқушы ойында сақталмайтын фактілерді тізу оларда кездеспейді. Көркемдік өрнегіне сәйкесті автор шығармаларын фельетон-новелла деп қарауға болады. Сөйтіп, Бейімбеттің күлдіргі әңгімесі мен фельетонының арасында тақырыптық та, көркемдік те біраз ұқсастықтар табылады.

Автор фельетондарында өмірде кездесетін жарамсыз, ұқсынсыз құбылыстарды дер кезінде, қолма-қол әшкерелеп, жолсыздық-өрескелдік атаулыны күлкі етеді.

ді. Ал күлкінің күші өлшеусіз зор. Күлкі, мысқылға ілінуден сескенбейтін жан болмайды. «Еш нәрседен қорықпаймын деушінің өзі де күлкіден қашады», — дейді Н. В. Гоголь.

Жазушы фельетондары тек күлкі үшін оқылатын жеңіл-желлі анекdot тәрізді шығарма емес, күлкісінің астары бар, көздеген нысанасы айқын, азаматтық әуені күшті әдеби туынды.

* * *

Бейімбет Майлиниң проза жанрындағы шығармаларының ішінде бірсыныра повестері, аяқталмаған романдары болғанымен ол бәрінен бұрын қазақ совет әдебиеті тарихында көпке танылған шебер әңгімелі-новеллист болып қалды. Автор творчествосын поэзиядан бастады, біраз уақыт поэзия, проза және драмалық шығармаларды қатар жазып келді, ақырында, прозага біржола тұрақтады. Бейімбеттің прозаны қалауының бірінші себебі, «қазақ жазушысының жүзден тоқсан тоғызы өлеңші» (Сәбит) болғандықтан, көркем қара сөзге қазақ әдебиетінің кедейлігін ойладап, сол кетікті толтыруды көздеу болса, екінші себебі, көркем қара сөзге қалауының онтайлылығы, икемділігі, шеберлігі болды.

Б. Майлиниң әңгіме, очерк пен фельетон саласындағы туындыларын тұтас бағалаганда, олардың әдебиеттіміздегі жасаң жанрды дамытып, жетілдіруге қосылған елеулі үлес болғанын айтамыз.

Көркем әңгіме зергері ретінде Майлин әдебиетімізге өзінің сүйікті тақырыбын, қызғылықты кейіпкерлер тобын, өзінің жаңыларын айтады.

Ол өзі жетік білеттің өмір құбылысына үçілді, қазақ жеріндегі терен революциялық даму салдарынан болған еңбекші шаруаның психологиясындағы түбірлі өзгерістерді көрді осы диалектикалық болмысты көркем сөзбен өрнектеді.

Адам санасындағы ескі идеологияның қалдықтарына карсы куресте Бейімбет оқшау сөз, фельетон сықылды газет, журналдық жедел, өткір жанрларды қолданады. Тұрмыстағы сүреңсіз, сорақы қылыштарды, төрешілдік, бейбастақтықтарды, ескі әдет-ғұрыпты қалтарыста қалдырмай әшкөрелеп отырды, советтік моральдан шет әрекет жасал фельетон объектісіне айналғандардың бетін күлкі шыбыртқысымен осқылады.

Социалистік жаңару қарқынына ілесе жазылған Майлиниң очерктерінде сол күндердің тынысы, бесжылдықтар балғасын солқылдата соққан еңбек ерлерінің дүбірі сезіледі.

Әңгіме, очерк пен фельетондай эпостық шағын жанрда жазуға Бейімбет мерзімді баспасөзде қызмет атқара жүріп төседі, ол газет мектебінен өтті, үйренді. Көркем прозага тән түр шағындығын, ой айқындығын, дәлдігін газет тәжірибесі арқылы қалыптастырады.

Бейімбеттің таңдаулы әңгімелері, очерк, фельетондары алдымен газет, журнал беттерінде жарық көрді, баспаханалық бояуы кеппей тұрып, оқушыларының қолына тиді. Бірақ олар сол газет, журнал беттерінде біртіндеп ұмытылып қалған жоқ, әр кезеңде оқушысЫНАН ажыраспай, олардың рухани қажетіне жарады, кітаптан қітапқа көшіп, қайта бастырылып келеді.

Бейімбет Майлин проза жазу өнеріне, негізінде, шағын әңгіме арқылы төседі де, повесть пен роман сияқты жөлемді туындыларға ауысты, шеберлігін шындаі түсті.

ӨЗЕКТІ ТАҚЫРЫПТАР, ӨМІРШЕҢ ОБРАЗДАР

Жазушы талантына екі түрлі өлшем бар: бірі — өмірді кең қамтып суреттей алу, екіншісі — көп қырлы да өміршең образ жасау.

H. A. Д o б r o l u b o v

Социалистік революция және әйел тағдыры қазақ әдебиетінде ең көп жырланған, суреттелген тақырыптардың бірі. Бұлай болуы түсінікті де. Революцияға дейінгі қазақ әйелінің халі өсіресе мүшкіл болды. Тұстай дерлік сауатсыз, саяси правоносыз мал есебінде саудаға түсетін, махаббат еркінсіз, қалың майдың құрбаны болған қазақтың әйел, қыздары қайғылы өмірді бастарынан кешірді. Октябрь жендей. Совет әкіметі әйелдерді бүтіндегі азат етті, ерлермен бірдей тең право берді. Қайғы-қасіреттің қара көрпесін серпіп тастаган әйел-азамат сауатын ашты, дәуір тынысын сезінді, әлеуметтік жұмысқа араласты, саяси басшы дәрежесіне дейін көтерілді. Қазақ әйелі өміріндегі осындай ғажайып өзгерістер қай қаламгерді де толғандырды. Майлиниң біраз әңгіме повестерінің әйел теңдігінің кешегісі мен бүтінгісін көрсетуге арналуы да осыдан. Жазушы жаңа заманның әйелге әжелген бақытын тиісінше бағалау үшін, өткен өмірдің қырсығын да ашып салады.

Бұл ретте жазушының махаббат трагедиясын толғайтын «Шұғаның белгісі» (1915—1922) мен әйел теңдігінің жеңісін суреттейтін «Раушан — коммунист» (1923—1927) повестері ерекше назар аударуды, идеялық-көркемдік түрғыдан талдауды қажет ететін жесек туындылар деп қарауымыз керек.

«Шұғаның белгісі» повесінің алғаш жазылып, тұңғыш жарияланған жылы туралы түрлі пікірлер айтылып жүр. Кейбір әдебиетшілер «Шұғаның белгісі» повесінің әуелгі варианты 1914 жылы қолжазба «Садақ» журналының үш номерінде жарияланды десе, екіншілер оның жариялануын 1915—1916 жылдары деп шамалайды да, ол нұсқа мен кітаптарда жарияланып жүрген текстің арасында өзгешелік бар-жоғын ашып айтпайды.

«Шұғаның белгісінің» алғаш жарық көруіне не себеп болғанын бащқұрт ақыны Сәйфи Құдаш былайша есіне алады: «Уфадағы «Фалия» медіресесіндегі тіл мен әдебиет пәнінің мұғалімі Ғалымжан Ибрағимов 1916 жылдың февралінің аяқ кезінде шәкіртерге қалаған тақырыбына шығарма жазып келуге тапсырма берді. Сол тапсырмадан кейін Бейімбет мұғалімге «Шұғаның белгісін» әкеліп таныстырыды. Ал бұл шығармасын Бейімбет сол тапсырма бойынша жазып әкелгенін, не бұрын жазып қойса да мұғалімге енді көрсетіп отырғанын білмедім», — дегенді айтады.

Шығарманың тұңғыш жариялануы мен көркемдігі туралы ол: «Бимұхамед Майлиниң хикаясы, менің пікірімше, сол уақытта жазылған шығармалар арасындағы ең көлемдісі және жақсысы еді. Ол қазақ тілінде Бимұхаметтің өз редакторлығымен шығарылып тұрған қолжазба «Садақ» журналында жарияланды. Бимұхамед Майлиниң «Шұғаның белгісі» хикаясының тарихы осындаи... Хикаяның бірінші варианты мен қазіргі варианты арасындағы ұқсастықтар қандай, бұл туралы айта алмаймын. Мәселенің бұл жақтарын тексеру қазақ зерттеушілері мен әдебиет білімпаздарының үлесіне қалады»¹, — деп жазды.

«Садақтың» «Шұғаның белгісі» жазылған сандарының архивта сақталып қалмауы үзілді-кесілді пікір білдіруді қыннадатады.

Майлинимен «Фалия» медіресесінде бірге оқыған Сәйфи Құдаш пен Әбдірахман Мұстафиндердің естеліктеріне сүйене отырып, «Шұғаның белгісінің» тұңғыш жариялануы туралы болжам айтуға болады. Біздіңше «Садақта» «Шұғаның белгісінің» шагын әңгіме түріндегі варианты жазылуы мүмкін дейміз. Ал, қазіргі

¹ Сәйфи Құдаш. Яшълек әзлери буйлап. Казан, 1964. 78-бет.

«Шұғаның белгісі» повесі — сол әңгіме негізінде толықтырылып қайта жазылған шығарма деп қараган жөн. Мұндай қорытындыға келуге жазушының өнерпаздық тәжірибесінің сырына үңіле қарау негіз болады.

Жазушы творчествосын зерттегенде, ең негізгі, ең құмәнсіз дерек, әрине, оның архивы, жазған мақалалары мен сөйлеген сөздері және көркем туындылары болмақ. Бейімбеттің архивы сақталмаған. Ол өз творчествосы туралы мақаланы да өте сирек жазған. Мұндай жағдайда жазушының там-түм жазған мақаласы мен мол әдеби туындыларын ұқыптылықпен қарастыру арқылы ғана жазушының ұғыну мүмкіндігі туады.

Майлиннің өз жазушылық жолын қысқа әңгімелейтін 1931 жылы «Жаңа әдебиет» журналының 6—7-сандарында басылған естелік мақаласы бар. Осы мақаланы мұқият оқыған адам Бейімбеттің өмір өткелдері мен жазушылық сапарының басталу, барысынан, бағдарбагытынан бірқыдыру мәлімет алады.

1915 жылы Уфадагы Медресе «Галияда» оқыған кезінде Бейімбет татар әдебиетімен танысады, әңгіме, өлеңдерін оқиды, сол шығармаларға еліктеп әңгіме, пьеса жазуға талаптанады. Осындай талаптанудың, талпыныстың нағијесінде «Шұғаның белгісінің» бастапқы қысқа әңгіме түріндегі нұсқасы дүниеге келmedі ме екен деп ойлайсың. Бірақ ол қазір біз нешеме оқысақ та құмарта беретін, жаңа оқып отыргандай ынтыға туғсетін «Шұғаның белгісі» повесі емес, соның әуелті жүрнагы ғана болуы ықтимал.

Майлинге сөз берелік. «18—19 жылдардан бастап ұсақ («ұзақ» деген сөз баспа қатесінен журналда «ұсақ» болып терілген тәрізді. — Б. Н.) әңгімелер жазатын болды. Сол кездегі жазған әңгімелерімнің бірі «Шұғаның белгісі» еді. Бастап жазғанымда ұзақ еді, 22 жылы «Қызыл Қазақстан» журналына басарда өңдел, бірсыныра қысқартып тастаным», — дейді ол.

Демек, автор қысқа әңгімелерді бұрыннан-ақ жазып жүріп, енді 18—19 жылдар түсында ұзақ әңгіме, яғни повесть жазуға көшкенін ескертеді.

1922 жылдан былай қарай газет қызметінде, баспа жұмысында болғанын, көркем шығарма жазу соңына түсіп отыруға уақыт тапшылығын айта келіп, «аттың жалында, атанның қомында» сияқты мұрсаң келгенде бір нәрсені жазған боласын, оны өндеп кестесін келті-

چوғаның پиля گүйсі

(әудең)

I

Бірнеше көздең چекаидә көн салық алынғанда жаңынан айдай.
Ауежемалы Сұр ғоландар қоючкаден кірдең сегелді түркес
нұстакке қалрай ғажақ - Ауежемалы, көн шіл бұзданып Аштана
жүйі چираїн түрден چапа ғашылды. Аштакен мін, қалайдан қоған
демін «Оңтүстік» ғарнездегі мін жөнде кибінен аз ғарн «Оңтүстік» деген
мінде. Аштакен ғибадаттардағы ғибадаттардағы ғибадаттардағы
алкөз алдак.

руге көбіне уақыт жоқ. Бұл күнге шейін (яғни 1922 жылдан 1931 жылға дейін. — *B. N.*) ұзақ әңгіме, өлең жаза алғаным жоқ. Оның да басты себебінің бірі — жазуға арналған уақыттың аздығы, кеңсе жұмысының босатпайтындығы», — дейді Бейімбет. Мәселенің ылғи ұзақ әңгіме, яки повесть жазу жөнінде болып отырғанын жанама дәлелдейтін тағы бір маңызды детальға қөңіл аударалық. «Шұғаның белгісінің» 1922 жылы «Қызыл Қазақстан» журналының 10-номерінде басылған текстінің басында жақшада «Роман» деген анықтама берілген. Автордың бастап жазғанымда ұзақ еді дейтін ескертпесінің қатеісіздігін бұдан да байқауга болады. Және бір штрих — «Шұғаның белгісінің» «Қызыл Қазақстанның» 1922 жылғы 11-номерінде кейінгі бөлімдері басылып біткенде, соңына «1915-жыл» дегеи дата қойылмаған. Ондай дата 1926 жылғы Москвада басылатын «Шұғаның белгісі» және басқа әңгімелері делінген жинақта да жоқ. Тек 1933 жылы Алматыда шыққан «Көркем әдебиет жинағы» (орта мектептің 6-оку жылы үшін) аталған оқу кітабына енгізілген «Шұғаның белгісі» текстінің басына «1915-жыл» деп дата көрсетіледі.

«Шұғаның белгісі» «Қызыл Қазақстанда» басылғанынан былай қарай еш өзгеріссіз нешеме рет жарияланып келеді, сондықтан оның бірден-бір түп нұсқа текстісін де сол алғашқы жарық қөргені деп санау ғылыми тұрғыдан дұрыс болмақ. Кейін пайда болған датаны шығарманың жазылу мезгілін көрсетеді деп қарау үшқарылық болар еді.

Сөйтіп, «Шұғаның белгісі» 18—19 жылдары ұзақ әңгіме (повесть) түрінде жазылып, кейін 1922 жылы қайта өндөліп, біраз ықшамдалып «Қызыл Қазақстанда» жарық қөргені автордың өз аузынан айтылған тарихи шындық, оны ескермеу әділеттілікке жатпайды.

Б. Майлиниң «Шұғаның белгісінен» кейін жазылған бірқатар шығармаларының газетте, журналда басылған нұсқаларының бірден қазіргі күйдегідей болмағанын, талай өзгеру, жөнделуден өткендерін білеміз.

Талғампаз суреткерге тән қасиет шығармасына өзі қатал сыншы болу, бұрын жазғандарын орайы келгенде қайта қалам жұмсал өзгертіп, толықтырып, көркемдік бояу-өрнектерін үйлестіріп, ширатып өндей түсумен шұғылдану десек, Майлиниң жазушылық тәжірибесі-

нен мұндай мысалдарды кездестіре береміз. Оның «Күлтай болыс», «Қадір тұнгі керемет», «Раушан — коммунист», «Әміржанның әңгімесі» сияқты туындылары әлгіндей өзгерістерге ұшырап отырганы мәлім.

Қазақ әдебиетінде өзімен тақырып ұқсастығы, идеялық үндестігі бар повесть, романдардың қайқайсысынан да «Шұғаның белгісі» үздік тұратын, проза жанры ерте қалыптасқан әдебиеттер туындыларымен қатар қоюға олқылық жасамайтын туынды. Шығарма мұндай биік белеске шығу үшін, оның авторы көркем сөз құдіретін жетік білуі тиіс. Сондықтан да «Шұғаның белгісі» повестін талапкердің жеңіл-желлі жаза салған шығармасы деп қараудың қисыны жоқ. Ол қаламы ұшталған дарын иесінің шалқыған шабытынан туған тамаша дүние. Олай болса әдебиетіміз тарихында «Шұғаның белгісі» повесін қазақ совет прозасының бастамасы, ның қаланған ірге тасы деп тану қажет. «Шұғаның белгісінің» әдебиетіміздегі орнын анықтағанда академик жазушы F. Мұсіреповтің: «Шынтуайтқа келгенде, біздің осы заманғы прозамыз С. Сейфуллиннің документтік-мемуарлық жалғыз романы «Тар жол, тайғақ кешу» мен Б. Майліннің «Шұғаның белгісі» атты ғажайып лирикалы повесінен басталады»², — деуі өбден құптарлық, қуаттарлық тұжырым дейміз.

Осы заманғы қазақ прозасының бастапқы елеулі туындысы Б. Майліннің «Шұғаның белгісі» повесі болды. Эйел басы саудаға салынған, махаббат сезімі аяққа басылған феодалдық заманың абын шындығы мұнда біркүйдіру ашылып қалады. Жүрек қалауымен тағдірлерін біржола біріктірмек болған екі жастың гүл шаша бастаған махаббатына ескілік атаулы қаталдықпен қарсы шығады. Сүйіктісінен зорлықпен ажырасқан Шұға кызы ғашық дертіне шыдай алмай, арманда дүниеден өтеді де, ғашығының өлерде жазып кеткен хатына көзінен жасы сорғалап, арылмас қайғыға Әбдірахман қалады. Повестің тобықтай түйіні осы³. Ол кезде феодалдық салт-сана бұғауындағы Шұғалардың өз бақытын қорғарлық, махаббаты үшін құресерлік басқа амалы жоқ. Сүйгенінен айрылып өмір сүруден де ол өлгенін артық санайды. Ару Шұғаның өлімінің өзі кертартпа

² «Қазақ әдебиеті», 1961, 24 наурыз, № 48.

³ «Шұғаның белгісінің» сюжеті проф. К. Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы» кітабында талданады.

салт-сананы қолдаған феодалдық әділетсіз қоғамға, махаббат сезіміне зорлық жасамақ болған әке-туыстарына сілтеген күшті соққы, қатты қарсылық болып сезіледі.

Жазушының сүйсіне бейнелейтін жейілкери Шұға. Повестің алғашқы беттерінен-ақ оқушының ынталысы Шұғага ауады, оның сын-сипатын автор келістіре суреттейді. «Сол төрт ұлдың ортасында бұлаңдал өскен Шұға дейтін қызы болды, Шұға десе, Шұға, ой, шіркіннің өзі де келбетті еді-ау... Аққұба, талдырмаш, көзі қап-қара... Осы үріп ауызға салғандай еді. Ажары қандай болса, ақылы да сондай. Женілдік дегеннің не екенін білген бала емес. Сөйлеген сөзі, жүрген жүрісі қандай, біртүрлі паң еді-ау шіркін!»⁴.

Шұғага берілген осы сипаттама повестің әр тарауында дамытылып, жетілдіріліп отырады. Әбдірахманмен алғаш танысқанда алған әсері, оның хатына жазған жауабы, алтыбақан ойналатын кештегі шаттық шағы, ғашық дертінен жүдеген кездегі төзімділігі Шұға бейнесін толықтырады. Шұға сабырлы, ұстамды, ақыл-парасаты кемел, махаббат сезіміне тұрақты жан.

Шұға ауруынан жазылса да, бақытты бола алмайтынын, сүйгеніне қосыла алмай, жас өмірін мұң-шермен уландырған қазақ қызының бірі болатынын болжай алды, ол кездегі заман дәстүрі солай екенін сезінеді.

«Жазылып керегі не? Бәрібір мен бақытты бола алмаймын. Әкем аяса, менің дертім жаныма батқан соң аял отыр. Ертең сауықсам, қайта күйсеуден тайынбайды. Өлем деп арман қылмаймын»⁵, — дейді ол. Әрине, Шұға өз еркі мен махаббаты жолында күресу керектігін түсінбейді, тағдырға мойын ұсына береді.

Оз кейілкериңе реалистік нысанадан қарайтын автор оны жасандылықпен жылтыратпай, шындық қалпында көрсетуге үмтүлады. Адам өскен ортасының, алған тәрбиесінің жемісі. Шұға хат білетін сауатты, табиғатынан зерек жан, бірақ ол көрген тәрбиесінің, әдет-ғұрыптың ұясында калады. Діни нағым-сенімін берік ұстайды. Бұл дүниеде қол жетпеген бақытты өмірді о дүниеде табамыз деген үмітін үзбейді. Шұғаның қалайда басқа,

⁴ Б. Майлин. Таңдамалы шығармалары. Алматы, 1958, 240-бет.

⁵ Б. Майлин. Таңдамалылар, 277-бет.

бақыт беретін өмірді аңсауында, соны қиялдануында үлкен түйін бар. Сөйтіп, Шұға бейнесі жан-жақты суреттеледі.

Шұға хикаясының соңғы бетін оқып бітіргенде, Қасымжанға ілесе: «Өй, өзі де Шұға десе — Шұға еді-ау!» дегендей боласың.

Таңдал, талғап бірді сүюді арман еткен Шұғаға тең — жас Әбдірахман. Ол өзінің Шұғаға жазған алғашқы хатында махабbat сияқты қасиетті сезімді, жар сүюді қалай түсінетінін айқын аңғартады.

Минут, сағат, күндік, айлық жол емес,
Тілейтінім, жүдейтінім ол емес.
Көрсе қызыар антын бұзар қылжақпас,
Тұрлауы жоқ әсіре қызыл мен емес, —

дейді ол. Әбдірахман Шұғаның сыртқы бет ажары, көркіне ғана сұқтанатын әсіре қызыл емес, оның бүкіл адамгершілік сыр-сипатын жоғары бағалаған сүйеді. Үәдеге беріктік, айтқан сертінде қалу, махабbat жолында кездескен кедергіге табандылықпен қарсы тұра білу Әбдірахманның бойына тән қасиеттер осындаі. Сүйемейтін қызы Құлзипаны айттырғысы келетін әкесіне, Шұғаға берген уәдесінен тайдырмақ болып үгіттеген шалдарға да ырық бермейді. Есімбек балаларының аңду-торуы, Айнабайдың өсек-аяңы, ақырында дуанға айдалып түрмеге жабылу сияқты қастандық әрекеттердің бірін Әбдірахман елең қылмайды, қайта ширыға түседі: «Шұға айныса амалым жоқ. Егер Шұға сөзінде тұратын болса, не қыындық болса да көрем, алмай тынбаймын, — деумен болды» деп баяндайды Қасымжан. Ескі дәстүр бойынша Есімбекке қалың мал беріп Шұғаны айттыруды Әбдірахман қаламайды, олай істеуді өзіне де, Шұғаға да ар көреді, өршіл талапты жігіт заманның жаңа лебін сезінеді, тәуекелге қол артып Шұғаны алып қашып жетуге бекінеді. Шұға сияқты Әбдірахман да өнерлі жас: ақындығы бар, әнші, домбырашы. Әбдірахман еліне қызмет көрсетуді, халқына қамқорлық жасауды өзінің борышы деп санайды. Мектепті бітірген соң, әкімдікке тұрмай, елде бала оқытуды қалауы, сауда-саттық ісінде шаруа агайындарына ақыл-көңес беруі — халқына қолынан келген жәрдемін тигізу ниетінен туады. Алайда Әбдірахман тап тар-

тысын түсінуден әлі алшак тұрады, ол күрес туралы ойланбайды.

Махаббат сезімі өзін билеген кездегі Әbdірахманның күйініш, сүйінішін, қайғы, шаттық шақтарын жазушы шебер келтіреді. Шұғамен жолығысқан бірінші кеште, одан қапелімде жылы жауап естімеген соң: «Осы мениң кедейлігім-ау, бай баласы болса, Шұға сөзсіз қабыл етер еді», — деп кедейлігіне қорланады. Шұғаның сырғын ұға алмай, сергелдең болады. Шұғамен бірге болған алтыбақанда шаттық үстінде өлеңін түйдектетеп соғады», Тұрмедин босанып шығып, Шұға аулына келе жатқанда, қуанышы қойнына сыймайды. Сүйіктісінің қазасына кезіккенде, қабырғасы қайыса қайғырады. Автор шағын повестің шеңберінде басты кейіпкерлерінің образын толық ашып береді.

«Шұғаның белгісіндегі» көңіл аударарлық тағы бір кейіпкер автордың атқосшысы Қасымжан. Бұл — уақығаға бастан-аяқ өзі қатысқан Әbdірахман мен Шұғаның қуанышты сәттері мен қайғылы күндеріне бірдей ортақ болған, солармен бірге шаттанып, бірге ренжіген адам. Оның бар тілегі екі жастың үстінде, солардың бақытын, өз бақытындағы сезінеді. Қолынан көмегін, ақыл-кеңесін замандасы Әbdірахманнан аямайды. Шұғаның шын сырғын ақтаратын, ақтық аманатын тапсыратын жана-шыр жақын досы да Қасымжан. Адамгершілікті жақтау, қараулық-жауыздыққа қынжылуы, ақжарқын мінезі оның халықтың қалың ортасынан шыққан адам екендігін білдіреді. Бірақ Қасымжан заман деңгейінен озық емес. Ол жаңалыққа құштарлығын байқатпайды. Шұғаның зорға хат танитындығын үлгі ете отырып, қыздарды оқытудың қажетсіздігін қуаттайды, сол ескі заман тұрмысын қызықтап, тамсанады.

Көрген, білгені көп, өмірдің аңы-тұщысын білген, ақ көңіл, сезуар Қасымжанды кей реттерде М. Ю. Лермонтовтың — «Заманымыздың геройы» романындағы Печорин мен Бәланың махаббат дастанын баппен шертептін Максим Максимовичке үқсатқандай боламыз.

Шығармадағы қосалқы кейіпкерлерден Есімбек пен Айнабай, Зәйкүл мен Құлзипа жеке эпизодтарда көрініп қалады. Өз құдасы Құрман болысқа арқа сүйеп, «Тарғыл өгіз сойғанның ең шұрайлы жерін қоныс қылған Есімбек бай ескі салт-сананың қаймағы бұзылмауын қалайтын, қоңсыларына азуын батырып, өзі би,

جداً على دربيب، حوضاً أليسـ آنـاءـ دـبـ قـولـيـ.

— آنچه درین سی — چو لسان اسم — آنچه چون شاذ باشد پریکیسی کورندی . « امادی » از زندگان

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

قانوں را لاسئی۔ آلمان میزبان داعشی بیلہ سکھ جھوپنے کا ایسا ایک گھنے کو دیکھتا تھا کہ اس کی طرف اپنے پریمیم،

بیشتر خواه جب این قوتوتیاب چونی بتوان کیله چاکر اینقدر نیز ایکی نیزیند سچارو جاپلانت

دیں جو نہ احمد سوزن پروردی۔ اک پیغمبر اُن قرآنیت کے کل من سو کے ڈار کیوں

چون سوکی ایل خوب این گروهی، شوونا توانسته باشد این ایل را بخواهد.

بے نیہ کہ سندھیاں پر چونکہ ایک بارہ بیان کیا تھا۔

لیلیت سوییکن پروردختی . اینکه ورزشکارها میتوانند برابر این سهندیگی کو-

65

1420

өзі қожалық қылуға тырысатын қытыймұр жан. Оның Қасымжанға қылған қаталдығы, Шұғага көрсеткен мейірімсіздігі осыны дәлелдейді.

Жалған намысқа бой үрып, Әбдірахманға жала жауып, Шұға трагедиясына себепші болған Айнабайды автор мына жолдармен қысқа да дәл сипаттайты. «Ағайын арасында аз үйлі керей болғанмен Айнабай деген бірді-бірге соғып, екі елдің арасына от салып тұтандырып жүретін бір қызыл қезді бәле».

Повестегі әйел кейіпкерлерден Зәйкүл мен Құлзипаның тағдыры да Шұғамен сабактас келеді. Сұлу да есті Зәйкүл сүйген жігіті Сейітке қосыла алмай, Есімбекке еріксіз келін болады. Қасымжанның: «Зәйкүл ұзатылып келген соң көпке шейін кетемін деп жүрді. Бірақ кете алмады», — деуінен Зәйкүлдің қайғы-шерін де оның аяғына тұсау болған қара күшті де оқушы толық сезінеді.

Құлзипа бақытты ма? — Жоқ. Әкесі Айнабай қызын саудаға салуда: Әуелгі бермек болған күйеуінен айырып, басқаға беруге, әйтеуір өз пайдасын табуға әрекет жасауда. Қыздың еркі, қыздың кімді қалайтыны, сүйетіні ол заманда ескерілмейтін жайлар. Сөйтіп, Зәйкүл, Құлзипа бастарындағы теңсіздік, қалың малға айырбасталу Шұға трагедиясын тереңдете түседі.

«Шұғаның белгісі» Бейімбеттің алғашқы повестерінің бірі екені мәлім. Сондықтан, мұнда ауыз әдебиетінің, лиро-эпостық жырлардың кей мотивтерін кездестіріп қаламыз.

Көп ұлдың ішінде жалғыз қыз, көп ағаның ортасында жалғыз қарындас болып еркін өсуі, өзіне сөз айттырыған талай жігіттің тауын шағып, жар таңдауы Шұғаны Қыз Жібекке, Назымға жуықтатқандай болса, Есімбектің жас кезінде Қали дейтін құрдасымен: «Бірімізден ұл, бірімізден қыз туса, екеуіміз құда болайық», — деп серт байласып қоюы «Қозы Қөрпеш — Баян сұлудағы» Қарабай мен Сарыбайдың алғашқы дос-тасуын есімізге түсіреді, ұл-қыздары тумай тұрып, оларды бір-біріне таңуы, ескі ежеқабыл салтын сақтауды көрсетеді.

Жазушы ауыз әдебиетінің нұсқалары ретінде халық-қа жеңінен таралып, айтылып жүретін өлеңдерден үзін-ділер алышп, сюжет желісіне үйлестіре қыстырыған. Мысалы, Шұғадан дәмелі болып жүрген есерсоқтау

жігіт Кәрімнің Шұғаға жазған хатындағы, бозбалалардың оны мазақ қылу үшін Кәрімге Шұғаның атынан берген жауабы, Кәрімнің Шұғаны сағынғандағы шығарғаны деп айтатын өлең үзінділери осының байқатады. Шұғаның алтыбақанда шырқайтын «...Не мұндық бұл дүниеде — қыздар мұндық» деп басталатын өлеңі де халықтық мұраның жұрнағына жатады.

Орынды жерінде қолданылғандықтан, байырғы өлең жолдары шығарма мазмұнына кіріп құлпыра түскен.

Күзгі, жазғытүрғы, шілдедегі дала табиғаты, көшпелі ел тіршілігі шығармада нағымды, нақтылы көрініс береді. Повестің баяндалуы жатық, оның бас-аяғы шеберлікпен көмкеріледі.

Шығарманың экспозициясында біз танысқан екі салт атты, Қасымжанның астындағы қара кер бестісінің шабандығын құлкі ете отыру, жолшыбай ат шалдырып, ер-тоқымды оңдап ертеп қайта жұру сияқты детальдар кең даланың ұзақ жолында келе жатып, әңгіме қозған жолаушыларды өмірде болатындей күйінде көз алдымызға әкеледі. Сюжет сарқылғанда да осы екі салт атты белестен-белес асып бара жатқандай әсер қалдырады. Баяндалу тәсіліне қараганда «Шұғаның белгісі» жазушының басқа бірқатар әңгімелеріне үқсас келеді. Автор жолаушылап, ат үсті келе жатып, қасындағы қосшысы Қасымжанға Шұғаның хикаясын ауызекі айтқызып, өзі тыңдаған болады.

«Жол кеңесі», «Тасболат», «Бекберген мектебі» де осындай тәсілмен жазылған әңгімелер. Бұлардың бәрінде де әңгімені аттып берушілер бар және олар өздері баяндайтын уақығаны сырттай білушілер емес, көзімен көріп, тікелей қатысқандар болып шығады.

«Жол кеңесінде» арбада делбе ұстап келе жатқан Тоқан жол бойында кездескен бейіттің кімдікі екендігін едәуір әңгіме етеді. Немесе «Тасболатта» ат айдаушы арбасында келе жатқан жігіттің «Талсуат» елінікі болуынан шығарып, өзінің басынан кешкен қайғылы уақығасын, бұрын ешкімге айтпаған сырын ағыта шертеді.

Бекберген жайындағы («Бекберген мектебі») әңгіменің қозғалуына оқшау тұрған үйді автордың «бұл не қылған үй?» деп сұрауы, оның Бекберген атындағы мектеп екенін білген соң, Бекбергеннің кім екендігін білуге ынтығуы себеп болады. Мұндағы әңгімеші Қали да Бекбергенмен өзі істес, үзенгілес болған адам.

شۇغانىڭ بىلگىسى

باقى ئىگىمەلر

158

Бұл шығармалардағы Тоқан, Тасболат, Қали, Қасымжан сияқты сөзге жүйрік, әңгімелі адамдар, ал автор көбіне соларды сөйлетіп тындал, шамалы репликамен шектеліп отырады. Мұндай тәсіл шығарманы қызыға оқуға жетелейді.

Совет үкіметінің қазақ әйеліне әперген саяси теңдігі, бас бостандығы арқасында әйелдің күндік бұғауды үзүмен қатар, әлеуметтік өмірге, қоғамдық жұмысқа белсene араласуы, білім алып, оң мен солын айыруы, өмір тануы аса маңызды тарихи ілгерілеулер екені айқын. Қазақ әйелі өміріндегі осы сипатты құбылыстар Б. Майлиннің бірқатар әңгіме, повестеріне сюжет берді. Азат әйел, совет қызметкері әйел бейнесін автор өз шығармаларында қайталай, дамыта көрсетуге қалам ұштады. Солардың ішінен ең таңдаулысы мен көлемдісі «Раушан — коммунист» повесі.

Шұға әйел тағдырының түп түнегінде тұншыққан болса, Раушан бостандық нұрына бөленеді, совет ауылнайы сайланып, совет жолын қорғау үшін күреседі.

«Раушан — коммунистің» идеялық-көркемдік ерекшеліктерін, дара образдарын сөз етуден бұрын оның жазылу, жариялану тарихын, қандай толықтырылудан өткенін ескерте кетелік. Өйткені бұл әр кезде жарық қөрген нұсқаларын салыстыруға мүмкіндік болатын бірден-бір шығарма. Әдебиет зерттеушілеріне де мұндай бұрын жария болмаған материалдардан хабардар болу қажеттігін айтпаса да түсінкіті.

Бейімбет өзін толғандырған типтік сипаты бар құбылысты бастапқыда қысқа оқшау, әңгіме, очерк түрінде көркем түйіндейді де жариялай қояды, енді бірқатар уақыт озғаннан соң, сол туындыларын жаңадан қолына алып, қалам сілтейді, өндеп, жәндеп толықтырып жазады: қысқа әңгіме ұзақ әңгімеге айналады, оқшау-очерктер, әңгіме повестке негіз болып қалады. Жазушы қаламы қайыра тиген туындылардың көркемдік сыйны анағұрлым артып шығады. Дәл осындай өзгерістерге ұшыраған шығармалардың бірі «Раушан — коммунист» повесі.

Біз «Раушан — коммунистің» уш кезеңде жарық қөрген нұсқаларын салыстырып қарадық.

Қостанайда шығатын «Ауыл» газетінің 1923 жылы декабрьдің 4-дегі 24-санында «Оқшаулау» деген анықтамамен «Раушан — коммунист» әңгімесі алғаш рет ба-

сылады. Газеттің осы данасындағы оның көлемі бір подвалдан сәл артығырақ, «Жалғасы бар деген» ескертпе берілген де, аяғына «Малай» деп Бейімбеттің әдеби бүркеншік аты қойылады. Қазіргі біз білетін «Раушан — коммунист» повесінен мұның айтартлықтай өзгешелігі бірден көзге шалынады. Әңгіме түйіні уездік съезге әкіл болып сайланған Раушанды коммунист болды, әдет-ғұрыпқа қарсы іс қылды деген сияқты ауыл әйелдерінің өсек-аяң, алып қашпа сөздері айналасында болады да, тап тартысы, ақсақалдар әрекеті, саяси мотивтер қозгалмайды.

Айнабайдың үйінде сабын былғап жатқан әйелдердің қысыр кеңесін «жаяу телефон атанған» Күлзипа қызыдыра түседі. Раушан коммунистке жазылыпты, оның қалада сүйген жігіті бар екен дегендей Күлзипаның болжауларын ескілікке әбден мойын ұсынған мосқал әйелдер жағы масқарашибылық деп тапса, жас келіншектердің құлағы жаңалыққа елең еткендей болады. Әйелдер арасындағы осы екі тараптылықты автор әңгіменің басында былай суреттейді:

«Раушан уездік съезге әкіл сайланғаннан бері Тышқанбайдың ауылының қатындары екіге бөлінген тәрізденді. Бір жағы көбіне кемпірлеу әйелдер, еркектердің баратын жеріне қатынның баруын әдет-ғұрыпқа қарсы, аруаққа шет, құдай алдында күнәлі деп таниды.

Екінші жағы көбіне жас келіншектер «әйел де еркектей адам ғой» деп үн шығарып айтпаса да нақ кемпірлер секілді кәпірлік мөрін басып, бетін шымшып ерсі көрмейді».

Раушанның ері Жұмағазы (повесте Бәкен. — Б. Н.) коммунистке жазылудың мәнін түсінуден, не елді басқару ісіне өзі араласудан аулақ, ол бар болғаны әйелімнен айырылып қалам ба деп қапаланады, әйелін бұрынғыша ұрып-соғуға енді болмайтынына қынжылады. «Коммунист болса ұру-соғу жоқ, бетімен кетіп, бір күні жер соқтырады ғой деген қиял жүрегін құрт болып жей бастайды», — дейді автор ол туралы.

Әңгіме юмористік бояуда жазылады, зілсіз құлкімен автор ауылға ене бастаған жаңа құбылысты сезіне, әйел қауымына совет үкіметінің әперген правосына көздері жете қоймаған, гасырлар бойы қоғамдық және семьялық тепкіге көндігіп келген санасы сәби әйелдердің мүшкіл халдеріне аяныш білдіреді.

Кейін жазылған повестегі сюжет желісінің әңгімеде ең негізгі деген үзіндісі ғана байқалады. Айталық, Раушан мен Бәккеннің облыстық кеңседегі әйелдер жиналысына баруы, жиналыстың өтуі, Раушанның онда сөйлеуі, қалаға әйелдер съезіне баруы, онда көрген-білгендері т. б. көп эпизодтар әңгімеде жоқ, яғни повесте 34 беттік көлемде суреттелетін материалдың ұзын-ыргасы ғана газеттің бір подвалынан шамалы артық көлемде баяндалып, тамамдалады. Әңгіменің жанрлық ерекшелігімен санасқан жазушы оған повестің жүгін артпаған.

«Раушан — коммунист» әңгімесіндегі кейілкерлер тобы да шағын: Раушан, Жұмағазы, Құлзипа, Мәдіне. Автор кейін повесінде Жұмағазыны Бәкен, Мәдінені Зейнеп деп өзгерткен, көптеген жаңа кейілкерлер қосқан. Шеберлік дәрежесінен қарағанда, әңгімеде түрпайы сөздер, олақ тәнеулер, олпы-солпы сөйлемдер ұшырасып қалады. Әсіресе суреттеу жағы жетіспей, жалпылап баяндау басым жатады. Бір мысал: «Раушан — коммунист» әңгімесінде мынадай пейзаж бар: «Күзгі ызырық жел үйдің тесігінен үріп, отты үйтқытты, көзіне тутін тығызып булыққандары ақырзаманың күні де, түні де жел, бір жадырап ашылмады-ау», — дейді.

Келтірілген үзінді «Раушан — коммунист» ұзақ әңтіме (повесть) болып әнделіп, толықтырылып жазылғанда, былай өзгеріліпті:

«Күзгі жел ыскырып келіп соққанда, кішкене үйді ұшырып әкете ме дерсің. Үйдің тесігінен азынаған жел отты үйтқытып жандырмайды, аңы тутін булықтырып, көзге кіріп өлтіріп барады.

От басын қоршалай отырған тәрт-бес қатын; бәрінің көзі қазанда... Сабын иілсе, бұзаушық алып үйді-үйіне тарайтын ойлары бар, бірақ сабын болмай амалдары құрып, аңы тутіннің азабын көріп отыр.

Ұлжан кемпір төмөнгі жаулығының шетімен көзінен аққан сорасын сұрті де, шаңыраққа қарап: — Ақырзаманың күні де жел, түні де жел, бір жадырап ашылмады-ау»⁶, — дейді.

Қанша өзгеріс! Алдыңғы үзіндімен салыстырғанда

⁶ Б. М ай лин. Шығармалар, 3-том. Алматы, 1962, 331-бет (басқа үзінділер де осы томнан).

соңғысындағы сурет қандай жанды, әсерлі. Артық-кем штрих та таба алмайсыз. Мұндай айқындыққа жету, сөйлемдегі әр сөзді маржандай тізу үшін авторға сарыла еңбектенуге тұра келгені дәлелдеуді қажет етпейтін сияқты.

Сонымен, «Ауыл» газетінде 1923 жылы тұңғыш басылған «Раушан — коммунист» оқшауларын автор кейін қайта жазады, көп толықтырады, композиция, сюжеттің повестке лайықтап жаңадан құрады, идеялық-көркемдік өрнек-бояуын қанықтыра түседі. Алғашқы әңгіме материалы повестің жеке эпизодтары ретінде өзгертіліп пайдаланылады, әңгіме болашақ повестің тақырыбы, қысқа тезистері тәрізді роль атқарады, ұзақ сюжеттің негізгі түйіні есебінде қалады.

«Раушан — коммунист» ұзақ әңгіме болып, басқа-ша жазылып, «Әйел тенденция» журналының 1927 жылғы 10—11 (бір кітапта), 12 және 1928 жылғы 2—4-санда-рында басылады.

Б. Майлиниң жинақтарына енгізілген «Раушан — коммунист» повесінің текстісінен мына журналдық вариантының біраз өзгешелігі бар. Журналдың жөрсетілген сандарында басылған «Раушан — коммунист» сегіз тараудан тұрады да, соңғы VIII тарауы қазіргі то-лық текстінің IX—X тарауларын да ішіне қамти кетеді, бірақ тараудың аяғы бірсыныра өзгерістерге ұшырайды.


Раушан қалаға оқуға шақырылғанда, онымен бірге барған хатшысы Жақсылыққа өзінің көптен оқығысы келіп жүретінін, бұл саларға Бәкеннен рұхсатсыз шыққанына налитынын, кешірім сұрайтынын, ерінен айрылмайтынын сыр қылыш айтады. Бәкенге сәлем жолдал қалады.

«Амандық болса, жаз келеді», — дейді Раушан. Орынборға оқуға бара жатқан әйелдер Раушанмен бесуу болады. Повесть былай аяқталады: «Бұлар поезбен жөнелерде, әйелдердің біреуі шешендік қылыш:

— Біз бақыттымыз! Біз құндіктен құтылдық! Біз жаңа өмірге аяқ бастық!» — дейді.

Сегізінші тараудың соңында әдеттегі «жалғасы бар» деген ескертпенің қойылмағанына қарағанда, повесть осылайша біткен сияқты. Шығарма аяқталмай қалғандай әсер бермейді, бас-аяғы жинақы, негізгі идеясын аша алғандай танылады. Повесті бұлай аяқтау «Әйел

ىپز - ھ کى كۈننەن كەپىن راۋشان بىللىق قىلاغا قايتادان كەڭلىسى، مارىيام
 قۇرغۇسب فارسىسىلى، قاغازىن دۇرستاب بەرسىب، پۈپىزغا شەكارىب سالدى. كېپىرنە¹
 قول استئن و قۇشا بارلىقنى ايدىللىر بىلسەنە دەدى، سونمەلک ىپزىرى بولىب راۋشان دا
 شىقىسى، پۈپىز جۈزىنگىب جونىللىسى، چىخۇرسى، ادەمىرى شاپقاۋەرى،
 بۇرىن مەمنىب كۈرمەگەن ادامىاردىڭ باسقىن تاقتىغا سوعدىب الا بەزەتۈنگى -
 بارى دە العاشقى كەزىدە قىزىق سەكىلىنى كۈرمەنلىقى -
 ايدىللىرىدىك بىرەۋە ئىدىشىنىلىك قىلىپ :
 ىپز باقىتىتىمىز! ىپز كۈتكۈكتىدىن قۇرتىلىق! ىپز جاڭا وەرگە اېنى
 دەستىق! دەدى .



төндігі» аталған журналдың сол тұста көтермек бўлған басты проблемасына да лайық желеді. Раушанның, оның апа-сіңлілерінің қолы төндікке тигені суреттеледі.

Б. Майлин оқшаудың негізінде «Раушан — коммунист» повесін бірден «Эйел төндігі» журналына бағыштай жазуы, немесе бастапқы вариантын осылайша ықшам қалпында бітіруі мүмкін.

Тағы бір сәті келгенде, жазушы бұл шығармасына үшінші рет оралады, повестке жаңа тараулар қосып толықтырады, сюжеттің бір желісін Бәкеннің шалыс басып, адасқанына, кейін қатесін түсініп, дұрыс жолға шыққанына арнайды. Бұл үстемеде Бәкен қасы мен досын айырып қана қоймайды, совет өкіметі жолынан ауытқығандармен күресерлік дәрежеге жетеді.

«Раушан — коммунист» осы үшінші вариантта жарық көргенде, қазіргі XI, XII, XIII тараулар қосылып, өкідан қайтқан Раушанды Бәкеннің қарсы алу әпізодымен аяқталады.

Соңғы тараулардың қосылуы ауылдағы тап тартысын аша тұсуге, жаңа өмір құру үшін құрестен ешкімде бейтарап қала алмайтынын бейнелеуге авторға мол мүмкіндік береді, шығарманың көркемдік-идеялық шоқтығын көтереді.

Бейімбет шығармасы алғаш жарық көргеннен кейін іс бітті деп санамайтын суреткер, қай жерім осал кетті, қай тұстың арқауы босаң, бояуы солғын дегендей өз туындысын сынап, үңіле қарайтын, орайын тауып түзеуге әзір тұратын жазушылардың қатарына қосылады. Өз сөзімен айтқанда, «өндеп, кестесін желтіруге» уақытын аямайды. Міне, біз қаастырып өткен «Раушан — коммунистің» әр кезең өзгертіліп, ширатылып, өндөліп отыруы жазушының өнерпаздық еңбегінің жемісті болғанын көрсетеді.

«Раушан — коммунисте» әйелді кемсітетін діни қагидалар, феодалдық-ақсақалдық көзқарастардың әйел төндігін аяққа басуға, жоққа шығаруға тырысып, тайталас күрес ашқаны, жаңа өмір нормаларының әр қызынчылықтардан өтіп барып қалыптасып, нығайғаны бар қыртыс-қабатымен көрініс береді. Ескі салт-сананың, ұғым-нанымның ықпалы барған сайын әлсіреп, жаңа құбылыс орын теуіп, өркенін жая бастайды.

Автор күрделі, ішкі қайшылық, тартыс арқылы адам санасына енген өзгерісті повестегі негізгі тұлғалар

ерлі-зайыпты Раушан мен Бәкеннің бастарынан өткен тайғақ кешулерін суреттеу тәсілімен көркем түйіндейді. Сайып келгенде, повесть дәстүрлі әйел теңдігі тақырыбының шеңберінен шығып, жалпы қазақ кедейінің бұралаң белестерден өтіп, совет жолына берік қадам басу шындығын ашады.

Шығармадағы Раушан мен Бәкен образдары әрі қарапайымдылығы, әрі психологиялық нәзіктігімен ерекшеленеді. Екі кейіпкердің өсу жолы екі бағыттан басталады. Бәкен тұрмыстың байырғы қалпының өзгермеуін қалап адасса, Раушан жаңалыққа қызыға, үміттene қарайды. Ауыл тұрмысындағы әйелді кемсітіп қаруудың әділетсіздігін сезіне бастаған Раушан әйел мен еркек тең болуга тиісті, әйел де адам, еркектің білгенін әйел де біледі дегендегі ақиқаттан бойына күш алады. Әйелдердің болыстың жиналышына баруға шыққан алғашқы сапарынан бастап Раушан көрген, білгенін сараптауға, жақсыдан үлгі алып, жаманнан безінуге, өмірдің күрделі құбылыстарының мәнін түсінуге ынтығады.

Мэриям, Әбіл сияқты партия өкілдерінен қолдау табу, Сабынды қөлге ауылнай сайлану Раушанды мықтап қанаттандырады, өзіне тапсырылған міндетті, көрсетілген сенімді қалтқысыз ақтауға құлышындырады.

Надандық, ескілік көзқарас әлі басым ауылдағы шаруа әйелінің совет мекемесінің басшысы деңгейіне көтерілуі үшін кеп кедергіні жеңуі, қатал сындардан өту—типтік жағдай. Раушан осындаі кезеңдерді басынан кешіреді. Оның аяғына оралғы, жолына тосқауыл болуға тырысқан күш: әйелдің ерден тәмендігі туралы дін қағидасы, ескілік салт-сана, әйелдер таратқан өсек-аяң. Ел басқаруда бұрынғы ата-баба жолы мен дәстүрін мызғымастай санап, соған қайшы, тосын жаңалықты қабылдағысы келмейтін ақсақалдар мен қулар «қатын бастаған ел қараң қалады» дегенді желеу етіп ауылнай Раушанға билік бермеу, оны шеттеу әрекетін жасап бағады. Экім болды, коммунист болды, діннен безді деп Раушанды құбылжық көрген өсекші надан әйелдер оған жаппаған жала, таңбаған жамандық қалдырмай кінә артып тынышын алады. Қулардың алдауына еріп, қолшоқтары болған босаң мінезді ері Бәкен де бір кезде Раушаннан сырт айналады, семьялық тұрмыстан береке кетеді. Раушанның бір басына қабыргасын қайыс-

тырғандай ауырлық түседі. Табандылық, турашылдық, әділдік Раушанға қуат береді. Ол семья бақытын, бірлігін сақтамаймын деп, тұра жолдан ауытқымайды, ерімен таусыла ренжіскен тұсында да оның жәнсіздігіне жол бермейді. Өтірік куәлікке мөр басуды сұраған Бәкен мен Демесінге Раушан тайсалмай: — «Жоқ, қайнаға, өтірікке мөр баса алмаймын», — дейді. Раушан тек мәрге мұқияттық жасаумен шектелмейді, өз міндеттін саяси басшыша сезініп, орындалп отырады. Ақыры Раушан өз дегеніне жетеді, қарсы күштің бәрін де жеңеді. Өйткені ол көппен алысқан жалғыз емес, өмір талқысында Раушан қысылып-тарыққанда, оған әрқашан көмекке келетін, қолтығынан демейтін партияның өкілдері Мәриям, Әбілдер бар. Раушан жүрегіне сөнбес жалын, бойына қажымас қайрат-жігер дарытқан құдіретті күш — Коммунистік партия, Совет үкіметі.

Раушанның ой өрісі, сана-парасатының біртіндеп жетілуін автор басқыш-басқышымен дәлелдеп отырады. Ол тұрмысты көре келе, жетекші Мәриямның ақылжекесін көңіліне тоқи келе өседі, есейеді.

Әйелдердің болыстық жиылдысына алғаш қатысқан кездегі Раушанның қарапайымдылық, ұяндық қалпын автор айнытпай алады. Жиылды президиумының құрамына сайланған Раушанға стол басына барып отырудың өзі қолдан келмestey қыын істі atқарғанмен бірдей ауыр тиеді. «Столға отыруға барғанда, Раушанның тұла бойы қалтырап, буыны босап көзі бұлдырап кеткен секілді болды. Бетінен оты шығып қызырып, терлей бастады», — деп суреттейді автор. Жағдайды түсініп, өзіне- өзі келген соң, Раушан көп алдында сөз де сөйлейді. Жиылдыста отырған әйел қыздардың өздері айта алмаған көкейтесті ой-арманын ақтара, жүректерін тербенте сөйлейді ол.

Уездік қалаға, мәдени орталыққа бару, ондағы әйелдер съезіне қатысу Раушанға ұмытылмастай әсер қалдырады. Раушанның қарапайымдылығы, көрген-білгенінің тайыздығы: әсіресе, осы қала тіршілігімен танысада байқалады. Қала үлгісімен ерекше киінген әйелдер де, адамдардың жүріс-тұрысы да Раушанды таңқалдырады, біріне қызыға, біріне шошына қарайды. Раушанның театр залына барған тұстағы мынадай бір күлкілі жайын суреттейді автор: «Кіріп келген қарқында томпақ бетті қара торы қызды бір жігіттің сүйрелеп

бара жатқанын көрді. Оның артында салбырап, жаулығы шошайып, аузын ашып аңырайып, бір қазақ әйелі кетіп барады. «Мына бір қатындар да ойынға келген той» деп ойлап еді, жақындағы келгенде, өзін көріп, айна екенін Раушан сонда барып біліп, күліп жіберді».

Советтік өмір ағысы, бай-қулардың жұмысқы қылықтарына қарсы күрес, әділдік жолындағы арпалыс Раушанды тез өсіреді, тез марқайтады.

Өзіне міндетtelген ауылнайлық жұмысты тындырымды, үлгілі атқарып жүрген Раушанның жақсы атағы ауыл-аймаққа жайыла бастайды. Коммунист деп Раушаннан шеттеген әйел, қыздар енді соның маңын сағалайды, қамқорлық күтеді. Бәйбішеден зәбір көрген тоқал Раушанға келіп мұнцын шағады. «Келін шырағым, сені коммунист дейді... Коммунистің не екенін білмеймін, бірақ әйелдерге болысады дегенді есіткенім бар еді», — дейді. Мұндай өтініш, тілектер Раушанның же-ке басының қайғысын ұмыттырады, қоғамдық міндеттін есіне салады, жәбір көрушіге жәрдем беруге талаптанырады.

Раушанның саяси өсу жолындағы үлкен белес — оның Орынборда мектеп бітіруі. Уш жыл бойы үлкен мектептен тәлім-тәрбие көруі Раушанды танымастай өзгертіп жібереді. «Ондағы Раушан мен қазіргі Раушаның арасы жер мен көктей, — дейді автор, — қазіргі Раушан: мектеп бітірген, білім алған, саясатқа ұстарған, Маркс, Ленин қысынымен құралданып, социалистік өмірдің тұтқасын қолыма ұстаймын деп белсеніп шыққан Раушан».

Қазақстанда совет өкіметін орнату және нығайту жылдарында саяси куреске ерлермен қатар қатысқан, «социалистік өмірдің тұтқасын ұстасқан» нешеме әйел болғаны тарихи шындық. Жазушы Раушан коммунист бейнесінде солардың жиынтық тұлғасын ашық бояумен сүйсіне бейнелейді.

Замана ықпалы, ауыл өміріне енген тегеуірінді жаңалықтар Бәкен сияқты айналасына көз салып, мойын бұрғысы келмейтін, өз шаруасының қауызына сыйып күн көруді артық санайтындарды да тыныш қоймайды. Повестегі Бәкен образы арқылы автор момын шаруаның өз еркінсіз кертартпа топтың қол шоқларына айналғанын білмей қалып, кейін опық жегенін, қатесін түсінгенін, саналы азаматқа айналғанын көрсетуді мақсат етегінде.

ді. Бәкен образы ішкі қайшылыққа құрылады. Ол момын, құлық-сұмдықты білмейтін, харектері босаң жан. Оның басындағы қайшылық — ескі салт-санадан қол үзбеушілік, соның жолына бейімделушілік пен жары Раушанды айнымай суюшіліктен туады. Бұрыннан келе жатқан көне дәстүрді, ерден әйелдің кемдігі туралы қалыптасқан ұғымды қадірлесе, оған мойын ұсынса, Раушанның қазіргі жағдайына, ауылнайлық қызметіне өзі үстемдік билікшілік жасауы қажет, тізгінді әйеліне бермеу керек. Бұлай етпеген күнде, ол ақсақалдар алдында жасық, ынжық, намыссыз болып көрінбек. Раушанды сүйетіндігін, сыйлайтындығын ұмытып, онымен бірге өткізген тату-тәтті тұрмысын бұзса, Раушанды ренжітеді, оның алдында кешірілмес кінәлі болады. Осындағанда әкі жақты толғаныспен жанын жеп жүрген солқылдақ Бәкеннің сырын үққан Әжібек ақсақал, Демесін, Ермек сияқты алаяқтар Бәкеннің арын арлап, намысын жыртысқан болып, оны адастыра түседі, Раушанға қарсы қояды.

«Сенің өзінді аяққа басып, келінді атағанда, біздің мықты намысымыз келді», — деп көлгірсиді Әжібек ақсақал. Ер болып, әйелдің тізгінің қолыңа ұста деп тұқыртады. Ақыры Бәкен қулардың құрган тұзағына мықтап шырмалады. Бәкен өз қылышын, өз күйін ой елегінен өткізе келе, әділдіктің ақсақалдар жағында емес, Раушан жағында екенін, өзінің Раушанды ренжітуінің қателігін іштей сан рет мойындалп, әйелімен татуласуға бекінсе де, табиғатынан солқылдақтығына басып, өсек сөзге құлақ асып, батыл қадам жасаудан ылғи кешігіп қалып отырады.

Бәкеннің ішкі монологы оның қас пен досын айыра бастағанын, ақылын ашу тұманы басқандығы, келіссіз қылышы үшін өзіне-өзі кейіп, мықтап өкінгенін аңғартады. Бәкеннің ішкі монологын автор өз атынан баяндайды. Орынсыз ашу шақырып, Раушанды осынша қынжылдырғанына өкіне де бастап еді. Сонда кім үшін ашуланысып отыр. Демесін үшін ашуланысып отыр! Демесін кім? Демесін осы елдің байы, атқамінері, бір кездегі төсіне патшаның знаяғін таққан биі. Ол жағында қойши, Демесін бұрын Бәкенді теңеп пе еді? Тенеу былай тұрсын, Демесін Бәкеннің басынан таяқ айырып па еді, десейші!... Не көрмеген Бәкен, Демесіннің есігінде он жылға жақын малайлықта жүрген Бәкен осы.

Демесіннің сондағы ұрған таңбасы, мына елтірі бөрікті алғы қарасақ, Бәкеннің басында әлі күнгө дейін бар... Ендеше... Демесін үшін бұлінісу деген не?

Бәкен өзіне кейи бастады. Әсіресе Раушанды мына Құлзипаға таба қылымп, соның көзінше тепкеніне, адамға лайық емес жұмыс істегеніне кейи бастады.

— Қалқам! Мен қателескен екемін. Бұғін барайын, жұбатайын, — деп ойлады».

Раушанмен билікке таласып, оған өктемдік жүргізіп, айтқанын істепек болып күйіп-піскен Бәкен Раушан орнына өзі ауылнай сайланғанда, әкімшілік лауазымға қуанып, мұратына жеткен адамның қалпын көрсетпейді. «Бәкен қуанған да, ренжіген де жоқ. Жұрт айтты кәне береді», — деп ескертеді автор. Өзіне қадірлі адамынан, ең жақын досынан айрылған Бәкеннің енді енжарлыққа беріліп, бәріне де қолын бір сілтегеч күйге келуін, оның рухани күйзеліске душар бөлғанын байқатады. Осылай Бәкеннің әр кездегі іс-әрекеті, ішкі толғанысы нанымды да тартымды сипатталады.

Өмір талқысы Бәкенді жарты жолда қалдырмайды, көкірек көзін ашады, дұрыс бағытқа салады. Бәкеннің мұдде-мақсаты Демесіндерден мұлде басқаша бағытта, оның түсер жолы Мәриям, Раушандар бара жатқан жол.

Повестің сонындағы Раушан үлкен мектептен білім-өнеге алғып, өмірдің тұтқасын өз қолына ұстауға асығып келе жатса, өмір мектебінен ұмытылмас сабак үйреніп, өзгерген, санасты өскен Бәкен азаматты да көреміз: «Бұл мұлде жаңа Бәкен. Екі сөзінің бірінде «Кеңейлер тобы», «Байлар тобы» деп таңдайы тақ-тақ етеді», — дейді автор.

«Раушан — коммунист» — реалистік бояуы қанықта келісті. Тұрмыстық картиналар, ауыл өмірі айнаға түскендей қаз-қалпында суреттеледі. Әр кейіпкер өзінің ерекшелігімен дарапанып көрінеді, әрекет жасайды. Шығарманың қай бетін аударсаң да шебердің қаламымен сыйылған өмір көріністерін, адам бейнелерін, табиғат суреттерін кездестіре бересің, жазушы жасаған өзге бір дүниеге енгендей боласың.

«Алба-жұлба қараша үйдің сырт жағынан қарасақ, іші өртеніп жатыр ма дейтінсің, бұлыққан түтін үйдің тесік-тесігінен бүркүрап шығып жатыр. Үйдің ортасында үлкен қара қазан. Астында заулап жанған от; қазан-

ның ішінде бір үйірліп, бір бұзылып қайнап жатқан сабын. Тәменгі жаулықпен басын түмшталап орап алып, маңдай терісі тыржиып терлеп-тепшіп Айнабайдың Зейнебі сапты қалақпен сабын былғап жатыр». Осынау шағын үзіндіде қанша шындық жатыр? Кедей ауылдың күйкі тұрмысын алба-жұлба, тесік-тесік қараша үй мен сабынды қолдан былғау әрекетінің өзі-ақ түсіндіріп тұрган жоқ па? «Бір үйірліп, бір бұзылып қайнап жатқан сабын» қандай жанды картина? Сабын қайнатуға жиналған бір топ әйелдердің өсек-аяң әңгімелерін баяндаудың авторга қажеттігі — оның сюжетті дамытуға септігін тигізуінде, болашақ уақығаның жалпы аңғарын байқатуында. От басындағы тұтіндей бықсып, сабындаі қайнаган өсек Раушанды жамандаумен, онан безіnumen аяқталады. Ақырында осы өсек Бәкен мен Раушанның арасына от салады, талай сергелденге түсіреді. Демек, жазушы шығарманың композициясы мен сюжеттін идеялық мазмұнға бағындырып, аса ұтымды құрады.

Мына бір портретке байқап қарайықшы: «Арбасының доңгалағы сықырлап ауылды басына көтеріп, әдемі торы атты жеккен біреу келіп Бәкеннің үйінің есік алдына тұра қалды. Басындағы тұлкі тымағын алыш, сілкіп қарын қақты. Едірейген қара мұртын қолымен сылап, ширатып қойды. Кішкене көзі сықсыып, күліп тұрганын да, кейіп тұрганын да айыра алмастық». Келтірілген үзіндідегі әр дыбыс, әр бояу, әр қимыл көкірегіңе қона қалады, келген адамның хал-ауқаты, сыр-спиптына сұрамай-ақ қанық боласың. Әдемі торы ат жеккен, тұлкі тымақ киген, мұртын сылап ширатқаның қарапайым шаруадан ерекше, өз орнын, өз басын жоғары санайтын біреу екенін айтқызбай-ақ танисың, ал оның «Кішкене көзі сықсыып, күліп тұрганын да, кейіп тұрганын да айыра алмастық» болуы ішкі сырын байқатпай, сыртымен жылтырайтын құлығын көрсетіп тұргандай. Міне жазушының суреттеуінде ауылдың үстемі, жемқор, қу Демесіннің портреті көзге осылай елестейді.

Сюжеттік құрылыш күрделі, тартыс аренасы кең «Раушан — коммунист» повесі Б. Майлиниң проза жазудағы тамаша шеберлігіне, асқан шыншыл суреткер екеніне кепіл боларлық көркем туындының бірі. Мұнда революцияның алғашқы жылдарындағы қазақ

ауылдының өміріндегі елеулі өзгерістердің қандай бөгеттерден өтіп өзіне жол салғаны қалтқысыз шыншылдықпен бейнеленеді.

Жазушының отызындың жылдардың екінші жартысында жарық көрген прозалық шығармаларын «Әміржанның әңгімесі» (1932) мен «Берен» (1935) — ауылдағы күрделі әлеуметтік өзгерістерді, ел басынан өткен маңызды өмір өткелдерін көп қырымен алғып, реалистікпен суреттейтін туындылар деп қарауымыз керек. Бұл екі шығарманы автордың өзі әңгіме қатарында атаса да, кейінгі кездерде повесть қатарында саналуы, көтерген жүгінің шағын әңгімелерден анағұрлым ауыр өмірдің қат-қабатына сүңгуі тереңірек болуынан гой дейміз.

Екі шығарманың тақырыбында да, сюжеттік кестесінде де, идеялық-көркем түйінінде де, образ жүйесінде де бірқатар ұқсастық, үндестікті байқауға болады. Сондықтан да оларды жалғастыра талдау идеялық-көркемдік ерекшеліктерін аша тусуге өте-мәте мүмкіндік береді.

«Әміржанның әңгімесі» де, «Берен» де жаңаған ауылдың, бірлескен еңбек қимылдының фонында жаңа өмір орнату жолында кешегі өткен күрес уақыфаларын еске алу тәсілімен жазылады. Біріншіде әңгімені айтып беруші Әміржанның өзі болса, екіншіде Беренниң естелігін автор өз атынан баяндайды. Екі шығармада да басты кейіпкерлердің (Әміржан, Берен) өсу, қалыптасу, шынығы жолдары — әңгіменің үзілмес арқауы болып отырады. Әміржан әңгімесінің жариялану тарихынан ескерерлік бірер фактіні атай кету жән.

1933 жылы Б. Майлиниң «Асулардан асқанда» дейтін кітапшасы баспадан шықты. Осы кітапшадағы «Асулардан асқанда» аталған шығарма кейін 1935 жылы басылған «Алтын сандық» деген жинақта «Әміржанның әңгімесі» деп өзгертиледі. Повесть сюжеті бұрынғысынан кей тұста басқаша құрылады, қайталанған эпизодтар ықшамдалады. Автордың туындының атын өзгертуінде де мән бар. «Асулардан асқанда» деген ат шығармаға очерктикашолу сипатын бергендей болса, «Әміржанның әңгімесі» кейіпкердің өткенді еске алғып, өз өмірі жолына, тағдырына үңіліп, нені тындырып, неде олқы соққанын паш қылуға жеткейді.

Аң баспаса, жан баспаған Алатаудың қолтығындағы сұлап жатқан бір белге ынтымағы біріккен адамдар жиылады да қоныс тебеді, жаңа өмір бастайды. Жаңа түрмис керегесін қалау мақсаты қажырлы еңбекті, жоспарлы өнімді талап етеді. Жігерлене алға үмтүлсаң ұттың, керенау кейін шегінсең ұтылдың. Автор әр минуты қымбат еңбек майданының көрінісін қызыға суреттейді: «Күн көтеріле әскерше тізіліп, қосылып салған әнімен Алатауды сілкіндіріп, сонау қайнауға бір топ кісі кіріп еді, әлі сілтеумен жатыр. Орақ сыр-сыр... Төңкерліп түсіп жатқан көк майса». Қарап тұрсан, бір тұста балшық басып, ағаш шауып, үй салып жатқан құрылышсылар, енді бір жерде көрігін үрлеп, жайнаған шоқтың алтабында қызарған темірді тәске салып нанша илел жатқан ұсталар — мұның бәрі «Ұйым» колхозындағы еңбек қарбаласы, еңбек бәсекесі. «Әміржанның әңгімесі» осындай экспозициядан кейін басталады.

Сан-сапат жұмыс атқарып, маңдай терді бес сымбырып, білек түрініп жүрген көптің ортасында кәзге шыққан сүйелдей бір ғана адам қарекетсіз, жұмыссыз бейтарап — ол Әміржан. «Бұған не деп түсінерсің? Сексендегі шал, сегіздегі балаға шейін еңбек деп өліп бара жатқанда, мұның жүрісі мынау... Жоқ, мұнда бір сыр болу керек!»⁷ — деп ойлайды автор. Енді ол осы сырды актаруға құмарта түседі.

Автор өмір жырын Әміржанға ағыттырып қойып, өзі бейтарап отырып, оның толғаныс-толқуларын, көңіл күйінің құбылыстарын, айналадағы тіршілік көріністепін жіті байқап, сергек сезініп, көп болмыстың сырына бойлайды, көкірегіне суретін бейнелейді.

Әміржан кім? Әмір тепкісін көп көріп, санасты ерте ояңған қазақ кедейінің өкілі ол. Байда жалшы, окопта иығына сүр шинелді іліп, қолына күрек ұстаган көптің бірі. Октябрь дабылы қағылғанда, бойына мылтық-найза асынып, атқа қонған қызыл жауынгер, ауылда совет үкіметін орнатып, нығайтуда белсенді азамат, жолсыздық атаулыға қарсы тұрудан тайсалмаған коммунист.

«Арамдық мінезге қаны қайнағанның бірі — «Әміржан», — деп таныстырады оны автор.

⁷ Б. Майли н. Шығармалар, 5-том. Алматы, 1963, 218-бет (қалған үзінділер де осы томнан алынды).

Әміржанның қайсарлық, табандылық, жүректілік сипаттары қызын-қыстау іс үстінде, ерге сын болғандай сэттерде ашылып отырады.

Әңгіменің оқушыны тұтастай тұтқынға алып, енді не болар екен, түйін қалай шешілер екен дегізгендей ынтысын аударатын эпизод — Рабиғаны өзі сүймейтің күйеуінен азат ету жайлары Әміржанның тұлғасын барынша зорайтып танытады. Қызды айттырып, малын беріп қойған күйеуінің алдынан жетектеп әкету — ірі қимыл, оқыс әрекет, ескі салтты шайқалтқандай жұмыс. «Оны істеген адам ел басы бол жүрген ақсақалдарға, пысықтарға, жалпы ел әдетіне қарсы бол «есер», «бұзық» деген атқа ие болмақшы», — дейді Әміржан. Әміржан осы кедергіден батыл аттайды, өз ісінің әділдігіне көміл сенеді.

Тар кезеңде Әміржанға ақыл, жігер берген екі түрлі орасан зор қозғаушы күш бар. Оның бірі — махабbat, екіншісі совет өкіметі. Автор бұлай деп декларация ретінде хабарламайды, Әміржанның аузымен тебірене айтылған мына сөздерді жазады: «Өзінді сүйген бір жүрек өмір толқынында таяқ жеп, жәрдем сұрап, қолын созып отырса, ескі өмірдің астын үске келтіріп, сілкемін деп, қан майданын басынан атқарып, өзің сүйген өкіметті құрып отырсың! Ендігі мүгедектің жөні не?»

Озі орнатыскан совет үкіметіне арқа сүйеген, Рабиғаға деген махабbat сезімі бойын билеген Әміржан сын сағатта Өтебайдың құлығына да, оны қоршаган түлкі ішіктілер мен сұлу мұртты мырзалардың тегеурініне де төтеп береді. «Советский властың атынан саған слабода жарияладым, Рабиға! Қолыңды бер!» — деп оны тордан босатып алады.

Әміржанның өмір жолы ылғи даңғыл емес. Оның бұралаң бұрылыстары, соқпақ сүріністері мен қателері де бар.

Автор Әміржанды жылтыратып, қателік, кемшіліктен таза етіп көрсетуге тырыспайды, оның мінезіндегі, ісіндегі осалдық жақтарын бүркемейді. Әміржанның бір ерекшелігі — ол өзіне өзі сыншы бола біледі, қай жерде мұлт кеткенін кейін байқап, содан қорытынды шыгарып отырады. Алды-артын ойлатпай кететін ашу, ерлік пен қатар аңқау-аңғалдық, Өтебай, Сыздықовтардың жаласы Әміржанды біраз шырғаға салады, Рабиға

екеуінің арасына салқындық орнатып түсініспеушілікке апарады, бір кез ол партия билетінен де айрылып қалады. Бірақ Әміржанның жаны адал, партиялық арожданы таза. Әміржанның мына сөздері оны жақсы сипаттайтын;

«Мені бұлдірген ашу гой, — деді Әміржан күрсініп.

— Мінезім де шатақтау, жоқ нәрсеге кіділенем. Бірақ ұстаган жөлымнан тайған емеспін. Мактанаң-ақ айтайды: «Сен осындай босандық істедің», — деп ешкім кінәлап көрген емес... «Партияның шын ұлы болсам!» — деген тілекten басқаңды білмедім».

Жазушы Әміржанның жеңіс түсындағы қуанышында, жеңіліс тапқан кезіндегі ренішін де табиғи қалпында көрсетеді. Әңгіменің басында-ақ жұмбақ сыр болып сезілген Әміржанның телсе темір үзгендей қайратымен айналасындағы қайнаған еңбекке қолы көтерілмеу себебі енді әңгіменің шешілісінде түсінікті болады. Партия қатарынан тыс қалу оған жанын суырып әкеткендей әсер еткен. Әміржан өзіне партиядан бәлек өмір суру мүмкін емес деп санайды.

Арызы қабылданып, партия қатарында қалғандығы туралы хабарды есіткен сәттегі Әміржанның жан құбылысында ешбір жасандылық жоқ. Ол қатты қуанғаннан жылап жібереді. Осы мезетті автор былай суреттейді: «Тап осы минут Әміржанның өмірінде ұлы асулы кезең секілденіп, ол жылаумен бірге жүрегі жарылардай боп қуанып отыр еді. Өйткені ол қазіргі минутта өзіне ең бағалы болған партия мүшесі деген атты қайта иеленді, жанашыр жақын жөлдастардың арасында аяланған түрде қайта кіргендей болды».

Әңгімеге ара-тұра кірістірлес де дара бейнелері айқындалып тұратын Рабига, Апалай мен Дәуғара сияқты кейіпкерлер бар. Бұларды жекелеп қарастырайық.

Рабига жаңа заман лебін сезінеді, жүрек қалауымен Әміржанмен тағдырын біріктіреді, әке-шеше ыңғайымен сүймесіне қосақталудан бас тартады. Бері келе сауатын ашады, партия қатарына кіреді. Қөвшілік жұмысына жаңада араласқан, тәжірибесі аздығына қарамастан Рабига бригадирлік міндетін тыңғылышты атқарады, еңбекте жеке басымен үлгі көрсетеді. «Сырт пішініне қарап, ауылдың жабайы әйелінің бірі дейсің де қоясың. Бірақ жұмысы жаңа! Колхоз жұмысының

бірсыптырасын басқарып жүрген жауапты іскер», — деп сипаттайтын Рабиғаны автор.

Ері Әміржанмен ренжісken жайларда Рабиға сабырлылық, байсалдылық көрсетеді. Әміржанды сүйе, сыйлай тұра, оның қателіктеріне ымырашылдық жасамайды, ойдағысын тұра айтады, ерінің шын қуанышына бірге шаттанады.

Рабиға трагедиясын терең сезіп, тағдырына шынымен жаны ашып, оны азат етуде Әміржанға көп ретте достық қол ұшын берген жағымды кейіпкердің бірі — Апалай. Оның бейнесін суреттеуде автор ерекше тәсіл қолданады. Апалай кәңіл күйін, өз пікірін сөзбен ашып айтпай-ақ қас-қабағының құмылымен, күрсіну, тұнеруімен, күлкі-шаттығын ыңылдалап айтқан өлеңі, баюу, не жедел қозғалысымен аңғартады. Көкірегін ашу-ыза кернегенде, ешкімге қаратпай «сол екен»... деп қалады. Бірақ Апалайдың нені қостап, неге ренжіп отырғаны Әміржанға ап-анық байқалады, оны өзіне қатты сүйеніш көреді.

Кей тұста аңғырттықпен өзіне төнген жау құрығын елемей бара жатқанда, Әміржанды сақтандырып, қырагылығын оятатын адал достық та Апалайдың тарапынан көрсетіледі.

«Апалай әмірі қызық: тартатыны — домбыра, гармонь, айтатыны — қазақ, татар, орыс әндери. Сол күннің өзінде сұр әмірді өнерімен безеп, гүл қыламын деп жүрген бір жігіт», — міне автор оны осылай сипаттайды. Апалай сұр әмірдегі әділетсіздікпен күресіп, жаңа әмір орнатысады.

Автор Апалайдың өсу сатыларын тәптіштеп жатпаса да, оның артельде партия бюросының хатшысы болғанын ескертіп кетеді. Ол саналы қызметкөр деңгейіне көтеріледі.

Әміржанның жанашыр досы, тар жол, тайғақ кешулерді онымен бірге өткізісken Дәугара оқушыға бірден жылды ұшырап, ойына берік орнап қалады.

«Ұйым» колхозында қауырт жұмыс: салынып жатқан құрылыс, көк майсаны төңкөріп жүрген пішениш-оракшылар, машина саймандарды жөнге келтіріп, темір соққан ұста дүкені, тағы басқа қым-қуыт шаруашылық қамы — осының бәрін ұйымдастырып, еңбек адамдарын орын-орнына жұмсаپ, істің орындалуын бақылап жүрген Дәугара — колхоз басшысы. Дәугара

колхоздың тұрмысы, табысы жайлы сөйлеуге сараң, кімге болса да өзің көр, өзің таныс дейді.

«Шеттен келген адамды бұлай қарсы алулары бір есептен оғаштау да секілденеді. Бірақ сен сияқты, үстіне шаң жуытпай, ...жүрген кісің бұл емес, сынған машинаны жөндең жүргізгенше тамағынан ас өтпейтін адамның түрі бұл», — деп мінездейді автор Даугараны.

Колхоз өндірісіндегі шалағайлышқа, жауапсыздыққа, жұмыс үстіндегі бойкүйездікке Даугара тәзбейді, әр колхозшыға талап қоя біледі. Колхоз игілігін жеке басы қамына жаратуға ыңғай көрсететіндерге ол үзілдікесілді тыйым салады.

Даугара колхоз өмірінің қызығына қанша бойлап, өзін ұмытқандай халде болғанымен бала күннен азапты сапарды қатар кешкен Әміржанның ұшыраған сәтсіздігіне немқұрайды қарамайды, қашан оны қатарға қосқанша тыншымайды. Адамға сенім білдіру — тар кезеңде оған үлкен сүйеу, Даугара Әміржанға әрқашан зор сенім білдіріп отырады.

Асылында Әміржан мен Даугара бірін-бірі толықтырып отыратын образдар.

«Әміржан әңгімесіндегі» ұнамсыз кейіпкерлердің ішінен Өтебайдың құлық-сұмдығы, алдауыш аярлығы қанық бояумен суреттеледі. Өтебай — пысық, ауылнайлық орынды бетіне ұстап, байларға жең ұшынан жалғасады, елдегі қыз-келіншектерді саудаға салып, арасынан пайда табады, елдегі күйзелісті совет өкіметіне жауыш, өсектің отына май құяды.

Өтебайдың екі жүзділігі, бетіңе мақтап, айналсаң найзасын кезейтінін Әміржанның мына сезінен анықтусінуге болады.

«Ізін білдірмейтін залым еді ғой Өтебай. Мені арбал қолына ұстауга мықты азаптанды, мәпелеп күтіп, үйінен шығармады. Жұрт кезінше мені көтерген бол: «Мінекей кеңестің Әміржаны! Өкіметін өз қолынан орнатқан жігітің!...» дейтін еді.

Жеке образдарының дараланып, әр бөлек сын-сипаттарымен көрінуімен қатар, «Әміржанның әңгімесінің» композициялық құрылышы үйлесімді қыыстырылған. Едәуір ұзак әңгімені, талай сюжеттік тарамдарды жүйелеп, өрбітіп айтып берушінің ролі зор. Шығарма бірыңғай сарынмен баяндалса да оқушыны жалықтыр-

майды. Өйткені Әміржан әңгімесінің кезеңді тұстарында кідіріс жасалып, қазіргі болып жатқан өмір көріністері суретtelіп отырады.

Әміржанның өмір ертегісінің мазмұны бай, берер өнегесі мол. Мұнда ескілікпен құрес, колективтік еңбекке үйымдастырылған ауыл шаруаларының жаңа тұрмыс құру жолындағы алғашқы қадамы шынайы кәрініс алады. Ауыл өміріндегі ескіліктің іргесі сөгілген, жаңалық өркенін жая бастаған. Әңгіменің басталар жерінде гі автордың атынан айтылған мына бір философиялық мағынасы кең тұжырым әңгімеге эпиграф болғандай:

«Әлдеқайда, белес-белесте, сайдың жықылдарында, құлаған молага үқсан үңірейіп, түксіген селеу басып, бірлі-жарымдаған ескі үйлердің орны жатыр. Бұған бе, ертең бе, жел үріп, селеу басып; тып-типыл гып жіберуге әзір тұргандай. Шіріген, тозған ескілік осылай бітпекші».

Ідеялық-кәркемдік тартымдылығымен өзіне мықтап баурап алатын жазушының көлемді шығармаларының бірі — «Берен» (1935).

Бейімбет табиғат суреті мен ішкі монологты шағын шығарма сипатына сай қысқа және айқын беруге дең қоятын жазушы екені мәлім. «Беренде» табиғат картиналары да, ішкі толғаныс монолог та басқа шығармаларға қарағанда едәуір орын алады, бірақ олар автордың идеялық мақсатын айқындаі түсуге қызмет етеді.

«Қара ит өлген сай» мен оның қабағындағы ескі қоныс-қыстау орындарын суреттеуден басталған әңгіме «Мұның несі кім болды екен?» дейтін автордың ішкі монологына ауысады.

«...Бұл қоныстың несі, ескілікпен өштесіп, жаңа өмірге талпынып, үйымдасып, күш қоскан сонау қалың топтың ішінде ме екен? Әлде өркөкірек өзімшіл, мыңның тағдырына жалғыз не болып жалғанды жалпағынан басып; бұл кездерге келгенде — жалбыр жең мен күс саусақ, өмірдің астын үстіне келтіріп сіліккенде, екпінге шыдамай мына қазылған жолдың топырағындаі боп бұрқырап, ұшып, сіңіп, көзден гайып болды ма екен?»⁸ — деп ой тастанады автор.

Біз үзінді келтіріп отырған жазушы монологи тұтастай шығарманың тақырыбы мен идеялық нысанасын

⁸ Б. Майлии. Шығармалар, 5-том. Алматы, 1963, 268—469-беттер (басқа үзінділер де осы томнан).

ашып беретін кілт есебінде қабылданады. «Беренде» Жалбыр жең мен күс саусақтың қалың тобының бұрын жалғанды жалпағынан басып келген азшылыққа қарсы тегеурінді тап күресінің картиналары көз алдыңыздан өтеді, ескілікпен өштесіп, жаңа әмірге талпынып, ұйымдасып күш қосқан мол топтың жеңісі паш етіледі. Сонымен, дәлірек анықтағанда, бұл шығарманың негізгі тақырыбы — кедей табының бай-феодалдардың үстемдігін құлатып, жаңа тұрмыс орнатуын көрсетуде идеялық мазмұны жаңа талап, жас буынның күресте, әмір талқысында есіп жетілуін сипаттау деп қарау керек.

Шығармадағы тартыс Жәуке, Берен, Құрымсай, Қайролла үйтқы болған топ пен екінші жағынан Сержан бай мен оның сыйбайластары тобының арасында шиеленісіп, дамып шарықтау шегіне көтеріліп барып шешіледі.

Сержан байдың Жәуkenің жалғыз лашығын жұртына әдейі тастап көшіп, оған қыр көрсетуі, бай-бәйбішениң иұсқауымен Еркінбек бұзықтың Беренде тартып алуға аттанған тұнгі қақтығыс болашақ күрес жалының үшқындары болса, Сержанның мал-мұлқін конфискелеп, өзін шөбі шүйгін, сұы нәрлі кең қоныс «Қара ит өлгеннен» жер аудару — күрес үшқындарының лапылдаған жалынға айналуы еді.

Әңгімедегі басты кейіпкерлерге мінездеме бергенде, Жәуке, Берен, Құрымбай мен Қайроллалардың батыл қимыл адамдары екенін байқау қыын емес.

Қол өнері — етікшілікпен семьясын асырап, байға жылдар бойы қаналып келген Жәуkenі замана тынысы белін жаздырып, бойын сілкіндіреді. Жәуkenің бірбет-кейлігі, әділетсіздікке тәзбейтіндігі, күштіге бас имейтіндігі елде оны «тентек» атандырады, бірақ ол парықсыз бас бұзар емес, кедейдің, езілгеннің сойылын соғушы. Он алтынши жылғы халық көтерілісінде Жәуке етікші біз, балғасын сарбаздың балта, шоқпаратына ауыстырады. Болыстың жалған тізімін өртейтін топтың басшысы Жәуке болады. Совет өкіметі орнап, кедей теңдік алғанда: «Уә, кедей! Неге үйлиғасың? Сал айғайды! Сілкінсін «Қара ит өлгеннің басы!» ... — деп үран көтерген Жәуке Сержанның ақ ордасына тай-

⁹ Соңда, 268—269-беттер.

салмай кіріп, жиһаз-мұлқін есепке алады, кедейдің иғлігіне жұмсауды қалайды.

Жәуkenің бұрынғы тіршілік әрекетін, кәсібін автор былай суреттейді:

«Күн иыққа келсе, тері бәстекті кәлеңкеге сүйреп, құрым кигізге арқасын үйкей Жәуке отырады. Жанында тұрған қара қобдиша — ескі жолдасы. Іші толған сайман, былғарының қиқымы, тарамыстың қалдығы, көзі сынған тебен. Бәрінің де керегі бар. Қайсысының қай орында жатқанына шейін жүргегінде сайрап тұр. «Балдай-ау, Балдай!... Тарамысың есілді ме?» Өнімі жоқ, азабы мол күйкі кәсіптен бұл күнде Жәуке қол үзген, ол үлкен коллективтің басшысы «Жәуке жаңа өмірдің ақсақалы» — артель бастығы.

Берен мен Құрымбайдың ержету, есесу, жүреске арасын кезеңдері қадау-қадау қысқа баяндалады. Жастарды тәрбиелеп, өсірген, білім берген совет өкіметі, комсомол үйымы. Берен — мұғалім, Құрымбай — агроном, халқына қызмет көрсетуге құлшына кірісудің кезегі оларға жаңа ғана келеді. Екі жастың арасындағы қалтқысыз махабbat елеулі сындардан өтіп, шыныға түседі, бай жылқысымен бірге өрістеп, бірге жусап, ер жастанып, тоқым тәсендеген ашуаш Қайролла тар кезеңде Жәуkenің жан ашыр досы, туысында болып көрінеді. Жәуке мен Береннің ары оның өз арындай, Жәукеге тәнген қастандың оның өзіне тәнгендей ширығады. Жазушы Қайролланың Жәуkenің үйіне екі ретте келгенін суреттеумен қатар, олардың ендігі қарым-қатынасындағы өзгерістерді айқын аңғартады. Бірінші келуінде:

«Қайролла жылқышы үйқысыздықтан көзі қанталап, мас кісідей теңселіп, Жәуkenің үйіне келді. Құннің ыстығына кейіді, бетіне қонған масага кейіді. Жылқының кезегіне мінген торы байталдың үркектігіне кейіді. Үйқысының қанбағанына кейіді... Ақырында, ол уақытымен барып бай үйінен қымыз ішпейтін Жәукеге де кейіді».

Жайшылықта осындаған шайпау мінезді Қайролла Береннің басына қатер таянған сонау қараңғы тұнде ат сабылтып Жәуке жетеді:

— «Жәуке, саумысың? Қайролланың даусы... Жәуке үйден жүгіре шықты. Қайролланы қөргенде, көзіне жас келгенін сезбей қалды».

Еңбек адамдары осындай жүрек тазалығымен, білек бірлігімен, озбырлықта иін тіресе қарсы тұра алуымен құдіретті, күшті! Автор осы идеяны нәзік емеурінмен білдіреді.

«Береннің» композициялық бітімінде ерекше жарастық бар. Повесть *сақиналау* тәсілімен жазылады. Шығарманың экспозициясында оқу бітіріп елге қайтып келе жатқан жас агроном Құрымбайды, көк шалғының саясында естелік жазып отырган мұғалім Берендей кездестіреміз. Ал бұлардың басынан бұрын қандай уақиғалар өтіп еді, бұрын бұлар кім еді деген сұрақтарға автор Береннің аудандық партия комитетіне жолдағалы отырган естелік көк дәптерінің мазмұнымен жауап бергендей болды. Береннен бірнеше жыл бойына хабар-ошарсыз болып, оның тағдыры өзін қатты толғандырган, елге оралған бойда қыздың хабарын есітіп, көргенше тағат таптаған, сағыныш сезімімен қатар, ол қазір қандай жағдайда екен деген болжау жүргегін лұпіл қақтырган Құрымбайдың Беренмен кездесуін автор әдей әңгіменің соңына қалдырады, оқушыны ынтықтырып, жетектей түседі.

Шығарма құрылышының мінсіздігіне пейзаж бен портреттің ұласа суреттелуінің де әсері аз емес. Автор, әсіресе, уақиғаның қандай орында, қай мезгілде болғанын, адамның сүйініш-күйініштерін, психологиялық қүйін бейнелеуде пейзажға үлкен міндет артады.

Жазушының уақиғаны баяндаудан бұрын экспозицияда «Қара ит өлген» сайдың табиғатын, ондағы ескі қосынтардың кәрінісін көп бояумен толық суреттеуі терең идеялық мағынаға бағындырылған композициялық тәсілдің бірі. «Қара ит өлген» сай бір кезде Сержан байға қоныс болған атақты жер болса, қазір ол қоракопсы қыстау орындары бұзылып, бұлініп біткен, маңын бұта мен қурай басқан иесіз орын. «Қара ит өлген» сайның осы қыстау тұсындағы кезеңі тузырап, кәрінісінде бір тағылық сезілген сияқтанады. Сай кемерінде маса, сона «бізге жақында ма, біздің мазамызды енді алма!» деген тәрізді, тұс-тұстан кеп жабысқанда, есіннен танғандай боласың. Ағаш бұтағында жарбиган қара қарға, қурай басында шоқиған ала сауысқан да, «сені кім шақырады» дегендегі шықылдаپ, ерсілі-қарсылы ұшып, сен сайды кесіп өткенде абыржып әбігерленіп қалады», — деп жазады, Бейімбет.

Повестен кейінірек мәлім болатыныңдай Сержан байдың үстемдігі құлап, дәурені өтуімен бір кезде жүргіншінің көзін тартқан мекені де қираған, бүлінген, қарға мен сауысқанның ұсына айналған, тағылық мәрін басқан. Бұрын жер-судан тапшылық көрген еңбекші ел өзі қалаған жаңа қонысқа орналасып, жаңа тұрмыс туын көтерген. Сөйтіп, осы пейзаж жөп нәрсені аңгартып тастайды. Уақиғаның қай мезгілде болғанын суреттеу арқылы да автор сюжетті ашуудың жолын қарастырады. «...Жазғы күннің бірі еді. Күн күндегі әдетімен жылжып көтеріліп, көтерілген сайын қызуын үдетіп; жел қасақана тына қалған сияқты бол, жол жүрген жүргінші терге шомылып, таңдайы кеуіп, аты бүгелектеп, ит әуреге түскендей кез еді. Тап осы кезде «Қара ит өлген» сайының жол өтер кезеңіне пар ат жеккен жүргінші келіп тоқтады». Мұнан былай жеккен аттары бүгелектеп, үркіп терең сайдан өте алмай, Қайролла мен Құрымбайдың әуреге қалғаны айтылады. Қайролла арбамен сайдың тәуір жерін тауып өтуге кеткенде Құрымбай сол қабақта тұрып, өзгерген өмірді ойлап қиялға беріледі, мұның бәрі автордың ішкі мақсатынан туып отырады.

Кейіпкердің ішкі сырын ашып, оның қуаныш, ренішін, жүрегінің нәзік тербелісін дәл сипаттау шеберлігіне Беренниң өткен өмір жолын оймен шоғып отырған сэттегі бейнесін алуға болады.

Беренниң ой бұлағын ағытуға айнала оны қоршаган табигат әдейі жағдай жасағандай, оның сыр ашының күткендей күйде болады да, Берен кейін қалған өмірдің көкіректегі бүркеулі шымылдығын серпіп ашады.

«Берен» — Бейімбеттің басқа да бірқатар шығармаларымен салыстырғанда, композициялық архитектурасы күрделі де сюжеті бай шығарма. Онда Сержанның мал-мұлқін конфискелеу уақиғасына біраз орын берілгенмен, негізгі түйін — жаңа колективтік өмірдің қуанышын құттықтауда.

Автор жаңа тұрмыс, жаңа дәстүр картиналарын, жаңа адамдар сипатын үлкен коллективтің кішкене бөлшегі колхоздың пішенишілер бригадасының еңбекте, оқуда, тынығудағы болмыстары арқылы көрсетеді.

Адам бақыты — еңбекте, еңбек адамды шаттыққа бөлейді. Еңбек қимылы үстінде де, демалыс, тынығу сағаттарында да пішенишілердің қосылып салған әсем ән-

ESKERTVU:

Bul „on bes yj“ əngimesi bitinci rei „çarç“ çornalyn da
başyňyr sýfqyr edi. Ordaqyzь çornal kөlemine ъдеат-
dalqan saqып edi. Bul çols bөlek kitap qыър съңагатын
solqan soң vit sýryta kenitip, tyzegin boldым. Əngime-
niñ çalpь çelisin vuzvaj sol kyjinde qaldыrdым. Bul
gimeni oquv kitaptагына, ja basqa kerekterine çar-
degen çoldastar budan vylaj ossъ tekistin pajdalansa eke-
dejmin.

Ýjel 1933—сүл

Almats.

Çazitay

деріне сүйсінуімен автор еңбек бақытын құптап, оған сүйсініп отырады.

Бейімбет бірқатар әңгімелері мен көркем очерктерінде колхоз құрылсының дүниеге жаңа келу кезеңінің қазақ шаруаларына тигізген әсерін, бұл жаңалықты олардың қалай қабылдағанын, нендей кедергі кеселдікті бастарынан кешіргенін, алғашқы адымын шебер суреттей келе, бұл өнік тақырыпты кең толғап, ауыл тұрмысындағы түбекейлі өзгерістерді жинақтай түйіндеуге ойысады. Автор бір-біріне жалғас «Он бес үй» мен «Қырманда» повестерін жазады.

«Он бес үй» кітабының 1933 жылы басылуының алғашқы бетінде жазушының мынадай ескертуі бар: Бұл «Он бес үй» әңгімесі бірінші рет «Жаршы» журналында басылып шығып еді. Оndaғысы журнал көлеміне ықшамдалған шағын еді. Бұл жолы бәлек кітап қылып шығаратын болған соң, бірсыпыра кеңітіп, түзеген болдым. Әңгіменің жалпы желісін бұзбай сол күйінде қалдырдым».

Автордың өзі ескерткеніндей, бұл шыгарма алғашқы рет «Жаршы» журналының 1930 жылғы 10—11—12-сандарында жарияланды, кейін 1933 жылы жеке кітап болып шығады да, онан соң қайта басылмайды. Майлиниң 1960—1963 жылдары шыққан алты томдық шығармалар жинағына «Он бес үй» енгізілген. Сол 1933 жылы латын шрифтімен терілген «Он бес үй» кітабы қазір кітапханалардың сирек көздесетін шығармалар қорында ғана сақталуда.

Автор «Он бес үйдің» жанрлық ерекшелігін «әңгіме» деп көрсеткен. Біздіңше, «Он бес үйді» повесть деп қараған қисынды, өйткені мұнда сан алуан адам тағдыры, шытырман тартыс, кең шеңберде суреттеледі.

«Он бес үйде» жазушы коллективке алғаш бірлескен шаруалардың қол жеткен тұңғыш табыстарын, жергілікті бай, атқамінерлермен күресте колхоз құрылсының буыны бекіп, бұғанасы қатая бастағанын, ауылдағы жаңа, іскер адамдардың тұлғасын әр қылы бояумен сендіре суреттейді.

Жаңалық, жаңа өмір болмыстары адам санасына, біртіндеп енетін құбылыс. Ол түрлі кедергі, қыншылық тартыс арқылы өтеді. Шығарманың өз жолында осы шындықтың сәулесі бар.

Игілікті істің бастамасы, әдетте, шағыннан туады.

Болашақ ауқатты артельдің үйтқысы — он бес үй ке-
дей шаруалардан құралады. Алғашқыда жұмыс кәлігі
де, құрал-сайманы да тапшы, жетіспейді. Әлленнің қара
кер шолағы, Бейсенбайдың жауыр торысы, Әйтеннің
көк мәстегі бірнеше арық-турақ — міне жұмыс кәлігі-
нің сыйқы осы. Бірақ бұған налып, уайым жеп жүрген
Бейсенбайлар жоқ, ынта-жігер, бірлік болса, бәрі бола-
тынына олар берік сенеді.

Ермектің ен жайлап келген «Сары Алап» қырқасы-
на артель туын қөтерген он бес үйліктер жайы, даңқы
барған сайын жер-жерге тарапуда, артель қатары қе-
бейіп, іргесі нығая түседі. Бұрынғы он бес үй біраздан
кейін-ақ қырық-елу үйге ұласады, шоғырлана түседі.
Қырық ру әр ұлт адамдары бірін-бірі жатсынбайды, ең-
бекте достаса, туыстаса бастайды. «Бәрінің басы қосыл-
ғанда, «Қырық рудың» ауылы болды: арғын десен —
осында, керей десен — осында, қыпшақ десен — осын-
да, найман десен — осында, қара қалпақ, қырғыз, тү-
рікпен түқымынан да сау емес. Осы елде зергер болып
жүріп сіңіп кеткен Жамали деген ногайдың балалары
да көшіп келді, қыстау күзетіп, балық аулауды көсіп
қылған Прокофий дейтін орыс та көшіп келді»¹⁰, — мі-
не еңбек адамының ынтымағы ру, ұлт кедергісін ысы-
рып тастанғанын автор осы үзінді-суреттемемен ұтымды
бейнелейді. «Сары Алаптың» сауырын тілген алғашкы
борозда, қөтерілген тыңыңқ құнарлы қара топырагында
себілген алғашқы дән ауыл өміріндегі қуанышты мей-
рам — еңбек мерекесіне айналады. Бұл уақиғаның
мәні азғана жердің тыңын шағын қөтеріп, егін салуда
ғана емес, өмірдің тыңына бет қояда, адам арасындағы
жаңа қарым-қатынастың көрініс беруінде, одан-бұдан
жизылған кедей-келшіктің шаруаға қыры жоқ, қолынан
ешнәрсе келмейді, артель құрылышы алға баспайды
дайтін атқамінер Жұмабай, Ермектердің үмітінің тамы-
рын қырқуда, ескіліктің әлі де тұнып тұрған тынын
шайқалтуда.

«Сары Алап» маңын дүр сілкіндірген тағы бір қуа-
нышты жаңағалық — мотор гүрілімен қыр, ойды жаң-
ғырта «Он бес үйге» асыға жеткен трактор — артельге
жіберген үкімет көмегі, үкімет сыйлығы. Трактордың
сырын, механизмінің тілін біліп, оның рулінде отырған-

¹⁰ Бейім бет. Он бес үй. Қазақстан баспасы. Алматы, 1933, 31-бет.

дар ауыл жігіттері Әпен мен Ержанды көргенде, ауыл адамдарының қуанышында шек болмайды. Өз жолдарының тура, дұрыстығына, өз күштерінің молая бастағанына артель мүшелерінің көзі әбден жетеді.

Көтерілген тыңға бітік өсken астықты күзгі жел-құз, жаңбырга жеткізбей жинап алу үшін жұмылған күндерде, еңбек бәсекесі қыза туседі. Қажырлы жастар Әмина, Мәрия, Әпен, Ержан еңбек озаттары, ел құрметіне ие болып, кәптен алғыс алады.

Жазушы «Он бес үйдің» жаңашылдық әр қадамын осылайша суреттей отырып, шиленіскең күрес әрекеттерін қаға берісте қалдыrmайды, реалистік қалпында көрсетеді.

Шығармада жаңа мен ескінің арасындағы керегарлық, келіспеушілік, тартыс, күрес тек бай мен кедей сияқты екі таптың тарапынан болып қана қоймай, кейде бір семья арасында, бір шаңырақ астында да бүрк ете түсіп жатады. Елемес пән Сағындық семьяларының жаңалықты қабылдау, не қабылдамау мәселелерінен келіп шыққан қарама-қарсылық осы сипаттағы қайшылықтарды байқатады. Елемес, Сағындық сияқты әкелер тобы Әпен, Ағыбай іспетті балалар тобына қарсы пікірде, әрекетте болады. Жастар өмірді жаңартуға құмартса, сол жолға үлкен табандылық, іскерлікпен беріліп, жаңа күшке дем беріп отыrsa, жасы үлкендер, әкелер бұрынғының қаймагы бұзылмауын, өздерінің әке-бабалары өткен соқпақтың өзгермеуін ойлап, әрбір құлаққа жаңа, көзге соны құбылысқа шошына қарайды, сырна үцілмей, сыртынан түңіледі. Бірақ Елемес пән Сағындықтың жаңаны жаратпауының, ескінің етегіне жабысуының түп тәркіні, себебі екі түрлі арнаға құяды. Табиғатында ақкөңіл, жас шағында жалшылық көрген, күнелтіс қара-құраны еңбегімен жинаған Елеместің артельге кірмеймін, «Сары Алапқа» көшпеймін деп шегіншектеуі, бір жағынан, осы қалай болар еken дейтін шаруаның ішкі есебінен, екінші жағынан, оның дін шырмауына ілініп қалуынан еkenін байқау қын емес. Бұрынғыны мақтап, қазіргіні даттап, қарттарды ұл-қыздарына қарсы қоюды қөздейтін Жұмабайлардың жалған сөздері мен жымысқы әрекеттері де аңғырт Елемеске түрткі болып, оны Әпенге қырын қаратады. Жайшылықта баласын сүйейтін, оның болашағына зор үміт артып мақтан көретін әкесі шынтуайтқа келгенде, Әпен-

нің аяғына оралғы, жолына кедергі бола алмайды, адас-қанын сезеді, жөнге көшеді.

Ермақтың атқосшылығында журумен күн кешіп келе жатқан Сағындықтың бай алдында тізесін бүгіп, басын ию, оның бұйрығынан бұрын ойындағысын тауып отыруға құрақ ұшу сүйегіне сіңген өдет деуге болғандай.

Ол ақырында Ермақ, Жұмабайлардың айтқанына көніл, айдағанына баруға даяр тұратын, сілтеген жерден соғатын қолшоқпары болудан жазбайды.

Тап намысы, семья ары мен бақыты Сағындықты толғандырмайды, тұрмыстағы бейқамдығы, бай сөзіне сенгіштігі мұның түбіне жетеді. Экeden рұхсатсыз, отырған үйін жығып, әйелі мен балалары жүгін тиеп «Сары Алапқа» көшіп жатқанда, Сағындықтың жалғыз жұртта қалу картинасын суреттеумен автор халық мұддесін ұмытып, көпке қарсы тұруға тырысуышылдықтың, жаңалық толқынына бәзет орнатпақ болудың мағынасыздық әрекет екенін, кімде-кім ондай теріс жолға шықса, мұсәпірлікке душар болатынын сездіреді:

«Құрым үйдің жабдығы арбага тиеліп болғанда, айран құйған кеспектей болып от басында омалып жалғыз Сағындық қалды. Ол құр тірі демесең, естен айрылып отыр еді».

Тарихи бет бұрыс кезіндегі екі семья тағдырын көрсетуде автор кейбір ұқсас эпизодтарды да суреттеп кетеді. Екі семьяда да тартыстың шарықтау шегі «Сары Алапқа» көшу үстінде болады. Елемес жеме-жемге келгенде, жұртта жалғыз қала алмай, арбаның артынан ереді де, сөйтіп, өзінің жеңілгенін, жастардың жеңінін мойындаиды. Сағындық мағынасыз қайсарлық, қыңырлық көрсетіп, жұртта жалғыз қалып қояды.

Кезінде бұқіл бір болысты бір қамишымен айдаған Ермақ Бөрібаев артель құрылышына қарсы құресті асқан айлакерлікпен, астыргтын сақтықпен жүргізіл бағады. Ермақтың өзгерген сыйқын автор былай сипаттайды:

«Ермақ бұрынғыдай ашық сөйлеуді, иығын көтеруді қойған кісі ғой. Ол бұғып жүріп қана, еппен жұмыс бітіруді сүйеді. «Біз дауыстан айрылған кісі, біз дауыстап сөйлей алмаймыз», — деп мырс-мырс күлетіні бар-ау оның... Осылай сибыр-кубірмен, ым-емеуірінмен, ол Елемес пен Сағындық, Тоқсан сияқты адамдарды

Повестегі Бейімбеттің адам характерін, психологиясын, портретін, сөз байлығын, сөйлеу мәнерін шындық өмірдегідей айнытпай беретіндігіне, сюжетті татаусыз өріп-өрбітіп отыратынына, өткір, ұтымды диалогты, драматизм элементтерін үйлесімді пайдаланатынына ден қоя отырып, автордың ара-тұра логикалық қайшылық та жіберіп алғынын ескермеуге болмайды.

Біріншіден, Ермақтың өзгерген қалпын, айла-тәсілін автордың келістіре суреттейтінін ілгеріде аңғартқан болатынбыз. Шамалы уақыт озғанда, артельдің барлық 20 жұмыс аты бір түнде ұрланады да, соқалар дөғарылып, қаңырап қалады. Осылыңша оқыс істі Ермақтың сілтеуімен болған дегендегі жазушы емеурін білдіреді. Ермақ сияқты алды-артын өлшеп-пішіп қымыл жасайтын адам бүндай күні ертең-ақ ашылатын, олақ әрекетке бармас еді.

Екіншіден, колхоз құрылышының алғашқы кезеңі, әсіресе, қыыншылық-кедергіге толы болғаны мәлім. Осы қыыншылықтардың біразын-ақ жазушының байқағыш көзі мен көкірегі көре біледі, реалистікпен суреттейді, ал мұндай кедергілердің жолдан тазарттылу, жойылу процестерін кей ретте женіл шешкендей әсер қалдырады.

Үшіншіден, «Он бес үй» үйымдасып, құралып, іске кіріскелі жыл жарым ғана уақыт өтеді, демек артель жаңа-жаңа ғана өз бағытын түзей, іргесін нығайта бастаған кезді тамашалауға біраз орын берілгендейтін, оқушы осында асығыстық бар емес пе дегендегі ойға да қалады.

«Он бес үй» өмір ағысына ілесе жазылған, сол тұста актуальді проблеманы көтере білген, тұтас алғанда, қызығылықты, тәрбиелік өмір танытушылық мәні зор туынды, біз нұсқаган кейбір кем-кетік жайлар оның идеялық-көркемдік бағасын түсірмейді. Ол тұстағы әдебиетіміздің, әсіресе көркем прозаның дәреже-деңгейін бағдарласақ «Он бес үйдің» ауыз тұшынарлық нұсқа болып қалғанына, өсу жолымыздың елеулі ескерткіші екеніне күмән болмауы тиіс.

Қазақ шаруасын келелі мақсатқа бағыттаған, оның жан-дүниесін, психологиясын, зор өзгеріске кенелткен колективтендіру дәуірінің мазмұнды, қызығылықты, маңызы зор оқиғаларын ұйтқы еткен көптеген әңгіме, «Он бес үй» сияқты шағын повестен кейін Бейімбет қа-

ламынан көлемді де кезеңді шыгарма «Қырманда» (1933) повесі туады.

Повесть алғаш рет жеке кітап болып Қазақстан көркем әдебиет баспасында 1936 жылы жарық көрді, кейін жазушының алты томдық жинағының IV томына еніп отыр.

Автор өмір жолдары тоғысқан талай кейіпкерлерді сахнага шыгаратын, адамның еңбекке көзқарасындағы, санасы мен психологиясындағы жаңа құбылыстың күні өтіп бара жатқан ескілікпен қиян-кескі шайқасын, белдесуін тереңнен қопарып сырын ашып, бейнелейтін, идеялық-көркемдік сыны жоғары, салмақты шығарма тудыру үшін, оған өмірлік, жазушылық тәжірибесі әбден молықтан, шабыты шарықтаған шағында кіріседі. Бейімбет «Қырманда» повесін жазбастан бұрын онымен тақырыптық-идеялық үндес сан алуан әңгіме, көркем очерктер жазады. Сол әңгімелер мен очерктерде, кейін повестерде ұшырасатын жеке кейіпкерлердің де кейбір қырлары көрініп қалып отырады, бірақ олар әңгіме, очерктердегідей эпизодтық, детальдық көріністе емес, енді кең майданда, өсу жолында толықтай көрінеді, жаңа сапалық қасиеттерін молынан ашады.

Жазушының «Досқа арналған күй», «Колхоз корасында» әңгімелері мен «Уа, тойға шақырып журмін», «Той» очерктерінің «Қырманданың» жеке бөлімдерімен сабактас, сарындағас екені анық байқалады. Әсіресе, соңғы екі очеркте «Жалшы» колхозының қырман басындағы қауырт еңбегі болашақ повестің басты түйінін, оның негізгі фонын сездіргендей.

«Колхоз қорасындағы» колхозға ірткі салуға, колхоз мүшелерінің берекесін қашыруға амал-шарғы ойластырып жүретін Жұсіп повесте де осы сипатта көрінетін кейіпкер, солай бола тұра ол бұрынғыдай шаршы топта өз піғылымының төркінін туралай анғартып алатын, кейде қызыбалық жасап көрінеу теріс пікірін — қуаттап қарысатын Жұсіп емес, енді ол бар құлық-сүмдығын ішіне бүккен, бетегеден биік, жусаннан аласа қалыпқа түскен, осылай жүріп түпкі мақсатын іске асыруда неден болса да тайынбайтын жанкештілікке әбден бел буган, айласы мол, алдыруы қызын жау бейнесін танытады.

«Уа, тойға шақырып журмін», «Той» очерктеріндегі «Жалшы» колхозының председателі Ертай, бригадир

Әбдірақ, қырман күзетшісі Өмірзақ сияқты кейіпкерлер де «Қырманда» повесінде ұшырасады, жұмысқа деген ынта-жігерлерімен, ұйымдастыруышылық рольдері көзге туседі. Демек, автордың үлкен шығармаға қалам тартпас бұрын, оның негізіне алынатын сюжетті, характерлерді біртіндеп белгілей, бағдарлай жүретіні, бұрын әңгіме, очерктік жоспарда қысқа жазылып, конфліктің аңғарын ғана білдіріп кеткен кейір шығармаларындағы күшті мотивтерді кейін терең ашып, тұтас қамтып суреттеуге ұсталығы оқушыны қызықтырады.

Б. Майлиннің «Қырмандасы» қазақ совет әдебиеті шеңберінде қарағанда М. Шолоховтың «Көтерілген тыңын» еске түсіретін, сол тақырыпты өз шамасынша көтеретін шығармалардың қатарына қосуға олқылық жасамайды. Бұлай деуіміздің себебі: — біріншіден, олардың идеялық-тақырыптық үндестігі: еңбекке жаңаша көзқарастың қалыптасуын, адам санасының көтерілген тыңын сипаттауда болса, екіншіден, сол тарихи кезеңнің қайталанбас құбылыстарын бай палитрамен өрнектеп қалдыруында. Былайша қарағанда, колхоз құрылышына қарсы элементтерді әшкерелеу уақығын арқау еткендей «Қырманда» повесінде негізгі тұп қазық ол емес, қырмандағы тегеурінді еңбек дабылы, астық үшін, социализм үшін курсес, жеңіс дабылы екені айқын тұрады. Коллективтің бірінші өнімін қырман басында қолдарымен ұстал, көзімен көрген ауыл дихандарына сол адаптацияның қалыптасуын міндеттінен өзге абырай болмақ емес. Сондықтан да социалистік еңбек негізінде өмірді жаңа арнамен қайта құрып жатқан шаруаларға Жұсіп — Құтпандардың қарсы әрекеті, қырығы кедергі бола алмайды, қолдау таппайды, олар күшті толқын жағаға ысырып тастаған салындыдай өмірден ығыстырылады, аластатылады... Повесте Ертай бастаған өз колхозының байлығын молайта тұсу жолында қажырлы еңбекке білек сыйбанған қалың топқа астыртын әрекетке бастарын Жұсіп біріктірген саусақ пен санаарлықтай қатары шағын, ауқымы аз оның сезіне еліккендер қарсы тұрмак болады. Тосын көзге бейбіт еңбегімен ғана шұғылданып жатқан «Малшы» колхозында іштей тартыс барған сайын ушыға туседі. Ылаң колхоз жеріне Жұсіптің аяғы тиісімен-ақ бастаулып кетеді, бірақ ол торғай аулаған мысықтың қалпына

түсіп басқан ізін, өз ниетін шет көз бен құлаққа шалдырмауға тырысады. Үймырт жабыла үрлана келіп «Гремячий Логке» кіретін салт атты, қару-жарагын қойын-қонышына тыққан Половцевқа Жұсіптің жүрістүрьесі үқсамайды. Ол қызыл сиыр жегілген, қыны қашқан тарантасын сыйқырлатып, елді көшіріп келеді, әшкере жүріп өзін күдіктен сақтауды көздейді, қалтасында оны «актайтын» документтері де сайлаулы. Жұсіпте Половцевтай үлкен жоспар-нысана жоқ. Өзін шеттеткен кедей-кепшік, қазіргі бірлескен шаруаның бақытты өмір құруға ынта-жігерін ол кәре алмайды, соған ыза болады, біраз колхозды ойрандасам деп ойлайды, онан әрі не істейтіні оған анық емес. Жұсіп мақсатын осылай көрсету арқылы жазушы оның қадамының теріс, болашагы жоқ, абырайсыз әрекет екенін аңгартады.

Жұсіп кім? Оның тобындағы кімдер? Жұсіп өз басында байлық болмаса да байдың сөзін сәйлеп, намысын жыртысқан, атқамінерлік қылған, жеңіл жолмен олжа табуга әдеттенген алаяқ, сүйк жүрісті жан. Автор оны: «Талай рет талан-таражға да кірісті. Өз қолынан адам өлтірген кездері де бар»¹¹, — деп сипаттайды. Жамантай байдың тығулы бір сандық асыл тастарын иемденіп кету айласын қарастырып түн үйқысын төрт бөлген Жұсіп еңбексіз байлыққа кенелуден үміттегенді. Табан еті, маңдай терімен жаңа түрмис құрын жатқан колхозшылардың бақытқа жететініне ол сенбейді, қызғаныш жасайды, олардың жолына кедергі салып, еңбегінің жемісіне сүйк қолын сүқпак болады. Қара ниетін іске асыруға ол үлкен ептілікпен, сақтық, сабырлылықпен кіріседі, ең сенімді деген адамдарына да түпкі мақсатын ашық айтпай, түспал-емеурінмен шет жағасын гана аңартып қойып отырады.

Ол әрекетін, алдымен, өзінің маңына сенімді адамдарды топтастырудан бастайды. Жұсіптің бастамақ әрекетіне қол ұшын бермек болып, оның сөзіне құлақ түретіндер артель еңбегінен қақас, ауырдың үсті, жеңілдің астымен жүріп түрмис құруды іздейтіндер. Колхоз есебін шатастырып, бос мақтанумен, басқалардан ерекшеленумен күні өтетін Досқожа есепші колхозшы-

¹¹ Б. М а й л и н. Шығармалар, 4-том. Алматы, 1962, 265-бет (басқа үзінділер де осы томнан).

лар арасында өзін айқайшы, жұмысқа жаны ашитын адам етіп көрсетуге тырысатын, бірақ мейлінше жалқау, сөзуар Құтпан, тұрлаусыз бос сөзді көк мылжың Қасен, бар ынтасы карта ойнап, арақ ішуді ойлайтын ауыл дүкенінде сатушысы Элжаппар — міне Жұсіп тобындағылардың сыйқы осындай, Жұсіп Әсие, Ақсүйрік сияқты әйелдерді ала қоржыннан алған буыншақтуйншек «салемдемесімен алдандыrsa, Досқожа, Бекен, Құтпан, Элжаппарларды сол коржыннан суырылған «көк мойындармен» еліктіреді.

Жұсіптің жоспарындағы басты міндет — «Малшы» колхозының үйткысы — Ертай мен оның төңірегіндегі Өмірбек, Нұрыш, Тұмарша, Тасмағамбет сияқты адам азаматтарға террор жасау, колхоз астығын талан-таражға түсіру, ақыры, жүзеге асырылмай қалады. Қанша айлалымын десе де Жұсіп қапы жібереді. «...Темір шатонды білемдеп үстап, қос қолдап сілтей берем дегендеге, Жұсіптің басы бөренеге соқтықты, желкесін бірдеме үзіп жібергендей болды». Міне Жұсіптің соңғы түқ жерпісі осылай суреттеледі. Оның жұлышын үзіп жібергендей қуатты соққы Ертайдікі болып шығады. Жазықсыз жандар: Тұмарша мен Тасмағамбет ажал аузынан аман қалады.

Повестегі басты тұлға — Ертай коммунист, бұл партия саясатын ауылда іске асыру жолына жан-тәнімен кіріскең, осы бетте жеке басының, семьясының қамын да бір мезет ұмытқан қызметкер. Орыс әдебиеті кейіп-көрлерінен Ертай «Көтерілген тыңдағы» Дағыдовқа үқсанқырайды. Дағыдов сияқты Ертай да колхоз құрылышын большевиктік жолға салуға аудандық партия комитетінде жіберген өкілі. Екі сөзінің бірінде ол мәселеге большевикше қарай біліндер, большевикше шеше біліндер, бұл сөздерді жалаң үгіт ретінде айтпайды, шын мәнін үғынып айтады, өзі солай істейді де. Жазушы Ертай образы арқылы басшының ең қасиетті сипаттарын ашып береді. Өз қол астындағылардың мінезд-құлқын зерттеу, оларға талап қоя білу, қамқорлық жерсетеу, ұлы мақсатқа, берекелі еңбекке жұмылдыру, қырағылық, сезімталдық — Ертайдың бойына осы сипаттар жараса шоғырланған. «Ертайдың қойын книжкасын ашып қарасаң, кімнің не пигылды адам екеніне жұмысты қай түрде істеп жүргенін түгел танып шығасын», — дейді автор өз атынан. Колхозшыларды бас-

қарудағы Ертайдың негізгі әдісі, құралы — түсіндіру, тәрбиелеу. «Түзелмедің деп қайсыбірін колхоздан қуа бересің?... Тәрбие керек! Тәрбиелеуім керек!» — дейді Ертай күрсініп», — осы сабырлылықтың, тәрбиенің арқасында Ертай көптің ойын, көптің күшін бір арнаға, бір мақсатқа бағыштай алады. Жастар Қатира мен Хамзаны, Бейсенбайды, Жамалды тәрбиелеу, баулумен саналы азаматтар етіл өсіріп келе жатқан Ертай. «Ертай қырман басына келгенде, әркім өзін сында тұртын деп сезгендей. Ақырын, жекіру жоқ, — сөзі қандай майда Ертайдың! Бірер келіссіз жұмыс істеген адамның әзілмен-ақ сыбағасын береді-ау», — деген жолдармен анықтайды.

Сырт көрініске қырман басының қарбаласымен, күнбекүнге колхоз тіршілігімен шұғылданып жүргенмен жатса-тұrsa Ертайдың ойынан Жұсіп шықпайды, оның колхоз жеріне басқан алғашқы қадамынан байлайғы әр қимыл, әрекеті, қайда болып, кіммен мәжіліс құрғаны Ертайдың алақанында, бақылауында, Жұсіппен бет-пе-бет кездескенде, тілдескенде, Ертай сыр бермейді, Жұсіптің жалған паспортын басқа қағаздарымен ара-ластырып портфеліне байқаусыз салған сияқты көрінеді. Шынында, ол Жұсіппен күшті арпалысқа түседі, оның жат пигылын аша түседі, ақырында, сын сағатта жеңіп шығады. Ертайдың күші — өзінің сенімді серіктеп болуында. Олар: Өмірбек, Әbdірақ, Тұмарша, Тасмағамбет, Жамал, Нұрыш, колхоз охраны Өмірбек сияқтылар.

Повесте дараланған жағымды кейіпкер қөп: бригадир Әbdірақ, қамба күзетшісі Тасмағамбет, еңбек адамдары Дүйсен, Нұрыш, Жамал, Бейсенбай, комсомол, жастар Хамза мен Қатира, кеңсе күзетшісі әйел Тұмарша т. б. Бұлардың бәрін бір қалыптан шыққандай мінсіз етіп қоймайды автор, әрқайсысын өз өмір жолымен, қателік, қайшылықтарымен, адасу, шалыс басуларымен көрсетуге тырысады.

Тұрмыстың талай талқысынан өткен, асыра сілтеу кезеңінің зардабын тартқан Дүйсен, семьялық өмірінде сәтсіздікті басынан кешірген, еңбек үстінде өзін-өзі ұмытатын Тасмағамбет, малайлықты атқарып, өлім тырнағынан құтылған Нұрыш; 14 жасында сүймесіне телініп, тұрмыс соқпағын кешкен Тұмарша мына ұйымдастып, береке кіріп келе жатқан жаңа өмірлеріне құш-

тар жандар. Сондықтан да бұлардың бірі ерте, бірі кеш Жүсіп атына байланысты колхозға тәнген ыланды сезінді де, Ертай маңына топтаса түседі, оның қапыда қалмауына, мұлт кетпеуіне құш жұмсайды. Ертай тапсырмаларын орындауда иненің көзінен өткендей ептілік, қыннан қысынды жол таба білуімен Тұмарша оқушы ынтасын ерекше аударады. Тұмаршаның бұлайша қимылдауының себебі де айқын. Бұдан бес ай бұрын Тұмарша «мен немен күнелтем?» деген дағдарыстың құшағында болса, бүгін «осы түрмисты қайтсем күлліртам?» деген тілектің үстінде, — деп жазады автор. Тұмаршаны жалғызыратпай өз қатарына тартқан коллектив, оның Тасмагамбет, Ертай, Өмірбек сияқты мүшелері, енді сол коллективке қатер таянса, ең жақын деген жандарының ту сыртынан Жүсіптің қанды қанжары жалактап тұrsa, Тұмаршаның өз жанын шуберекке орап қойып, қатерлі іске тайсалмай араласуы әбден заңды болмақ. Негізінен сәтті шыққан әйел образдарының бірі бола тұра, Күлтай, Раушан, Берен, Рабига сияқты кейіпкерлердің қатарында атала тұра, Тұмаршаның кей әрекеттері жасандылау сезілетінін де бүклеменіміз жән.

Айталық, Тұмаршаның Жүсіптермен бірге мәжілісте отырып, арақ ішіп, мас болған болым оларды алдауы, пеште жанып жатқан астық квитанцияларын Жүсіп көзінше алып қашуы, Бәкеннің қойын қалтасындағы Жүсіптің жасырын хатын қолға түсіруі сияқты детальдар қарсы топты тым-ақ ашық ауыз, қуыс кеуде етіл көрсетуге соқтырады да, ұнамды кейіпкердің жақсы сыннын солғындарады.

Колхоз болашағына ынтызар, қоғам мүлкінің қыраты сақшысы Тасмагамбетті автор «Өмір бойы әзіл араластырмай сейлемейтін» жан деп сипаттайды. Тасмагамбеттің осы ақжарқын, әзілқойлығында қандай сынига болса да төзімділік, қандай көңілсіз жай кездессе де оған мойымай, беріктікпен қарсы ала білушілік сияқты характер байқалады.

Тасмагамбеттің әйелінен ажырасу эпизодын суреттейтін жердегі оның көңіл күйін, ішкі арпалысын мына сөздерінен түсінуге болады:

«— Ау, қатын-ау... мені тастағанда тілегенің мынау бір шертік пе?... Тәуірлеу біреуіне тисең болмайтын ба еді? — дейді. Осының өзі де әдеттегі қалпымен әзіл ре-

тінде айтылды», — деген ремарка қосады автор өз атынан. Бірақ ашу-ыза, намыс, налу, күйзеліс сияқты сезімдерден Тасмағамбет жұрдай адам емес. О да на-мыстانا, ызалана, күйрей қайғыра біледі, сонымен бірге сабырлылық, ішкі жалынды сырт көзге білдірмей сөндіре, тұншықтыра алу Тасмағамбеттің қолынан келеді.

Сүйген әйелінен айрылу Тасмағамбетке мықты сокқы, оның жанына салынған ауыр жара, осы тұста ол бейтарап қала алмайды, қайғырып, налиды.

«Дегенмен Зылиха аттанып кеткенде, ішін бірдеме жалап бара жатқандай жаман тынышсызданды. Көз жанарына жас толды», — бұл жолдардан Тасмағамбеттің өмірге енжарлықтан аулақ, шындаپ қайғыра да білетінін көреміз.

Колхозда Ертайдың күшті тірегінің бірі — осы Тасмағамбет, сондықтан да Жұсіп бірінші соққысын Тұмарша мен Тасмағамбетке қатар сілтеуге оқталады.

Социалистік шаруашылық майданында, еңбек өнімін арттыруға кесел болатын еңбекке ескі көзқарас, жалқаулық, бойкүйездік, мылжыңдық сияқты теріс мінездермен күрес мәселелері де «Қырманда» беттерінде өткір қойылады. Мұндай кеселдердің көріністерін автор жеке кейіпкерлерді суреттей отырып ашады, әшкере-лайді, сықақ етеді.

Жұмысқа керенаулықты Бейсенбай сияқты жастар байқамай, берілген тапсырманы орындауға мән бермей жіберіп алады. Ертай көзінен мұндай қылық таса қалмайды. Басқарманың пландарын айтқан ақылы, кеңесі болашақта ондайды болдырмаяуға себепші болады.

Жалқаулықтың көп ісіне кедергі жасай берейін деген ниетпен ұштасып жататын түрлері де бар. Құтпан мен Есбергендер көптің тасасында бой жасыруға тырысатын қиғаш жолдағы адамдар. Ондайларды қатты сынға алып, мінез-құлықтарын, еңбек үстіндегі оралымсыз құмылдарын сықақ ету басқаларға да сабак болады, жарамсыз мінездерден арылтуға әсерін тигізеді.

Жазушы Құтпан мен Есбергеннің портреттері мен мінездемелеріне сықақтық уытты мол дарытады: «Құтпан дейтін жүр, ескі бөрікті көзіне түсіре киіп, шаншу тиген адамдай кіртиген қабағын бір жазбайды; белін-дегі қайыс белбеу күніне сан рет шешіліп, сан рет байла-нады. Жұмыс кезінде біреу жазатайым бірер нәрсенің

жөнін сұрай қалса, соған жауап беру үшін сұраушының бетіне Құтпанның бажыграя қарап тұрғанын көресің; «Оның жөні былай еді, жолдас тыңдаңыз» деп шешіліп аяғына оралып жүрген белбеуді сол жерде бір дұрыстап байлайды».

Келтірлген үзіндіден Құтпанның қандай адам екені ап-айқын танылады.

Колхозда Құтпан сияқты жалқау жалғыз болса, онымен күрес те жеңіл болар еді. Құтпанның сыйбайластары да барышылық. Олар Есберген, Бәкен. Бұлар сыйныққа сылтау іздең, жұмыс сағатының өтуін ғана күтүші бейшаралар. Бірақ, колхоз өндірісінің қозғаушы күші, әрине бұлар емес, қырманда еңбек дабылын қақ-қан көпшілік те бар.

Барлық ынталымен жұмыс істеп жатқан Жамал, бір ылау астықты бір-ақ құшақтайдын Нұрыш; бригадир Әбдірақ — осы қөптің өкілдері — алтын дәннің бір талын да шашау шығармай жинап алуға жұмылған қажырлы жандар, еңбек екпінділері.

Кейіпкер образын бейнелеуде, олардың сөйлеу өзгешеліктерінің, әсіресе, диалог сияқты қысқа да тұжырымды сөйлеу формасының атқарар міндеті үлкен. Диалогтағы бірер сөзбен-ақ үлкен мағына аңғартуга болады, кейіпкердің нені қостап, неге қарсы болып отырғаны әйгіленеді.

Бейімбет мағынасы кең диалогтарды жазуға шебер қаламгер. Өмірбек пен Жұсіп, Ертай мен Жұсіп диалогтері бұл айтқанымызға толық дәлел бола алады.

Өмірбек Жұсіпке алғашқы жолыққанда, төмендегіше тілдеседі:

— Өз сирың ба-ай?... Біреуді қан-қақсатып келуден саумысың?

— Өз сирым. Төл ақшама сатып алдым, міне қаразым.

— Жарықтық сүтті сиыр екен, бір үйлі жанды асырап отырған мал-ау? ә? — деді Өмірбек сиырды орала түсіп.

— Ойпырмау, Өмірбек-ау нанбасаң мына қағазын көрші?..

Диалогте Жұсіп қанша наңдырмақ болса да, Өмірбектің сиырдың ұрлық екеніне көзі жетіп тұрғаны ап-анық ұғылады.

Екінші мысал:

- Жұсеке, — деді Ертай көтеріле түсіп. — Қаралғанды да болдым дедіңіз бе?
- Ия.
- Жұмысшы ма едіңіз?
- Ия.
- Мақтау қағаз бермеді ме сізге?
- Кім ескерген соны...

Қолындағы «жұмысшы» деген паспортына сенген Жұсіп Ертайдың сұрақтарына немқұрайды жауап беруге тырысады. Ертай да білдірмей, сұрақты еппен қояды. Автор екі жақтың арпалысын осылай сездіреді.

Жазушы шеберлігінің талай өрнектері осы «Қырманда» повесінің беттерінен мол байқалады. Не бір тамылжыған, ойнақы дала пейзажы, ойдан кетпес кейіпкер портреттері, сөйлеу ерекшеліктері, шұрайлы халық тілінің нақыштары оқушыны сүйсіндіреді, әсерлендіреді.

«Қырманданың» композициялық құрылышында күтпеген бұлтарыс, ерекше түрмен оқушыны таңдандыруға тырысу жоқ, мұнда жазушының жиі қолданған сәтті тәсілі кейіпкердің өткен өмір белестерін еске алу, оның кешегісі мен бүгінгісін салыстыра отырып, сипаттау жолы. Шегініс ретінде баяндалатын кейіпкер басынан өткен жайлар не автор атынан баяндалады, не кейіпкердің ішкі монологы арқылы беріледі. Тұмарша, Нұрыш, Жамал, Дүйсендер бұрынғының ызгарынан безініп, жалшылық азаптарынан жиреніп, жаңа тұрмыстарына ризашылық білдіреді де, Жұсіп өткен күндерін армандайды, күрсінеді, ашынады. Өмірбектің Жұсіпті кездестіруі оның бұрынғы қылмыстарын есіне алуына, Жұсіпке құдіктене қарауына себепші болады. Демек, автор сюжетті ашуға қандай түр ыңғайлы деп тапса, соны қалайды.

Шығарманың идеялық түйіні автордың мына ішкі монологынан анықталады.

«...Ауыл түрі — өзге, адам да, ісі де өзге. Аз уақыттың ішінде құлпырған бұл өмір Жұсіп сияқты «ескінің көзін» ішіне сіңіріп, көптің бірі қып ілестіріп әкете алар ма? Әлде тасыған селдей қайнаған өмір Жұсіп сияқтылардың сілікпесін шыгарып салынды құсатып шетке шығарып тастар ма?»

Көптің ұранына үн қосып, адал еңбек еткеннің берін көп өз ортасына алады, жатсынбайды. Көптің жолына

кедергі болуды көздеген бірен-саранды көп көзіне ілмейді, жолынан ысырып, ығыстырып тастап жүре береді. Міне «Қырмандағы» тасыған селдей өмір екпіні осындаі. Жүсіп оның атымен байланысты ескілік су бетіндегі жонқа, салындыдай өмір жағалауына ығысып қалып отырады. «Малшида» еңбек дабылы дағаны жаңғыртады.

Біз қарастырып өткен Б. Майлиниң «Он бес үй» мен «Қырманда» повестерінде колхозды ауыл өмірі мен құресінің келелі мәселелері келісті суреттеп, көркем шешімін табады. Бұл шығармалар жазушыны п роза лы қ iрі туындыларға құлаш үрге қызықтырады.

Әңгіме мен шағын повестің үздік шебері болып таңылған Б. Майлин ірі эпостық жанр-роман түрінде де шығармалар жазуга үлкен жоспар жасап, жазып та жүрген түсында творчестволық жолы кенет тоқталғанды. «Қоңсылар», «Қызыл жалау», «Тартыс» романдарының жеке бөлімдері мен жоспар-тезистері ғана жарияланды. Жазушының «Қоңсылар» атты романының тараулары «Әдебиет майданы» журналының 1934 жылы 4, 5, 1935 жылғы 12, 1936 жылғы 1, 2, 4-сандарында жарияланады.

«Қызыл жалау» аталған романның тараулары «Әдебиет майданының» 1934, 1935, 1936 жылғы номерлерінде басылады.

Майлиниң «Қызыл жалауды» жазып бітіргені туралы Ф. Мусірепов мынандай қызығылышты дерек береді: «Прозада қаламы төсөліп болған Би-ағаң «Қызыл жалау» деген романын бітіріп еді. 1937 жылы жазды күні Ілиястың кабинетінде Сәкен ушеумізге оқып берді. Сәкен өте қызыға тындал отырып еді, өзгемізден бұрын байлам сөзді де сол айтты: «— Жақсы екен Би-ағасы. Өкірткен екенсің, Би-сақал... Той қылатын роман. Тек соңғы төрт-бес бетін бере түршы... Былжырлау, аяқтағансың ба, қалай деп қолжазбаның соңғы беттерін сұрап алды. — Өзім де дүдәмал едім..., — деді Бейімбет күлімсіреп»¹². «Қызыл жалау» романы қолжазбасының түгел жарық көрмей, жоғалып кетуі әрі өкінерлік, әрі қынжыларлық-ақ жай.

¹² F. Mусірепов. Кездеспей кеткен бір бейне. «Жазушы» баспасы. Алматы, 1967, 201-бет.

Ал «Тартыс» романының үзінділері «Әдебиет майданының» 1932 жылғы 2,3 номерлерінде жарияланды да, ал 4 номерінде оның тақырыбы басылады.

«Азамат Азаматыч» романы алғашқыда «Қазақ қызы, яки Азамат Азаматыч» деген атпен «Жаңа әдебиет» журналының 1930 жылғы 9, 1931 жылғы 1, 2, 3, 7, 10, 11 номерлерінде басылып, оқушы жүртшылығына мәлім болады. Бұл шығарманың сол журналдарда жарияланған бірінші белімі 1934 жылы «Азамат Азаматыч» деген атпен жеке кітап болып басылады да, 1936 жылы орыс тіліне аударылып «Дочь казаха» деген атпен Москвада шығарылады. Соナン бері «Азамат Азаматыч» бірнеше рет қайта басылып келеді.

Сөйтіп, Майлин ойластырыған, жазу үстінде жүрген төрт романынан кітап болып шыққаны «Азамат Азаматычтың» бірінші белімі, басқалары не аяқталмай, не біткен күйінде жоғалып кеткен.

Роман жанрында жазушы шеберлігін қарастыру үшін біз жалғыз «Азамат Азаматычты» алып отырмыз.

Бас-аяғы тамамдалған тұтас шығарма болмағанымен «Азамат Азаматычтың» бірінші белімінің өзі-ақ кең тығысты, шиеленіскең тартысы, өмір қабаттарын тереценен көтерген, кесек көркем туындының дүниеге келуіне куә бола алады.

Бұрын автордың кей әңгіме, повестерінде эпизодтық дәрежеде бейнеленген артель құру, жер бәлісі, жас қызметкердің өсу жолы сияқты мотивтер романда кей аридан алынып, күрделі тартыста суреттеледі.

Дәлірек айтқанда, мұнда жиырмасыншы жылдардың орта шеніндегі қазақ даласында Октябрь социалистік революциясының жеңістерін нығайта, терендеге тұсу үшін болған күреске — қала мен ауыл, оргалық пен шалғай шет қалай қатысқаны, коммунистік партия мен совет әкіметі саясатының қандай арпалысқан күреспен іске асып отырғаны, қазақтың советтік интелигенциясының қалыптасу, шынығу жолы айқын көрініс береді.

Романның орталық кейіпкері — Қожалақ Құркілдеков — жолдастарының қойған лақап аты Азамат Азаматыч. Азамат мектепті жаңа бітіріп шығып, қоғамдық әлеуметтік жұмысқа жаңада араласқан жас қызметкер. Мектепке дейінгі оның өмірі жоқшылықта, ата-анасының жалшылық кәсібіне жәрдемдесуде өтеді.

«Кожалак оқуға аттанарда әкесі Күркілдектің ашамай белді шолақ торысы, бір мұйізі сиңық қара сиры, торғай қамасаң тұрмайтын қырық жамау қараша үйі бар еді»¹³, — делінген сипаттаманың өзінен Қожалактың қандай ортада өскенінен толық хабардар боласың.

Мекемеге жұмысқа орналасқан Азамат — қым-қиғаш күрес, ішкі интригаға белшесінен батады да кетеді. Азаматтың халыққа қызмет етуді қалаған мақсатын автор оның мына сөздерімен анғартады: «Жаңа дәуірдің жұмысы осылай... Әбден танысып алмаса болмайды... Жұртшылық бізден жұмыс күтіп отыр», — дейді ол. Азамат шын ниетімен, жастық жігерімен жұмысқа кіріседі де.

Қарасайда Рақым Шегіров, Әлішер Қәдірбаев, Сагит Борсықбаев, Ақпай Бұқабаев, Жұніс, Қайдарлар түрлі мемемелерде, басшы орындарында отырып алғып, революция декреттері бойынша жүргізілмек шараптарға нары, астыртын әрекеттер жасауда, шеттеген келген әрбір қызметкерді өз ықпалдарына ертіп, өз топтарына жасудың қамын ойласуда. Қас, досын ажыратып болмаған Азамат Мариямға үйленуі арқылы Рақым, Қайдарлардың күрган тұзағына берік ілінеді, шалыс басады. Тіпті «аз уақыттың ішінде Рақымның сілтеуімен Азамат партия тілегіне киғаш талай жұмыстарды істеп шығреді».

Бірге оқыған жолдастары Шәймерден мен Қайша, Медеу, Таңатар, Сағындық сияқты комсомол жастар Азаматтың қателігін бетіне айттып, саяси қырағылыққа шакырады.

Азаматты тәрбиелеп баулуда, әсіресе, коммунист Алексеев зор енбек сіңіреді. Партия өкіліне тән байсалылық, сабырлылық, әр нәрсенің себебін тексеріп, анықтап барып шешім айту — Алексеевтің ерекшеліктері — осындай. Қызулық жасап, қысқа тартып, Азаматқа катан шара қолдануға ұсыныс жасағандарды ол жолдамайды, асықпауға үндейді. Бір орындағы Алексеевтің сөзін автор былай баяндайды:

— Жолдастар, — деді ол тоқтап, — Азаматтың қатты тергеуге қақыларың жок. Мектентен жаңа шығыш келген жас, тәжірибесі жоқ. Келген қарсаңында

¹³ Б. Майлін. Шығармалар, 5-том. Алматы, 1963, 5-бет (аска үзінділер де осыдан).

ды. Бірақ шешуші тұтқа Алексеев пен Шәймердендердің қолында. Алексеев өз маңына үйрілген жастарды тәрбиелеп, күрес тәсілін, әдісін белгілеп отырады, се-зімтал Сағындықты, турашыл Медеуді қызбалықтан, асығыс шешім қабылдаудан сақтандырады, кімнің нен-дей ойда екенін айтқызыбай біліп, іс жасайды.

«Біз мұқалмаймыз, көпшілік біздің соңымызда, біз-дің міндетіміз соларды ұйыстырып, тап күресін бұдан да тереңдету», — дейді Алексеев. Бұл жалаң деклара-ция ретінде айтылған сәз емес, шындықты түйіндей бе-рік сенімді білдіретін сәз.

Бейімбет прозасының шоктығы, қазақ совет әдебиес-тінің роман жанры саласындағы кезеңді шыгармалардың бірі — «Азамат Азаматычта» автордың суреттемек өмір шындығы әлі шектелмеген, күрес кульминациясы ілгеріде болмақ, сөйте тұра бұл ірі суреткердің үлкен полотнасын танытады, қазақ әдебиетінде интеллект кейіпкердің алғашқы бейнелеуі осы романнан бастала-ды. Бұл шыгарма сонымен бірге автордың тамаша ше-берлігін, әсіреле оның юмористік, сыйқақтық жазу мәне-рін жарқыратады. Көрсете аларлық бағалы туынды екені-не талас жоқ.

Жазушы шеберлігінің шегі жоқ, ол автордың әрбір шыгармасында жаңа көрініс беріп, құлпыра береді. Қа-ламгер өзінің жылдар бойы қалыптасқан стилдік тәсіл-дерін сактай, түрлендіре отырып, шеберлігін дамыта, кемелдендіре түседі.

«Азамат Азаматычтың» беттерінен, Бейімбеттің әң-гіме, повестерінен белгілі бірқатар стильдік зекшелік-тер жиі ұшырасқанмен олар бұрынғының қайталануы емес, басқа бір сапалық қырларымен, тыңдан қолданыс-ты аңгартады.

Саяси-әлеуметтік күрделі тақырыпты социалистік реализм әдісімен суреттеген «Азамат Азаматычта» Бейімбетке тән биязы юмор мен зілді сыйқақ, нағыз реалистік өмір болмыстары мен әсірелей зорайта бейнелеген эпизодтар алмасып келіп, оқушы сезімін тербете-ді, үнемі сергек ұстайды.

Романның композициялық бітімі — жұмыр. Ол қып-қысқа новелла іспетті шағын тараулардан тұрады. Жалпы көлемі ықшам романда «Алғашқы айқастан» бастап «Соңғы үмітке» дейін жиырма алты бөлімшесі бар. Бұлар өзара байланысып, астарласып жатады да,

«енді не болар екен», «уақыға енді қалай дамыр екен» дегендей ынталандырып жетелейді де отырады.

Кей тарауларға ат күлдіргі тұрғыдан қойылады, бұл аттар ішкі мазмұнды ашудан гәрі онан оқшауырақ, соның күлкі шақырарлық жағын баса көрсетуді көздеуден туатын сияқты. «Алғашқы айқас», «Сағат алты», «Орындаимысың», «Раз, два, пас», «Дұрыс, реті келеді-ақ», «Есть такое дело» осындай атаулар.

«Алғашқы айқас» тарауының сюжет желісі — Азаматтың Қарасай қаласына жұмысқа келуі, оған қала тұрғындарының берген сипаттамасы, оқуға кетердегі Қожалақтың (Азаматтың) ата-анасының шаруа күйі, жас жігіттің мектепті қалай бітіріп шыққаны, Мариямның алғаш рет Азаматпен жұзбे-жұз сөйлесуі. Мұнда пәлендей айқас, тартыс ашық бой көрсетпейді. Бірақ Мариямның Азаматқа қылықты, сүйкімді бөліп көрінуге тырысқаны сезіліп қалады. Бұл — белгілі дәрежеде іштей арбасу, тартыс, айқас, қалыптасқан ұғым бойынша «Айқас» кең мағынаны білдірсе, мына қолданыста ол қызы мен жігіттің сыр тартысып, синасуын, бір-біріне тиғізген есерін автор күлкі үшін әсірелеп «айқасқа» балап отыр.

«Раз, два, пас» аталған тарауда Кәдірбаев, Борсықбаев, Бұқабаев, Жалмағамбеттердің сырт көз бен құлаққа преферанс ойынымен шұғылданған бөліп отырып, шынында, бір-біріне тапсырма беріп, өтініш айтып, болашақ жұмыстары жайлы құпия кеңесетіндері әшкере-ленеді. Карта ойыны қандай құбылмалы, алдамшы болса, бұлардың жекеіндегі пиғылдарының да негізсіз, тайғақ, болашақсыз әурешілдік екені сықақ етіледі. Демек, мұнда да тарауга қойылған ат сықақтық тәсілге сай алынған.

Шығарма кейіпкерлерін даралау, әркімге өзіне лайық сипаттама беру, оның портретін, жүріс, тұрыс, мінез-құлық ерекшелігін, сөйлеу мәнерін, психологиялық толқуларын табиғи өмірдегі болмысындай етіп аша білу — жазушы шеберлігін талап етеді. Кейіпкер аты мен ғана өзгешеленіп, ішкі дүниесімән айрықшаланбаса, ол толыққанды кейіпкер емес, әшейін қуыс кеуде қуыршақ.

Ондей кейіпкер оқушы жадында сақталмайды, кітаптың бетін жапқан бойда көмексіленіп сала береді, кешікпей ұмыт та болады.

«Азамат Азаматычтың» жазылу шеберлігін сөз еткенде, алдымен, оның бетінен кездесетін сан қылыштардың кейінкілердің айқын дарапанғанын айтуымыз қажет.

Романың орталық кейілкері Азаматтың түрткүлғасы, мінез-құлқы, қуаныш-күйініші тұстарындағы жүрек лұпілі, ар-намысы, ақыл-парасаты, қайрат-жігері кітапта жан-жақты ашылады.

Оқушы кітаптың алғашқы беттерінен-ақ Азаматпен бірқыдыру танысып қалады.

«Азамат Азаматычтың» түрі: орта бойлы, қызыл шырайлы, қыр мұрынды, қырқа күзелген мұртты жас жігіт, мінезі, үяңдау, аз сойлейді, көп тыңдайды, біреу сөйлесе тәмен қарал күлімсірейді де отыра береді, мынауың теріс деп ешкімге қарсы айтпайды, өз пікірін ұсынбайды, шеке тамырын білеулендіріп ешкіммен керіспейді... Бұған үстелетіп қосымша киімді сыйтайы киеді, таза жүреді, «әдеколон» жағынатын мінезі де жоқ емес... Ең ақыргы қосымша: қазірдің өзінде кеуде қызметкер, келешегі айнадай сара тұрган сияқты...»¹⁵

Азаматқа берілген осы жынтық мінездеме өзгерісіз; бірқалыпта қалып қоймайды, онан әрі дәлелденіп, айқындала түседі.

Өмірлік әртүрлі ситуацияға, жағдайға кездескенде, Азаматтың жайшылықтағы үяңдығы, сөзге сараңдығы басқа сипатқа көшеді. Ішкілікке әуестігі жоқ ол жазатайым шараптан бірер рюмка жұтқанда, «кундей ашылып, желдей еседі».

Мариямды шын сүйдім деп түсінген Азамат оған осы сырын айтқанша асығып, аптығады. Әдеттегі сабырлылығын жойып алады.

Азаматтың сезім серпіні сыртқа тепкен шағындағы психологиялық күйін автор дәл береді.

«— Жоқ, шыным» жүргімнен айтылған серт! — деп, ойын тезірек айтпаса, Мариямды біреу қақшып кеткелі тұрганнан жаман сасып, Азамат шап ете түсті»¹⁶, — деп суреттейді автор.

Бюро мәжілісінде сынға ұшырап, қатаң ескертпелер алған Азамат салқын қандылықтан айрылып, ашуға булығып, өзін-өзі ұмытады.

¹⁵ Б. М а и л и н. Азамат Азаматыч. Алматы, 1961, 4-бет (басқа үзінділер де осы кітаптан).

¹⁶ С о н д а, 20-бет.

«Гүбірлекен сөз оқтай қадалып, тесіле қараган көздер Азаматтың үрейін алғандай, бірсек ызаландырып, бұлықтырып өкпе-бауырын аузына әкеп тыққандайғып, тынысын тарылтты, кәзі бұлдырады»¹⁷, — деген сипаттайды бұл сәтті Майлін.

Азаматтың Медеу, Жақып, Қерібай ақсақалмен ұғынысып, түсініспіп достасуы, «Жеті көл», «Кең атызда» жүргізген саяси маңызды жұмыстары оның совет қызметкери рөліндегі өсу, есеке жолын аса нағымды көрсетеді. Кейіпкердің осалдығы мен мықтылығы, шалыс басуы мен тұра жолды табуы — бәрі де табиғи қалпында алынады.

Кейіпкерді даралап мұсіндеуде Бейімбеттің машықтанған негізінде тәрт түрлі тәсілі бар. Біріншіден, кейіпкердің портретін суреттеу, екіншіден, оның жүріс-тұрысын бейнелеу, үшіншіден, киген қиімін сипаттау, төртіншіден, сейлеу мәнерін, кәп қолданатын сөз мәтептің келтіру. Бұл тәсілдер бірімен-бірі сабактасып, араласып келе береді.

Кейіпкер бойындағы бұл ерекшеліктер оның тек сыртқы сипатын белгілеу үшін емес, кәбінесе ішкі сарайының кілтін қолыңа үстаратады. Характердегі қайталаңбас таңбалар бір-біріне ұқсамайды, тек сол характерге лайық болып, оны қайда кездестірсөң дә ажыраталатын боласың.

Бейімбетте портрет пен мінездеме қатар жүреді, бірін-бірі толықтырып тұрады да, автор атынан суреттелмей, екінші бір кейіпкердің сөзімэн бейнеленетін тәсіл онда жиі кездеседі. Мысалы, Азаматтың пәртретін қала «азаматшаларының» қорытындысы бойынша сипаттаса, Шәймерденнің кейіп-кескінін, мінез-әдетін Қайшаның тұжырымдауымен бейнелейді.

Шәймерденнің портреті Азаматқа мұлде ұқсамайды, қарама-қарсы әсер береді.

«Кескін жағынан Шәймерден мақтанарлық жігіт емес: тышқан көз, шолақ танау, жағына пышақ жанығандай арық, кемиек қара жігіт, қиімі жұпныған, соның өзін де күтініп кимейтіндігі көрініп тұр. Сөзге сараң, бір сейлесе тиімдіғып сөйлеп, кіріскен жұмысын бақайшағына шейін шағып шығуға құмар қалпы бар.

¹⁷ Соңда, 33-бет.

Мынау теріс дегенді бадырайтып бетіне айтады»¹⁸, — дейді автор.

Екі кейіпкер мінезінің жеке деталь, штрихтары олардың жолдастарымен қарым-қатысында, қызмет бабында, бүкіл өмір белестерінде қайталана көрініп, оқушы жадында берік сақталады.

Азамат мінезінің ұяныңы, босандығы, ыңғайшылдығы, солқылдақтығы оның әр қадамына әсерін тигізеді. Жалынды жас шәкірт кезінде де ол өз еркін, өз қалаудын, дүниеге өз көзқарасын батыл ұстауға ұмтылмайды. Басқаны былай қойғанда, аты мен фамилиясының да өз еркінсіз өзгертуіне мойын ұсынады, кәне береді.

Рақым мен Мариямның жетегіне кетіп көп адасуы, қоғам мен халқы алдындағы өз борышын өтеуге салақсусы — бәрі сол табиғатындағы түйіктық пен табансыздықтың салдары екені роман беттерінен дәлелденеді.

Азамат — езілген, жашылған талтың өкілі. Ол «торғай қамасаң түрмайтын қырық жамау қараша үйде» өскен, байға қойшылықты әкөден мирасқа алған көн табан, жалақ ерін Қожалак еді. Автордың кейіпкерінің атын, көбіне оның әлеуметтік жағдайына сай алатыны ілгеріде де сөз болатын-ды.

Азаматтың бұрынғы есімі — Қожалак, әкесі — Құркілдек, шешесі — Өлімсек деп алынуы да кездей соқ емес. Бұлардың бәрі де байдың қорлығында, мазағында болғандар. Балалық шағында көрген жоқшылығы, соққысы Азаматты біраз именшек, жасқаншақ, томагаттүйік етіп қалыптастыруы заңды құбылыс. Жасөспірімге мектеп тәрбиесі көп жеміс береді, оны түлетеді. Ал өмір талқысына тұсу, куреске тікелей араласу Азамат характерін біртіндеп өзгерте бастайды. Мұнан шығатын қорытынды — автор кейіпкерін дарапал мінездегенде, сол сын сыппаттың нақты сол кейіпкерге лайықтығын, логикалық қисынын сюжет арқауымен дәлелдеп, тұжырымдайды.

Шәймерден бойында Азаматтағыдай әр мәселеде өз пікірін ішіне сақтап, «өзіне ылғи сұрау берумен» жүру, бірақ оған шешу таба алмай дал болу жоқ. Шәймерден — бірбет, айтарын бадырайтып ашып салады, біреудің беті-жузін сыйлап, сыртайыгершілік сақтап,

¹⁸ Сонда, 72-бет.

ымыраға келуді білмейді. Ол досына да, қасына да принципшілдікпен қарайтын турашыл жан. Кәдірбаевтар Азаматтан көп үміттеніп, ішіне тартса, Шәймерденмен бірінші сөйлескенде-ақ секем алып, хауілтene қалады.

«Мынау опасный тип, мұнымен ойнауга болмайды екен» деген ой Кәдірбаевтың басында жылтындал, Шәймерденмен сөйлескенде осы ойдың көшесімен шығуға тырысты»¹⁹, — дейді автор.

Сөйтіп, шебер қаламгер тудырган әрбір кейіпкердің өз алдына тип екеніне көзіміз жетеді.

Адамның қозғалысы, жүріс-тұрысы оның характеристінің кейбір қырларын байқату үшін суреттелетін жайлар Бейімбеттің көп шығармаларында табылады.

«Азамат Азаматычтағы» Мәжібаев, Жұніс, Рақым, Эбіш т. б. жүріс-тұрысын елестету арқылы автор олардың мінез-пифылын да аңгартады.

Сатиралық жоспарда мұсінделген кейіпкер Мәжібаев өзін жазушы, ақынмын деп санап, оқығандарға, артистерге еліктеп, бойын сылап әуре болып жүретіп тогышар. Ол туралы «Оқығандарша киініп, ботинкасы басқан сайын шақырлап, қанден иттей домалап, Мәжібаев есікten басын сұғады»²⁰, — деген суреттемені оқымыз. Тартымды бір де шығарма жаза алмаса да, Мәжібаев өлеңдік сыйқы жоқ бірдемелерін оқығанда, әбден маңғазданып күлкі болады. «Мәжібаев қойнынан қағаз шығарып, залдың орта шеніне тұрып, бірсыпыра уақыт үй тәбесіне қарап телміреді. Содан кейін даусын толқындандырып «Тұпсіз теңіз» деп бастап, тағы бірсыпыра тұрады»²¹. Мәжібаев өзінің басқаларға мазақ, қолжаулық есебінде жүргенін сезбейді, Кәдірбаевтың «сен поэмаларды бұрқыратып жазатын ақынсың» дегеніне екі езуі құлағына жетеді, мастанады.

Жарбол байдың үйінде қолбала болып жүрген Эбіш деген жігіттің бай көңілін табуға құрақ ұшатынын оған берілген мына сипаттамадан-ақ түсіне қоямыз.

«Үршықтай үйіріліп тұрган тапал бойлы жас жігіт, ұры иттей жылмаңдал Жарболдың қарсысына жүгініл, отыра қалды»²². Осы үзіндідегі сөздердің бәрі жанды

¹⁹ Соңда, 65-бет.

²⁰ Соңда, 54-бет.

²¹ Соңда, 54-бет.

²² Соңда, 155-бет.

сурет. «Ұрышықтай үйірілу», «ұры иттей жылмаңдау», «жүгініп отыру» бәрі епті, жылпос, жағымпаз адамды көз алдыңызға елестетеді. Әбіштің Жарболға құлшына қызмет көрсетуінің себебі оның қызынан дәмелі екені, күйеу боламын ба деп құрдай жоргалайтынын да автор ескерте кетеді.

Образды дарапауда кейіпкердің үстіндегі киімі, оны қалай киетінің де маңызы бар. Киіміне қарай біреудің тұрмыс күйін, тіпті мінез-болмысын топшылауга мүмкіндік туады.

Қайдардың малына итаршылықпен күні өтіп келе жатқан Ыбырайым шал, Жаппасбай пысық пен Әлібай ауылнайдың үстеріндегі киім түрлерін бейнелеумен автор көп нәрсені аңғартады.

«Үстіндегі ұзын сары тонына, басындағы ескі тулкі тымағына, аяғындағы көне қонышты резенкесіне, тымақтың бауы мен бүктеле байланған бозғыл ұзын сакалына қарап, Ыбырайым шал екен деп қояссың»²³.

Бір ауылға билігін жүргізіп, Қайдардың шаруашылығын басқарып отырган Ыбырайымның үстінде жәні түзу киімі жәқ, бұл, бір жағынан, Қайдардың сарандырын, дүниекоңыздығын көрсетсе, екіншіден, «Ібеке, еіз білесіз» дегенге бәркі қазандай болып, өз жайын ойламайтын, бай деп табынатын Ыбырайым шалдың намыссыз, парасатсыз екенін байқатады.

Ескі мен жаңаның арасында әрі-сәрі болып жүрген, аксақал мен пысықтан асып ештеме істемейтін, қолындағы мәріне де иелігі жоқ Әлібай ауылнаймен автор былайша таныстырады:

«Көнетоз орысша пальтоны тап қолтықтан буынып, аяғында шоңқайма етігі бар, мысық жүн құлакшынды шекеге таман салып, селтеңдеп мына біреу келе жатыр. Бұл енді таныс бэлінің, Әлібай ауылнайыңыз болады»²⁴.

Әлібайдың орысша пальтоға белбау буынып, құлакшының шекеге салуынан оның басқалардан ерекшеленуге тырысатын мақтаншақтықтан құр алақан еместігі ейгі болғандай.

Орыс халқында «киіміне қарай қарсы алады, ақылына карай шыгарып салады» дейтін, ал қазакта «ағаш

²³ Сонда, 106-бет.

²⁴ Сонда, 109-бет.

МАДДЕ үшін BEJIMBET

AZAMAT AZAMATЫС

UZAQ ӨҢГІМЕНІН

I—БӨЛІМ

Саулетің редактор ӘLIBAJ үшін А.

204140

19/6
15/1935



1934

QAZAQSTAN BASPASBY

«Азамат Азаматыч» романының титул беті.

көркі — жапырақ, адам көркі — шүберек» дейтін мәтедер адамның қиімді мүмкінінше лайықты қиоін қалаудан шыққан. Барын үйлестіріп кие алмай, олпы-солпы жүретіндер күлкіге азық болады.

Әлібайдың орысша ықшам тігілген пальтоны «тап қолтықтан буынуы» — ерсі де қеліссіз. Бірақ осыны түсінетін Әлібай жоқ, демек оның көргені мен білгені тым саяз. Осындай елеусіз штрихтармен кейіпкерді бірбірінен оқшаулауда автордың бояуы сарқылмайды.

Өскен ортасына, кәсіп-харекетіне, білім-тәжірибесіне сай кейіпкердің табиги сәйлеу ерекшелігін сақтау, сейте тұра жасанды-жаттанды сөзден аулақ болуды жазушы шеберлігінің танылар кең аренасы деп қарауга болады.

Мұхтар Әуезов «Абай жолының» бірінші кітабының «Қайтқанда» аталған тарауында Қодарды жазалау тұсында Құнанбай, Қаратай, Сүйіндік, Байсал, Бәжейлердің аңдысып, арбасып сейлесу ерекшеліктерін терең психологиязммен беретіні мәлім. Үлкендер сәзінің шекірт Абайға көбі түсініксіз, жұмбақ болып қалады.

«Осы бар үлкеннің мұндаидай жәрдегі салты бойынша, әкесі де (Құнанбай. — Б. Н.) тұспалдалап, орағытып, ұқытырмай сәйлейді. Бір сәзімен бір сәзін жалғастыруға Абай үлгірмей, адасып қап отыр»²⁵, — деп баяндайды автор.

Көркем шығармада әр кейіпкердің сәйлеу тәсілін, стилін берумен қатар оның жиі қолданатын тұрақты сөз тіркесін, мәтелге айналып кеткен сөз саптауын келтіру арқылы бейнелеу амалы бар. Үйреншікті сөз мәтептің естігенде, мұны айтушының кім екенін ажыратса қоясын.

Майлиниң басқа прозалық туындыларынан гәрі осы «Азамат Азаматычта» жаңағы амалдың мысалын көптеп табамыз. Басқа шығармалардан «Әміржанның әңгімесінде» Апалай бір нәрсеге ренжіп, толқығанда «солай екен» дейтін-ди.

«Азамат Азаматычта» Бұқабаев, Кәдірбаев, Борсықбаев, Медеу, Сағындықтардың мәтел сипаттас сөз қолданыстары, төл сөз үлгілері алынады. Осындай тіл ұшында тұратын сөз кестесін кейіпкердің аузына салумен автор оны өзгелерден бөлектейді, кей ретте, сол

²⁵ М. О. Әуезов. Шығармалар, 4-том. Алматы, 1968, 22-бет.

мәтедермен автордың жалпы сыр-сипатын байқатуды меңзейді.

Ақбай Бұқабаевтың аузынан тастамайтын «Өркенің өссін» дейтін мәтелі үлкенге де, кішіге де, ұнатар адамына да, жақтырмайтынына да айтыла беретін, арзан сөз. Шын көңілімен айттылатын алғысы болмаса да, әйтеуір, жылы сейлеуден зиян жоқ деп ойлаудың кебі. Ол жолдасы Әлішер мен Рақымға да, өзі сескеніп, іштей жаратпайтын Мәжібаевқа да, келіні Толқынайға да «өркенің өссінді» жаудыра береді. «Әлішер, өркенің өссін, кешегіні ұмытқан жоқсың ба, Есенбаевты жоғарылатуды»²⁶. «Мәжібаев, өркенің өссін, «Тұпсіз теңізге» (Мәжібаевтың поэмасының аты. — Б. Н.) кіріс»²⁷. «Келін қарағым, өркенің өссін, бізге арақ бересің бе?»²⁸ — деп сейлейді Ақбай.

Әлішер Кәдірбаев «так сказать», «чорт знает» деген сияқты орысша қыстырма сөздерге әуес. Мұндай сөздерді ол өзінің әкімшілік күшін, орысшаға жетіктігін әйгі ету мақсатымен айтатыны көрінеді. Құпия сырын басқаның көзінше ашпау үшін де ол сөзінің соңын екі ұштарландырып «так сказать» деп аяқтайды.

«Чорт знает кімнің жіберіп жатқанын, Ертең сәйлесіп көрермін, так сказать»²⁹, — дейді ол Ақбайға Шәймерден туралы.

Оз пікірін ылғи өзгертіп отыратын, солқылдақ, тұрлаусыз, тұрақсыз адам — Сағит Борсықбаев. Оның сәйлеу мәтелі бұл мінезін әшкерелейді.

«Олайша айтқанда, конечно, солай ғой, бірақ былайша айтқанда... Үм... я.... — деп Борсықбаев отырады»³⁰, — деп жазады автор. Азаматқа сенуге бола ма, Мәжібаевтан сақтану керек пе, жоқ па деген мәселелер талқыла түсіп қалғанда, Борсықбаев тиянақты ешнәрсе айтпай, «олайша айтқанда ол, әрине, солай ғой, бірақ былайша айтқанда... Үм... да», — деуімен бұлаң құйрыққа сала береді.

Ұнамды бейнедегі Медеу мен Сағындықтың сөз саптаулары әлгілерге қарама-қарсы. Халық өкілдері, еңбек адамдары бұралқы, ішкі астары бар сөзді іздең әуре

²⁶ Соңда, 54-бет.

²⁷ Соңда, 54-бет.

²⁸ Соңда, 57-бет.

²⁹ Соңда, 59-бет.

³⁰ Соңда, 189-бет.

болмайды. Айтайын дегенің, ой-түйінің ап-анық етіп, тұжырымды сөйлейді, кесіп айтады. Медеудің ұнататын мәтелі — «Дұрыс, реті келеді-ақ». Екі түрлі жағдайда, екі түрлі мағынада Медеу өзінің сүйікті мәтелін айтады. Біріншіден, біреуді мысқылдаپ, істегенің теріс деңгенді білдіру үшін кекетіп айтады. Екіншіден, бірдемеге шын риза болып, мақұлдаپ, қостағанда үйренишікті мәтелімен сол қуанышын көрсетеді. Азаматтың дұрыс істерін ашық қостап, оған дем беріп, кәмекшілік көрсетерде Демеу ақжарқындықпен байырғы мәтелін айтып салады.

«Дұрыс, реті келеді-ақ»... сүйтші», — дейді Медеу³¹. Сағындық шапшашыл, қолына алған істі тындырып шықканша асығатын жас қызметкер, комсомол мүшесі, тексеру комиссияның председателі. Оның ұраны: «Есть такое дело». Берілген тапсырманы орындауга құлшына кіріскенде, құдікті мәселені тексеруге алғанда, Сағындық «Есть такое дело» деп бастайды. Мұнымен ол ақ, қараны ашамын, шындыққа жетемін деген сенімін алға ұсынады.

Романда басты образдармен қатар бір эпизодта жалт етіп көрініп, ерекше бір белгісімен ойында қалып қоятын кейіпкерлер көп кездеседі. Бір ғажабы — олардың әрқайсысы өз алдына қайталанбас характер. Қысқа эпизодта кейіпкердің психологиялық типі сонша айқын, сонша білгірлікпен суреттелгендейдікten ол туралы басқа тұстарда ешнэрсе үстеліп айтылмаса да, образ бутіндігіне нұқсан қелмейді.

Бір-біріне мұлде үқсамайтын Үлаңбай мен Шоқпарбайдың естіген-білгенін айтып беру тәсілдері өздерінің табиғатын аудырмай танытады. «Ана бір бақа сарыны көрдің бе, сөзге десе жаны құмар. Бір сөзді шала-пұла естіп алса, минутінде бүкіл ауылға жаяды. Дұрыс жеткізсе де бір сәрі-ау, мың құбылтып, өтірікті шынданай қылышп әткізеді. Әне, аузын ашып, аңырая қалғанын көрдің бе. Аты — Үлаңбай. Үлаңбай десе — Үлаңбай-ау өзі».³² Үлаңбай ұшып-қонба, құлағына шалынған еміс хабарды басқаға зорайтып айтуға әуес, ақырында, айтып отырганының қайсысы шын, несі жалған екенін өзі де ажырата алмай қалатын бейшара.

³¹ Сонда, 93-бет.

³² Сонда, 110-бет.

Шоқпарбай — асығып-аптыгуды білмейтін, естігенін тиянақтаң айтып беруге зауқы жоқ, былжыр, селқос адам.

«Шоқпарбайдың сөйлегенінен қын не бар. Бір сөзді айтуға кіріссе, бірсес білегін сыйбанып, бірсес бәркін қолына алып, әйтпесе бәкісін ала салып ағаш жөнып, қашан айтқан құрлы жұрттың жігерін құм қылып болады»³³, — деп сипаттайды автор.

Майлиниң мәнеріндегі бір ерекшелік — кең жағдайларда алынып, жан-жақты бейнелейтінін образдар арасында осындай тұтқылдан ендіріліп тұтас әсер қалдыратын кейіпкерді мінездеуге ұсталығы, жүйріктігі, бояуының сан құбылғыштығы.

Табиғат көркін, пейзажды адамның көңіл-күйіне орайлас суреттеуде Майлиниң өзіндік тәсілі қай шығармасынан да кездесіп отырады.

Майлинде пейзаж негізінде үш түрлі жайда суреттеледі. Біріншіден, кейіпкердің көңіл-күйін сипаттауда, екіншіден, сюжетті дамытуда, үшіншіден, болмыстың қандай жағдайда өткенін айқындауда.

Романда суреттегетін тамылжыған көктем, ызгарлы күз, Сібірдің сұсты қысы, қысқы, жазғы жол, жазғы түн мен қысқы таң — кейіпкердің күйініш, сүйінішін туғызған жағдайға болып қоймайды, сюжетті өрбітудің қозгаушы күші де болады.

Май айындағы қалың ағашты, көк шалғынды, саялы қөлеңкелі бақша Азамат пен Мариям арасындағы сүйіспеншілік сезімінің оянуына себепші, табиғат әлеміндегі әсемдік, жарастық жастардың жүрегін елжіретеді, жайдарлыққа шақырады.

Мәжілісте Медеу тарапынан ауыр-ауыр сөздер естіп, жолдастарынан өзіне құдіктене қарау, сенімсіздікті байқаған Азамат бұған қатты ренжиidlі, ашуға буылгады. Көңіл-күйі осындай ала бұртқан сәтте табиғат та оны тәлкек қылғандай, сезікпен қарағандай шошынтауды, жирендіреді.

«Октябрь ішінің ызырық желі үйтқи соғып, Азаматтың жиімін жұлжылат ойнап, тәлкеек қылған секілденді. Қарсыдағы үйдің қақпасындағы электр шамы — манағы кез құсал шақшия қалады. Азамат, қабагы кір-

³³ Соңда, 160-бет.

тиіл, желмен ерегіскен адамдай ілгері аттады»³⁴, — деп жазады Бейімбет.

Май айының тынық түнінде сұлу табиғаттың суретіне ғажаптана тыныс алып қараған Азаматтың ойына өзінің бұрынғы өскен ауылы үстіндегі түн түседі де, оның балалық шағының өмір көріністері баяндалып кетеді. Жазушы шегініс арқылы сюжетті жалғастыра тусудің тәсілі етіп пейзажды ұтымды пайдаланады.

«Жеті көл» уезіне командировкаға бара жатқан Азаматтың ат айдаушысы Медеумен сырласып, түсінісін, достасып кетуіне қысқы ұзақ жол, қарлы боранды дала себепші болады.

«Көрпілдек қарға көміліп, пар атқа жеккен ауыр шана қара жерді қабумен келеді. Қос торы аттың тері сабынша бұрқырады. Ұскірік жел ұлла қарды ұнша бұрқыратып ойнайды. Жол бойында, алда, артта не бар, не жоғын жаяу борасын бүркеп көрсетер емес»³⁵. Міне қысқа құрсауындағы қатерлі далада келе жатқан екеу — Азамат пен Медеудің бір-біріне қырғи қабактана ұнсіз отыра беруге шыдамдары таусылады да, тіл катысады, шүйіркелеседі. Медеу өзінің кедейлік, кемдікте өткен өмір жырын ағытады. Автор бұл арада пейжазды роман сюжетін өру үшін құрал өткені көрініп тұр.

Уақығаның қай мезгілде, нендей жағдайда болғанын нақтылау үшін, табиғаттың сол сәттегі көрінісін кезге елестету амалын Бейімбет үйлесімді қолданады. Романың «Құрметті қонақтар» тарауының соңында қысқы таңның суреті бар. Тұнімен қонақ күткен Құрмаш пен Жақып таңсәріде шақырылғандардың біразы тарасын, кейбіреулері үйқыға жатқан мезгілде, өздерінің не естіп, не көргендерін туїйндейді. Бұлардың сәзіне таңғана күә болады.

«Көк жиегі сыват алып белдеуленіп, минут сайын бұлдыр сәуле қараңғылықты жеңгендей бол, аспан ортасында тақияға таққан күміс теңгедей жылтыраған ай, аздан кейін жүзі солғын тартып, күн шығыстан шапақтың нұры шашырағанда, қанталаған көздей бол, келбетінен айрылды»³⁶. Осынау үзінді автордың байқағыштығын, өзіне қажетті бояуды таңдалап алып, жанды

³⁴ Сонда, 34-бет.

³⁵ Сонда, 63-бет.

³⁶ Сонда, 82-83-беттер.

картина жасауға жұмсайтынын, табиғат құбылысындағы минут сайын болатын өзгерісті қалт жібермей суреттейтінін дәлелдейді.

Пейзажды жазғанда Бейімбеттің көп қолданатын тәсілі — ай, күн, жүлдyz, жел, аяз сияқты табиғат құбылыстарын кейінтеу, оларға жан бітіру, адамның іс-әрекеттеріне бағыштап бейнелеу. Ондағы күн көз қысады, жылмындаиды, жел адамның киімін жүлкылаштырайтын, аяз ыскырады, үреді, беттен сүйеді — мұндай стилдік өзгешелік — сол суреттеп мек құбылыстың адамға тигізегендегі әсерін күштейтуді қалаудан келіп туады.

Ойда ұстауға, көзге елестетуге ауырлық тудыратын ұзак сонар пейзаж Бейімбетте кездеслейді. Автор қашанды жинақы, жұмыр жазады, аз сөзбен, шағын штрих, суретпен көп магынаны аңғартады.

Жазушы шеберлігінің көзі — шұрайлы тіл екені мәлім. «Азамат Азаматычтың» тіл өрнегінде халықтың тіл колоритін сақтау, ойнақылық сипат басым байкаллады.

Тіл суреттілігін тудыру максатымен сәзді талған алғып, сөйлем құру жүйесінде Бейімбетте стильдік қалыптасқан өрнектер бар. Солардың бастыларына тәнталайық.

Біріншіден, автордың сез суретін жасауда қолданатын байырғы амалы — теңеу мен әпитет. Біреудің, не бір нәрсенің сын-сипатын теңейтін екінші нәрсесі әркімге-ақ түсінікті, үйреншікті ұғымдар болып отырады.

«Бөлменің қараңғылау жерінде, таспиң тартқан со-пыдай мықшының Жұніс отыр» (32).

«Қаланың орта шенінде жұндеген түйедеі бол жапырағынан айрылышп, арсиган сирек ағаш» (83). Екі сөйлемдегі теңеу де жалаң емес, күрделі теңеудің өзінін әдеби анықтаушы — әпитеті қосарлана келіп («Таспиң тартқан сопы», «Жұндеген түйе») елестетілмек суретті айқындаі түседі.

Екіншіден, автордың тропалық сез айшығынан келістіре қолданатыны — метонимия. Кабинеттегі кеңсе қызыметкерлерін бывай бейнелейді автор: «Зал іші жасалған табақтай жағалай үстел: тік мұртты, көзілдірікті, күржиген желжелі, бұрыл шаштардың талайын осы үстелдің басынан қөресін»³⁷.

³⁷ Соңда, 61-бет.

Болмаса: «Әр жерде екеуден-үшеуден қатарласып отырған ел қазақтары: қасқыр ішік, тұлкі ішік, күзен ішіктердің талайы отыр сіресін»³⁸.

Тағы бір мысал: «Жалбыраган жаман жеңдер, күс саусақтар самсан көтерілді³⁹.

Метонимия — бүтіннің орнына бөлшекті алым сол бөлшек арқылы бүтінді бейнелеу арқылы сөз суретін жасау.

Вірінші мысалдағы: «тік мұртты», «көзілдірікті», «куржиген желкелі», «бұрыл шаштар» кеңсе қызметкерлерінің дара белгілері, бірақ осы сипаттармен қандай адамдар отырғаны болжалады. Екінші мысалда адамның орнына киімін атайды: «қасқыр ішік», «тұлкі ішік», «күзен ішік». Үшіншіден — адамның орнына оның киімінің бір бөлшегі, дene мүшесінің бірі алған т. с. с.

Үшіншіден, адамның іс-әрекетін, көңіл-күйін, қалың-болмысын кесіп айтпай, екі-ұшты, болжалды күйде суреттеу.

«Жеңешемнің бар білетіні сол... деп, Мариям үялыш, қызарған сияқтанады» (10). «Бірақ осы сөз тым тез айтылған сияқтылау» (13). «Азамат әуелден хауіп күткен адам секілденді» (28).

Төртіншіден, «түріне енді», «пішінін көрсетті», «қалпына кірді» формасындағы тіркестерді пайдаланумен кейіпкердің сыр-сипатын бейнелеу тәсілі:

«Ячейка жиылдысынан бұрын шұрқырасып жатқан Азамат пен Шәймерден, енді бірін-бірі көрместік араз кісінің түріне еніп еді» (69). «Өмірінде бірінші кәрген адам секілденіп, құрмет көрсетіп, бір ауыз сөзіне ынтыққандық пішін көрсетіп отыр» (103).

Безіншіден, кейіпкер мінезіндегі тосын өзгерісті байқату үшін «шығарды», «болды» деген көмекші етістіктерін баяндауыш жасау: «Кеңседе бітіре алмаған жұмысын пәтеріне әкелетін болды, ұзақты түнге отырып істейтінді шығарды» (10).

Алтыншыдан, уақыт мөлшерін, іс бағдарын көрсеткенде «бірсызыра» деген сөзді жиі қолдану:

«Азамат, құлап-сүрініп болса да, соңғы әзірде бір-

³⁸ Сонда, 66-бет.

³⁹ Сонда, 179-бет.

сыпыра жұмыс істеп таstadtы» (196). «Өкіл жігіт төмен қараған күйі мелшиіп бірсыпира отырды» (178).

Жетіншіден, автор диалектілік мәні бар сөздерден «таза», «нақа», «қигаш», «керте» сияқты сөздерді ара-тұра қолданып, суретtelіп отырған өлке қазақтарының сөз ерекшеліктерін танытады.

«Олай болса, Азамат осы жолыгуында Марияммен таза ат құйрығын кесісіп айрылысып келуі керек» (198).

Сегізінші, Майлін әрбір сөз зергері сияқты қазақ тілінің сөздік қорында бар сөздерге жаңа мағына ұялатып, тілді байытуға үлес қосқан қаламгер. Бір ғана мысал, «көш», «кәше» ұғымдары жазушының қолданысында бұрынғы мәндерінен мұлде жаңа мағынаға не болғанын аңғарамыз:

«Оқиғаның көшінә ертерек қанық адамдар болмаса, көбіне не екенін біле алмай аң-таң болды⁴⁰. «Қонақ құрметінде жүрген Құрмаш сыбыр сөздің әрбір үзіндісін естіп, көшесіне қанып, арасын оймен жалғастырып, тұстастырып отырды»⁴¹.

Жазушының тіл материалын сан алуан құбылта өз мақсатына жаратуы біз келтірген жайлармен, әрине, шектелмейді, бұл арада сөз ең айқын, ең байырғы — қаламгер стилінің «Шұғаның белгісінен» бастап «Азамат Азаматыч» аралығындағы көп әңгіме, повестерінен көрінетін айнымас ізі — мөрі туралы болып отыр.

Романның жалпы тіл төсегіндегі бір өзгешелік — мұнда кейіпкерлер, басшылар да, қатардағылар да, орысша сөздерді араластырып айтуда әуес келеді.

Мұның себебі шығарманың біраз тұстарында юморлық, сыйқактық стилінде жазылуынан деп білеміз.

Кітаптағы ұнамды образ — «Қожалақ Қүркілдековтің» — Азамат Азаматыч, онымен бірге өкіғандар: «Әбдірәш Бейтасовтың» — «Алеша Дмитрич», «Сапа Әлімбаевтың — «Саша Алексеевич» болып орысша аталулары; карта ойыншыларының «раз, два, пас», «просто шербі», «так сказать», «раз, так сказать, два» дегендегі жаргондарын келтіру, — бәрі сыйқактық, ойнақы жазудың салдары. Ал «Сарыарқа» тобының құлдырауын сипаттайтын тұстар — өткір сатира дәрежесіне көтеріледі.

⁴⁰ Соңда, 81-бет.

⁴¹ Соңда, 82-бет.

Әдебиет зерттеушісі Темірғали Нұртазин «Азамат Азаматыч» романын талдай келіп, ондағы кейбір стильдік олқылықтарды атаумен бірге «Түгелдей алғанда «Азамат Азаматыч» жаңа заманның сырын жаңа әдіспен бейнелеген көрнекті роман»⁴², — деп ұнамды бағалайды.

Аяқталмаған романда там-түм байқалатын кемшіліктер: баяндау — шұбалаңылығы (Медеудің бастан кешіргенің ұзақ сонар еске түсіретін жерлер), стильдік алақолдылық — жазушының шығармасын толық тамамдаپ, қайыра қалам тигізуге мүмкіндігі болмай кеткенінен деп түсінуіміз қажет. Қазақ совет әдебиетінің отызынышы жылдарындағы даму деңгейінен қарағанда, «Азамат Азаматыч» — зор табыстың куәсі, жоталы туынды. Романның идеялық-тақырыптық негізіне стильдік ерекшелігі сай келген.

Бейімбет Майлин «Шұғаның белгісінен» бастап «Азамат Азаматычқа» дейінгі жазылған повестерінде қазақ халқы өмірінің өзекті құбылыстарын тереңнен сұңғіп алғып суреттеді, совет заманының, совет адамының өміршеш образдарын жасады. Автордың «Шұғаның белгісінен» басқа повестері мен романдары советтік шындыққа арналды, қарашайым совет адамының ілгерілеу, өсу жолын шыншылдықпен, шеберлікпен бейнеледі. Автор қаламынан өмірге жолдама алған Әбдірахман мен Шұға, Бәкен мен Раушан, Әміржан мен Рабиға, Әпен мен Ағыбай, Құрымбай мен Берен, Ертай мен Тұмарша, Азамат пен Қайша өздерінің өмірлік жолдары, заман талабына сай күресіп жеңген кедергілері, аңсаған армандары айқын ұмытылмас образдар болып қалды. Шығарма сайын жазушы шеберлігі де шындала түсті, суреткердің өзіндік ерекшелігі айқындала, саралана береді.

* * *

Сөз суреткерінің өзіне тән жазу мәнері мен стильдік бояуларын қай жанрдағы туындысынан да ажыратып алу онша қындыққа соқпайды. Бірақ стиль әр жанрдың ішкі заңдылықтарына бейтарап қарай алмайды. Айталық, поэзиядағы шеберлік, стильдік тәсілдер, проза басқаша жолдармен жасалады.

⁴² Т. Нұртазин. Бейімбет Майлин творчество. Алматы, 1966, 238-бет.

Ал драмалық шығармалардың шеберлік талғамы мен стильдік ерекшеліктерінің көріну сферасы бір басқа. Майлиниң поэзиялық және прозалық таңдаулы туындыларының шеберлік өрнектері жәйлі азды-көпті байлам айта отырып, біз оның драматургиялық туындыларының шеберлік мәселелерін талдауға арнайы тоқтамадық. Жазушының драматургия саласындағы мұрасы өз алдына зерттеуді көтеретін проблема және зерттеліп те келеді⁴³. Әр қаламгер творчествосында да белгілі бір — өзек, берік арқау болатыны жалпы заңдылық. Суреткердің дүние танымы, алдына қойған мұраты оның творчествосының өнбойынан байқалады. Бейімбеттің драмалық туындыларын шолып өтсек те, оның поэзиясы мен прозасындағы өмір шындығын талғап алып, суреттеу қабілетін, үйреншікті тақырыптары мен кейінкерлерін, көркемдік шешімі мен тіл кестесін бұл жанрдагы шығармаларынан да танимыз.

Қазақ жеріне Октябрь әкелген түбірлі өзгерістер, ескілік пен курес-тартыста қазақ енбекшілерінің қолы жеткен тарихи табыстары бұрын жазушының өлең-поэма, әңгіме, повесть, романдарынан оқушыға әбден қанық болса, сол шындық енді драматургтың үлкендеркішілі пьесаларынан тағы кез алдымыздан етеді.

Жиырмасыншы жылдарда жазылған «Кәзілдірік», «Шаншар молда», «Неке қияр» сиякты шағын күлдіргі пьесаларда автор өзінің біраз өлең, әңгімелерінде де сыналып, сықақ етілетін жемкор, қарау, дүмше молданың бейнесін театр сахнасына шығарады. «Шаншар молда» (1920) «Әліштің пырағы» (1926—1930) әңгімесімен желілес. Шаншар өзінің кеңілі ауган Загипага о дүниеде жұмактың рахатында болу үшін, молданы ризалап сауабын ал деп әйелдің қараңғылығын өз күлкіншіна жаратпақ болады. «Неке қиярда» (1920) жас қызы Зәурені оның сүймейтін адамы, есерсоқ Жәленге қосактап, қыздың еркінсіз некесін қиуға әрекет істеуші молда да әділетсіздікті көз жұмбай жасап, кімнен түсім түссе, шаригат тізгінін солай қарай бұратын сүркія кейлін аңғартады. «Неке қиярдан» біраз кейін жазылған «Ел күйеуіндегі» (1925) Жұматай образы да пьесадағы Жәлениң сынарындей. Жәлен некенің күшімен

⁴³ Филология ғылымының кандидаттары С. Ордалиев пен Р. Рұstemбекова зерттеулерін айтамыз.

қыз сүймек болса, Жұматай қалыңдық алуда беретін қалың малының көптігіне сыйынады.

Бейімбетте көп жырланған кедей теңдігі тақырыбы «Қос қақпан» (1927) пьесасындағы Жоламан кедейдің байдан еңбегін өндіру үшін жүргізген тартысында көрінеді. Бұл шығарманың «Кедей теңдігі» (1923), «Ақталған еңбек» (1928) әңгімелерімен біраз сюжет ұқастыры бар.

Жазушының елеулі драмалық шығармалары: «Жалбыр» (1935), «Віздің жігіттер», «Аманкелді» (F. Мұсіреповпен бірлесіп жазылған) — тарихи революциялық тақырыпты қозгайды, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі, Октябрь революциясы мен азамат соғысы күндерінің шындығына негізделеді.

Жалбыр мен Аманкелді тарихи прототипі бар, халық бастаған көсем, қол басқарған батыр-құрескерлер.

Совет әкіметінің туын көтеріп жеңісін баянды ету үшін құрескен халық батыры, жалынды большевик Аманкелді Жалбырмен іштей байланыстағы кейіпкер. 1916 жылы Жалбыр бастаған халық қозғалысын жағастырып, тереңдетіп, жеңіске жеткізуші — Аманкелді.

Жоқ!... Мені жатқызбайды ызалы кек.
Ойласам ел қайғысын, қызды кек.
Жығылған, сүрінгенді сүйеп, демен,
Серт берем жау қамалын бұзамын деп! ⁴⁴—

serttеседі Жалбыр.

«Алаштың» шаңырағын ортасына түсірмей, үзенгіден аяқты суырмаймын дегем, сол сертім серт» ⁴⁵, — дейді Аманкелді.

Колхоздастыру кезеңінің уақығалары «Майдан» (1933) мен «Талтаңбайдың тәртібі» (1934) пьесаларына тартыс үйтқысы болады. Көп әңгімелерге сюжет болған колектив құру тұсындағы тап тартысы, ескілік пен жаңаңың жағаласуы, асыра сілтеушилік, зиянкестік шырғалары бұл шығармаларда тағы бір жаңа сырларын ашады.

«Майдан» — ауылда совет әкіметінің іргесін нығайту, жаңа өмір құру майданы, тарих дөңгелегін кері тартушыларға қарсы ашылған майдан. Бұл майданның

⁴⁴ Б. М а й л и н. Шығармалар. 2-том. Алматы, 1960, 211-бет.

⁴⁵ Б. М а й л и н. Шығармалар, 4-том. Алматы, 1964, 39-бет.

алдыңғы шебіндегілер — партия, совет қызметкерлері: Досан, Зәурелер.

Зәуренің өсу жолы белгілі дәрежеде Раушанмен бағыттас. «Раушан — коммунист» повесіндегі Раушан мен оның ері Бәкеннің арасындағы тартыс Зәуре мен оның зайыбы Әліштің басында болған қайшылық, түсініспеушілікті ойға салады.

Әрине, бұлар кейіпкер характеріндегі сыртқы үқсасықтар. Зәуре мен Раушан бір медальдің екі беті емес, ерекшеліктері бар образдар.

Қазақ драматургиясының кең арнасы эпостық, лиро-эпостық мұралар желісімен жазылған туындылар. «Қарақыпшақ Қобланды», «Ер Тарғын», «Қызы Жібек», «Айман — Шолпан» осындаш шығармалар. Бейімбет те өзінің әйгілі «Шұғаның белгісі» повесінің арқауымен «Шұға» пьесасын жазды. Повестен оқушыға таныс Шұға образы пьесада онан да айқындала, шырайлана тусты.

Майлиниң көп пьесалары өлеңмен, шешендік тақ-пақпен жазылған, тілі оралымды, шұрайлы халық тілінің өрнегіне мейлінше бай келеді. Жазушы шеберлігі әр жанрда жазу үстінде жетілмек. Бейімбет әр жанрда да елеулі мұра қалдырган дәүір суреткери.

СТИЛЬ ЖЭНЕ ТІЛ

Откірдің жұзі,
Кестенің бізі
Өрнегін сендей сала алмас.

A b a y

Б. Майлин поэзиясының тіл ерекшеліктеріне бірінші тарауда азды-көпті тоқталып өткенді. Мына соңғы тарауда жазушы стилінің юморлық сипаттары мен оның прозалық шығармаларының тіл кестесінің кейбір өзгешеліктеріне назар аударып отырмыз.

Қаламгердің өскен ортасы, алған тәрбиесі оның творчествосына әсер етуі заңды құбылыс. Бейімбет қазак халқының қалың ортасында — еңбекші бұқараның арасында өскен, кедей, жалшы өмірімен біте қайнасқан жазушы. Сондықтан да ол халықтың оптимистік ақжарқын характерін, әзіл-оспақ, қуақы-құлдіргілік мінезін өз бойына молынан сіңіреді. Осыған орай суреткер қай жанрдағы көркем шығармаларында болсын сол кезі бітпес бұлақтан алған мол нәрін — халықтың юмордың орнын тауып, құлпырта қолдана біледі. Бастаң-аяқ юморлық стилде жазылған шығармалар Бейімбетте кеп емес, бірақ ол қандай тақырыпқа жазса да, шығармасына қандай сюжетті өзек етсе де, кейде тіпті трагедиялық жайларды суреттегенде де, юмордан қол үзген емес. Юмор бірде шығармаға әсерін басым тигізіп, бірінші орынға қойылса, бірде шағын эпизод, штрих арқылы жалт етеді. Қалайда юмор оның жазу мәнерінде жиі байқалатын өрнек, байыргы бояу.

Өмірде күлкілі жайлар аяқ басқан сайын кездеседі. Өмірдегі ішкі қайшылықты құбылыстар комизм туғызады. Олардың шын мәні мен формасының біріне-бірі қайшылығы күлкі шақырады. Белгілі құбылыстың фор-

масы мен мазмұнының үстірт қараганда сәйкестігінің шынында жалғандығын кенет байқау, өрескелдігін көру құлкі туғызады. Айтальғұ, мақсат пен сол мақсатқа жету үшін жұмысалатын құралдың, қымыл-әрекет пен оның нәтижесінің, мүмкіндік пен шындықтың, талдау мен қорытындының, қысқасы — белгілі құбылыстың мазмұны мен формасының сай келмеуі сәйкес сияқты көрінгенімен олардың арасындағы алшақтық құлкі болады. Кенеттен бізге байқалатын осы алшақтық сол құбылысты әшкерелейді, оның түкке тұрмайтындығын анықтайды, сөйтіп құлкі шақырады. Құлкі, біріншіден, белгілі бір құбылыстың біздің ол туралы түсінігіміздей болмай шығуынан туады, екіншіден, біздің ол туралы түсінігіміз бен оның шын қалпы арасындағы алшақтық сол құбылыстың түкке тұрғысыздығын жөрсетуінен туады. Сол құбылыстың біздің ойымыздағыдан мүлде басқа, әдеттегіден елеусіз кіші болып шыққандығын кенеттен байқаған соң, біздің оған деген көзқарасымыз, бермек бағамыз өзгереді. Біздің бұрынғы көзқарасымыз, бағамыздың енді өзгеруі құлкіге себеп болады, осы құлкі сол құбылысқа берілген жаңа бағаны жөрсетеді.

Мысалы, Бейімбет шығармаларында мынадай жәй суреттеледі. Жиылыс өткізуге келген өкіл жұрт алдына мінбеге шығып, портфелін ақтара бастайды. Отырғандар бір қажет документін, не жазылған баяндамасын іздең жатыр-ау деп ойласа, өкіл портфелінен тарагын зорға тауып алып, шашын тарайды. Бұл құбылыс құлкі шақырады. Өкілдің амал-әрекеті мен оның нәтижесі қайшы көрінеді, өкілден жұрттың күткен үміті, оған бағасы кенет өзгереді, өкілдің қылышы оғаш көрінеді, құлкіге тұрткі болады.

Искусстводағы юмор өмірдегі комиктік жайларды суреттеу болып табылады. Әдебиетте образдың ерекше типі — юмористік образ. Мұндай образдың негізгі өзгешелігі — онда жазушының суреттеп отырған нәрсесіне өзінің қатысы, бағасы құн бұрын айқындалған болады. Суреткер оқушылар көзіне формасы мен мазмұны сәйкесті сияқты көрінетін, шынында ондай сәйкестігі жоқ, өмірдегі белгілі бір құбылыстардың ішкі қайшылықтарын, келісімсіздігін ашып беруге тырысады. Қайшылық, келісімсіздік өмірдегі екінші дәрежедегі құбылыстарға қатысты болуы мүмкін, құбылысты толығымен жоққа шығармай, оның ұсақ, хауіпсіз, зиянсыз кемші-

ліктерін құлқі етуге болады. Бұл — юморға, әзіл-әжуа-ға тән құлқі. Құбылыстың жемшіліктері қатаң бағала-натын болса, оған іш тарту байқалмаса, юмор сатираға ауысады, жұмсақ әзіл кекесінге, зілді мыскылға жол береді.

Юмор құбылыстағы жекені, екінші дәрежедегі си-нау, жоққа шығару да, сатира жалпыны, негізгіні жоқ-қа шығару болып табылады. Юмор көбіне суреттелетін құбылыстың реалдық көрінісін сақтайды, сатира құбы-лыстың әдеттегі реалдық формасын бұзады, шартты түрде, ұлғайтып көрсетуге бой үрады.

Майлин стиліндегі юмордың көріністері қандай?

Майлиниң юморы туралы там-түм сәз болғанда, оның Гоголь мен Чеховтың юморына кейбір әдіс ұқас-тығы айтылып жүр.

Чехов әңгімелеріндегі өмірді юмористік тұрғыдан суреттеу тәсілдерінен Майлин шығармаларындағы өмірді юмористік бояуымен суреттеу тәсілдері кей ретте алшақ кетпейтінін көреміз. Бұл қандай тәсілдер? Ол тәсілдер: шығармадағы характерлердің комизмі, сю-жеттің комизмі, соған байланысты шығарманың кейіп-керлері кездесетін жағдайлардың, портреттердің құлкілігі сөйлеудегі құлкілік, адамның аты, фамилияларының құлкілік тұрғыда қойылуы, кейіпкерді қоршаган жағдайларды суреттеудегі құлқі. Чеховтағы комизмнің (кулкінің) осындағы орындарда қолданылуын Бейімбет шығармаларынан да кездестіруге болады. Чеховта бір шығарманың шенберінде-ақ аталған құлкілі жағдай-лардың бірталайы ұшырасып қалады да, Бейімбетте олар көбіне әр шығармада шашыранды көрінеді.

Характерлер комизмінің қызық мысалдарын біз «Талақ», «Ел күйеуі» сияқты шығармалардан көреміз.

Айдарбек — күйгелек мінезді, күйіп-піскен тартымы қысқа, қайтуы да шапшаң адам. Оның осы характері құлқі болады. Ашуланғанда әйелін жұдьырықпен бір түйіп алып, кейін онымен татуласқанша асыққан құбылмалы мінезіне скүшүз зілсіз құледі. Характері Ай-дарбекке қарама-қарсы адам — Бәкен («Раушан — ком-мунист» повесі).

Ол — шағын шаруасына мұқият, «қой аузынан шөп алмайтын» жуас, ешкімнің ыңғайын жықпайтын, әсіре-се әйелінің бетіне жел болып келмейтін жұмсақ мінезді адам.

Ол шындал ашулана да алмайды, ашуланған болып көрінгісі келсе де, артынша құлқісі таяу тұрады.

Бәкен мінезіндегі осындай ерекшелікті жазушы қызықтап әзілдейді. Жаратылыстар жұмсақ мінезді Бәкеннің ашуға мінген кездегі қылышы құлқі боларлық.

«Бәкен қандай қатты ашуға мінгенде де, Раушан күлімсіреп бетіне қараса, жібіп сала беретін. Ақырында әзі де күліп жіберетін» — деп баяндайды автор. Раушанды адал жанымен сүйеттін Бәкеннің тұрмыс түйткілінде оған таусыла ренжіген, ақылын ашу жеңген кездегі бір қимылы былайша беріледі: «Өзі-өз бөліп Раушанға бір-ақ қол тигізген, онда да дәлдеп ұрмай, сипай сілтеп, базындағы жауалығын гана үшырып түсіріп еді». Құлмей көр, кәні! Іс-әрекет пен оның нәтижесі арасындағы қайшылық еріксіз күлдіреді. Бәкеннің блишаралық қылышына, бір жағынан, құлгеніңмен, екінші жағынан, оны аяйсың, ықыласың соған ауып отырады.

«Ел күйеуі» — Жұматайдың сыртқы пішіні қанша күлкілі суреттелсе, мінез-құлқының ерсілігі сонша күлкілі сипатталады. Әйелі өлген Жұматай қайта үйленбекші, қыз іздел ел кезеді. «Пәлен жерде бой жеткен қыз бар екен» деген хабарды айтқан адам Жұматайдың бес биесінің қымызын тойғанша ішетін болды. Қыз қандай, сұлу ма? Өнерлі ме? Әлде ақсақ па, таз, соқыр, мәжнүн бе?.. Жұматай ол жағын казбаламайды, «бой жеткен» десе, соған қанағат қыладады¹. Жұматайдың Рәш қызды айттырмақ болып барып, онымен қорада жеке жолыратын көрінісін оқығанда, шек-сілеңіз қатады. Әдейі іздел келген қызына бір ауыз сез айта алмай, Жұматай үйіне қайтады. Жұматайды есек дәме, қыз хабарын естігенде елең ету, қызды малға сатып алуға болады деп ойлайтын топастық, шегіне жеткен дәрменсіздік, ынжықтық оның юмористік бейне екенін ашады.

Бейімбет кей шығармаларында босбелбеу болбыр, жай басар жалқауды, көк езу, көбік ауыз мылжынды келістіре әжуалайды. Адамның адамдық қасиеті еңбек үстінде сыналады. Болат білекті, қажырлы еңбек адамының ширақ, епсекті қимылына қызығып сүйсінсен, етегіне сүрінген, бір басуға ерінген, өнімсіз митыңмен ұзақ жүнді бос өткізетін, еңбекке қырсыз адамның сый-

¹ Б. Майлін. Таңдамалы шығармалар. Алматы, 1958, 322-бет.

қына күлесің де қынжыласың. «Әміржанның әңгімелісіндегі» Қосыбай отағасы, «Қырманда» повесіндегі Тышқамбай мен Құтпандар ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүруді ұнататын жандар. Жазушы бұлардың берекесіз істерін күлкі етеді. Ішінде бала тіреп тұрганнан жаман шірене қозғалатын Тышқанбай, балтасын білемдеп ұстап, аяғының астындағы агаشتы шабаршаппасын біле алмағандай екі оқтылана баяу қымылдайтын Қосыбай отағасылар жалқаулық, шабандыққа бой алдырығандар. Құтпаннан үлесінде өзгешелігі — керенаулығына мылжындығы сай адам.

Келтірлген мысалдардың бәрі де харakterдегі құлкілі сипатты суреттеуге жатады.

Бастаң аяқ юморлық тәсілде жазылған Бейімбет әңгімелерінен «Қадір тұнгі керемет» пен «Әліштің пырағында» шығарманың сюжетті құлкілі ситуацияға құрылған, соған байланысты кейіпкерлер кездесетін жағдайлар да құлкілі болып шығады.

Елден түсіретін табысы күннен-күнге азайып, жоқшылыққа душар бола бастаған Байқан молда фантастикалық түс көріп, түсінде талай рахатқа батып, ақырында астындағы пырағы жалтарып кеткенде, жанып жатқан отқа құлап түседі. Байқаннан түсінде кездескен жағдайы, қатысқан уақиғалары құлкілі суреттеді. Түстің аяқталып, шындыққа уақиғага жалғасуы да құлкілі. Молданың түсінде көрген рахат өңінде өкінішке соқтырады.

Ұзақ тұнгі тасбиық санап шаршаған молда қалғып кетіп, алдындағы шамға жығылып, сәлде-шаланын майға малшып қүйдіріп алады.

Әліш хазіреттің «әулиелігіне» байланысты уақиғаның дамуы, шешілуі құлкілі құрылған. Әліштің «Әулие» деген лақабы қалың елге тарап, нанғыш кемпіршалдар оның тұн болса, пырақпен жеті қабат көкті сайраңдайтын «қасиетіне» таң-тамаша қалып жүрсе, Әліш аспаннан емес жерден, жесір әйел Женттің үйінде жатқан жерінен табылады. Әліштің «әулиелікten» осылай құлдырап тәмендеуі оның ел көзіндегі бағасын да төмendetіп, енді ол кім көрінгенге жыр, мазақ болады. Бұл екі әңгімеде сатира элементтері байқалады. Сатираның юморсыз болмайтыны сияқты юмор да сатираның элементтік болмайды.

Кейіпкер портретін суреттеудегі коми兹 тәсілін Бей-

імбет шығармаларынан жиі кездестіреміз. Портрет — адам образын ашудың бір жолы. Ол адамның сыртқы бейнесін елестетумен бірге оның мінез-құлқын, әртүрлі сын-сапасын байқата кетуге жәрдемін тигізеді. Юморист жазушы кейіпкер портретінің құлкі боларлық белгілеріне оқушы назарын баса аударуга тырысады.

Майлиниң юморлық, сықақтық түрліліктерінде портреттің өзінде көрінетіндері аз, бірақ жазушы шығармаларындағы кейіпкерлер портретінің галереясына кіргенде, езу тартпай қала алмайсын.

Тұстас қаламгерлер: Жансүгіров пен Майлиниң кейіпкерлердің портретін жасау тәсілін салыстыра қарасақ, Ілияста карикатуралық стиль барынша айқын, ол жағымсыз кейіпкерлерінің сорақылық болмысын үйе-төге суреттейді. Жансүгіровтың «Жолдастар» романындағы Үқсан молданың кейіп-кескінін еске түсіре кетейік: «Қымызға желгенде тұп жоқ кісі ногай Үқсан молда... өзі үлкен үйелмендей кісі. Майдан көзі бітіп, мұрны үшкірленіп қалған. Мойны мен жауырыны тұтасып, ит бастанып қалыпты. Омырауы есіктей болып, қарны да дастарқанға сүйретіліп отыр. Бұған берген қымыз бір сабадан бір сабага қотарылған сияқты. Өзі бұрыннан құрсақты молда, іші кеңіген сайын айы жақындаған әйелдей айналып отыра алмай, тек сүйретіліп отыр. Үңқыңқ етеді. Сөйлесе, қоздайтын қойдай мекіренеді»... Бұл нағыз карикатуралық портрет.

Ара-тұра болса Бейімбетте де карикатуралық портреттер жоқ емес. «Қырманда» повесінде Досқожаны: «Ебдесіз ирендеген бойы, шамадан тыс сорайған мойны, үрпіл иығын жапқан шашы, әсіресе, бет-ауыздан бітісі бәлек кекірейіп имиғен тұмсығы — мұны адамнан көрі басқа мақлұққа ұсатқандай еді», — деп суреттейді автор. «Мұрны» деудің орнына «тұмсығы» деумен-ақ автор Досжанның бас қондырысын адамнан гөрі құсқа ұқсас етіп әдейі құлкі шақырады. Илиястагы Үқсаннның портреті мен Бейімбеттегі Досжанның портретінің оқушыға берер әсері әртүрлі. Досжанның ұқынсыздығына жәй күлесің де қоясың, ал Үқсаннның сыйқына күлумен бірге оның адамдық бейнеден шыға семіргеніне, арамтамақ мешкейлігіне күлесің де жиренесің.

Еңбексіз тапқан мал-дәүлетке семірген, жатын ішер бай-бәйбішенні суреттегендеге, Бейімбет олардың

сыртқы тұлғасын жалпылай алып, екінші бір нәрсеге үлгайта теңеп сықақ етеді. «Желі басында обадай бол Сержан бай тұр. Құртеше шапанды қусырып, түймесін салайын десе де, онысы тырсылдап жетпейді. Қарнының ересен жуандығы сонда ғана есіне түскендей бол, сипап-сипап қояды» («Берен»).

«Дөңбектей бол семірген қызыл жұзді Биқасап бәйбіше болысқа оқта-санда күле қарап, быртиған қолымен болыстың әміркен етігінің қонышын сипап қояды» («Қанды кек»). Бай, бәйбішенің бойынан бірден көзге түсетін өңгелерден ерсілік — олардың жарылардай семіздігі: бай обадай болса, бәйбіше дөңбектей. Семіздік — жан тыныштықтың, екінші біреудің еңбегінің рахатын көрудің дәлеліндегі ұғылады.

Бейімбет қаламымен салынған портрет суретшінің қара қарындаш пен альбом беттерінде жүгірте сыйған штрихи секілді көрінеді, көп бояулы болмайды, мұның өзін қысқа әңгіменің табигатына байланысты деп қарастаудың көрек. Қөрінгенмен жанжалдаспай журмейтін Арыстанбайдың Мұқышы сатиралық кейіпкер, онын портретін қанша құлқілі етіп суреттеуге де сыйады. Бірақ жазушы бояуга сараң, ол: «Төртбақ, теке көз, шалбар бет қараны көрсөн, бұл Арыстанбайдың Мұқышы екен де қой», — деп қысқа таныстырады оқушыға.

Болмашы себеппен ашууланатын, бірақ қолынан келері жоқ адамдар жұртқа құлқі болады. Мұндай парықсыз тыз етпе, күйгелек жандардың ашу үстіндегі кескіні де құлқінді келтіреді. Бейімбет дәл осындағы психологиялық күйдегі адамдардың портретін аудырмай тастайды. Жоқтан сылтау тауып, әйеліне ашу шақырган Айдарбекті: «Делек танау делдиді. Екі көзі құтырган сиырдың көзіндегі бол адырайды», — деп суреттейді автор. «Берен» повесіндегі Әбітай мұғалімнің келіншегі Айымкүл жас басына қарамастан етек басты салақ, әпербақан ұрысқақ, қытымыр, қызганшақ әйел. Жазушы бұл туралы: «...кертеш танау, қара әйел, көзі сүзеген бұқаның көзі тәрізді. Қабагы қыртыстанып, аузы бұртиып, сыйқы тым келмей-ақ отыр», — дейді.

Адам жанының айнасы — көз делінеді. Көзге қарай адам характерінің біраз жақтарын айыруға болады. Адамның сын-сипаттын байқағыш, сезімтал жазушы Майлин әдеби кейіпкерінің, әсіреле, көз бітіміне

әрқашан көңіл аударып отырады, оның портретінің басты элементі — көз, көз жанары. «Тікірейген ала көз», «адырақ көзді қара кісі», «көзі тұздай әйел», «теке көз», «сүзеген сиырдай көзін алартқан», «өлген балықтың көзі секілді бозғылт көз» міне, мұндай мысалдарды Бейімбеттен көнтеп табу қыын емес. Ол персонаждардың көз ерекшелігін де юморлық стильтге лайықты талғап алады. Сондықтан автордың көзге алған балама, теңеулері көздің үйреншікті салыстырылатын нәрселерінен бөлек, оғаш тұрып, күлкі тудырады («құтырган сиырдың көзіндей», «өлген балықтың көзі сықылды», «көзі сүзеген бұқаның көзі тәрізді» т. б.).

Шығармада кейіпкерлердің аты, не фамилиясын юморлық, сатиralық тұрғыдан таңдал алу, сол жалқы есімдердің мағынасын кейіпкерге тәмен сипаттама беру үшін қолданудың алуан тәсілдерін орыстың ірі сатирик, юморист жазушылары М. Е. Салтыков-Щедрин, Н. В. Гоголь, А. П. Чехов т. б. көп кездестіреміз. Эсіресе, Чеховта ондай аттар әңгіме сайын бірінен-бірі күлкімі болып келіп отырады.

А. П. Чеховтың «Орден» деген әңгімесінде әскери прогимназияның мұғалімі Лев Пустяков, оның досы поручик Леденцов, француз тілінің мұғалімі Трамбллян, купец Спичкин сияқты кейіпкерлер бар. Бұлардың фамилияларының орыс тіліндегі мағынасынан қандай сипаттағы, нендей кәсіппен шүғылданатыны білініп тұрады. Мысалы, Спичкин — ұсақ саудагер. Болмаса «Чин алу емтиханындағы» дін мұғалімінің фамилиясы Змиежалов дейтін. Шынында да ол адамның санасын жыланының айыр тілінен шығатын умен тең дінмен уландыратын адам екені бірден аңғарылады.

Кейіпкердің атын сын-сипатына лайық қою Бейімбет шығармаларынан да ұшырасады. Ол мұндай атты сықақ етілетін кейіпкеріне қойғанда, қазақ тұрмысына келісті етіп алады. Белденбоқ молда, Итаяқ би, Тасболов сопылар ескі ауылдың рухани қанаушылары болса, Бақбасар, Қордабай, Ордабай, Шермек, Борсықбаев, Бұқабаевтар жуан, шонжар, атқамінер бұрын «ел жақсылары» болып атанғандар. «Мін де шап», асыра сілтеуші, осладар өкіл Талтаңбай, Желдіrbай Жындыбаевтар бұл топты толқытыра түседі.

Бейімбеттің кейіпкерді атаудағы бір ерекшелігі, ол момын, қарапайым, еңбек адамына да әзіл лебі байқа-

латын ат қояды. Мысалы, Мырқымбай, Айранбай, Талқанбай, Тышқанбай, Тымақбай, Тұтқыш сияқты аттар.

Кейінкердің аты арқылы оның мінез-құлқына сипаттама беру бұрынғы әдебиетте де, қазіргі кезде де қолданыла беретін тәсіл. Қазақ жазушыларынан персонаждың есімін оның мінез-құлқы, іс-әрекетіне сәйкестіре атау М. Әуезов, С. Мұқанов шығармаларында да жиі байқалады. Мұның мысалын «Абай жолы» мен «Мәлдір махаббат» романдарынан табуға болады. М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының үшінші кітабының «Қарашығын» тарауында елге қысымшылық көрсетіп, суліктей сорған жемқор, сотқар әкімдерді халықтың қалай атаганын суреттейтін қызығылықты үзінділерді оқимыз. Қорқау қасқырдай тойымсыз, жемтікке қомағай приставты жұрт «Кәкшолақ» десе, ұр да жық, паraphor, киянатшыл урядник Сойкинді «Сойқан» дейді, писарь Жаманқаринді «Қабанқара» деп атап кетеді. Сәбит Мұқанов «Мәлдір махаббатта» тумалас, бір семья шаңырағы астындағы адамдардың бәріне үйлестіре ат қойып шығады, мәселен, Құзен — үй иесі, жасырын сауда жүргізуші — тұн бойы дала кезіп, жем іздейтін ашқарал құзен мінезді адам. Есектас — Құзеннің әйелі — адудын, ашуашаң адам; Қодық — Есектастың қызы — балдыргандығына қарамай, ыңғайлы жатқан нәрсені іліл көтеруге «қолы етспекті» бала. Сол Құзеннің ағасы Қарсак дейтін, соңғысының әйелі — Бәдене аталады.

Көркем шығармада адам тағдыры суреттеледі; адамға оны қоршаган табигат белгілі әсерін тигізіп отырады. Табигатты суреттеу әр жазушының көздеген идеялық нысанасына, қолданған методына бағыныңызы болады. Юморлық тәсілде жазатын автор жаратылыс картинасын да юмормен көрсетуге тырысады. Москвалық әдебиет ғерттеушісі В. Ермилов Чеховтың тамаша дарынының комиктік негіздері пейзаждан да білініп тұратынын, оның жаратылысты да юмормен көрсете білетінін атап өтеді.

Табигат күбылыстарын геройдың көңіл-күйіне қабыстыра, ойнақыланыра суреттеу — Бейімбеттің де юморлық шеберлігінің тағы бір көрінісі деуге болады. Бейімбет уақығаға күн, ай, жұлдызды да қатыстырып, сларға да өзіндік роль беріп, ойнатып қояды. «Раушан — коммунисте» Бәкен әйелін қыдыртып бара жатқанына жұрт көзінен қысылады да үялады. Тап осы

сэтте күн де Бәкенде мазақтағандай кәрініс береді. «Ойнақшыған күн, көрпесін бүркенген қыздай, біресе шарбы бұлтты бетіне ұстай қойса, кейде Бәкенде мазақ қылып күлгендей, бұлттан шыға салып жымыңдайды. Кәрі қайтқан нұрын себелеп, қалың қиім киіп келе жатқан Бәкенде бусандырады», — деп суреттейді автор. Жазушы табиғат көрінісін жанды теңеулермен құбылта кестелей отырып, оны әңгіменің сюжетіне сабактастырып жібереді. Сезімді қытықтаған жадыраңқы күн нұры Бәкеннің ой тұманнын серпілтіп, құңғарт көңілін жадыратып жібергендей болады.

Арбаға мінгесе мініп, араз адамдай томсырайып, тіл қатпай, келе жатқан Бәкен де бұдан былай түсін жылдытып, Раушанмен қатар отырып, жарқын жүзбен жылы сөз бастайды.

Автор қараңғы тұнді суреттегендеге, тұнді жарық ете алмаған жұлдыздардың дәрменсіздігі деп күлкі жасайды. «Көкті бүркеген бұлтты тесіп мойнына ілгендей бол сығырандаң бірен-саран жұлдызы қараганмен, қою қараңғылықты серпілдіруге құдіретінің жоқтығы білініп тұр».

Тәулік мезгілін аңғартатын, былай ойлағанда, күлкіге жанасымы жоқ сияқты ұғымды хабарлағанда да Бейімбет тетігін тауып күлкі ете біледі. «Сары май» әңгімесінде батуға таянған күн көзін автор былайша суреттейді: «Күн, көк жиегінә кеңірдегінен ілініп қылқыңғандай бәп, нұрын бәсендеткен кезде, қос маңы қыбырлаған сиырга толды».

Адамның жүріс-тұрысы, қимыл қозғалысындағы үйлесімсіздіктер, немесе бір нәрсе, құбылыс туралы бұрын қалыптасып үйреншікті болған ұғымға қайшылығы көзге тұртіп тұратын көріністер күлкі тудырады. Юмордың бұл тәсілдері Бейімбетке ұшыраса береді.

«Құрымбайдың жігітшілігі», «Әміржанның әңгімесі», «Ұлбосын» — әңгімелерінде автор жағымды кейіпкерлері Дәуғара, Ұлбосын мен Құрымбайды әзілден, олардың жүріс-тұрысындағы ебдейсіздікті көрсете отырады. Ұлбосын ауыл жағдайында тәрбиленген, ауыл өміріне ене бастаған жаңалық, өзгерістерге енді қызыға араласып келе жатқан қыз. Ол әлі де ұялшақтау, жүрістұрысы сырт қараганда ебдейсіздеу көрінеді. «Қолтықтаған еркектің бауырына жабысып жіптіктей болып жүретін Ұлбосын қала көрген қыз ба, бричкаға жана

жегілген аттай ойқастап шыға береді. Эйтсе де, аздан кейін, өзі де сезбей Әбулақапқа жақындаі түседі».

Еңбекпен шыныққан бармақтары бақандай Дәугара нәзік нәрсені ұстауға үйлеспейді. «Көзілдірік киген біреу бір конвертті өкелді де Дәугараға ұстартты. Дәугараның қолының ебдейсізі-ай, көк конверт додаланып, жұмарланып Дәугараның қолынан сыйылып шығып қашуға бой ұрган тәрізді», — деп суреттейді автор.

Милиция қызметіндегі адам әрқашан етек-жеңі жинақы, қару-жарагы бойына оңтайлы, жүріс-қозғалысы серіппедей шымыр болуға тиіс. Бұлай болмай, қылышын құрықша сүйреткен, винтовкасын күрекше нығына салған дегендей өскери формасына үйлесімсіз адам ерсі көрінеді. Бейімбет милиционер Құрымбайды: «Кескек байлаған қойشا мойындығы қылышы салақтап, винтовкасын сүйретіп, Құрымбай мен Кебекбай артынып-тартынып үйге кіреді», — деп әзілдейді.

Уақиғаны жайшылықтағы қуйінен асыра, үдете, бояуын қоюландыра суреттеу де — юморлық тәсілге жат емес. Бейімбет әңгімелерінде мұндай жэйттар тамтүм байқалады. Қазақ аулына келген бірінші трактор — жаңа тұрмыстың жаршысындей, даңқы жер-көкті жаңғырықтыра, ғасырлар бойы мұлгудегі сар даланы оята, өнімді еңбек дабылын қаға келді. Қазақ ақын-жазушыларынан ауылға келген алғашқы тракторды жырламағандары аз болар. Ал осы жаңалықты юморист жазушы Майлин өзінше көңілді күлкі бәларлықтай етіп суреттейді. «Тракторды бұрын кім білген, құлдар үркіп желеіні суырып, сауынды сиырлар үркіп, шелектегі сүтті ақтарып, әйелдерді басып кетті. Ауылдағы малдың бәрі үркіп далаға бости...» («Даудың басы — Даірбайдың көк сиыры»). Жазушы уақиғаның сыртқы көрінісін осылайша күлкілі етіп көрсеткенімен, бұдан терең философиялық түйін түйеді.

Майлин стиліндегі өшпес өрнек — оның юморының көріністерін жинақтасақ, мыналарды аңгаруға болар еді.

1) Автор қандай тақырыпқа жазса да, юморлық қалпын бұзбайды, оның юморы жайдары юмор, жұмсақ әзіл, ұнамды кейілкерлерін де әзілмен қытықтайды.

2) Адам харakterіндегі тубірлі кемшіліктерді ашқанда (жалқаулық, бойкүйездік, мылжындық) келекеге, сықаққа жол береді.

3) Еңбекші халыққа қарсы таптың өкілдері: бай-бәй-біле, би-болыс пен ескі идеологияның уағызышылары: молда-қожаларды әшкерелегенде, аңы мысал көрініп қалады.

4) Жазушының юморлық тәсілі мінез-құлық, жүріс-тұрыс, іс-әрекет ерсілігін, көзге тұртер үйлесіздікті, кейіп-кескініндегі үсқынсыздықты (портрет) баяндауда, кейіпкердің атын қылығына лайық қоюда, табиғат көріністерін ойнақыландауда суреттеуде, тіл кестесінде айқын байқалады.

Жазушы стилінің өзгешелігін қарастырганда, осы өзгешеліктің айқын да анық байқалар негізгі факторы оның тіл мәнеріне зер салуымыз керек.

Стильдің құранды бәліктері көп болғанымен оның негізі — тіл. Жазушы К. Федин стиль көріністерінде тілдің маңызын былай сипаттайды: «Стильдің негізі, оның жаны — тіл. Ол стильдің шахмат тақтасындағы королі. Корольсіз шахмат ойналмайтыны сияқты тіл көркемдігі болмаса, жазушы да болмайды». Өзінің стилі жоқ, әркімге бір ұқсас жазатын авторды шебер деуге болмайды. Ешкімді қайталамайтын, тілі шұрайлы, нәрлі шығарма нағыз шебердің қаламымен ғана жазылады.

Майлин қаламынан туған өлең, әңгіме повестердің қай-қайсысы да өз оқушысын бірдей баурап, қызықтыра тартып әкетеді. Мұның сыры неде? Біздінше, мұның сыры — автордың өмір құбылысын нағыз шыншылдықпен, сан қылы бояу бедерімен суреттей алудында. Көркем сөз суреткерінің қолындағы бояуы — сөз, тіл, бұл — жанды, құбылмалы бояу, мұның мүмкіншілігінің шегі жоқ. Қандай қанық бояуларды қолына берсең де олақ суретші тартымды картина салып шығара алмайды. Алуан түрлі бояуды тиісті мөлшерде пайдалана білген суретші ғана жүрек тебірентерлік полотно жасай алады. Сондай-ақ халықтың тіл байлығын жете менгерген сөз зергері ғана көркем шығарма тудыра алады. А. М. Горький айтқандай, қолыңа балтаны жақсы ұстауды білмей тұрып, онымен ағаш жона алмайсың, ал тілді жақсы білмей тұрып, көркем қарапайым және әркімге де тартымды шығарма жаза алмайсың. Бейімбет шығармалары осы талапқа сай — көркем қарапайым, әркімге де ұнамды, тартымды болып келеді. Бейімбетте түсінуге ауыр сөз, сөйлем, көңілге қондыруға қын суреттер

болмайды. Осы арадан келіп, сөзді талғап алып, қиуластырудың басты критерийі — түсініктілік екенін анықтаймыз. Шығарма түсінікті тілмен жазылса, жеңіл оқылады, әркімнің жадында берік сақталады, ұмытылmas із қалдырады. Бейімбет өзінің «Берен» дейтін әңгімесінде халыққа түсінікті сөйлеудің маңызын, ұғымды сөйлеудің тыңдаушының құлақ құрышын қандыраңың қасиетін былай суреттейді: «Нұғыман баяндамасын өте дәмді істеп, жұрттың қышыған жерін қаси сөйледі. «Так сказать» одағай сөздерді қыстырмады, қазақтың көркем сезінің кілтін ашып ағытқандай ғып төгіп салды». «Қазақтың көркем сезінің кілтін аша жазу» — Бейімбет стилінің тұпқазығы. Автор уақығаны баяндаса да, кейіпкерді сөйлесе де, табиғатты суреттесе де халық тілінің шұрайын талғап алады да, орынсыз, үйлесімсіз бір сез, теңеу, әпитет т. б. кірістірмейді.

Сыртқы сұлулық үшін сез тізбегін жоқтан қыыстыруға автор бармайды. Оның әрбір сезі, сөйлемі жатық, табиғи, қаламынан ешбір кідіріссіз, тау бұлагындаған тоқтаусыз тәгіліп отыргандай әсер береді. Бұл жазушының шығармасында суреттейтін жайларды, сол ортаны аса қанық білетінің көрсетумен бірге оның тілге байлығын, тіл материалы — сөзді зергерше жындастыра қалай алатынын дәлелдейді. Жазушының жиырмасыншы жылдарда жарық көрген кейір әңгімелерінде ауыз әдебиетіндегі — ертегі, аңыз, шешендік сөздердегідей — үйқастыра, бір ұғымнан бір ұғымды күшайте, тақпактау — көпті көрген қариялардың аузынан шығады, слардың көңіл-күйінің қатты толғанысын байқатады.

Дүние жүзі еңбекшілерінің кәсемі В. И. Лениннің қайтыс болған күнгі қаралы жиылдыста («Ленин мектебі» әңгімесі) қайғылы тоptың ішінен көзінен жасы мөлтілдеп көтерілген Талқанбай сезін былай бастайды:

«— Уа, жұрт! — деді, — қараңғыға қамалғанда, жауыздар сорып қан алғанда, малдан билік, бастан ерік кеткенде, атын есіткен еріміз еді. Бүгін өлген хабарын естіп отырмыз». Көптің мұнын білдіріп, жөп атынан сөйлеген Талқанбайға ел үстінде болған бұрынғы ауыртпалықты еске сала, әріден қозғап, ертедегі шешендершे сез саптаудың ерсілігі жоқ, қайта осылай әсірелеп сөйлеу арқылы еңбекші халыққа бақыт күнін тудырган

Лениндей ердің дүниеден өтуінің қаншалық орны толмас қаза екендігін әркімнің санасына құяды.

Тұспалдаپ, тақпақтап сөйлеу мәнерін Бейімбеттің юморлық мақсатпен бұрынғы «жақсы атаның» балаларының басынан бақыт, алдынан дәulet кеткенін келекелеу үшін, солардың көңіл-күйінен хабар беру үшін қолданатын кезеңдері бар.

Осындай стилімен жазылған әңгіме — «Заман». Бұрын елді айтқанына көндіріп, айдағанына жүргізіп келген Сырлыбай — Жайлыштарды революция дауылы сілкіп-сілкіп бар «қасиеттерінен» жүрдай етіп жетеді.

«Заман құбылмалы» дейді қарттар. Құбыла келе түрлі құйлер шығарды. Жұрттың астын үстіне келтірді, сұрапыл лайсанда аяқ — бас, бас — аяқ болуга айналды. Көтпен бірге заман шалығы Жайлышбайға да тиді: қоралаған мал бітті, қотандағы қой кетті; мал біткен соң сән бітіл, әкімдік биліктің қызығы болмады», — дег жазады автор.

Стиль бірден қалыптасып, қатып қалатын нәрсө емес, ол жазушының творчестволық жолы бойына өзгеріп, айқындалып, жетіле беретін жанды құбылыш. Автордың алғашқы шығармаларындағы стильдік кестелер кейінгі шығармаларында басқа көрініс беріл, өзгеше бояуларға ауысусы мүмкін. Вірақ стильдік штрихтар бір шығармадан екіншіге белгілі дәрежеде көшіп, авторынан оқушыны адастырмай ілестіріп отырады. Бұрыннан мәлім өрнекке жаңа айшықтарды қосып отырады. Бейімбет кейіпкерлерін шыққан ортасына, алған тәрбиесіне шақтап сөйлетуге тырысады. Елдегі жалпы қөвшілік аузынан естілетін, солардың білім ұғымын, өмір тануын байқататын сөз қолданыстағын онан шығарма сайын табамыз.

Бейімбетте әдетте әңгімені айтып беруші, жай сөзге жүйірік, көрген, түйгені көп кейіпкерлер болады. Бұлар уақығаны баяндауға төсөлген, тыңдаушысының көкейіне қондыра, өз ойын, пікірін дәлелдеп, ұтымды жеткізе алатын байсалды адамдар.

«Бекберген мектебі» әңгімесіндегі Бекберген туралы, оның ел қамы үшін сіңірген еңбегі туралы айтып беретін Қали бір орында: «Сол кезде Жакен дейтін біреу ауылнай болды. Кедейдің баласы еді. Вірақ, онбаған шіркін, сайланып алған соң, қөвшігі қисайып кетті», — дейді. Қали ауылнайға ренжігенде: «Онбаған шіркін»,

«көпшігі қисайып кетті» десе, Бекбергенге риза болып: «Бірақ сол жүрісінде Бекберген қыл шайнаң, дән жұтқан жоқ», — деп оның әділдігіне, туралығына сүйсінеді. Қали халықтың сөз айшықтарын сұрыптаап пайдаланады.

Бар тілегі аз ғана қара-құрасының үстіндегі Дайрабай («Даудың басы — Дайрабайдың кек сиыры») алыстан орағытууды білмейді, өз ойын ғанайылап ашып айтады: «Атам өлсе атамайтын бір семіз ала тайым бар еді. Жақсы айғырдың баласы еді, түбінде жаксы ат боллады ғой деп жүретін едім», — дейді. Әр малының ататегі, олардың сыр-сипаты шаруаның көңілінде сайрап тұрады, малының сол сынына қарай оны шаруашылығына қалай пайдаланғанда тиімді болатынын бес саусағындағы біледі. Дайрабайдың сөзінен-ақ оның қандай адам екені түсінікті болады.

Бұрынғы ауылдағы үй іші, от басының күйтімен ғана өмірін өткізетін, арғы шегі төбесі көрініп тұрган екінші ауылға да сирек қатынасатын қазақ әйелінің ой-өрісі саяз, көрген-білгені аз, қуаныш-рахаты жем еді. Осындағы ортада өскен ауыл әйелдері қозы-бұзау өрісіндегі жерге шығып, отын жинап қайтқанын да бір уақығадай көріп, жадында сақтап, соңынан ойына алып, қызыға әңгіме етеді. «Ауыл сонда қырғы күзекте шығар деймін. Бақа шешей бар, Қөзелқараның үйіндегі желін бар — бәріміз Қосөтердегі ағаштан шөпшек тереміз деп шықтық», — деп бастайды әңгімесін Құлзипа («Раушан — коммунист»). Осы кішкене үзіндіден оқушы біраз жайлардың үшіншін аңғарып қалады. Ел тіршілігі, әйелдің кеміс халі есіцізге түседі. Ескі дәстүр бойынша келіншек қайын жұрттындағы адамдардың өз аттарын атамауга тиісті, бір бұрма ат қойып алуы керек. Құлзипаның сөзі осы әдетті сақтағандықты көрсетеді. «Бақа шешей», «Қөзелқара» — бұрма аттар.

Талқанбай, Қали, Дайрабай, Құлзипа сияқты әр ортасының адамдарының сөзін стилі жағынан түрлендіре алып, автор оларды жекелеп, жанды бейне етіп көрсетеді. Олардың тек осылай сөйлеуі мүмкіндігіне күмәнің қалмайды.

Ұлттық тіл өрнегін жазушы өз атынан сөйлегендеге, лирикалық шегіністерде, жыл мезгілдеріне сәйкесті табиғат картинасын салғанда құлпырта пайдаланады. Сөйлемде кездесетін әрбір теңеу, метафора, эпитет т. б.

көркемдегіш құралдар өте ұқыптылықпен таңдалып алынады, айтылмақ ұғымды, суреттелмек құбылысты көмескілендіретін бір сөзге де орын берілмейді.

Бейімбет суреттеуіндегі құзгі дала мынау: «Құзгі күн еді. Күн ұзаққа екпіндеп соққан долы жел кешке қарай тынып басылып, әлем жүзі құлаққа ұрган танадай мұлгуде. Күн батып бара жатыр. Батар күннің сөүлесі қызыарып шашыrap, дөңес жерлер қарауытып, қабағын жауып түнеріп тұр. Күн шығыс жақ құшағын жайып келе жатқан қою қараңғылық — жапан даланы үзаттай бүркейін деп тұрган сияқты.

Дала бос. Дала көңілсіз. Сарғайған шөп, мал түяғымен қырқылып тақырланған жер жүректі тартпайды. Жүрек әлденені іздеген секілді. Қызықты жаздың құлпышған жерін жоғалтқан секілді. Мынау сол жолдағы жатқан кішкене шалшық су бұдан екі-үш ай бүрын шалғыны жалбырап жатқан көгал еді. Енді таздың басындағы аламыштанып, ұйысқан шалғынның әр жерде түбірі ғана қалыпты. Мына түріне қарағанда, бұған көкорай шалғын бітті, кемерінен асып сусы шалқыды деп кім айтар?! («Құрымбайдың жігітшілігі»).

Шағын әңгімедегі пейзажды біздің мысалға тұтастай алған себебіміз: мұндағы сөйлем жүйесі, сөз тіркестері, бейнелі сөздерден қазақ тілінің өзіне тән колоритін, Бейімбет қаламын басқамен шатастырмластай ізін-мөрін байқауға болатындығын көрсету.

Альянған мысалда жазушы құзгі құлазыған жүдеу даланы оқушының көз алдына елестетіп, оның сезімінә айқын түйсік береді. Бұл үшін ол үйлесімді теңеу, салыстыруды халық тілі қазынасынан мол тауып қолданады. Кейбір қалыптасқан сез айшығын келтіруден де қымсынбайды, соларды кәдеге жаратса отырып, көркем картина жасап береді. Кешкі тыныш даланы, әлем жүзін «құлаққа ұрган танадай мұлгуде» десе, әр жерде бір шөп түбірі көрінетін тақырды «таздың басындағы аламыштанып» деп суреттейді.

Құзгі дала табиғатына лайық тағы қандай бояулар, құбылыстар бар? «Долы жел», «сарғайған шөп», «тақырланған жер», «шалшық су», «бос, көңілсіз, жапан дала», «қарауытып, қабағын жауып түнерген дөңес жерлер», «құшағын жайып келе жатқан қою қараңғылық». Осы мысалдардағы альянған теңеулер, элиттеттер, кейіптеулер жыл мезгіліне сай табиғаттың сола баста-

ған, құнарсыз, суренсіз күйін бұлжытпай танытады. Табиғатты суреттеуде көркемдік пен әсерлілікке автор бояуы қанық метафора, элиттерді тізбей-ақ жай, жалған сөйлем арқылы жетеді. «Күзді күн еді», «күн батып бара жатыр», «дала бос, дала қөңілсіз».

А. П. Чеховтың М. Горькийге жазған бір хатында: «...Табиғатты бейнелеуде көркемдік пен айқындылыққа тек қарапайымдылықпен, «күн батты, қараңғы түсті», «жаңбыр жауды» т. с. с. қарапайым сәйлемдер арқылы тана қол жетеді» — дегені бар. Бейімбеттің табиғатты жаңағы суреттеу тәсілі Чехов ұсынған осы қағидамен сәйкес келіп отырады.

Сөз мағынасын ауыстырып қолдануда — тропа тәсіліне асылы Бейімбет онша қызықлады, метафора, кейіптеу онда сирек, ал метонимияны жазушы шығармаларынан біраз жиірек көруге болады. Құбылысты, нәрсені, адамды түгел суреттеп жатпай, олардың негізгі бір сипатын, бөлігін атау арқылы сол құбылыс нәрсе, адам туралы тұтас ұғым беру тәсілі — метонимия жазушының қысқа әңгіме жазу мақсатына жауап бергендей, сол мақсатпен үйлесетіндей. Оның тропаның сан алуан түрлерінен осы метонимияны таңдал алуы тегіннен емес сияқты.

Әдеби тілімізде метонимияның көріністері әр қылыш болып келеді. Бұлардың ішінен Бейімбетте бар кейір мысалдарын алайық.

Кейіпкерді атау, не сипаттау орнына оның бір киімін атаумен сол кейіпкер туралы ұғым беру жолы бар. Бірақ сол киім аталғанда оны киіп жүрген адамның қандай ерекше сипаты барлығы ашылып қалады. Айталақ, «қалың қатқан сенсөң тымақтардың ішінен бір тымақ жоғары қөтерілді», — дейді жазушы. Бұл сәйлемнен ылғи қатқан сенсөң тымақ кигендердің қазақ шаруалары екенін, олардың бір жынында отырғанын, қөтерілген бір тымақ бір нәрсе айтқысы келген адам екенін оқушы түсіне кетеді. «Шошақ бөрік, сұр шинельдер» деп жазады автор ақтардың солдаттары туралы. Осы киімнің сыртқы түсі, формасынан-ақ киім иелерінің қару-жарақ асынған сұсты солдаттар екені мәлім болады. Бейімбет тіліндегі метонимия қолданысының бұл бір көрінісі. Екінші тұста адамның дене мүшелерінің бірін адам ұғымында алу кездеседі. Мысалы, «шүйделі желке, шермиген қарындар да термен быршып,

кештің самал-салқынына шығып бойларын жазған сияқты болды. «Қожыр бет жаратпай теріс қарады». «...Жалбыр жең мен күс саусақ өмірдің астын үстіне келтіріп сіліккенде...» Метонимия ретінде алғынатын сын атаулар автордың кейіпкерлерге қалай қарайтынын, кімді жақтап, кімді ұнатпай отырғанын да аңгартады. «Термен быршыған шүйделі желке, шерміген қарындар» үstem тап өкілдері, көлеңкеде бойын сылаудан басқа жұмысы жоқтарды жазушы жиіркене бейнелейді, ал «жалбыр жең мен күс саусақ» күш қайрат несі, өмір тұтқасы есебінде қабылданады. Бейімбеттің метонимияға алған атаулары әдетте әпіттепен тіркесе жүреді де, күрделі ұғым береді, атаудың сын-сипатын толық ашым отырады.

Шұрайлы халық тілін емін-еркін игерген, сөз сырны тани білетін Майлиниң тілдегі бейнелегіш, суреттегіш құралдардың басқа тәсілдерін көбірек ала беруге бармауы оның өз шығармаларын халық түсінігіне жеңіл, әркімге де ұғымды болсын деген ізгі ниеттің салдары деп қарауымыз дұрыс болады. Сөйлем құрылышын жайшылықтағыдан өзгертіп, түрлендіру, аралас-құрмалас, көп бағыныңқылы сабактас сияқты синтаксистік күрделі жолдармен сөйлем құрау, сөйлем мүшелерінің орнын әдейі ауыстыру т. б. Бейімбет тілінде там-түм болмаса, жаппай кездеспейді. Ол көбіне жай, жайылма сөйлеммен, не жеңіл оқылатын құрмалас сөйлеммен жазады.

Синтаксистік күрделі тәсілдерді қолданбай, нақты теңеу, айқын суреттеулермен өрнектелген Бейімбет проzasының жалпы көркемдік сапасы жоғары туралы. Демек, түсінікті жазамын деп, ол туындысына қойылар талғамды төмендетпейді, қара дүрсіндікке ұрынбайды.

Майлиниң жазушылық өнеріне жауапкершілікпен қарайтынын оның бір кейіпкери атынан айтылған: «Ат үсті жүріп жазып, шала үйткен бастайғып бірдеме шығарғанмен одан жазушының өзіне де, жүртшылыққа да келетін пайда жоқ», — деген сөздер аңгартады.

Тұжырып айтқанда, Б. Майлиниң жазу мәнері, стильдік өзгешелігі — оның прозалық шығармаларының түгелдей өзгерген өмірдің шежіресін шертуінде, композициялық құрылышының үйлесімді қызыстырылуында, сюжетінің айқын жеңілдігінде, юморлық

бояуы қаның тілінің шұрайлы, қарапайым болуында дейміз.

Жазушы Л. Соболевтің И. С. Тургеневтің тіл шеберлігі туралы төмендегі тұжырымы көп ретте Бейімбет Майлиниң тіл ерекшеліктеріне де лайықты айтылған деуге болар еди.

«Тургенев орыстың әдеби тілін байытты. Ол бұл тілге оны сан құбылтпай-ақ, ғажайып өткірлік, жасанды үйқассыз-ақ әуендейлік берді, оны ғажайып әсем, сонымен қатар халықтың әрі еркін қарапайымдылық рухына бөледі»², — дейді ол.

Орыстың әдеби тілін қолдануда Тургеневтің шеберлігін, қазақтың әдеби тілін қолдануда Б. Майлиниң шеберлігімен жуықтатсақ, асырып айтқан болмаймыз.

² «Социалистік Қазақстан», 1968, 14 ноябрь, № 266.

ҚОРЫТЫНДЫ

Халықтың талант иесі Бейімбет Майлиннің суреткерлік шеберлігін өзіндік жазу мәнерін зерттегендеге, қаламгердің көркем туындыларының сырлы сөздің сарқылмас бұлағы екеніне көзіміз жетеді.

Ақындығын айтсақ, оның кең тынысты, нағыз халықтық поэзиясында Октябрь және қазақ халқының тағдыры зор дауыспен жырланады. Дәуір шындығы қаз-қалыпта, даму, ілгерілеу барысында суреттеледі. Октябрьмен оянған қазақ кедейінің ескілікпен қалай жағаласқаны, өсу, есеке жолы ақынның өлең, поэма, дастандарында сайрап жатады.

Суреткердің өзіндік қалам өрнегі, стильдік ерекшелігі өр өлең шумағынан айқын да ашық көрінеді. Ақын поэзиясының стильдік негізгі бояуы — халықтық жүмсақ юмор, поэтик тіл кестесі қарапайым да бай.

Ақын замана тынысын, дәуір сипатын танытарлық, өмір ағымына ілесе жазылған поэзиялық туындыларымен жалпы қазақ совет поэзиясын дамытуға елеулі үлес қосады.

Жазушының көркем прозасына келсек, ол қазақ әдебиетінде кенжелеп дамыған көркем қара сөзге ерекше назар аударады да, осы түрде өндіре жазуға ұмтылады. Проза саласында автордың аса жемісті еңбек етуі 1930 жылдан былай қарайғы кезең. Бейімбеттің өзі: «Жаман болсын, жақсы болсын сол 30-жылдан бері қара сөзбен едәуір нәрсе жазып тастаған сияқтымын. Бұдан былай да қолығынан келгенше күшті осы қара сөзге

салсам ба деймін. Өлеңнен гөрі істелуі ауыр болғанмен икемім осыған ауды»,¹ — дейді.

Бұл сөздер дандайсуды білмейтін кішіпейіл, өзінегі қанағаттану сезімінен аулақ өнерпазды жөз алдымызға елестетеді. Біржола проза жазуға кіріскең Бейімбеттің өз жанрын қалыптың тапқандығын артына қалдырған мол мұрасы дәлелдейді. Автордың прозалық туындылары әдебиет қорымызға қосылуымен, бізде көркем проза берік орын теуіп, кең қанат жайды.

Жазушы өзі жетік білетін қазақ даласының шындығына үңілді, ондағы терең революциялық өзгерістер туғызған адам харakterіндегі, психологиясындағы түбірлі жаңалықтарды байқады, сол құбылысты көркем образben өрнектеді.

Социалистік жаңару қарқынына ілесе жазылған оның таңдаулы әңгімелері мен повестері, романдары алдымен газет, журнал беттерінде жарық жөрді, баспа-ханалық болуы кеппей тұрып, оқушыларының қолына тиеді. Бірақ ол шығармалар әр жылдағы мерзімді баспасөз беттерінде ұмытылып қалған жоқ, әр кезеңде оқушысынан ажыраспай, рухани қажетін өтеді, халықтың тәрбиешісі, насиҳатшысы болды, кітаптан кітапқа көшіп, заманмен бірге жасады.

Б. Майлин шығармаларының күші оның айқын халықтық сипатында. Октябрьге дейінгі қазақ даласындағы суренсіз тіршілік болмыстарын да, Октябрьден кейінгі жаңа тұрмыс күру жолындағы күрес шежіресін де қазақ еңбекші бұқарасының біртіндеп ілгері басқан қадамын, қимылын көркем образben шыншыл суреттеуде Бейімбет творчествосының алатын орны үлкен, маңызы күшті.

Бейімбет шығармаларының халықтығы — қазақ даласы табиғатының көркін, халықтың әдет-ғұрпын, ойлау-сөйлеу ерекшеліктерін, халық жарактерін шебер кестелеуде ғана емес — оның халықтық рухлен суарылуында, халық өміріне сінісіл кетуінде, қашанда соның озық өкілдерінің қатарында болып, ізгі сезімімен сезінуінде көрінеді.

Қай тақырыпқа жазса да автор жаңа идеяның жаршысы болды, сол өршіл идеяны көшілік бұқараның санасына сініруге қүш жұмсады. Қөлемі ықшам, сюже-

¹ «Социалистік Қазақстан», 1934, июнь, № 135.

ті қызық, тілі жеңіл Бейімбет әңгімелері мен повестері ел ішінде лезде тарап отырды да, қазақ даласында талай кедей, талай малай — Мырқымбайлар оның шығармаларынан қеудесіне сана, бойына қайрат алғындағы өмірмен белдесуге шықты.

«...Ескілікпен өштесіп, жаңа өмірге талпынып, ұйымдастып құш қосқан... қалың топтың» қандай кедергісі болса да жеңетініне автор өзі де сенді, көпшілікті де соған сенуге үндеді.

Коммунистік партияның басшылығымен социалистік құрылышқа жұмылған жаңа ауылды, соның жаңа сипатты адамдарын сүйсіне суреттеп, бұларды кәпкө үлгі етіп ұсынды. Әңгіме, новелла мен шағын повесть шебері Б. Майлин қазақ совет әдебиетіне өзінің сүйікті тақырыбын, қызығылшықты кейіпкерлер тобын әкелді, оригиналдың көркемдік стилін қалыптастырыды.

Шығарма көпшілік оқушыға тартымды, сүйкімді болу үшін, оның жан-дүниесіне ләззат құйып, жүргегін тебіренту үшін, халықтың бақытты өмір орнату жолындағы күресін, қалың көпшілік өмірін, оның озық ой-пікірін, сипаттың шындықпен көрсете алуы қажет. Бейімбет ең шағын әңгімелері «Сексен сом» мен «Қара шелектен» бастап «Шұғаның белгісі», «Раушан — коммунист», «Он бес үй», «Қырманда» аталған тамаша повестеріне дейін талай тақырып шенберінде халықтың бақытты өмір орнату жолындағы күресін шынайы шешіп көрсете білді.

«Тегінде татымсыз тақырып жоқ. Қандай ауданы аз, шамасы шағын әрекет жайындағы, кез келген тақырыпты алсақ та, баршасында атом қуатындағы қайрат бар. Бірақ сол қуатты тауып алып, шынын шешіп көрсете білу шарт», — деп жазды М. Әуезов. Бейімбетте татымсыз тақырып жоқ. Ол қандай тақырыптағы шығармаларында да құбылыстың шынын шешіп көрсете алған қаламгер. Әлеуметтік өмірде, еңбекте, тұрмыста, әдет-ғұрыпта, адам психологиясында жаңа мен ескінің күресі, жаңаның құдіреттілігі, жарқын болашаққа ұмтылу Бейімбет шығармасының идеялық-философиялық мұраты осылай болып келеді. Жазушы оқушысын әрқашан болашағы бар жаңалық атауларының жақтаушысы болуға тәрбиелейді. Өмірдегі ескілік көріністері бірден жойыла қоймайды, жаңаға орын босата салмайды, тек ұзақ тартыс арқылы жеңілмек, бітпек. Автор өзіне

тән сөз өрнегімен бұл қайшылыққа толы құбылыстымынадай картинада бейнелейді:

«Әлдеқайда, белес-белесте, сайдың жықпышларында құлаған молаға үсал үцірейіп, тұксиген селеу басып, бірлі-жарымдаған ескі үйлердің орны жатыр. Бүгін бе, ертең бе жел үріп, селеу басып, тып-типыл ғым жіберуге әзір тұргандай. Шіріген, тозған ескілік осылай бітпекші»².

Халық тұрмысының тарихи келелі өзгерістер тұсындағы эволюциясын, бұрынғысы мен кешегісін бүгінгісімен салыстыра отырып тануда, ұйымдастыран еңбек берекесімен қазіргі көркейген ауыл-село тұрмысының үздіксіз жаңару жолын байқауда Бейімбет шығармаларының дүние танытушылық, білімдік маңызы ескірмейтінін есте үстауымыз қажет. Өйткені оларда шебердің қаламымен сызылған өмір картиналары жасалып қалған. Шығармалары мұндай сапага көтерілуі үшін автор өмір тұңғиғына терең бойлап, халқының жақсы қасиеттерін жинақтап көрсете алуы керек. Бейімбет осы сынды жазушы болды.

Бейімбеттің қай шығармасын оқысақ та олардан халық тұрмысының сыр-сипатын, халық характерінің ерекшеліктерін айқын көріп, танып отырамыз. Өзі күә болған жай-жапсарын Бейімбет қанша кеп жазғанымен, ол бұл тақырыпты әдеби шығармаларында толық суреттеді деп санаған емес. Өмір үздіксіз ілгерілеуде, тынымсыз қозғалыста болатын қат-қабат құбылыс. Сондықтан оның кешегі көрінісі бүгінгісімен сай болмайды, жазушы да осы диалектикалық әдебиеттің ілесе отырып, өз шығармаларында өмір диалектикасын көрсете білуі тиіс. «Ауылдағы ұлы өзгерісті, — дейді Бейімбет, — күн сайын құлпырып шығып жатқан мындаған жана адамдардың пішінін көркем әдебиетте көрсету үшін әлі де болса қаламды қадай түсу керек болар».

Бұдан ондаған жылдар бұрын Бейімбеттің өз алдына қойған осындағы мақсат-арманы партиямыздың әдебиеттен күтетін қазіргі талабымен үйлесіп жатыр. Жазушы халық алдындағы борышын сезінді, сол борышты өтеуге құлшына қалам ұштады.

Коммунистік партия нұсқап отыргандай, халықтың күнбекүнгі өмірімен, оның еңбегімен тығыз байланыс-

² Б. М а й л и н. Таңдамалы шығармалар, 630-бет.

ты жазушыған совет адамдарының жарқын бейнелепін жасай алады. Халық өмірімен, еңбегімен ажыраспас бірліктің айқын өнегесін біз Майлин өмірі мен творчествосынан көреміз де, шығармаларын сүйсіне оқымыздар.

Алдыңыздағы кітаптың «Халықтық поэзия», «Көркем әңгіме және шеберлік», «Өзекті тақырыптар, өміршешең образдар», «Стиль және тіл» аталған тарауларында біз шалқар дарынның суреткерлік тәсілдерін, жазу мәнерін, творчестволық сырын ашуға, түсінуге бағытталған кейбір пікірлерімізді қорытуға тырыстық. Алдымен қай әдеби туындының да идеялық-көркемдік мәселелерін бірлікте қарастыруға баса назар аудардық.

Әдебиет тануғылымының қазіргі таңдағы маңызды міндеттерінің бірі — жазушы шеберлігі пробемаларын, социалистік реализм әдебиетінің эстетикалық мәселелерін зерттеу екендігін ескере отырып, бұл еңбекте Бейімбет Майлин сынды ірі суреткердің шеберлік ізденистері артайы қаралды.

Кітап әдебиетші мұғалімдер мен филология факультеттерінің студенттерінің, әдебиет зерттеушілері мен көпшілік оқушының кәдесіне асса, автор өз мақсатын орындалды деп санайды.

М А З М Ұ Н Ы

КІРІСПЕ	3
<i>Бірінші тарау</i>	
ХАЛЫҚТЫҚ ПОЭЗИЯ	8
<i>Екінші тарау</i>	
КӨРКЕМ ӘҢГІМЕ ЖӘНЕ ШЕВЕРЛІК	97
<i>Үшінші тарау</i>	
ӨЗЕКТІ ТАҚЫРЫПТАР, ӨМІРІШЕН ОБ- РАЗДАР	185
<i>Төртінші тарау</i>	
СТИЛЬ ЖӘНЕ ТІЛ	262
ҚОРЫТЫНДЫ	281

Наурызбаев Бисенгали

ХУДОЖНИК ЭПОХИ

(О мастерстве Б. Майлина)

На казахском языке

Утверждено к печати ученым советом Института литературы и искусства им. М. О. Аuezова Академии наук Казахской ССР

Редактор С. Б. Бекмухамедова

Худож. редактор И. Д. Сущих

Художник Н. Ф. Чурсин

Техн. редактор П. Ф. Алферова

Корректор Б. Еркужаева

* * *

Сдано в набор 6/III 1969 г. Подписано к печати 20/V 1969 г. Формат 84×108¹/₃₂. Бумага № 2. Усл. печ. л. 14,86 (1 вклейка). Уч.-изд. л. 16. Тираж 2150. УГ02450. Цена 1 р. 21 к.

* * *

Типография издательства «Наука»,
КазССР, г Алма-Ата, ул. Шевченко, 28. Зак. 28.

